


АБАЙ МУЗЕЙІНІҢ



ғылыми-танымдық журнал

ХАБАРШЫСЫ

2010 жылдан шыға бастады		АБАЙ МУЗЕЙІНІҢ ХАБАРШЫСЫ	3-4 (34)
Жылына 4 рет шығады		ВЕСТНИК МУЗЕЯ АБАЯ	2025
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі			

Абай музейінің хабаршысы, 2025, № 3-4 (34)

БАС РЕДАКТОР:

САҒАДИЕВ Ұлан Болатұлы

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының директоры

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

ҚАЙРАМБАЕВА Мейрамгүл Сейітжапарқызы

Абай музей-қорығы директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР:

ЕЛЕКЕНОВА Раушан Әлиханқызы

Абай қорық-музейінің ғылыми хатшысы

Журнал редакциясының мекенжайы:

180000, Абай облысы, Семей қаласы,

Қайым Мұхамедханов көшесі, 29 үй

Тел.: 8 (7222) 32-17-01

<http://www.abay-museum.kz>



«ЗАМАНАУИ МУЗЕЙТАНУ: ЦИФРЛАНДЫРУ, ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Семей, 22.10.2024



САҒАДИЕВ Ұлан Болатұлы

*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік
тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық
музей-қорығының директоры*

**ҰЛТ МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАҒАН
АБАЙ МУЗЕЙІНІҢ МЕРЕЙТОЙЫ.**

«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Абайды оқу – адам болудың жолын үйрену. Ал Абайды ұғыну – оның туған топырағына тағзым етуден басталады» деген Мемлекет басшысының пайымды сөзі бүгінгі күннің рухани бағдаршамындай. Осы ұлы мұраттың ұстанымына айналған «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының» құрылғанына биыл 85 жыл толып отыр. Бұл – ұлт руханияты үшін айтулы белес, әдебиет пен мәдениет саласы үшін үлкен мерейтой.

Абай музейі – республикамыздағы тұңғыш әдеби-мемориалдық музей. Оның негізі 1940 жылы М.Әуезов пен Қ.Сәтбаев сынды көрнекті тұлғалардың ұсынысымен қаланып, 1 сәуірде Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен құрылды. Сол жылдың 16 қазанында өз жұмысын бастаған музей қазақ руханиятына, әдебиетіне қызмет етудің, абайтанудың алтын ордасына айналды. Бүгінде бұл мекеме – республикадағы ең ірі музей-қорықтардың бірі, еліміздің рухани кеңістігінен берік орын алған, әлемдік деңгейдегі мәдени-ағартушылық орталық.

Қазіргі таңда Абай музейі – Семей қаласы мен Абай, Мақаншы аудандарындағы он бөлімшенің басын біріктірген ауқымды құрылым. Бас музей кешені, Ахмет-Риза мешіт-медресесі, Жидебайдағы Абай музей-үйі, «Абай-Шәкәрім» кесенесі, «Шәкәрімнің Саят қорасы» музейі, Бөрілідегі Мұхтар Әуезов музей-үйі, Құндыздыдағы Шәкір Әбенев музей-үйі, Тақырдағы Көкбай Жанатайұлы музейі, Мақаншыдағы Әсет Найманбайұлы музейі және Қарауылдағы Кәмен Оразалин музей-үйі – ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы, оның айналасындағы рухани ортамен тығыз байланысты киелі орындар.

Музей қорында бүгінде 22 324 жәдігер, 16 443 дана кітап қоры жинақталған. Бұл құндылықтардың қатарында Абайдың өзіне тиесілі жеке заттар, ақынның қоғамдық қызметі, шығармашылық жолы, оның шәкірттері – Көкбай Жанатайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әсет Найманбайұлы сынды тұлғалар, Алаш қайраткерлері мен абайтанушылар Мұхтар Әуезов, Шәкір Әбенұлы, Қайым Мұхамедханов, Кәмен Оразалин сынды ғұламаларға қатысты мол мұра сақталған.

Абай музейінің басты міндеті – Абай мұрасын насихаттау, зерттеу, келер ұрпаққа



жеткізу. Осы орайда музей қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу, ағартушылық, экспозициялық және мәдени іс-шараларды жоғары деңгейде жүзеге асырып келе жатқанын атап өткен жөн. Музей көптеген отандық және халықаралық ғылыми, мәдени мекемелермен, жоғары оқу орындарымен байланыс орнатып, бірлескен жобалар аясында ауқымды жұмыс атқаруда. Атап айтқанда, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Шәкәрім университеті, Абай академиясы, Абай атындағы ҚазҰПУ сынды іргелі оқу орындарымен ғылыми бағытта меморандумдар шеңберінде тығыз ынтымақтастық орнаған.

2025 жыл – Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы және Абай музейінің 85 жылдығы қатар келген ерекше тарихи кезең. Осыған байланысты жыл бойы «85 жылдыққа – 85 игі іс-шара» тақырыбымен кең көлемдегі мәдени-ағартушылық, ғылыми-танымдық жобалар іске асырылды. Абайдың өлшеусіз мұрасын ел ішінде ғана емес, халықаралық деңгейде насихаттау бағытында музей қызметкерлері тың бастамалар көтеріп, мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырды.

Мәселен, Бердах атындағы әдебиет музейімен бірлесе отырып өткізілген «Абай және Қарақалпақ әдебиеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық онлайн конференция – қазақ-қарақалпақ әдеби байланыстарын жаңа қырынан ашуға жол салды. Ал Абай облысы әкімдігі мен Шәкәрім университетімен бірлесе отырып ұйымдастырылған «Адамзаттың Абайы: Руханият, парасат, таным» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция – Абай мұрасын зерттеудің жаңа парақтарын ашты. Бұл басқосуларда отандық және шетелдік ғалымдар бас қосып, Абай әлемін бүгінгі заман тұрғысынан тануға мүмкіндік беретін құнды ой-пікірлермен бөлісті.

Абай мұрасын кеңінен насихаттауға арналған жылжымалы көрмелер мен онлайн экскурсия еліміздің бірқатар қалаларында – Астана, Талдықорған, Жаркент, Өскемен, Қостанай, Қарағандыда ұйымдастырылып, жұртшылықпен рухани жүздесуге жол ашты. Ал халықаралық деңгейде Беларусь елінің Минск қаласындағы Янка Купала музейінде өткен көрме – Абай мұрасын әлемге танытудың нақты дәлелі. Бұған дейін де Татарстанның Қазан қаласында ұлы ақынға арналған көрме ұйымдастырылған болатын. Жыл ішінде Ресейдің Ясная Полянасындағы Лев Толстой музейінің Абай музейінде көрмесі ашылса, Қазақстан бойынша «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы, Ясауи музейі, Павлодар облыстық көркемсурет музейі, Отырар музей-қорығының көрмелері Абай музейінде көпшілік назарына ұсынылды.

Биыл Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Жидебайдағы «Абай-Шәкәрім» кесенесіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, абаттандыру шаралары жүзеге асты. Абай облысы әкімдігінің қолдауымен Жидебай мен Бөрілі мекендеріне көптен күткен байланыс желісі тартылып, туристер мен музей қызметкерлеріне қолайлы жағдай жасалды. Бұл – тек инфрақұрылымдық емес, сонымен қатар мәдени-рухани маңызы бар тарихи оқиға. Демеушілердің көмегімен Жидебай мекенін абаттандыруға 22 млн теңге қаржы қарастырылып, арнайы техникалар алу жоспарлап отырмыз.

Абай музейінің бүгінгі биік беделі мен халықаралық деңгейдегі танымалдығы – ең алдымен осы салаға өмірін арнаған, Абай мұрасына адал қызмет еткен жандардың ерен еңбегінің нәтижесі. Музей қабырғасында ұзақ жылдар бойы табанды еңбек еткен азаматтар – Абайдың мұрасын жинақтап, зерттеп, ұрпаққа жеткізуде айрықша із қалдырған рухани еңбек майталмандары.

Солардың қатарында көрнекті абайтанушы, ғұлама ғалым Қайым Мұхамедханов, Әрхам Кәкітайұлы, Борис Аккерман, Ахат Шәкәрімұлы, Кашаф Туғанбаев сынды тұлғалардың есімдері ерекше. Олардың ғылыми зерттеулері мен абайтану саласына сіңірген еңбегі – музейдің ғана емес, тұтас қазақ ғылымының баға жетпес қазынасы. Сондай-ақ, музей ісіне бар



ғұмырын арнаған тұлғалар Бекен Исабаев, Төкен Ибрагимов, Мұздыбай Бейсенбаев, Ниязбек Алдажаров, Ғизат Күзембаев, Оразбек Бекбосынов, Майкен Жүнісова сынды тұлғалар есімі мәңгілікке музей тарихына жазылды. Тәуелсіздік жылдарында музей басшылығында болған Жандос Әубәкір, Болат Жүнісбеков, Тұрдықұл Шаңбай сияқты абайтанушы-ғалымдар кезеңінде де музей ісінің ілгерілегенін айту парыз.

Осы қатарда музейдің әр кезеңінде ғылыми қызметкер, экскурсия жүргізуші, қор сақтаушы, қалпына келтіруші, әкімшілік-шаруашылық маманы ретінде қызмет атқарып, музейдің дамуына сүбелі үлес қосқан ондаған ардагер қызметкерлердің де еңбегі елеулі. Олардың бай тәжірибесі, мұрағаттармен жұмыс істеу шеберлігі, келушілермен рухани байланыс орната білуі – музей жұмысын кәсіби деңгейге көтерген үлкен мектеп болды.

Музей ұжымы бұл игі дәстүрді лайықты жалғастырып, ардагерлер еңбегін әрдайым қадір тұтып келеді. Биылғы 85 жылдық мерейтой аясында олардың есімін ұлықтау мақсатында «Абай музейі тарихындағы тұлғалар» тақтасы ашылады. Бұл – музей саласына өмірін арнаған ұлт жанашырларына деген құрмет, рухани сабақтастықтың көрінісі.

Абай шаңырағы ғылыми-зерттеу жұмыстарынан бөлек әдеби кештер мен кездесулерді ұйымдастыруда, әдеби-танымдық бағыттағы кітаптардың таралуына үлкен үлес қосып келеді. Бұл тарихи мекенде Тұрсынғазы Рахимов, Келденбай Өлмесеков, Болат Сыбанов, Бекен Имаханов, Әбілқасым Жаңбырбаев, Мәдениет Ешекеев, Санақ Әбеуов, Теміржан Базарбаев, Бекен Жамақаев, Ақылбек Манабаев, Мерғали Ыбыраев, Айбек Сапышев, Нұриден Иманбаев, Мұратбек Оспанов сынды біршама зиялы қауым өкілдерінің ізі қалған. Бұған қоса, Мұрат Сұлтанбеков, Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Төлеген Жанғалиев, Роллан Сейсенбаев қатарындағы ақын-жазушылар да Абай музейінің алдыңғы буын ақылшысы екені көңілге ыстық.

Бүгінде ақын ордасы ғалым-зерттеушілер Арап Еспенбетов, Тұрсын Жұртбай, Жабал Шойынбет, Мұхамедқазы Мұхамедиұлы, Ерлан Сыдықов, Амантай Исин, Мұхтарбек Қарпықов, Мұратбек Кенемолдин, Сұлтанхан Аққұлұлы, Дихан Қамзабекұлы, Серікқазы Қорабай, Ақеділ Тойшанұлы, Бауыржан Ердембеков, Әділет Әміренов, Шағангүл Жанаева, Айжан Қартаева, Дәурен Мұхамадиев, Альмира Қалиева, Салтанат Мұқатаева, Ермек Қаныкей, Заңғар Кәрімхан, Қарлығаш Әубәкір сияқты абайтанудың арнасын кеңейтіп еңбек етіп жүрген ғалымдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп келеді.

Бүгінгі таңда Абай музейі – тек өткенді еске алу орны емес, жас ұрпақтың санасына рух, таным мен тағылым дарытатын іргелі орталық. Абай музейі – ұлы ақын мұрасын ғана емес, осы мұраны сақтаған, жеткізген жандардың да тағылымын дәріптейтін қасиетті шаңырақ.

Абайдың «Қайрат, ақыл, жүректі бірдей ұста...» деген өсиеті – бүгінгі ұрпақтың да басты бағдары. Ал осы ұлағатты өсиетті ұлт санасына сіңіруде Абай музейінің рөлі айрықша. Рухани жаңғырудың өзегі де – осындай қасиетті мекемелер арқылы жүзеге аспақ. Абай музейі – уақыт алмасса да, ұрпақ жаңарса да, адамзаттың ақыл-ой өрісіне сәуле шашатын, рухани тұғырдан ешқашан түспейтін, өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір.

Ұлы ойшылдың рухани әлемін насихаттап, оның өмірі мен шығармашылығын әлемдік деңгейде танытуды мақсат еткен Абай музейінің 85 жылдық мерейтойы – тек бір мекеменің ғана емес, күллі қазақ руханиятының тойы. Бұл – тарихқа тағзым, ұрпаққа аманат, Абайға құрмет!



ПАЙЗУЛЛАЕВА Шәригүл
*Бердақ атындағы Қарақалпақ әдебияты тарихы
мәмлекетлик музейи директоры,
Қарақалпақстанға мийнети сиңген мәденият хызметкери*

МУЗЕЙЛЕР – МӘМЛЕКЕТЛЕРДИ БИР-БИРИНЕ ЖАҚЫНЛАСТЫРЫҰШЫ КӨПИР

Музейлер — тарихтың сырлы тилсимлерин өзінде жәмлеген халда халықлар мәдениятын, қәдириятларын көрсетиўши мәскан хәм де мәмлекетлерди бир-бирлерине жақынластырыўшы көпир есапланады. Соның менен бирге халықтың руўхый дүньясын байытыў, жас әўладты Ўатанға мухаббат хәм садықлық руўхында тәрбиялаўда да музейлердин орны айрықша. Музейлер хәр бир халық тарихы, мәденияты, турмыс тәризиди, миллий дәстүр хәм қәдириятларын үйрениў, оларды үгит-нәсиятлаў хәм келешек әўладларға жеткерийде орны гиреўли.

Соңғы жыллары елимизде мәмлекетлер арасындағы өз-ара бирге ислесиў жумыслары жаңа дәрежеге көтерилди. Әсиресе, мәденият, көркем-өнер, әдебият, туризм хәм музейлер тараўларындағы байланыслар Өзбекстанның басқа мәмлекетлер менен өз-ара мүнәсибетлерин және де раўажландырыўда әҳмийетли тийкар болып хызмет етпекте. Инсаният жаратылысында изине из қалдырыўға укыплы жаратқанның әжайып дәрәтпеси, сонлықтан да, инсан жасар екен оның өмири даўамында ислеген ислери кейинге өрнек болып қалыў имканы жаратылады. Музей онда да әдебият музейи сондай әжайып үлгилердин жыйындысы жәмленген муқаддес орын болып есапланады.

Әдебият музейиниң басқа музейлерден парқы да сонда инсан руўхый дүньясының, халықтың мәдениятының, қәбилетиниң хәттеки сол халықтың қандайлығының көриниси. «Әдебият турмыс айнасы» дейди даналар. Турмыс айнасынан көринген халықтың кәспи кәри, интизамы, мәдений, руўхый байлығы басқа халықлардан айырмасын көрсетип турады. Ең тийкарғысы халықты танытыўшы да әдебият. Егер Абай болмағанда қазақ халқы хәзиргидей болып таныларма еди. Қарақалпақ халқын дүнья таныўында Бердақтың үлеси өз алдына.

1998 жылы Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетиниң қарары менен иске түскен Бердақ миллий музейи халқымыздың алыс әсирлерден берман сақланып қиятырған ҳасыл мүлки, кеўил ғәзийнелеринде муқаддес деп түсинилген мийрасларын топлап хәм кең жәмийетшиликке көрсететуғын мәдений орайға айланды. 2021-жылдың 13-апрель сәнесинде Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетиниң қарары менен Бердақ атындағы Қарақалпақ әдебияты тарихы мәмлекетлик музейи болып қайта дүзилди.

Бердақ атындағы Қарақалпақ әдебияты тарихы мәмлекетлик музейи елимизди, халқымыздың бай мәдений мийрасларын дүнья халықларына танытыўда белгили дәрежеде орын тутады. Шығыс архитектурасы үлгисинде, алдына сегиз өре, архитектура тили менен айтқанда колонна қойылып, дийўалларына шығыстың жети данышпан хәм шайырлары Аль-Беруний, Алишер Науаи, Мақтумқулы, Абай, Бердақ, Жийен жыраў, Күнхожалардың келбетлери берилип, бир үлкен, алты киши гүмбезден ибарат етип ислетилген бул музей пайтахтымыздағы ең көркем биалардың бири. Музей дийўалларына исленген қарақалпақ халқының пүткил тарихын, миллий өзгешелигин көрсететуғын росписьлер, музейде топланған

бақалы экспонаттар жергиікли хәм шет ел туристлерининиң қызығушылығын арттырады.

Музейимиз 2021-жылы мәмлекетлик музей сыпатында қайта шөлкемлестірілген болса да бүгінгі күнге келип Россия Федерациясы, Қазақстан хәм Қырғызстан Республикаларындағы музейлер менен бирге іслесиў бойынша шәртнамалар имзалап, жұмыслар алып бармақта.

Мәселен, 2023-жылы В.Даль атындағы Россия әдебияты тарийхы мәмлекетлик музейи менен өз-ара бирге іслесиў шәртнамасын имзалаған еди. Усы шәртнама тийкарында 2024-жылдың 12-13-март күнлери еки музей биргеликте «Әдебият хәм музей дүньясындағы аўдармалар ғәзийнеси» атамасында халықаралық онлайн конференциясын шөлкемлестирдик. Конференция онлайн форматта Москва хәм Нөкис қалаларында өткерилди.

Халықаралық әнжуманда Россия әдебияты тарийхы мәмлекетлик музейиниң илимий қәнигелери тәрәпинен қарақалпақ әдебиятының ўәкиллери болған М.Дәрибаев, Д.Назбергенов, А.Бегимов хәм басқа да жазыўшы-шайырларымыздың ХХ әсирдің 20-30-жылларында рус тилинде Москва қаласында жарық көрген кітаплары, әсиресе, А.Тарковскийдің аўдармалаған «Қырқ қыз» дәстанының қайта баспадан шығарыў жұмысларының басланғаны, олардың илимий әхмийети жөнинде қылған баянатлары бизлерде жоқары қызығушылықты пайда етти. Хақыйқатында да, сол дәўирдеги бизиң жазыўшы-шайырларымыздың рус тилинде жарық көрген кітаплары хаққында жүдә кең мағлыўматларға ийе емес едик. Конференция даўамында бундай аўдарма кітаплардан нұсқаларын алыў бойынша да өз-ара келисиўлер алып барылды.

Сондай-ақ, 2023-жылы Қазақстан Республикасында Абайдың «Жидебай-Бөрили» мәмлекетлик тарийхый-мәдений хәм әдебий-мемориаллық музей-қорықханасы менен биргеликте бирге іслесиў шәртнамасын имзалап, апрель айында «Мен Абайды ядқа билген халықпан» атамасында онлайн ушырасыў кешесин өткердик. Онда еки музей ортасында өз-ара бирге іслесиўдің келешекте әмелге асырылатуғын жұмыслары, қазақ хәм қарақалпақ жазыўшы-шайырларының шығармаларын еки халық арасында кең үгит-нәсиятлаў, өз-ара илимий конференция хәм семинарларды шөлкемлестіриў бойынша пикир алмасты. Бундай бирге іслесиўдің нәтийжеси сыпатында усы жылдың 15-апрель сәнесинде еки музейдің шөлкемлестіриўинде «Абай хәм Қарақалпақ әдебияты» атамасында халықаралық онлайн конференциясы шөлкемлестірилди. Бул халықаралық әнжуманымызға мәмлекетимиздің белгили алымлары менен бирге Түркия, Венгрия, Монғолия, Қазақстан, Қырғызстан мәмлекетлериниң алымлары қатнасып, бир қатар бақалы илимий пикирлерин билдирип өтти.

Музейдің ең бақалы экспонатлары есапланған қолжазбалар фондында ата-бабаларымыздың узақ әсирлерден берли бийбаха байлығы болып сақланып киятырған, халқымыздың саўатлылығының сыпатламасы, жазба мәдениятының үлгилери болған қол жазбалары, тас баспа кітаплары сақланбақта. Бул кітаплар хәм қол жазбалар араб, парсы, түркий хәм ески қарақалпақ тиллеринде жазылған. Бир дәўирлерде көрсетиўге қорқып көзден тасалап сақлаған ата-бабаларымыздың мийраслары бизиң миллий мийрасларымызға айланыўы да бизиң дәўиримиздеги ең үлкен жетискенликлердің бири.

Музей – әдебият музейи – бул халқымыздың жүрип өткен жолы, өмирбаянына қосылған хұжжети. Биз буны тек оқып үйренип ғана қоймай музей экспозицияларында жанландырып өзимиз бенен жасап атырған жергиікли халқымызға, соның менен бирге дүнья жәмийетшилигине танытыўға үлес қосыўымыз керек. Бул ўазыйпаны инабатлы атқарыўда кәсиплеслериме дәретиўшилик табыс, күш-жигер тилеймен.

ҒТАМР 13.51.09

ҚАЙРАМБАЕВА Мейрамгүл Сейтжапарқызы

*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік
музей-қорығы директорының орынбасары*

АБАЙ МУЗЕЙІНІҢ ҚОРЫНДАҒЫ М.ӘЛИАКПАРОВ КОЛЛЕКЦИЯСЫ

Абай мен Шәкәрім тақырыбына бойлаған суретші Мақаш Тыныштықпайұлы Әлиакпаров Семей қаласындағы Абай музейімен көп жылдар бойы шығармашылық байланыста. Өзінің алғашқы туындыларын – «Сырт-Қасқабұлақ», «Балашақпақ», «Абайдың Жидебайдағы музей-үйі», «Қарашоқы», «Қымыз» сияқты 17 туындысын музей қорына 1977 жылы тапсырған екен. Оларды музей қорына тапсыруға ұсыныс жасаған сол кездегі музей директоры Т.Ибрагимов еді. Сол кезден бері Мақаш Тыныштықпайұлы өз өміріндегі маңызды белестеріне байланысты іс-шараларды ұлы ақын музейінде өткізуді дәстүрге айналдырған.

Академик, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі Мақаш Әлиакпаров қазақ өнері мен мәдениеті әлемінде танымал тұлға. Оның Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Абай Құнанбайұлы секілді ұлы тұлғалардың шығармашылығына деген терең қызығушылығы өнер мен зерттеу жолының бағыт-бағдарын анықтады. Әрқашан өзінің туындыларында Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық идеялары мен өмір жолын бейнелеп, ақынның шығармашылық мұрасын бейнелеу өнері арқылы зерттеу мен насихаттайтын тұлғаға айналды.

Мақаш Әлиакпаров – Шәкәрім тақырыбына ден қойған алғашқы суретшілердің бірі. XX ғасырдың 80-жылдарының басынан бастап, мәдени дәстүрлер мен ел тарихына қызығушылық өскен кезде, Мақаш Әлиакпаров ақынның өмірі мен шығармашылығын өз өнері арқылы зерттеп, интерпретациялауды бастады. Оның туындылары тек заман рухымен ғана емес, адам табиғаты, өмір сүру мен өмірдің мәні жайында терең сезімдер мен ойларға толы. Осылайша, ол қазақ өнерінде ерекше орын ала отырып, кескіндеме мен әдеби мұраны байланыстыратын шығармашылық кеңістік жасады.

Мақаш Әлиакпаровтың өміріндегі елеулі, тарихи сәттердің бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлының ұлы Ахат Шәкәрімұлымен танысуы. Ол сонау 1975 жылы болған оқиға еді. Жидебайға келіп Абайға қатысты жерлерді аралап өз көзімен көрсем деген жас ғалым сол кезде Абайдың музей-үйінің меңгерушісі болған Ахат Шәкәрімұлымен танысады. Бұл таныстық аға мен іні арасындағы туыстық, достық қарым-қатынасқа ұласады. Суретшінің айтқан естеліктерінде сол кезде Ахат Шәкәрімұлы өзінің әкесі туралы естеліктерді екінші біріне айта бермеуші еді дейді. Бірақ жас суретші Мақаштың бойындағы ізденуге, білуге деген ұмтылысын көріп, кешкі уақытта дастархан басында әкесі туралы естеліктерін айтып, шығармаларын жатқа оқитын еді. Ал әкесінің бейнесі сақталған фотосуретті түнгі уақытта, ешкім жоқта көрсеткені де әлі де көз алдында.

Ахат әкесінің философиясы мен дүниетанымы туралы естеліктерімен бөлісе отырып, Мақаш Әлиакпаровқа Шәкәрімнің идеяларын тереңірек түсінуге көмектесті. Бұл әңгімелер оның шығармашылығы мен ғылыми зерттеулеріне айтарлықтай әсер етіп, суретшіге терең мағыналы туындылар жасауына жол ашты. Мақаш Әлиакпаров бейнелеу өнерінде абыз ақынның философ, ойшылдық болмысын ашуға өте терең мән берді. Мұндай туындылар

қатары көбейіп, өзі еңбек етіп жүрген Қарағанды қаласында галерея ашуға негіз болды.

Мақаш Әлиакпаровтың сонау 90-жылдарда Қарағандыда ашқан галереясы қаланың мәдени өмірін жандандырды. Ол тек қана Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған өнер туындыларын көрсету орны емес, сонымен қатар лекция, көрмелер мен мәдени шаралар өтетін маңызды білім беру орталығына айналды. Галереяда Шәкәрім Құдайбердіұлының философиясынан шабыт алған туындылар қойылып, оның өмір мен қоғам жайында жасаған терең ойлары көпшілікке таныстырылды. Суретші өткен мен бүгіннің арасындағы байланыс жасауда, идеяларды алмасу мен Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауда бірегей алаң қалыптастырады. М.Әлиакпаровтың әртүрлі техникада орындалған туындылары оның суретшілік қабілетін ғана емес, сонымен қатар қазақ мәдениетімен байланысты мәселелерді терең түсінуін де көрсетеді.

Суретші өзінің шығармашылығында акварель, майлы бояу және графика секілді түрлі техникада жұмыс істейді. Оның туындыларының ауқымы кең, ал көрнекілігі терең. Әрбір туындыда белгілі бір сюжет немесе идея бар, ол көрерменді ойландырып, сезімдерді оятып, тарихи жадыны жаңартуға түрткі болады. Оның туындыларының нәзік әрі терең философиясы, тарихи және мәдени контексті бар. Суретші әрбір туындысында қазақ халқының рухын, ұлттық сана-сезімін оятуға ұмтылады. Қылқалам иесі адамның рухани әлемі мен өмір сүрген ортасының өзара байланыстығын көрсете отырып, көрермендерімен терең диалог құрады.

Мақаш Әлиакпаровтың үлкен белестерді бағындырған ғалым ғана емес, және өнер туындыларын өмірге әкелген суретші болғанымен қоймай, белсенді түрде баспа қызметімен айналысты. Ол Ахат Шәкәрімұлының тек қана Шәкәрімдей тарихи тұлғаның адал перзенті ғана емес, сонымен қатар өзі де дарынды ақын екенін қалың жұртқа алғаш таныстырған адам екенін атап өту қажет.

2000 жылы М.Әлиакпаров Ахат Шәкәрімұлының 100 жылдығына орай шығармаларын жеке кітап қып шығарып, Ахат Шәкәрімұлының шығармашылығын елге таныстырған алғашқы адам болып тарихта қалды. Кейін Ахат Шәкәрімұлы шығармаларын жинақтап тағы да кітаптар басып, оқырмандар тарапынан алғысқа бөленді. Бұл кітаптар оның күш-жігері мен інілік парызын орындауға ұмтылудың нәтижесінде жарық көрді. Өзі қаржы салып, кітаптар шығаруға ешкімнің тапсырмасы болмай ақ жүзеге асырған еді.

Медицина саласының ғалымы, академик, дарынды суретші Шәкәрім Құдайбердіұлы мен оның ұлы Ахаттың шығармашылық мұрасын насихаттауға өзіндік сүбелі үлес қосты. Бұл басылымдар тек әдебиетті байытуға ғана емес, сонымен қатар ақынның өмірі мен мұрасы туралы ақпаратты кеңінен таратуға мүмкіндік берді. Осы кітаптардың тұсаукесерлері Абай шаңырағында өткізіліп, оқырман мерейіне бөленген сәттер көптің есінде.

2010 жылы Мақаш Әлиакпаров Абай музейіне Шәкәрім мен Абай тақырыбындағы 189 туындысын сыйға тартты. Бұл оқиға музей коллекциясын байытуға ғана емес, сонымен қатар мәдени мұраны болашақ ұрпақ үшін сақтау ісіндегі маңызды қадам еді.

Мақаш Әлиакпаровтың Абай музейімен байланысы тек туындыларын тапсырумен ғана шектелмей, тұрақты ынтымақтастық арқылы да жалғасуда. Оның туындыларының көрмелері, кітап таныстырылымдары және басқа мәдени шаралар музей кеңістігінде өтуде, бұл оның мәдени өмірдегі белсенділігін және қазақ өнерін насихаттаудағы маңызын айқындайды. Музей көптеген адамдардың оның шығармашылығы және зерттеулерімен тереңірек танысу алаңына айналды.

Қазіргі таңда Мақаш Әлиакпаровтың туындылары музейдің бейнелеу өнері залында үнемі тақырыптық көрмелерге шығарылып, көрме тақырыбын ашуға көмектесіп келеді. 2023 және 2024 жылы М.Әлиакпаров музей ұжымымен бірге «Шәкәрім жүрген ізбенен», «Ахат жүрген ізбенен» атты экспедиция құрамында Шәкәрім Құдайбердіұлы және Ахат



Шәкәрімұлының өмірімен байланысты Семей қаласы және Шыңғыстаудағы жерлерді аралады. Өзінің шығармашылығын шабыттандыратын талай тарихи жерлерді тамашалап, жаңа, тың ақпараттарға толы сапарда болып қайтты. Әрине, бұл сапарлардың нәтижесінде өмірге бірнеше туынды келгені туралы айтып, музей ұжымын қуантты. Сонымен қатар бұл сапарлардың нәтижесінде кітаптар жазылды. Ол кітаптардың тұсаукесері музей шаңырағында өткізілген еді.

Академик Мақаш Әлиакпаров – тек суретші ғана емес, Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттаушы. Оның Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған туындылары өткен мен болашақ арасындағы көпір болып, ұрпақтар байланысын жалғастыруға өзіндік үлесін тигізуде.

Мақаш Тыныштықпайұлы өзінің бір сұхбатында: «Мен өзімді бақытты сезінемін. Оған дәлел – менің туындыларым, олар өзенге құятын бұлақтар секілді, «Абай» деп аталатын шексіз мұхитқа құяды. Менің шығармашылығымша шабыт беретін туған жеріме және туған халқыма әрдайым алғысым шексіз!» – деген екен. Ендеше қылқалам иесіне, музейіміздің адал досы, академик Мақаш Тыныштықпайұлына шығармашылық табыс тілейміз! Туындыларыңызды дүниеге әкелуге себепкер болатын тақырыптар толастамасын!

ШАҢБАЙ Тұрдықұл Қасенұлы*Әдебиеттанушы-философ,**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,**Тарих және қоғамдық ғылымдар Академиясының академигі.**Шәкәрім университеті,**Шәкәрімтану ғылыми орталығының басшысы***МУЗЕЙ ФƏЛСАПАСЫ: ГЕНЕЗИС ЖƏНЕ МЕТАФИЗИКА**

Фəлсапа – барлық ғылымдардың төресі. Мысалы, ғылым саласын зерттейтін ғылым фəлсапасы бар, сол сияқты, музейдің өз болмысын зерттеп, айқындайтын – музей фəлсапасы. Қазақ ғылымында, оның ішінде қазақ фəлсапасында бұл бағыт әлі қалыптаспаған. Фəлсапа – бейнелеп айтсақ, көш басы – көсем, өріс басы – серке, оң жол сілтер – бағдаршам.

Фəлсапа адаспасын. Ол адасса – адамзат адасады. XX ғасырда батыстық философия Жаратушыны жоққа шығарып, адамзатты біраз адастырды. Оған ілесіп, қазақ жеріндегі «қондырма философия» та адасты. Ол туралы Гегельден қорғаған қазақ философы Тлекжан Рысқалиев кейіннен: «Маркстік-лениндік философияға сүйене отырып, біз өзіміздің көптеген құндыәдет-ғұрпымыздан, салтымыздан, дәстүрімізден айрылып қалдық. Бізгесырттан таңылған Кеңестік философиядан өзімізді, өз кейпімізді таба алмадық, қазақ қазаққа ұқсамай қалды»[1], – деп жазды. Батпандап кірген ауру, мысқалдап әрең шығуда. Дана бабалардың ойтанымына сүйенген қазақ санасы, қазақ ойшылдығы бүтіндігін сақтаған, үзілмеген. Қазақ фəлсапасының міндеті, барды оятып, қалпына келтіріп, дамыта зерттеу жүргізу. Қазір, XXI ғасырда қазақ этносының бүтіндену процесі жүріп жатыр. Осы жасампаз үрдістен, музей фəлсапасы да сырт қалмасы анық. Сонымен, музей фəлсапасының мәні неде? Оның пассионарлық қуаты қандай? Ол – музейтанудың субстанциясы ма? Болса, онда ол қалай көрініс табады. Қазақ музейінің өз болмысы қандай? Болмаса, музей деген осы деп, басқалар салған жолмен жүріп кете береміз бе? Қазақ музейі – қазаққа ұқсай ма? Ойлану керек. Сұрақ көп, жауап аз. Осы сауалдардың жауабын біз – музей фəлсапасынан іздейміз. Ол – оның объектісі.

Теориялық музейтану саласы даму үшін, музей фəлсапасы іргелі теориялық-методологиялық мәселелерді шешуі керек. Музей метафизикасы аса өзекті барлықтың болмысын анықтауға ұмтылады. Музей, ол – барлық, адамзат ойлап тапқан – мәдениет. Мәдени құбылыс ретінде оның болмысын айқындау өзекті. Осы бағдарда, музей фəлсапасы – музейтану ғылымының өз мақсатын айқындап, өз болмысын тануына, ізденіске түсуіне жол ашады. Тұлға – мен кіммін деген сауалға жауап іздесе, музей – адамзаттың жүріп өткен жолындағы жасампаздықты, рефлексиялық жолмен тануға, болашаққа жеткізуге ұмтылары анық. Музей – адам-этнос-адамзат мәдениетінің қоры, адамзат санасының қойма-сауыты, көп қабатты заттық және рухани байлық, сана қоймасында сақталған дәстүрлік қор, адамзаттың жүріп өткен жолының кодтық факторы. «Культура – ненаследуемая память поколений. Музей – один из институтов хранения этой памяти, ее отбора и передачи в общественное и личное сознание и подсознание поколений»[2]. Осы сөзде жан бар, бұнда сана басты фактор болып



тұр. Сана өлмейді, музей соны сақтауға харекет етеді. Ол қаншалықты мүмкін – ойланатын мәселе. Қазақ этносында сананы сақтау – Шежіре мәдениетінде көрініс тапқан. Ол – біздің халықтың жалпы генезиске, түп тамырға ерекше мән беретін биіктік өлшемі. Шежіре – сананың үзілмеуінің алтын өзегі, этностың ғасырлар тезінен өткен этностық сана болмысын сақтау институты.

Музей ұғымының генезисі, музейтанудың бастауы туралы қалыптасқан ғылыми таным бар. Және, ол – негізсіз де емес. *Museum*, көне Мысыр-Грекиядан бастау алғаны, ол – храм, діни табынатын жер, тіпті, қайсібір *музеонның* маңындағы жерлеу рәсімдерінің көрінісіне қарай, оның мемориалдық бастауы болғанын көрсетеді[3]. Мәдени контексте, Александриядағы академия, кітапхана және музей адамзат мәдениетіндегі ерекше құбылыс. Және, сол Мысырда біздің бабаларымыздың ізі қалған, қаламынан шыққан қаншама құндылықтар барлығы қазір анықталып жатыр. Александрия мәдениетінің бастауында ойшыл-ғұламалар тұрғаны тарихта көрініс тапқан. Ендеше, оның фәлсапаға тікелей қатысы бар. Музей – сана институты болғандықтан, музей болмысы туралы ой қозғайтын, музей фәлсапасының орны ерекше.

Музей мәселесі туралы қазақ мәдениеті контексінде ой толғап көрейік. Музей генезисіне азық болар факторлар қазақ даласында қарақаттай тұнып тұр. Алдымен адамзат мәдениетіне қосары көп қазақ жеріндегі қалаларға тоқталайық: Тараз, Отырар, Исфиджаб, Шавгар, Баласағұн, Алмалық, Суяб және Бозоқ. Біз барлығын атамадық. Бұл қалалар, негізгі айтар ойға тамыздық болып отыр. Бұл қалалар, басқа да қалалар қазіргі кезеңде қорғауға алынған, көбі ұлттық, республикалық музей-қорықтардың аумағында. Бұл түсінікті де. Мен «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығында» басшылық қызметте болғанда, түрлі мәдени-ғылыми шаралар аясында осы көне қалалар мен қазіргі музейлердің көбінде болдым. Соның нәтижесінде туған бір ой мені мазалап жүр. Соны ортаға салайын. Рас, бүгінгі күн талабымен осы мәдени құндылықтарды музейге айналдырып, қорғау, зерттеу, насихаттау жұмыстарын жүргізілуде. Бәрі жақсы, бұл – бүгінгі күннің көзқарасы.

Көзқарас ғана емес, тұтас ұлттық пайыммен алтын тамырға бойласақ, генезисін табуға ұмтылсақ қалай болар екен. Бізде бар, сол кезде бұрын болған деп. Мен – музей болмысын айтып отырмын. Ұлттық музей генезисіне бойлап, метафизикалық мәселеге бой ұрсақ, көп мәселеге басқаша қарар едік. Өзімізде барды, басқадан іздемес едік. Мәселен, «Алтын адамды» алайық, баға жетпес құндылық. Дегенмен, мен ойлаймын. Сол дәуірде, осы сияқты құндылықтар, күнделікті тұрмыс жағдайында пайдаланылмады ғой? Осындай құндылықтар, белгілі ғұрыпқа пайдаланғанша сақталып тұрған жері болды ма екен? Ойланатын мәселе. Жерлеу рәсіміне бір күн қалғанда жасалмағаны белгілі. Немесе, бүгінде әлем таң-тамаша болып таңдайын қағып отырған, Сыр бойындағы көне қалаларда музейдің элементі болмауы мүмкін емес, «бұрыш», бөлік, діни нанымға қатысты жерлермен үндескен өзгешеліктер болуы мүмкін. Музей мәдениеті элементінің қалыптасуы өте ерте кезеңнен бастау алады: «Феномен коллекционирования уходит своими корнями в глубокую древность. Уже на заре своей истории человечество собирало и стремилось сохранить предметы, имеющие сакральную, престижную и эмоциональную значимость, представляющие интерес с познавательной или эстетической точки зрения» [4]. Мені мазалап жүрген ой – Осы. Сақ-Ғұн-Түркі мәдениетінде музей мәдениеті болған және бар. Оны дұрыс іздеу керек. Ол үшін – қазақтың киелі жерлерін, көне қалаларды, басқа да қоныстарды зерттеу барысында, қазақ, не арғы ата-баба мәдениетін



көрсететін мәдени-тарихи факторлардан «Museion» элементін іздеу және оны нақтылауға ұмтылу. Бұл – мүмкін нәрсе. Ол үшін, сол мәдени құндылықтарды зерттейтін мамандар, мәдениет фәлсапасы контекстінде ойлап hareket еткені абзал. «Эврикамен» алысқа бармаймыз. Қорым, одан шыққан құндылық халықтың байлығы, ол – Субстанция, ал, бұрыннан барды «табуға» ұмтылушылар, яғни, біздер – акциденциялық статустамыз. Ойланатын мәселе. Мыңдаған жылдық мәдениет қабатынан табылған құндылықтар қатарына, «мен таптым» деп өзінің рәсімін рамкаға іліп қоятындар да арамыздан табылды. Бұл мәдениеттің емес, беймәдени әрекеттің көрінісі. Құндылықтар бізге дейін де зерттелген, бізден кейін де зерттеледі. Әркім, рәсімін іле берсе, кеңес дәуіріндегі газеттердегі «политбюро» мүшелері секілді, алабажақ бет болып кетпесіне кім кепіл. Сана өзгермейінше қиын. «Мен жастарға сенемін» деп дана Мағжан айтпақшы, бар үміт – Жастарда!!!

Ия, музейге «фрагменттік» емес, фәлсапалық сын керек. Ондай сында мән бар. Ақиқатында тамырынан жұлып алып, асфальтқа еккен өсімдік көктемес. Мәдени құндылықтарға да құрметпен қараған дұрыс. Антуан Модюиден бастап музей болмысын фәлсафалық тұрғыдан сынаушылар бар. Ол сында дән жоқ деп айта алмаймыз. Біз басқада бар музей дәстүрін көшірумен айналыспауымыз керек, өзіміздің ұлттық стиліміз болуы керек. Ұлттық статусы бар музейлердің өзінің даралық, қазақтық болмысы айқындалып тұруы қажет.

Қазақ елінде қазақ музейі – қазаққа ұқсап тұруы керек. Бұл – басты шарт. Қазақ музейі өз болмысымнен ғана, қазақтығымен ғана адамзатты өзіне тартады. Әлемнен келетін туристер, қазақтың өзін, қазақтың мәдениетін көремін деп келеді. Мәселен, нақты белгілі мәдени мұраны табиғатпен үндестікте, ландшафтың аясында бірлестікте тұтас алып зерттеуге басымдық бере зерттеу алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазақ жеріндегі әрбір тарихи-мәдени құндылық, адамзаттық мәдени мұраның негізі екенін, оған құрметпен қарау басты фактор болуы қажет. Бұл аса өзекті проблема болып тұр: «Культурно-ландшафтная концепция сохранения наследия не является отвлеченной, оторванной от реальной жизни, сугубо научной системой взглядов. Она имеет самое непосредственное отношение к практике сохранения культурного и природного наследия, обосновывая важнейший региональный принцип, на котором должна строиться культурная политика, в том» числе и в музейной сфере, и по отношению к наследию в целом» [5].

Сондай-ақ, мүмкіншілікті мүмкін ететін әлемдік тренд, сандық технологияның музей экспозициясын жабдықтаудағы ролі және оның ұлттық мәдени мұраны өзектендірудегі ролін теріске шығара алмаспыз. Ол – заман талабы. Пассионарлық қуатпен дамып, уақыт сайын өзгеріп жатқан технологиялық ландшафт жағдайында музей де жаңа құралдарды пайдаланады. Сандық трансформацияға түсіп, өзінің мазмұнын байытып отырған музейдің басқадан мойны озық болатыны анық. Бүгінгі таңда жасанды интеллект AI пен AR кодтың инновациялық жанашылдықпен басқадан озық тұрғаны рас. Өнер туындыларын, музей экспонаттарын таныстырудағы мүмкіндіктері шексіз.

Дегенмен, осы жерде ең маңызды мәселенің басы қылтып көрінеді. Оны нақтылап айттайын. Музейдегі басты құндылық, сондағы мәдени мұра. Ол – Субстанция. Технологиялық мүмкіндік, ол – акциденция. Басқаша айтсақ, Мәннің тысы, өзі емес. Сондықтан, музейде Субстанция акциденцияға жұтылып кетпеуі керек. Осы жерде өз тәжірибеммен бөліспекпін. Хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында, жоғарыда атауы толық берілген республикалық музейге басшылыққа шақырылдым. Уақыт аз, жұмыс ұшан-теңіз: құрылыс-

жөндеу, реставрация, музейлендіру және ғылыми-мәдени жұмыстарды қатар бастадық. Бір күнде, аталған барлық сала бойынша жұмысқа тартылған адам саны 700 жеткен күн болды. Осы аласапыран кезеңде, музейлендіру жұмысының концепциясына музей фәлсапасы методологиясымен келуді басты мақсат етіп қойдым. Хакім Абай – субстанция, жаңа технология – акциденция. Метафорамен айтсақ, Абай музейі – даналық музейі. Технологиялық ландшафт өзі алдыға озбай, Даналыққа қызмет етуін қатты қадағаладық. Әр кезеңді ой елегінен өткіздік, Субстанцияға басымдық беру басты кредо болды. Соның нәтижесінде, Абай музейінің Мәні, жаңа технологияға жұтылып кетпей, технологиялық ландшафт аясында «қайта түлеп ұшқан қырандай» болды.

Шамамен екі жүз миллиард жұлдыздан тұратын «Құс жолы» галактикасына қазақ этносының өз көзқарасы бар. Тұтас әлемді түнгі музейдей қабылдаған халқымыз, соған қарап бағытын айқындап жүріп кететін. Ол – Сана қуатының шексіздік өлшемі. Қанатты құстың осы шексіз галактиканы бағдарлап ұшуын бабаларымыз ертеден байқаған. Әлемде халықаралық Музейлер күніне орай, «Музей түні» мәдени шарасы өтеді. «Сол түні, Адамзат аспанға қарашы, бәлкім, құба бел, сар далада «Құс жолын» бетке алып, жаралыстың құдыреті Ұлы музейдің ішінде еркін кетіп бара жатқан Қазақты көрерсің», - деген асқақ метафоралық ой айтпақпын!

Фәлсапа керек. Музей фәлсапасы керек. Мәннің бағасын білмек үшін. Онсыз өмір мәнсіз, мәдениет бұлыңғыр. «Какую роль, какие функции выполняет философия в мире? Их несколько. Важнейшими являются мировоззренческая функция и методологическая»[6].

Қазаққа – Музей фәлсапасы қазіргі кезеңде өте керек. Еліміздегі музейлер Қазақтың қазақтығын, Еліміздің елдігін көрсете алуы үшін, рас, Музей фәлсапасы керек-ақ!

Әдебиеттер тізімі

1. Рысқалиев Т. «Абай ілімі және бүгінгі қазақ философиясы. «Қазақ әдебиеті», 26.11.2019.
2. Философия музея: учебное пособие./под ред.М.Б.Пиотровского. – Москва: ИНФРА-М, 2020. – 192 с.
3. Бонами З.А. Как читать и понимать музей. Философия музея. – Москва: Издательство АСТ, 2018. – 224 стр.
4. Развитие собирательства в Древнем мире. — Текст : электронный // Искусствоед.ру – сетевой ресурс об искусстве и культуре : [сайт]. – 2015. – URL: <https://iskusstvoed.ru/2015/12/21/muzej/> (дата обращения: 7.06.2024).
5. Мировые тренды и музейная практика в России: Сборник статей Международной научной конференции, 30-31 октября 2018 г. – Москва.: РГГУ, 2019. – 462 стр.
6. Звездкина Э.Ф. и др. Теория философии. – Москва, «Эксмо», 2004. – 448 стр.

СМАГУЛОВА Ақмарал Төлеуғазықызы

Филология ғылымдарының кандидаты,

Шәкәрім университетінің

«Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу

орталығының жетекшісі

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУДЕ АБАЙ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫҢ ДЕРЕККӨЗДІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландыратын BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» бағдарламасы аясында әзірленді.

Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын сақтау мен насихаттау мақсатында құрылған Абай музейі бүгінде 85 жылдық тарихы бар ғылыми-мәдени орталыққа айналды. 85 жылдық тарихында тек мәдениет саласындағы жетістік емес, сонымен қатар ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес қосуда. Осы уақыт ішінде музей қорында жинақталған қолжазбалар мен сирек мұралар қазақ әдебиетінің, соның ішінде Шәкәрім шығармашылығының ғылыми тұрғыда зерттелуіне сенімді деректік негіз болып отыр.

Өкінішке орай, Шәкәрім Құдайбердіұлының өз қолымен жазған қолжазбалары сақталмаған. Қилы кезеңде өртелген, жойылған, қолды болған. Абай музейінің қорында Шәкәрім шығармашылығына арналған жалпы саны 53 қолжазба сақталған. Оның ішінде Ахат Шәкәрімұлының өткізген қолжазбалары, әрі ең құндысы, барлығы – 10 қолжазба (бума). Сондай-ақ Шәкәрімнің көзі тірісінде жарық көрген кітаптарының фото көшірмелері, әр түрлі адамдар өткізген Шәкәрім өлеңдерінің қолжазбалары, әндерінің ноталары, Абай аудандық комитетінің Шәкәрім шығармашылығы жайлы комиссия пікірілері музей қорында сақтаулы. Бұл қолжазбалардың біраз бөлігі араб қарпімен басылған. Оларды Қайым Мұхамедханов, Тауфиқ Досаев, Ахат Шәкәрімұлы қазіргі жазу түріне түсірген.

Шәкәрім ақыннан қалған қолжазбалар дегенде біз сүйенетін бірден бір қолжазба Ахат Шәкәрімұлының қолжазбалары екені анық. «Ахат марқұм әкесінің көзі тірісінде, әсіресе, әкесі өлгеннен кейін оның кітап болып басылып шыққан шығармаларын да, басылмаған қолжазбаларын да, ерінбей, жалықпай, ұқыпты көшіріп, жазып отырған» [1, 35].

Ұлттық кітапхананың қолжазбалар қорына, Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасына, Семейдегі Абай музейінің қорына көшірме жасап, тапсыруын басқаша түсіндіру мүмкін емес. «Біздің байқауымызша, дәл бүгінгі күні ғылымға белгілі көшірмелердің ішіндегі айрықша құндысы – ақынның бел баласы Ахат 1936 жылы Республикалық көпшілік кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған екі томдық жинағы (№188, №210). Және Абайдың Мүрсейіт қолынан шыққан көшірмелері сияқты, Шәкәрім мұрасының ең сенімді, ең деректі нұсқасы деп танылуға тиіс» [2, 248], – деген М.Мағауин тұжырымы Ахат қолжазбасының маңыздылығын дәлелдей түседі.

Ахат Шәкәрімұлының бүкіл мұрасы 1985 жылы Абай музейіне жеке архив болып қабылданған. Бұл архив Шәкәрімнің шығармалары мен Ахат Шәкәрімұлының өзінің өлең-



поэмалары, естеліктерінен тұрады [3].

Ендігі кезекте музей қорындағы Шәкәрім шығармаларына қатысты Ахат қолжазбаларын қарастырып өтейік.

Ахат ағаның өз қолымен жазған «Шәкәрім жайында пікір» деп аталатын 38 беттен тұратын естелігі қорда сақталған [4]. Естелік 1958 жылы жазылған, яғни Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы ақталмаған уақытта хатқа түскен.

Естелікте Шәкәрім шығармашылығы, өлеңдерінің тәрбиелік мәні айтыла келіп былай дейді: «Шәкәрімнің дін жайында жазған «Мұсылмандық» деген жазбасы бар. Бұл ескі діни көзқарастан айрылмаған уақытта, өзі айтқандай сасық наным, иман шықпай жүрген надан кезде жазылған, түрікше, арабша кітаптардың қазақша переводы. Бұған Шәкәрімнің жанынан қосқан жаңалығы жоқ. Бұл шығармасына кейін өзі отвот жариялаған... Шәкәрімнің діни көзқарастары халықтық емес, ол іске аспай өлетін ойлар». Бұл пікірді заманы айтқызып отыр деп қабылдауымыз керек. Қалайда әке мұрасының ақталуын көздеген баласының жанкешті еңбегіне зор құрметпен қарауымыз аса қажет.

Ахат Шәкәрімұлы жастайынан қуғын-сүргінді көп көрген жан. Түрмеден босап келген соң да жіті бақылауда екендігін білсе де, әкесі Шәкәрімнің мұраларын сақтаушысы болды. Біз бүгін игілігімізге жаратып жүрген Шәкәрім Құдайбердіұлына тиесілі деген шығармалардың басым көпшілігі Ахат ағаның қажырлы еңбегі арқасында сақталып қалды.

Әкесі жайындағы естелік әңгімесі де шәкәрімтанудағы бірден-бір дереккөз екендігі белгілі. Одан бөлек Құнанбай қажы, Абай ортасы жайындағы естелік-әңгімелері де оның халық алдындағы өлшеусіз еңбегінің бір дәлелі. Иесіз құдықта 30 жыл жатқан әкесінің сүйегін қазып алып, арулап жерлеуі де үлкен ерлік еді. Өмірі ащы кермек тұстарды көп нәсіп етсе де, ер мінезінің тағы да бір айғағы болар бұл. Ахат әкесі Шәкәрімнің әндерін де кейінгі ұрпаққа жеткізуші.

Музей қорында сақталған Ахат ағаның әкесі туралы естелігі аса құнды. Себебі Шәкәрім балаларының ішінде әкесінің жанында ең ұзақ болған, әрі шын сырлас болғаны осы Ахат. Бұл естелік Ахат Шәкәрімұлының көзімен көрген нақты деректеріне негізделгендіктен Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығын танып-білуде баға жетпес еңбек болып табылады.

Ахат Шәкәрімұлының естелігінде Шәкәрімнің «9 бет бәйіт» (араб, фарсы, түрік тілдерінде аралас жазылған), «Дума» поэмасы (1904 жылдар шамасында жазылып, Қазанға жіберіліп, цензурадан өтпеді деп хабарланған), «Галилей» әңгімесі, «Қазақ айнасы» (2-бөлім, әңгіме), өзінің әндерімен жазылған пьесасы, «Том ағайдың балағаны» (Гарриет Бичер Стоудан), «Шал мен кемпірдің ғашықтығы» поэмасы сынды бірнеше туындыларын «мен білетін басылған шығармалары» деп атап өтеді. Іздегеніміз табылып жатса, қазақ әдебиетіне қосылған теңдессіз үлес болар еді.

Сөз ауаны бүгінде Шәкәрімдікі деп танылып жүрген «Ақындарға» өлеңі жайында. Бұл өлең 1988 жылы «Жазушы» [5, 139] және 2006 жылы «Жібек жолы» [3, 158] баспаларынан жарық көрген ақын жинақтарына және «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясында Шәкәрім ақын өлеңі ретінде берілген. Аталған екі жинақтың екеуінің де түсініктерінен бұл өлеңге қатысты мәліметті кездестіре алмадық.

Музей қорындағы «Ахат Құдайбердиевтің өз шығармалары: 1923-24-28 жылдары жазылған өлеңдердің қалғандары» [7] деп аталатын папкадағы бір топ өлеңдер қатарында Шәкәрімдікі делініп жүрген «Ақындарға» өлеңі «Өлең айт» деген атпен Ахаттың өз өлеңі ретінде берілген (30-31 бетте).

Ендігі кезекте Шәкәрім жинақтары мен Ахат қолжазбасындағы екі өлеңді салыстырып көрейік.

Шәкәрім Құдайбердіұлы Ақындарға	Ахат Шәкәрімұлы Өлең айт
Өлең айт дарын өрге өрлегендей, Сезімді қозғап, тәтті ой кернегендей. Жанды сөз бойды ерітіп маужыратып, Әлдилеп жыр бесігі тербегендей. Қауымның қалауына тап келгендей, Болғанын, болашағын айт көргендей. Керістен тартып жырды жебелі оқтай, Дәл тигіз қалағанға қас мергендей. Сүйсініп ақынға елі мән бергендей, Өлеңмен өміріне сән бергендей. Қадалып жүрегіне ақ қанжардай, Оятсын ойкүйезді жан бергендей. Ерікті билеп алсын айтылған жыр, Сырты – гүл, жарасымды ішінде сыр. Жаныңның ләззат алар жарығындай, Мәңгілік өшпейтұғын төгілсін нұр. Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын, Тазартып жүрек кірін жуып жатсын. Қаңсыған шөл даланы қанықтырып, Жыр тасып, дариядай құйып жатсын. Арыңның болсын өлең айнасындай, Көрікті, көптің ортақ пайдасындай! Жосылып жатсын артта жортқан жолы, Арынды асқақ өзеннің арнасындай!	Өлең айт дарын өрге өрлегендей, Сезімді қозғап, тәтті ой кернегендей! Жанды сөз бойды ерітіп, маужыратып, Әлдилеп жыр бесігі тербегендей! Қауымның қалауына тап келгендей, Болғанын, болашағын айт көргендей! Керістен тартып жырды жебелі оқтай, Дөп тигіз қалағанға қас мергендей! Сүйсінсін ақынға елі мән бергендей, Өлеңмен өміріне сән бергендей! Қадалтып жүрегіне ақ қанжардай, Оятсын ойкүйезді жан бергендей! Ерікті билеп алсын айтылған жыр, Сырты гүл жарасымды, ішінде сыр! Жанының ләззат алар жарығындай, Мәңгілік өшпейтұғын төгілсін нұр! Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын, Тазартып шаң-тозаңын жуып жатсын! Қаңсыған шөл даланы қанықтырып, Жыр тасып, дариядай құйып жатсын! Арыңның болсын өлең айнасындай, Көрікті, көптің ортақ пайдасындай. Жосып жатсын артта жортқан жолы, Арынды асқақ өзен арнасындай.
Жазылған жылы белгісіз	1924

Назарларыңызға ұсынылған екі мәтінде 6 түрлі айырмашылық бар: дәл тигіз/дөп тигіз, сүйсініп/сүйсінсін; қадалып/қадалтып т.б. Бірақ бұл өзгешеліктер өлең мағынасына ешбір нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Ахат ағаның өз қолымен тапсырған қолжазбалар ішінен табылғандықтан, Ахат Шәкәрімұлының өлеңі деуге толық негіз бар. Ахат аға қалайда әкесінің мұрасын сақтап қалу мақсатымен архив қорларына есінде қалған өлеңдерін жазып өткізіп отырған. Біздің топшылауымыз бойынша, Ахат өз өлеңін Шәкәрімнің өлеңі деп шатастырып енгізіп жіберуі әбден мүмкін.

1911 жылы Шәкәрімнің «Мұсылмандық кітабы» еңбегі Орынбордағы «Каримов, Хусайынов және К» баспасынан жарық көрген. Неге екені белгісіз осы еңбектің аты кейінгі басылымдардың барлығында «Мұсылмандық шарты» деп басылып келеді. 1911 жылы Орынборда жарық көрген сол кітаптың мұқабасында мынандай жазу бар: «Мұсылмандық кітабы. Бұл кітап – иман, ғибадат һәм басқа әртүрлі шариғат істерін анық қазақ тіліменен ұқтырған, орта жүзде арғын, тобықты нәсілінен, мархұм Құнанбай қажының немересі, Шаһкәрім Хұдайберді мархұм ұғлының жазған кітабы» [8].



Анық көріп отырғанымыздай, еңбектің тұңғыш баспа көргендегі аты – «Мұсылмандық кітабы», қандай негізге сүйеніп бұл еңбек «Мұсылмандық шарты» деп аталғанын анықтау қиынға соқты. Бұл кітап Ахат ағаның жазбаларында «Мұсылмандық» деп берілген.

Музей қорындағы қолжазбаларды әлі де салыстыра қарап, зерттеу міндеті тұр. Мәселен, «Мұтылғанның 32 жасында Жайлаудың баласымен айтысқан өлеңі» деген мәлімет бар [9]. Яғни Шәкәрім бұл шығармасын 32 жасында жазса бұл өлеңнің жазылған жылы 1890 жылға сай келеді. Ал бұған дейін Шәкәрімнің жарық көрген барлық жинақтарында бұл шығарма 1880 жылы жазылды деп көрсетіліп жүр.

Шәкәрім мұрасын терең әрі жан-жақты зерттеу барысында қолжазба деректерінің мәні ерекше. Әсіресе Абай музейі қорында сақталған қолжазбалар ақын шығармашылығының текстологиялық ерекшеліктерін анықтауға, мәтіндік варианттарын салыстыруға, шығармаларының жазылу жылына қатысты мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Сондықтан да Абай музейінің қорындағы жәдігерлер Шәкәрім шығармашылығын зерттеудің негізгі деректік базасын қалыптастыруда маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 320 б.
2. Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза. А.: Жалын, 1988. – 256 б.
3. Абай мұражайы қорының сипаттамасы (жолкөрсеткіш). – Семей. – Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2011. – 301 б.
4. Абай музейінің қоры. КП-4487
5. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – А.: Жазушы, 1988. – 560 б.
6. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. 1-том. – А.: Жібек жолы, 2006. – 524 б.
7. Абай музейінің қоры. КП-4473
8. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық кітабы. – Орынбор, 1911. – 108 б.
9. Абай музейінің қоры. КППМ-3534.1

БАЙБОЛОВ Берік Қыстаубайұлы

*«Әзірет Сұлтан» ұлттық
тарихи-мәдени музей-қорығының
ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы*

МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫН ЖАСАҚТАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАР МЕН ТҮСІНІКТЕР

Андатпа. Бұл мақалада отандық музейіндегі экспозиция құрудағы жаңа бағыттар, экспозицияны жобалаудың құрамдас бөліктері, экспозицияны ғылыми жобалау, экспозицияның ғылыми тұжырымдамасы, тақырыптық-құрылымдық жоспары, тақырыптық-экспозициялық жоспары, сценарийі, топографиялық жоспары, әдістемелік ұсынымдары баяндалады.

Кілт сөздер. экспозиция, музей экспозициясы, музей заттары, экспонат, экспозициялық кешен, экспозициялық материалдар, экспозиционер, тақырыптық-экспозициялық жоспар, сценарий, құрылымдық экспозициялық жоспар

Жалпы экспозицияны жобалау және құру күрделі әрі кешенді процесс. Себебі оны құру барысында жәдігерлік, ғылыми, көркемдік, техникалық, педагогикалық және идеологиялық мәселелер ескеріле отырып жасалады. Экспозицияны құру үдерісіндегі төрт кезенді ерекше атап өтуге болады: тақырыпты анықтау; ғылыми-танымдық өзектілікті айқындау; экспозициялық жәдігерлер қатарын белгілеу; көркемдік тұрғыда үйлесімді орналастыру және көрсету. Осы тұрғыда музейлік заттардың көркемдік тұрғыда үйлесімді орналасуы және көрсетілуі келушілерге экспозиция идеясын жеткізудегі маңызды тетіктердің бірі. Қазіргі уақытта экспозицияны құру инновациялық және көркемдік-шығармашылық көзқарасты, бұрыннан қалыптасқан принциптер, ережелер мен заңдылықтарды сыни тұрғыдан қайта қарастыруды талап етеді. Кез келген музейдің жұмысы мен танымалдығы оның экспозициясымен тікелей байланысты. Экспозиция келушілерге тарихи-мәдени ескерткіштерді, құнды материалдық мұраларды қолжетімді ету арқылы, олардың физикалық және рухани тұрғыда сақталуына негіз болады. [1,79]

«Экспозиция» термині – «көрсету, орналастыру, қою» деген сөзінен шыққан. Кең мағынада айтсақ арнайы көрсетілім үшін қойылған заттардың жиынтығын білдіреді. Әрбір музейлік экспозицияның өзіндік ерекшелігі бар. Оның негізін кез келген зат емес, тек қана музейлік артефактілер құрайды. Экспозицияда бұл бұйымдар жаңа мәртебеге ие болады одан соң көрмеге қойылған экспонаттарға айналады. «Экспозиция» ұғымы музейтану ғылымында біртіндеп қалыптасқандығы тарихтан мәлім. Тек XIX ғасырдың соңына қарай музей қорларының өсуі мен кеңеюі нәтижесінде солардың ішінен «көрмелік коллекциялар» бөліне бастады. Музейлік экспозицияның ең қарапайым анықтамасы – бұл музей қорларының көпшілік назарына ұсынылған бөлігі.

Музейлік экспозиция – музейлік коммуникацияның негізгі түрі болып табылады. Оның білім беру және тәрбиелік мақсаттары музейлік заттарды көрсету арқылы жүзеге асырылады. Экспозицияның бұл кеңейтілген анықтамасын музейтанушы А.М.Разгон ұсынған.

Исторически музееведение прошло несколько этапов развития. В XVII–XVIII веках музейная деятельность имела преимущественно эмпирический характер: собирались коллекции, создавались кунсткамеры и собрания редкостей. Во второй половине XIX века начинается формирование теоретических представлений о музее как об институте культуры. Появляются первые учебные курсы, методические руководства и специализированные исследования. В XX веке музееведение приобретает черты самостоятельной науки, разрабатываются концепции музейной педагогики, музейной коммуникации и культурной антропологии. Сегодня история музееведения рассматривается как процесс институционализации научного подхода к изучению музейной практики.

Музей выполняет важнейшую функцию в структуре гуманитарного знания – функцию сохранения и осмысления историко-культурного опыта. Он становится пространством диалога между эпохами и культурами. Современные гуманитарные концепции музея опираются на идеи культурной памяти (Я. Ассман, П. Нора), феноменологию восприятия и герменевтику. В этом контексте музей выступает не просто хранилищем артефактов, но и символическим текстом культуры, в котором закодированы ценности, идентичности и формы коллективной



памяти общества.

Современный этап развития музееведения характеризуется усилением теоретико-методологической рефлексии и интеграцией с цифровыми гуманитарными науками. Появляются направления цифрового и виртуального музееведения, исследуются вопросы интерпретации музейных коллекций в онлайн-среде. Музей становится интерактивным пространством, где ключевое значение приобретают коммуникация, нарратив и опыт взаимодействия посетителя с экспозицией. Таким образом, теория музееведения развивается в русле современной философии культуры, переосмысливая понятия аутентичности, репрезентации и ценности культурного объекта.

Одной из ведущих тенденций является переход музееведения в цифровую плоскость. Развитие технологий виртуальной и дополненной реальности, 3D-сканирования, цифровых архивов и баз данных изменило представление о музее как о физическом пространстве.

Формируется новая область – виртуальное музееведение, объектом которой являются онлайн-музеи, цифровые экспозиции и формы интерактивного взаимодействия с культурным наследием. Цифровой музей не просто реплицирует традиционную экспозицию, а создаёт новую онтологию культурной памяти, в которой исчезают физические границы и временные дистанции.

Музееведение представляет собой сложную систему гуманитарного знания, включающую исторические, философские и культурологические компоненты. Его теоретическая эволюция отражает путь от эмпирического описания музейной практики к глубокой философской интерпретации роли музея в обществе. В заключение следует отметить, что современные тенденции свидетельствуют о том, что музеология становится междисциплинарной площадкой для изучения памяти, идентичности и культуры, одновременно выполняя свою главную миссию – сохранение и понимание культурного наследия человечества.

Список литературы

1. Разгон А.М. Введение в музееведение. – М.: Высшая школа, 1983.
2. Никонова Н.И. Музей и культура. – М.: Академический проект, 2007.
3. Шляхова Л.М. Теория и практика современного музея. – М., 2010.
4. Шулепова Е.А. Музей как феномен культуры. – М., 2015.

ҚИЫҚБАЙ ҚУАТ

*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік
музей-қорығының бөлім меңгерушісі*

**«АЛАШ АРЫСТАРЫ – М.ӘУЕЗОВ» МУЗЕЙІ:
ТҮЛҒАЛАРДЫ ДӘРІПТЕУ ЖОЛЫНДА**

Аңдатпа: Мақалада қазақ руханиятының ордасы болған Әнияр Молдабаевтың үйі мен оның бүгінгі егемендік жылдарындағы музейі ісін ілгерілету, Абай мен Шәкәрім, Мұхтар мен Алаш арыстарының еңбегін елге паш етіп отырған шаңырақтың қалыптасуы, тарих парақтарынан алатын орны туралы мол мағлұматтар беріледі.

Кілт сөздер: Алаш, Азаттық, Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Алаш қайраткерлері, Әнияр, Әлихан, Міржақып, Мұхтар, музей, Абай музейі, Алаш музейі, Желтоқсан.

Алаштың алтын құндақты бесігі Семейде Абай мен Шәкәрім, Алаштың айбоз ұлдары мен әйгілі Мұхтар Әуезовке қатысты тарихи нысандар көп болмаса да, көзге қуаныш, көңілге жұбаныш боларлығы бар. Тарихи тұлғалардың ізі қалған ғимараттар мен аса маңызды орындар ел мәдениетін екшеумен таным байытып, тағылым тануға, өңірдің туризм саласы мен сан түрлі тараптағы оқиғаларды ұғынуға жол ашатын бірден-бір қастерлі жер екені талассыз дүние. Семей қаласы қазақ рухы мен зердесінің ордасы ретінде ең алғашқы ашылған оқу орындарымен, әдебиет пен мәдениетке, тұңғыш бой көтерген бірегей басылымдардың басын біріктірген орталық ретінде баршаға танымал.

Абайдың білімін ұштаған жәдидшілдік бағыттағы Ахмет-Риза медресесі, жас Мұхтардың жалынына жалын үстеген Қамаледдин қазіреттің оқу орны, бес кластық училище мен ерлер гимназиясы, білім-ғылымға құштар, ілімге ынтық бар қазақ баласының басын қосқан Алаштың тұңғыш білім ордасы – мұғалімдер семинариясынан бөлек қаншама орындарда тарих таңбасы тасына дейін шешіле тіл қатып, шежіре тартады. Абайдың есін біліп, еліктеп жыр жазған, шығыс мәдениеті мен әдебиетіне бойы ұрып енші алған алғашқы жылдары да тарихи қаламен тығыз байланысты. М.Әуезовтің айдай әлемге мәлім болуындағы алғашқы ізгі баспалдақтардың бірі де, тұңғыш туындылары туған мекен де аяулы Семей қаласы.

Осынау көненің көзі, ауқымды оқиғалардың куәсі Семейдегі оқыған жастар мен зиялылардың, өткенді білуге ұмтылған жандарды Абайдан тартып Алашқа, Алаштан тартып бүгінгі ел азаттығының алтын діңгегі болған әлемнің сырыныя сүңгітіп, тарих қойнауына шым батырып жіберетін тарихи орын ол – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдениет және әдеби-мемориалдық музей-қорығының бөлімі «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музейі.

Ұлтымыздың ұлағат ұясы – XIX ғасырдан қалған бұл музей көз бен көңіл көзесіне сондай ыстық мекенде Абай мен Шәкәрім, Әлихан мен Міржақып, Әнияр мен Мұхтар, Алаш қайраткерлері мен саяси қуғын-сүргін құрбандары, 1937 жылдардан бастап 1986 жылға дейінгі аралықта елу жыл бойына геноцид пен этноцид езгісін бастан кешірген ел тағдырын мағлұм етеді. Желтоқсан оқиғасындағы ерлік көрсеткен ер-азаматтар мен еліктей қыздар тағдыры тұтастас тарих панорамасын пайымдауға жол сілтейді.

Үй исеі – Әнияр (1)

«Алаш арыстары – М.Әуезов» музейі ел тарихы мен қазақ руханиятында көпшілікке Әнияр Молдабаевтың үйі ретінде танымал. Қазақтан шыққан тұңғыш қаржыгер, банкир Әнияр Молдабаев 1856 жылы туып, 1934 жылы бақи көшкен Шыңғыс болысының адамы. Абайдың замандасы әрі шәкірті. Абай ауылының адамы Әнияр тобықты ішінде – әнет табынан тарайды. Туған әкесі Қожабай ағаш түйін түйіп үй-жиһаздарын жасап, өрнектейтін, төсек, жүк-аяқ, тағы да басқадай заттарға сүйектен әшекей жасайтын қолы шебер адам

Осы өнерін көрген Абай Қожабайды ауылына көшіріп алып, қамқорлығына алады. Қожабай өліп одан үш жетім бала қалады, соның кішісі 8 жасар Әнияр болады. Сол заманда Ресей патшалық үкіметі орысша оқытуға әр болыстан екі бала алатын болыпты. Абайдың елі «Кішік-Тобықты» болысынан орысша оқуға бала жібер» деген бұйрық келгенде, Абай көршісі Қожабайдың әйелін үгіттеп, көндіріп, Әниярды қалаға жібертеді. Оны апарып, тапсырып келуге Қожабайдың інісі Молдабайды қосады. Дәл осы кезде оқу құжатына Молдабай Әниярды өз атына жаздырып, тапсырып қайтады. Әнияр Семей қаласындағы бес кластық оқу орнын бітіріп, Ташкент, Әндижан қалаларында білім алып, қаржыгер мамандығын игереді. Абайдың тапсырмасымен 1890 жылдары соңынан іздеуші барып, елге көшіріп әкеледі. Әнияр Семейдегі банк қызметіне орналасады. [3, 2]

Бұл туралы Әрхам Ысқақов: «Әнияр төрт жыл орысша жақсы оқып, елге келгенде, Абай оның талабы барлығын байқап, Ташкент қаласындағы бір оқуға жібереді. Әнияр сол школада аздап оқып, одан Әндижан деген қалаға барып, қызмет етіп жүріп, бір өзбектің қызына үйленіп, 1892 жылы еліне қайтып келеді. Сол жылы жаз елде болып, күздігүні Семейге келіп, «Государственный банкке» переводчик болып, қызметке орналасады» дегенді айтады.

Өз буынындағы оқыған қазақ Әнияр Молдабаевтың қоғамдық қызметі де оның «Алашшыл» азамат болғанын аңғартады. Алаш қозғалысына белсене араласып, Әлихан, Ахмет, Міржақып сынды тұлғалармен тең дәрежеде араласады. Қоғам қайраткерінің қыры туралы алаштанушы, тарихшы-журналист Мұратбек Кенемолдин: «1918 жылы «Абай» журналын бастырушы «Уақ-қарыз» серіктігі екенін ескерсек, онда Ә.Молдабаевтың да бұл іске қатысы болған» дейді. [2, 27]

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жылдары Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті құрылған кезде Әнияр Молдабаев бірауыздан оның қазынашысы болып бекиді. Әрине, партияның мүшелік жарнасын жинау, жалпы партиялық қаржы мәселесі секілді жауапты істер кім көрінгенге сеніп тапсырыла бермегені түсінікті. Әниярдың тағдыр жолы мен оқыған жан болғадығы туралы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының төртінші кітабында кеңіне баяндалады. Шығармадағы Данияр Қондыбаев прототипі дәл осы Әнияр Молдабаев. [5, 48]

Бұған қоса, айналып өтуге болмайтын тағы бір дүние Ә.Молдабаевтың өз заманында көрнекті қазақ интеллигенттерімен тығыз қарым-қатынаста болғандығын нақтылайтын түсетін деректі сол кезеңдегі Алаштың үнжариясы болған «Сарыарқа» газетінен кездестіруге болады. «Алаш» партиясының Семейде уақытша областной комитеті ашылды. Комитетке кірген кісілер: Әлімхан Ермекұлы, Райымжан Мәрсекұлы, Имам Әлімбекұлы, Ахметжан Қозыбағарұлы, Турағұл Құнанбайұлы, Сыдық Дүйсенбайұлы, Данияр (Әнияр) Молдабайұлы т.б. Комитет председателі Халел Ғаббасұлы, секретары Сыдық Дүйсенбайұлы, қазынашысы (казначей) Әнияр Молдабайұлы, құрметті председателі Әлихан Бөкейханұлы» – деп анық басылған.

Әниярдың баласы Сапарғали да зиятты жандардың бірі. Семей қаласындағы ерлер гимназиясында білім алған. Семей мұрағатында сақталған Алаштың атты әскери полкін құруға



қатысқан ұйымдастырушылар тізімінде Сапарғали есім-сойы аталады. Өзі де әкесі сияқты банк қызметкері лауазымын атқарған. 85 жылдан астам тарихы бара Абай музейінің қорында сақталған Сапарғали Әнирұлының естелігі де көп мән-жайды аңғартады. Сапарғалидың әйелі Қабида. Абайдың інісі Ысқақтың Кәкітайының қызы. Мұхит (Мұқыш) пен Күләш есімді екі баласы болған. [4, 3]

Әкесі Ә.Молдабаев 1934 жылы қайтыс боларының алдында тарихи нысанды өздері қызмет еткен банктің қарамағына өткізеді. Үй үкіметке өтіп, Абай музейі ашылған шамада Сапарғали Молдабаев Жаңа Семейге қоныс аударып, кейінен Алматыға көшіп, 1974 жылы сонда көз жұмған.

Тарихи тұлғалар ізі (2)

Семей қаласындағы Абай Құнанбайұлы түсіп жүрген үйлердің бірі Әнир Молдабаевтың үйінде Абайдың арнайы жұмыс бөлмесі болған. Әнир өз басына жеке үйді алып бергеніне ризашылығын білдіріп, Абай және балалары келгенде тұратын бір бөлмені ыңғайлап арнайы ұстап отырған.

Мұндай деректі Әнирдың баласы Сапарғали да өз естелігінде айтады: «Абай атам, қазіргі музейдің мемориальный залы болып тұрған бөлмеде, ортасына кілем, сырмақ, көрпе салғызып қойып, дөңгелек үстелдің үсті кітапқа толып тұрады, қолтығына екі-үш жастықты қойып, кітап оқып, жазу жазып шынтақтай, жантайып отырушы еді, менің шешем Абайдың ішетін тағамын дайындап, толық құйып беріп, сол бөлмені Абайға арнап, таза ұстап отыратын».

Әнир Молдабаев үйінің тарихы Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағының шығуымен де тығыз байланысты. Осы үйде Абайдың алғашқы өлеңдер жинағының беттелуі мен корректорлық жұмыстары атқарылған. Петербургтегі Бораганский баспаханасы бір баспатабақ қағазды басып, Семейдегі Әнир үйіне арнайы жіберіп тұрған. Әнир Кәкітайға жеткізіп, Кәкітай оның қатесін түзеп, қайта Петербургке жөнелтіп отырған. Осылайша Абайдың 1909 жылы Санкт-Петербургте тұңғыш рет жарияланған Абайдың өлеңдері жинағына сіңірген еңбегі зор.

«...Кәкітай корректорлық міндетін өз мойнына алатын болыпты. Петербургтегі баспахана бір баспатабақ қағаз басып, Семейдегі Әнир үйіне жіберіп тұратын болды, Әнир Кәкітайға жеткізіп тұрады. Кәкітай оның қатесін түзеп қайта Петербургке жөнелтеді», – деп еске алады Әрхам Кәкітайұлы өз жазбасында.

XX ғасырдың басында Шәкәрімнің 1905-1906 жылдары өткерген қажылық сапары кезінде де Әнир Молдабаевтың үйі тілге тиек етіледі: «Абайдың ақырғы кеңесі – осы сапарым менің көзім ашылып, адам қатарына қосылуыма үлкен себебін тигізді. Сол сапарда, неше ұлттың ғалымдарымен сөйлесіп, пікір алысып, керек кітаптарды алдым. Ол кітаптарды посылка етіп, Семейдегі Әнирдың атына жіберіп отырдым» деген естелік тарих тұлғалар ізі қалған мекеннің тағы бір сырын ақтарады.

Сол кездердегі Комисарская көшесі 70 мекен-жайы бүгінгі күні Бөгенбай батыр көшесі 132 мекен-тұрағындағы музей XIX ғасырдың екінші жартысында бой көтерген қос қабатты ғимарат. Төменгі қабаты қызыл кірпіштен қаланған, жоғары қабаты ағаштан салынған үйде Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы Семейде қызмет еткен жылдарда тұрақтаған орын.

Осы тарихи ғимаратта Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатұлының отбасылары тұрған. Гүлнар Міржақыпқызы өзінің естелігінде: «Әкем 1921-1922 жылдары Семей губсотында жұмыс істеді де, біз Комиссарская көшесіндегі Әнир Молдабаевтың екі қабатты жекеменшік үйінде тұрдық (кейін Абай музейі болды). Үстіңгі қабатында біз – Дулатовтар, біріншісінде Әлихан атекемнің (Бөкейханов) үй-іші жайғасқан еді», – дейді.

Бұл тарихи орында Абайдан бастап Шәкәрім мен Көкбай, Абай балалары Ақылбай,



Мағауия мен Турағұл, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтердің ізі қалғаны айдай анық нәрсе. [6. 342]

Сөз жүлгесінде айтып отырған Гүлнар Міржақыпқызы: «Семейдегі Комиссарская көшесіндегі Анияр Молдабаев деген ақсақалдың (банк чиновнигі) бізге босатып берген мекенжайында тұрдық, біздің үй іші бұл кісілермен тығыз байланыста болды, мен атамды да, балалары: Сапаш, Нұрыш, Мұқыш, Күләштарына шейін білемін» – деп тебірене еске алады.

Алаш үкіметінің марғасқаларымен жақсы байланыста болған Әнияр Молдабаевтың шаңырағында Ахмет Бірімжанов, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышбаев, Біләл Сүлеев, Смахан Бөкейханов, Мәшіһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әбікей Сәтбаев, Халел Ғабасұлы, Рақымжан Мәрсеков, Сыдық Дүйсенбайұлы, Мұстақым Малдыбайұлы, Биахмет Сәрсенұлы сынды тұлғалар жиі келіп, ұдайы бас қосып тұрған.

Ең алғашқы Абай музейінің ғимараты (3)

«Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музейінде Абай өміріне тікелей қатысы бар тарихи орын болғандықтан 1944 жылдан бастап 1967 жылға дейін Абай музейі орналасты. Сондықтан да бұл жер еліміздегі тұңғыш әдеби-мемориалдық музейдің ғимараты ретінде музейтану саласында ерекше орын алады. Қазақстан тарихындағы тұңғыш әдеби-мемориалдық Абай музейі 1940-1944 жылдары Бекбай Байысовтің үйінде орын тепті. 1944 жылы музей жәдігерлері бұрынғы Әнияр Молдабаевтың үйіне көшірілді. Алғашқы ашылған жылдары Білім Министрлігінің, Мәдени ағарту мекемелері басқармасының қарауында болды. 1947 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының қарауына ауыстырылып, оның басшылығымен музейдің ғылыми тұрғыдан қаралған жұмыс жүйесі, әдеби-зерттеу ісі жөніндегі жоспары дайындалды.

Осының нәтижесінде Абай музейінің екінші экспозициясы жасақталды. Экспозиция Әнияр Молдабаев үйінің екінші қабатында бес бөлмеге орналасты. 1947-1951 жылдары музейді абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов басқарды. Бұл жылдардағы мәліметтерге сүйенсек музей экспозициясының көлемі 111,5 шаршы метр, жәдігерлерлердің жалпы саны 277, музей қызметкерлердің саны – 15. Оның ішінде үш ғылыми қызметкер болған.

Музейдің ғылыми-зерттеу бағытындағы елеулі кезең де Ғылым Академиясы құрамындағы жылдарға дәп келеді. Музей қызметкерлері белгілі тақырыптарға арналған зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың ақындық мектебі», Борис Аккерманның «Абайдың орыс достары» кандидаттық диссертациялары қорғалған. Ақынның өміріне, шығармашылығына қатысты заттарды, қолжазбасын іздеу, зерттеу, көмегі тиетін адамдарды тауып, олардан құнды деректерді алу ісі қолға алынғаны да осы музей ғимаратын иемденген шаққа саяды.

Абай музейі бүгінгі «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов музейін тұрақ еткен кезеңде Қайым Мұхамедханов, Борис Аккерман, Ысрайыл Ақылбайұлы, Ахат Шәкәрімұлы сынды тау тұлғалар музей ісін дамытып, абайтану саласына үлкен еңбек сіңірген. Осы жылдарда Абайды көрген, оны жақсы білетін Төлеу Көбдіков, ақынның немересі Уәсилә, келіні Кәмәлия, немересі Ысрайыл, немере інісі Әрхам және тағы басқа туыс-жақындары данышпан ақын жайында мол мағлұмат берген. 1950 жылы музей мамандары Абай ауданына іссапарға шығып, тарихи орындарды фотосуретке түсіріп, сызбаларын сызып, ақынның архивін іздеу жұмыстарына бел шешіп кіріскен. Бұл экспедицияға Абайдың шөбересі Ишағы Жағыпарқызы да қатысқан.

1953 жылы Абай музейі Ғылым Академиясы қарауынан Мәдениет министрлігінің, одан кейін Семей облысының Мәдениет басқармасының қарауына ауыстырылады. Тек 1958 жылдан бастап Мәдениет министрлігінің қарауына алынып, «Абайдың республикалық

әдеби-мемориалдық музейі» деп аталған.

Ең алғашқы Абай музейі ғимараттарының бірі «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музейінде 1967 жылдан бастап 1988 жылға дейін балалар кітапханасы орналасты. 1990 жылы Абай музейінің қарамағына көшіп, 1991-1995 жылға дейін Абай музейінің уақытша экспозициясы орналасты. Ал, 1995-1997 жылдары аралығында «Алаш арыстары – М.Әуезов» музейінің кешендік жоспары, музейдің жаңа экспозициясы әзірленді.

Алаш қозғалысына қатысты тұңғыш музей (4)

1997 жылы 23 қыркүйекте Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына орай Семей қаласында Абай музейінің бөлімі ретінде «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музейі ашылды. Бұл қазақ даласындағы алғашқы әдеби-мемориалдық Абай музейі секілді еліміздегі Алаш қозғалысына арналған тұңғыш музей еді. Музей экспозициясында М.Әуезов өмірінің Семейде өткерген кезеңін, Алаш қозғалысымен байланысын, Алаш зиялыларымен қарым-қатынасын көрсетуді мақсат тұтты. Алаш арыстарының қоғамдық қызметі, Алашорда үкіметінің қызметі енді ғана зерттеле басталған жаңа тақырып болатын. Баспа бетінде жарық көрген материалдар мен фотосуреттер, Алаш тұлғаларының сол кезде шыға бастаған басылымдары мен архивтерден алынған деректерді жинау қолға алынды.

Материалдарды жүйелеу, тақырыптар бойынша сараптау кезінде анықталғаны: Алаш тақырыбындағы архив деректерінің аздығы. Сондықтан, мемориалды үйдің экспозицияға арналған төрт бөлмесінің біреуін ғана Алашқа арналсын деген шешім қабылданды. Бірінші бөлмеде – Семей қаласы тақырыбы ашылса, қалған екеуі – М.Әуезовке арналатын болды.

Сонымен, 1997 жылы Абай музейінің бір бөлімі болып ашылған «Алаш арыстары – М.Әуезов» музейі өз көрермендерін қабылдай бастады. Алаш арыстарының өмірін, шығармашылығын, қоғамдық қызметін насихаттайтын музей экспозициясының ашылғанына биыл жиырма сегіз жыл толып отыр.

Бүгінде «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музейінде ел Тәуелсіздігінің 1890-1905 жылдар, 1905-1907 жылдар, 1907-1917 жылдар, 1917-1920 жылдар, 1937-38 жылдар, 1938-1988 жылдар ауқымын қамтитын алты кезең жайында кең мағлұмат береді.

1890-1905 жылдар аралығындағы – I кезең Алаш зиялыларының Омбы, Семей, Қарақаралы, Орал, Верный, Ташкент қалаларындағы қалыптасу, бір ортаға, ұлт-азаттық идеясының пісіліп-жетілу кезеңі екенін таныстырылады. Азаттық идеясының сол кезде саясат төріне шығуы қазақ жастары мен оқымыстыларының бірігуіне, олардың Ресейдің үлкен қалаларында, басқа шет елдерде білім алуына байланысты болғаны анық.

II кезең – 1905-1907 жылдар аралығын көрсететін материалдардан қазақтың өзін-өзі басқару құқын алуға деген үмітін оятып, ұлт-азаттық қозғалысына жаңа серпін берген – 1905-1907 жылдардағы I орыс төңкерісі, I және II Мемлекеттік Думаға қазақтан депутат сайлануы туралы деректер қамтылған.

1907-1917 жылдар аралығындағы Алаш қозғалысының III кезең – Алаш қозғалысы кезеңдерінде жарық көре бастаған белгілі басылымдар (атап айтқанда, Орынборда 1913-1918 жылдары 265 саны жарық көрген «Қазақ» газеті; Семейде 1918 жылдың ақпан-қазан айлары аралығында 12 саны шыққан «Абай» журналы; Троицкіде 1911 жылдың қантар айынан 1915 жылдың тамызына дейін шығып, 89 саны жарық көрген «Айқап» журналы) туралы анықтамалар, шығарушылары туралы деректер орын алған.

IV кезең – 1917-1920 жылдар аралығы – Алашорда үкіметінің құрылуы, Семей қаласының Алашорда орталығы ретінде танылуы, Алаштың автономия жариялаған елдермен және тәуелсіз мемлекеттермен қарым-қатынасы сияқты тақырыптар терең толғанады.



V кезең – 1937-1938 жылдары Қазақстан бойынша жалпы 125 мың кісі қуғын-сүргінге ұшырап, оның 25 мыңы атылды. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Ғаббасов, Мағжан Жұмабаев сынды т.б. Алаш арыстары, 30-шы жылдардағы сталиндік қуғын-сүргіннен аман қалса да, бұл жолы түгелдей құрбан болды.

1938-1988 жылдар аралығындағы VI кезең. Бұл кезеңде негізінен сталиндік репрессиялаудың екінші кезеңі, 1940-1950 жылдардағы Ғұбайдолла Әнесұлы және «Қазақ халқын қорғаушылар Одағы», Ермұхан Бекмаханов, Мұхтар Әуезов және космополиттік қудалауға ұшырауы, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы тарихи оқиғалар айтылып, әңгіме болады.

Ұлтымыздың ұлағат ұясы – «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музейі Абай мен Шәкәрім, Әлихан мен Міржақып, Әнияр мен Мұхтар, Алаш қайраткерлері мен саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдырын байланыстырып, 1937 жылдардан бастап 1986 жылға дейінгі аралықта елу жыл бойына геноцид пен этноцид езгісін бастан кешірген ел тағдырын бүгінгі күннің жүлгесінде көмескі күндердің құпиясын көпке жария етіп, келешек ұрпаққа сырын ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сапарғали Молдабаев //Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра 1995.
2. Мүфтиұлы М. Әнияр Молдабаев // Абай. – 2009. – № 3.
3. «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының қоры.КП-214
4. «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының қоры. КП-214/1
5. М.Әуезов. «Абай жолы» 4-кітап. Алматы: Жазушы, 2002.
6. Г.Міржақыпқызы. «Шындық шырағы», «Алаштың сөнбес жұлдыздары». Алматы; Мектеп, 2012.

ТАНИРБЕРГЕНОВА Эльмира Кунышкановна

*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік
музей-қорығының ғылыми кітапхана қорын сақтаушы*

АБАЙ МУЗЕЙІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-КІТАПХАНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

Андатпа. Мақалада Абайдың Абайдың әдеби-мемориалдық музейі және ғылыми-кітапхананың құрылу тарихы, қалыптасу кезеңдері мен бүгінгі даму бағыттары қарастырылды. Абай мұрасын сақтау мен насихаттауда музей мен кітапхананың ғылыми-зерттеу бағытындағы еңбектері кеңінен талданады.

Тірек сөздер. Абай музейінің тарихы, кітапхана, абайтану, экспозиция, сирек кітаптар.

Абайдың әдеби-мемориалдық музейі – Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты мәліметтер жинақталған рухани-мәдени мекеме.

1940 жылы 1 сәуірдегі қаулысы бойынша ұйымдастырылып, сол жылы қазан айының 16 жұлдызында Абайдың 95 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылды. Қазақстан тарихындағы тұңғыш әдеби музей болып табылады.

Музейдің негізгі қоры 1885 жылы Абайдың өлкетану орталығына тапсырған заттардан құралған. Бұл заттардың отызға жуығы музей қорында сақталған.

Алғашқы кезеңдерде музей ұлы ақын Семей қаласына келгенде түсетін Әнияр Молдабаев пен Бекбай Байысовтың үйлерінде орналасқан. 1967 жылдан бастап музей көпес Ершовтың (Ленин көшесі, 12) үйіне көшірілді.

1990 жылғы 5 сәуірдегі №141 Қаз ССР Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша ақынның әдеби-мемориалдық музейі Абай Құнанбайұлының мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалды «Жидебай-Бөрілі» қорық-мұражайы болып құрылды.

Қорық-музейдің құрамы қалалық кешен, Жидебайдағы Абай музей-үйі, Бөрілідегі М.Әуезовтің музей-үйі, қорық аумағына кіретін 16 тарихи орындардан, Абай ауданына қарасты Құндызды ауылындағы ақын Шәкір Әбенұлының музей-үйі, Мақаншыдағы Әсет Найманбайұлының музейі және Жидебайдағы «Шәкәрім. Саят қора» экспозициясынан тұрады.

Қалалық кешенге Ленин көшесі, 12 үйде орналасқан көпес Роман Ершовтың үйі, 1995 жылы салынған жаңа ғимарат, 1993 жылы кешен аймағына көшірілген Ахмет Риза медресесі мен мешіті, мұражайдың әкімшілік үйі, сонымен бірге Бөгенбай батыр көшесі, 132 үйде орналасқан «Алаш арыстары – М.Әуезов» музейі кіреді.

Абайдың 150 жылдық, 175 жыл мерейтойлары қарсаңында музейі ғылыми-музейлендіру жұмыстары жүргізіліп, заманауи технологиялармен жабдықталды.

Қазіргі таңда күмбезді ғимараттағы музейдің жаңа экспозициясы 11 залда орналасқан. Атап айтар болсақ: «Абай. Жыл мезгілдері», «Дала әуендері», «Ақынның балалық шағы», «Ақынның қалыптасуы», «Абай шығармашылығы», «Абайдың ақындық мектебі», «Абайдың отбасы», «Қара сөздер», «Абай мұрасы», «Мультимедиялық зал», және «Балалар бөлмесі».

Көпес үйі ғимаратындағы ғылыми-танымдық орталықта «Абайтану», «Тәуелсіздік және абайтану», «Галерея. Абай бейнелеу өнерінде», «Көрме залы» болып жасалса, медреседе «Медресе тарихы», «Абай және Шығыс», «Балалар шығармашылығы» залдары көрермен

назарына ұсынылады.

Әр залда ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында ақпарат беріледі. Сонымен қатар заманауи қондырғылар арқылы жаңа форматта келушілерге ақынның мұрасы насихатталады.

Тач экрандардан Абайдың әні мен күйін, асыл қазынасын үш тілде көріп-тындауға болады. 360 градусық проектор орнатылып, ол арқылы көрермендер ақынның қара сөздерінен алынған даналық сөздерін оқып, арнайы қондырғы арқылы хакімнің батасын алуға мүмкіндік жасалған. Тіпті, музейдің кішкентай көрермендеріне арналған ойын алаңы ашылып, Абайдың сүйікті ойыны тоғызқұмалақты үйренуге жағдай жасалған.

Сонымен қатар 1940 жылы Қазақстан тарихында тұңғыш музей болып негізі қаланғанда, ғылыми кітапхана да бірге ашылған. Оған дәлел Абайдың туғанына 95 жыл толу мерекесін өткізу туралы қаулыда Абай музейін және кітапхана ашу жоспарланған. Музей 1940 жылы Абай көшесі №83 үйде орналасты. Сол кезде музейде 8 адам жұмыс істегені, қызметкерлердің ішінде кітапханашының айлық жалақысы көрсетілгені туралы музейдің архив деректерінен көруге болады. (№31 іс 238 бет),

1947-1951 жылы музей Қазақ ССР Ғылым Академиясына қараған кезде, орталық кітапханадан едәуір кітаптар түсті. Кітапхана қорын байыту мақсатында музей сұранысы бойынша Қаз ССР Ғылым Академиясының Президумының 1949 жылғы 25 қазандағы №361 шешімі бойынша Ғылым Академиясының директорына Абай музейіне дублеттік қордан жалпы тарих, мәдениет тарихы және әдебиет пен өнер бөлімдеріне 1000 кітап бөлуге тапсырма берілген. (№48 іс, 116 бет). Кейіннен осы кітаптар музей кітап қорына берілді.

Музей кітап қорын толықтырған Семейдегі Абай барып жүрген қалалық кітапхана болатын. 1883 жылы Е.П. Михаэлис бастаған саяси көзқарастары үшін жер аударылғандардың ұйымдастыруымен негізі қаланған кітапхана Семей қаласындағы алғашқы мәдени ошақтардың бірі болды. Бұл ұйымдастырлған кітапхана сол замандағы кітапханалардың ішіндегі ең байы деп танылды. Абай кітап оқу арқылы Е.П.Михаэлестей досын тапты. Е.П.Михаэлис арқылы Абай С.С.Гросс, А.Л. Леонтьев, Н.И.Долгополовтармен кездесті. Абай кітапхананың тұрақты оқырманы болып, орыстың озық ойлы ақын-жазушыларының, батыс классиктерінің шығармаларымен танысты.

Абай сол кезде шыққан «Русская речь», «Новости», «Вестник Европы», «Русское богатство», «Исторический вестник» т.б. басылымдарды Москва, Санкт-Петербург қалаларының «Книжный лавка» деп аталатын дүкенінен сұраныс арқылы жаздырып алып отырған.

Абай А.С.Пушкиннің, Ю.М.Лермонтовтың шығармаларын, И.А.Крыловтың мысалдарын аударды. Ю.М.Лермонтов аудармалары арқылы батыс классиктерінің Байронның, Шекспирдің, Шиллердің, Гетенің шығармаларымен танысып, аударма жасады.

Ғұлама ақынның қоғамдық кітапхананың оқырманы болғанын тарихта қалдырып, әлемге әйгілеген Сібір мен Алтайға саяхат жасаған американдық публицист Джордж Кенан еді.

Абайдың биікке шырқауына дем беріп, қанат бітірген қасиетті орын осы қалалық кітапхана болатын. Кейіннен 1940 жылы музей ашылғанда, Абай оқыған кітаптар музей қорына тапсырылды.

Абай музейі кітапханасында белгілі орыс әдебиетінің өкілдері Пушкиннің, Лермонтовтың, Толстойдың, Салтыков-Щедриннің, Достоевскийдің, Булгаковтың, Гогольдің т.б. қаламгерлердің еңбектері жинақталған. Ақын оқыған Низами, Фирдауси, Науаи, Сағди, Әл-Фараби т.б. шығыстың ғұлама шайырларының еңбектері музейдің ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті құнды кітаптар қорын толықтырды.

Батыс классиктерінен И.В.Гете, Д.Г.Байрон, Ф.Шиллер, А.Мицкевич т.б.қаламгерлердің сирек кездесетін басылымдары бар.

Абайдың 1909, 1922 жылы шыққан алғашқы басылымдары музейіміздің негізгі

қорында сақталса, 1936 жылдан бері, яғни (1945, 1948, 1950, 1952, 1968, 1970, 1976, 1985, 1990, 1995, 2002, 2005) жылдарда жарық көрген Абай шығармаларының басылымдары, ұлы ақынның әр жылдарда басылған толық және таңдамалы шығармалары музей кітапханасының асыл қазынасы. Сонымен бірге ұлы ақын өлеңдерінің 32 шет тілдердегі аудармалары, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаттарының, абайтану ғалымдарының, ақын дәстүрін жалғастырушылардың еңбектері жинақталған.

Заманымыздың заңғар жазушысы, ғұлама ғалым М.О.Әуезовтің шығармалары өз алдына бір төбе. Абайды әлемге танытқан жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясының 1971, 1977, 1982, 1987, 1997, 2002 жылдардағы басылымдары, романның чех, румын, неміс, болгар, словак, өзбек, латыш, башқұрт т.б. тілдеріндегі аудармалары, ұлы жазушының 12 томдық (1967-69), 20 томдық (1979-85) толық шығармалар жинағы т.б. еңбектерінің басылымдары кітапхана қорында сақтаулы. М.О.Әуезовтің өзінің қолтаңбасы қойылған 1948 жылы жарық көрген «Абай» романы кітапханамыздың ең құнды дүниелерінің бірі. М.Әуезов әлемін зерттеуші әдебиетшілердің еңбектері де жинақталған.

Қазақ ақыны, ойшыл, жазушы, философ, тарихшы Шәкәрім Құдайбердіұлының 1988 жылдан бастап жарық көрген шығармалары да, шәкәрімтанушылардың еңбектері арнайы бөлімде жеке жинақтаулы.

Дарынды қазақ ақын-жазушылары С.Дөнентаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, С.Торайғыров, С.Мұқанов, Ш.Әбенев, І.Есенберлин Қ.Ә.Сәрсенбаев, Ж.Молдағалиев, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, Қ.Мырзалиев, т.б. қаламгерлеріміздің еңбектері де жинақталған.

Кітапхана қорын толықтыратын тағы бір қайнар көзі – Абай музей-қорығының баспа жұмыстары. «Абай музейінің кітапханасы» сериясымен жарық көріп келе жатқан ғылыми жинақтар, зерттеулер, «Абай мұражайының хабаршысы» журналы, «Абай мұражайының жәдігерлері» кітапшалары, Абай музейінің қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу мақалалары», жүйелі түрде шығарылып кітапхана қорын одан әрі толықтыруда.

Жыл сайын кітапхана қоры сыйға келген кітаптармен толығыда.

Музейдің кітапхана қоры 1973 жылы – 4432 дана, 1976 жылы – 5624 дана, 1991 жылы – 11966 дана болды.

Қазіргі таңда музей кітап қоры – 16 544 данаға жетті.

Кітапхана қорындағы кітаптар алфавиттік ретпен орналастырылған. Мерзімді басылымдар түптемелері де хронологиялық ретпен қайта жиналып, тізімдері жасалған.

Кітапхананың келесі бір көрсеткіші – оқырмандары. Музей кітапханасы басқа кітапханалардан бір ерекшелігі: жабық ғылыми кітапхана. Музейдің бай кітап қорын ғалымдар мен ақындар, жазушылар, жоғары оқу орындарының ұстаздары мен студенттері және де Абай мұрасын зерттеушілер кеңінен пайдаланып келеді.

Музей кітапханасы өз жұмыстарымен бірге, насихаттау жұмыстарын да жүргізеді. Басты насихаттау жұмысының бір түрі – ай сайын кітап көрмелерін дайындау. Көрмелердің тақырыптары әр түрлі. Қазақстанда аталып өтетін ресми мерекелердің барлығына арналған көрмелер дайындалады. Солардың ішінде Астана күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне т.б. атаулы мерейлі күндерге, ақын-жазушылардың мерей тойларына арналған кешенді іс-шаралардың ішінде дәстүрлі түрде кітапхана қорындағы кітаптар көрермендер назарына ұсынылады. Көрмелердің негізгі мақсаты – Абай музейінің ғылыми кітапханасындағы сирек кездесетін кітаптарды, газет-журналдарды жас ұрпаққа насихаттау, рухани құндылықтарымызды қастерлеп білуге, құрметтеуге баулау.

Музейдің ғылыми жұмыстардың даму, түрлі бағыттағы тағылымды көрмелер, үнемі ұйымдастырылатын танымды кештер, конференциялар мен пікірталастар, сайыстар, дөңгелек үстелдер мен кітаптардың тұсаукесерлері, экспедициялар, еліміздің саяси өміріндегі музей



тіршілігі туралы әріптестер мақаласында толығымен айтылады деп ойлаймын.

Музейдің бай кітапханасын ғалымдар, ақын-жазушылар, Абай мұрасын зерттеушілер кеңінен пайдаланып келеді.

Әлі де алар асу, бағындырар биіктеріміз жетерлік. Атқарар жұмыстарымыздың салмағы да, жауапкершілігі де оразан зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Жанат Аймұхамбет. «Абай есімінің ұлықталуы»: танымдық-ақпараттық кітап. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 245 б.
2. Буклет. Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы. 2010.
3. «Асыл қазына» газет. №9-10 (28) 2015.
7. Альбом. Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы.

УРКИНБАЕВА Айгүл Жәнібекқызы
*«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени
 музей-қорығының ғылыми қызметкері*

МУЗЕЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада музейтану ғылымының теориялық негіздері мен тарихи қалыптасу кезеңдері қарастырылады. Музейлердің әлеуметтік-мәдени маңызы, олардың қоғамдағы рөлі және музей ісінің дамуына ықпал еткен тарихи үдерістерге талдау жасалады. Сонымен қатар, Қазақстандағы музей ісінің даму ерекшеліктеріне тоқталып, қазіргі заманғы музейтанудың өзекті мәселелері сараланады.

Кілт сөздер. музейтану, музей, тарих, мәдени мұра, экспозиция, Қазақстан музейлері, музей қызметі.

Кіріспе. Қазіргі заманды музейлерсіз елестету мүмкін емес. Музей әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде тарихи жадыны сақтауға мүмкіндік беріп, жеке тұлғаны әлеуметтеуге бейімдеп, бос уақытты пайдалы іске асыруға көмектеседі. Музей ісінің теориясы, тарихы және тәжірибесімен музеология айналысса, отандық дәстүрде – бірқатар оқу орындарында оқылатын музейтану. Музей – адамзат өркениетінің материалдық және рухани құндылықтарын жинақтап, сақтау, зерттеу және оларды келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында қызмет ететін мекеме немесе институт.

Музейтану (музеология) – музейлердің ғылыми негіздерін, ұйымдастыру жүйесін, даму бағыттарын зерттейтін, сонымен қатар музейдің құрылымы, қызметі, тарихы және теориясын зерттейтін кешенді ғылыми сала болып есептеледі. Бұл ғылыми сала соңғы ғасырда қарқынды дамып мәдениеттану, тарих, этнография, археология, өнертану және басқа да гуманитарлық пәндермен тығыз байланысты ғылым ретінде қалыптасты.

Барлық музей ісіне байланысты жинақталған тәжірибе мен музей ісінің мәселелерін көтеретін арнайы әдебиеттерде жарық көрген ғылыми білімдер жиынтығын «музейтану» деп атайды. Бұл термин XIX ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болғанмен, көптеген тілдерде ертеден орныға бастады. Ғылымда бұрынырақ қолданылған «музееография» деген термин музейлерге қатысты барлық шығармаларда қолданылып келсе, XX ғасырдың ортасынан бастап, тек музей ісін сипаттауға қолданылды. Музейлердің халықаралық кеңесінде музейтану ғылыми сала ретінде толық мақұлданды. 1977 жылы Кеңес Одағында өткен музей ісіне байланысты халықаралық конференцияда «Халықаралық музейтану комитеті» құрылады. Онда іргелі ғылыми-зерттеу еңбектерді жазуға арналған бағдарламалар қабылданып, музейтануды университеттерде оқытуға ұсыныс жасалады [1,8-11].

Музейтану – музейлердің пайда болуы мен даму заңдылықтарын, олардың әлеуметтік функциясын, формалары мен олардың жүзеге асыру жолдарын зерттейтін ғылыми пән. Ол – мәдениеттанулық ғылым, музей ісінің тарихы, теориясы және практикасының әртүрлі қырлары бойынша алуан түрлі білімдерді жинақтауға мүмкіндік береді.

Ал теориялық зерттеулер, нәтижесінде ғылыми теориялардың жасалуы мен дамуы күтілетін зерттеулер, музей мен музейліктің арнайы теориясы ретінде музеологияның мазмұнын

кұрайды. Музеология – зерттеулердің тұжырымдамалық деңгейін білдіреді.

Жалпы музей ісі – бұл музей мекемелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және жинақтау, есепке алу, қорларды сақтау, экспозиция жасау, білім беру технологияларының жиынтығы (музейлік-педагогикалық, қор жұмысының технологиялары және т.б.) Бұл – технологиялық деңгей.

Музейтану мен музей ісінің арасындағы шекаралық орынды музеография алады. «Музеография» терминінің еуропалық және ресейлік ғылыми дәстүрлерінде әртүрлі түсіндірмелері бар. Шетелдік дәстүрде (ең алдымен ағылшын тілінде) музеология (museology) теориялық пән ретінде қарастырылады. Онымен қатар, музеография (museography) бөлініп шығады, ол музейлік практиканы білдіреді. Ал ресейлік дәстүрде музеография – «музейтанудың саласы, оның міндеттері музейлерді, олардың экспозицияларын және коллекцияларын сипаттау» деп түсіндіріледі. [2, 123].

Музейтану (музеология) – музейлердің мәнін, функцияларын, олардың қоғамдағы орнын зерттейтін ғылым. Ол теориялық және методологиялық бағытта музей ісін дамытып, оның тарихи тәжірибесін жинақтайды. Ғылыми зерттеу мекемелерінің қатарында музейдің өз спецификалық ерекшеліктері бар. Музейдегі ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғылыми кеңістіктегі жаңалықтарды толықтыра түсетін, басқа ғылыми салалар жүйесін кең пайдаланатын және қолданатын ғылыми мекеме. [3, 17].

Ғылыми музейлердің қызметі төмендегі аспектілер бойынша қарастырылады:

1.1. Музейдің функциялары: Сақтау: тарихи, мәдени және көркемдік жәдігерлерді сақтау;

Зерттеу: музей қорындағы материалдарға ғылыми талдау жүргізу; Экспозициялық қызмет: экспонаттарды көпшілікке таныстыру, көрмелер ұйымдастыру; Ағартушылық: білім беру, мәдени құндылықтарды насихаттау.

1.2. Музейдің анықтамасы мен типологиясы: Музей – қоғам дамуының әртүрлі кезеңдерінде жинақталған материалдық және рухани құндылықтарды сақтап, зерттеп, оларды көпшілікке таныстыратын мекеме. Музейлер бірнеше түрге бөлінеді: тарихи, көркемөнер, этнографиялық, жаратылыстану, мемориалдық, техникалық және т.б.

1.3. Экспозиция мен көрме ұйымдастыру әдістері: Музей экспозициясы – белгілі бір тақырыпқа негізделіп жасалған көрме, ал оны құруда ғылыми жүйелілік пен педагогикалық тәсілдер маңызды. Экспозиция құру, экспонаттарды жүйелеу, интерактивті технологияларды енгізу музей ісінің кәсіби әдістемесін қажет етеді.

1.4. Қор сақтау және зерттеу қызметі: Музей қоры – оның негізгі байлығы. Ол экспонаттарды сақтау, қалпына келтіру, ғылыми сипаттау және жүйелеу жұмыстарын қамтиды.

Музей жәдігерлерін сақтау мен қалпына келтіру музей жәдігерлерін физикалық жағынан сақтауға арналған. Музей заттарын сақтау мен қалпына келтіру ісі арнайы мамандандырылған мамандар – реставраторлар, препараторлар, таксидермитер жұмыс істегенде ғана жоғары деңгейде жүзеге асырылады. Қазақстан музейлерінде бұл мамандықтың иелері дайындалмайды және де мамандар өте аз мөлшерде. Техникалық және кадрлық мәселелерді шешу әрбір музейдің жәдігерлерінің өмірін сақтауда, табиғи ескіруден сақтауға мол үлес қосады. Соңғы жылдары музей жәдігерлерін консервациялау мен реставрациялау ісі ілгері дамыды. Консервация заттардың ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз етсе, реставрация бұзылған, бүлінген заттарды қалпына келтірумен айналысады. Химия, физика, биология, металлтану (металловедения) және басқа да жаратылыстану салаларының әдістерін пайдалана отырып әр түрлі музей жәдігерлеріне жарық, температура, ылғалдық, ауа сияқты сыртқы факторлардың әсерінен сақтауды қамтамасыз ету әдістерін жетілдіруді қарастырады. Бұл әдістер музей жәдігерлерін қорда, экспозицияда, тасымалдауда т.б. жағдайларда қолдана білуді және жетілдіруді зерттейді [3, 19-29].



Музейлердің алғашқы үлгілері антикалық дәуірде – мысалы, Ежелгі Грекия мен Мысырда пайда болған. Александриядағы Мусейон ғылым мен өнерді жинақтаған алғашқы музейлік мекеме ретінде танымал.

Орта ғасырларда жәдігерлер негізінен діни мекемелер жанында, яғни шіркеулер мен монастырларда сақталса, Қайта өрлеу дәуірінде жеке коллекциялар, аристократиялық коллекциялар пайда бола бастады. Ал XVIII ғасырдан бастап Еуропада ұлттық музейлер құрылып (мысалы, 1753 ж. Британ музейі), олар халыққа қолжетімді болды. Осы кезеңде музейлердің әлеуметтік қызметі артып, олар білім беру, тәрбие беру құралына айналды. Осының негізінде XIX ғасырдың соңында «музейтану» ғылым ретінде қалыптаса бастады. 1881 жылы Германияда алғашқы музейтану кафедрасы ашылды. XX ғасырда бұл сала халықаралық сипатқа ие болып, ЮНЕСКО және Халықаралық музейлер кеңесі (ICOM) арқылы дамыды [5].

Қазақстандағы музей ісінің дамуы жайлы айтар болсақ, Қазақстандағы алғашқы музейлер, музейлер ісі патшалық Ресей империясы кезеңінен басталады. 1830 жылы Орынбор өлкелік музейі, 1913 жылы Алаш зиялыларының бастамасымен Семейде музей ұйымдастырылып, Семей музейі ашылды. Кеңес дәуірінде республикада жүздеген музейлер құрылып, олар халықтың идеологиялық және мәдени-ағартушылық орталықтарына айналды. 1931 жылы Қазақстан Орталық Мемлекеттік музейі құрылды. [6].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда ұлттық мәдениетті, ұлттық рухани мұраны жаңғырту мақсатында жаңа музейлер ашылып, музей ісі жаңа серпін алды. «Қазақстан Республикасының Мәдени саясатының тұжырымдамасы» аясында музейлердің маңызы артып, олар цифрландыру мен заманауи технологияларды енгізу бағытында дамып келеді. Мысалы, «Атамекен» этно-мемориалдық кешені, «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Тәуелсіздік сарайы» сияқты жаңа форматтағы музейлер ашылды.

Музей жұмысын жоспарлауда ғылыми-зерттеу ісін перспективалық тұрғыдан жоспарлаудың маңызы зор. Зерттеулерде логикалық жүйе мен жалғастық болу үшін бірнеше жылға созылған жоспарларды жүзеге асырудың маңызы зор. Мұндай жоспарлар жүйелілікті, тақырып тұрақтылығын, ғылыми қызметкерлердің кәсіби деңгейінің үнемі жоғарлап отыруын қамтамасыз етеді. Әрине, бұл арада музей жобаларының қаражаттық қамтамасыз етілуі де маңызды. Басқа да музейлермен келісімді түрде, бірлескен зерттеулер жүргізу тақырыптардың жан-жақты және қайталанбай зерттелуіне жағдай жасайды [8, 55-60].

Қазіргі музейтанудың өзекті мәселелеріне тоқталар болсақ, бүгінгі таңда музейлер алдында бірқатар өзекті мәселелер тұр:

1. Цифрландыру, яғни цифрлық технологияларды енгізу: музей қорларын сандық форматқа көшіру, виртуалды көрмелер жасау;
2. Экспозицияның жаңартылуы, яғни экспозициялық жұмыстардың заманауи әдістерін қолдану: интерактивті, мультимедиялық технологияларды қолдану;
3. Жастармен жұмыс, яғни жастарды музейге тарту: мектеп, ЖОО оқушыларын тарту арқылы мәдени мұраны насихаттау;
4. Кадрлық даярлық: музей қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, музейтану мамандарын даярлау.
5. Экспозициялық жұмыстардың заманауи әдістерін қолдану;
6. Қорларды цифрландыру және ғылыми каталогтар жасау;
7. Музей қызметкерлерінің кәсіби даярлығын арттыру.




Музейлердегі ғылыми-зерттеу қызметінің күшеюі, музей ісінің ғылыми теориялық тұрғыдан дамуы «музейтану» пәнінің ғылыми деңгейін көтере түсетіні сөзсіз. Музей қызметкері үшін музейлік специфика басты назарда тұрады. Музей қызметкерлері тарихшы, өнертанушы, археолог т.с.с мамандықтары бар категорияларға бөлінеді. Сондықтан музей ісінде көптеген ғылыми салалардың негіздеріне сүйене отырып, музейлік ғылыми - зерттеу жұмысында музейлік аспектілер мен ерекшеліктері міндетті түрде орын алады. Тарихи зерттеулерге қарағанда музейлік зерттеулерде ғылым мен музейдің ағартушылық, білім беру функциясы қатар жүріп отырады. Терең ғылыми зерттеулер мен білім беру, насихаттауды, музей жәдігерлерін сақтау мен қорғауды қатар алып жүру музей ісінің негізі болып табылады. [7, 37-38].

Музейтану – әлеуметтік және гуманитарлық білімдер ұштасуына қалыптасатын, музейдің функциясы мен генезис заңдылықтарын, оның мұра және қоғаммен өзара әркетін зерттейтін ғылым. Музейтанудың негізгі құрылымдық бөліктері болып табылатындар: тарихи музейтану (музей ісінің тарихы), теориялық музейтану, қолданбалы музейтану. Музейтанудың ғылым ретінде қалыптасуы XX ғасырдың соңғы ширегінде басталып, бұл процесс жалғасуда. [9, 234].

Музейтану – қоғам мен мәдениеттің дамуындағы музейлердің теориясы мен практикасымен айналысатын маңызды ғылым саласы. Ол музейлердің тарихи эволюциясын, қазіргі қызметін және болашағын ғылыми тұрғыда зерттейді. Оның көмегімен мәдени мұра жүйелі түрде зерттеліп, сақталып, көпшілікке жеткізіледі. Қазақстанда музей ісі ұлттық болмысты, ұлттық мұраны сақтау мен насихаттауда, тану мен тәрбиелеу жолында маңызды құрал болып отыр. Қазіргі заманғы талаптарға сай музейлерді жаңғырту, кәсіби кадр даярлау мен технологияны енгізу – музейтанудың болашақтағы басты міндеттері. Алдағы уақытта музейлердің ғылыми, мәдени және білім беру әлеуетін арттыру – музейтану ғылымының басты міндеттерінің бірі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Музееведение. Музеи исторического профиля: Учебное пособие для вузов по спец. «История»/ под.ред. К.Г. Левыкина. В. Хербста.- М.:Высшая школа., 1988. -431 стр.
2. Юренева Т. Ю. Музееведение. Учебник для высшей школы. М., 2003.С. 123.
3. Райымхан К.Н., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. Алматы, 2002ж.
4. Жолдасбаев С. «Музей ісі және музейтану негіздері». Алматы: Қазақ университеті, 2015.
5. ICOM. Museum Definition. <https://icom.museum>
6. Қадырова А.Ш. «Қазақстан музейлерінің тарихы». Астана: Фолиант, 2020.
7. Мусин Ч. «Қазақстан тарихы және музей ісі». – Алматы, 2018.
8. Барри Лорд., Гэйл Д.Лорд. Менеджмент в музейном деле. Учебное пособие. Перевод с англ. Э.Н.Гусинского и Ю.А. Турчаниновой. Под ред. А.Б. Голубовского. М «Логос», 2002, с.254
9. Кукеева М.К., Мұсаева С.Т., Қабыл А.Ә. Музейтану. Оқу құралы. – Алматы. «Эверо» баспасы. 2014.



МУЗЕЙ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫН САҚТАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ЕСЕПKE АЛУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР

FTAMP 13.51.15

АБЛАМБАЕВА Меруерт Максутбековна
*Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік
музей-қорығының қор бөлімінің меңгерушісі*

АБАЙ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР КОЛЛЕКЦИЯСЫ

Аңдатпа: Мақалада Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығы қорында сақталған музей заттарының топтамасы жайында айтылады. Музей қорындағы қолжазба, кітап қоры, бейнелеу өнері туындылары топтамаларындағы құнды экспонаттар турасында мағлұмат беріледі.

Кілт сөздер: Абай музейі, қолжазба, хаттар, бейнелеу өнері туындылары, музей қоры.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығы еліміздегі тұңғыш әдеби-мемориалдық музей. Сексен бес жылдық тарихы бар музей қоры сонау 1940 жылдардан бастап жазушы М.Әуезовтің басшылығымен Абайдың өмірі мен шығармашылығына, ақын ұрпақтарына қатысты құнды естеліктермен, заттық жәдігерлермен, маңызды құжаттармен толықты.

Музейдегі жинақталған музей заттарының топтамасы ғылыми, тарихи, мәдени құндылыққа ие бірегей жәдігерлер.

Мәселен, музейдің асыл қорына енген Абайдың 1885 жылы Н.И.Долгополов арқылы Семейдің тарихи-өлкетану музейіне тапсырған тұрмыстық заттары ақын өмір сүрген уақыттағы материалдық мәдениеттің, қазақ халқының тұрмыс-салты, қолөнердің дамуы турасында ақпарат берсе, жазушы М.Әуезовтің музейге табыстаған ақынның 1896 жылы ұлдары Ақылбай және Турағұлмен және 1903 жылы отбасымен түскен фотосуреттері суретшілер үшін ақын бейнесін бейнелеудегі негізгі дереккөз болса, ұрпақтары мен туыстарының, замандастарының қолжазба естеліктері Абайдың өмірі мен шығармашылығындағы маңызды оқиғалар жайында мағлұмат ұсынатын деректер болып табылады.

Қазіргі таңда музей қорында 22 399 экспонат жинақталаған, оның ішінде негізгі қор – 12 618, қосалқы қор – 9 781. Негізгі қор құрамын қолжазбалар, кітаптар, құжаттар, архив деректері, бейнелеу өнері туындылары, фотосуреттер, мүсіндік туындылар, қолөнер мен тұрмыстық заттар, бейнежазбалар және т.б. музей заттары құрайды.

Абай музейі қорындағы ерекше топтаманың бірі - қолжазба қоры.

266 бумада жинақталған 632 бірлік қолжазба қорында араб, латын қарпімен жазылған естеліктер, өлеңдер бар. Р.Жандыбаев, Ә.Аянбаевтың Абай өлеңдерін қағазға түсірген қолжазбалары құнды. Мұнымен қатар Абайдың ақындық айналасындағы шәкірттері Ақылбайдың «Зұлыс», «Дағыстан», Мағауияның «Медғат-Қасым», Шәкәрімнің «Нартайлақ-Айсұлу», Көкбайдың «Сабалақ» поэмасы, Әсеттің «Мәлике мен Пкіяның жұмбақ айтысы», «Нұғыман Нағым», «Гүлзағипа Гняр төре» және Әріп, Төлеу, Шәкір, Уәйістің

шығармалары қолжазба қорына енген. [1]

Абай өмір сүрген уақыт, өмірі мен шығармашылығы жайы Рахымбай Сәкиұлы, Төлеу Көдіков, Ә.Ысқақов, Мүсірәлі, Досмағамбет Киікбайұлы, Қостуған, Ниязбек Келдібаев, Стамбек Қияқбаев, Рахымжан Мамырғазыұлы, Ахат Құдайбердиев, Ниязбек Алдажаровтың естеліктерінде берілген. Қолжазба топтамасындағы Ә.Ысқақовтың «Абайдың өмір жолы» (Төрт қалың дәптерден тұратын қолжазба. КП-27/1, КП-27/2, КП-27/3, КП-27/4), «Абайдың бейіті мен үй-жайы туралы» (КП-31/10), «Абайдың қазақ халқының тұрмысына қажетті заттарға қосқан үлесі, өнегесі» (КП-31/5), «Абай өмірінің соңғы жылдары» (КП-31/6), «Абай өмірінің есімде болғандары» (КП-31/9), «Абайдың үрім-бұтағы» (КП-31/1. Кесте) атты естелік-қолжазбалары ақын мұрасын танып-білуге орасан мүмкіндік беретін құнды мұра. [1]

Қолжазба қорындағы естеліктер негізінде «Абай туралы естеліктер» кітабы 2010, 2011 жылдары «Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы», 2017 жылы Семей қаласындағы «Зияткер», 2018 жылы Алматыдағы «Қаламгер», 2022 жылы «Абайдың мемлекеттік музей-қорығы» баспасынан жарыққа шығып, оқырман назарына ұсынылды.

Қолжазба қорына кіретін құнды да, қызықты топтама – хаттар. XIX-XX ғасыр аралығында жазылған бұл хаттар мазмұны мен мәні бойынша бүкіл алашқа ортақ құндылық болып табылады.

А.Құнанбайұлының, М.Әуезовтің түпнұсқа хаттары және ақын ұрпақтары Жошыхан мен Берекеханның соғыстан жазған үшбу хаттары өзінің жазылу стилімен, жазу қарпімен, алуан түрлі мазмұнымен дараланады, ерекшеленеді.

Құнды қолжазба «Абай хаты», анығын айтқанда 1896 жылы Абайдың ұлы Мағауияға жазған хатының түпнұсқасы. Хат 1997 жылы Абай музейінде сақтаулы Мұсахан Балтақайұлы қолжазбаларын араб графикасынан қазіргі әріпке аударма жасау барысында қолжазбалар арасынан табылған. Мұсахан Балтақайұлы Тобықты ішінде Көкше руынан шыққан. Өз заманында Абай Көкше Бозанбай балаларына қамқорлық көрсетіп, үйлендіріп, үлкендеріне бес жаста әкеден жетім қалған Бозанбай шөбересі Балтақайды тапсырып, қашан Балтақай ер жеткенше бас-көз болып, өз назарында ұстап отырған. Осы Бозанбайдың төртінші ұрпағы Мұсахан Балтақайұлы сақтаған Абай немересі Әубәкір Ақылбайұлының өлеңдері, өзінің өмір жолы туралы араб графикасымен жазылған жазбалар Абай музейінің директоры Т.С.Ибрагимовке тапсырылған. Бірақ сол жазбалардың ішінде Абайдың өз қолымен жазылған хаттың бар екендігі айтылмаған. Абай хаты ол кісінің қолына кімнен, қашан түскені жайлы деректер жоқ. Бірақ әкесі Балтақайдың Абай немересі Әубәкірмен араласта болғанын Мұсахан өз жазбаларында айтады.

Хат жұқа ақ қағазға жазылған. Түпнұсқа. Жоғарғы шетінің оң жағы, орта тұсының сол жақ шеті және төменгі шетінің сол жағы ұзақ сақталуға байланысты сынып, жыртылған. Жазу палеографиясы, орфографиялық сипаты мен мәнері толығымен XIX ғасырдың соңына сай келеді. Хат ескі араб жазуымен (қадымша) жазылған. Хат табылған 1997 жылы «Абай» журналының 4 нөмірінің алғашқы бетінде «Сүйінші» айдарымен мақала жарияланады. Мақала авторы Абай хатын алғаш тауып, оқыған зерттеуші, тарих ғылымдарының кандидаты А.Исин. Мақала авторы бір ғасырдан кейін табылған ақын қолжазбасының (хатына) жазылу тілі, палеографиялық ерекшеліктеріне, таңбалануына ғылыми анықтама беріп, хаттың араб қарпінен транскрипцияланған мәтінін ұсынады. А.Исин мақаласында «Абай хаты – халқымыз үшін баға жетпес мәдени мұра. Абай мұраты, Абай арманы, Абай мейірімі – бәрі де осында, бәрі бар, жоғы мен мұңдалап, үні естіліп, түсі көрініп, иісі жұпарланып тұр. Хаттағы Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия сынды тарихи тұлғалардың да өмір белестері осы хат арқылы танылады» деп ақын хатының тарихи құндылығына жоғары баға береді. [2]

Сұрапыл соғыс жылдарында майдан даласындағы жауынгерлер мен шалғайда қалған

туған-туыстардың арасын хат жалғаған. Сол кездегі хаттарда сарқылмас сағыныш, түпсіз терең ой, қалың ормандай қайғы-қасірет бар. Елге, туған-туысқа деген сағынышқа толы бұл хаттарды тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес. Абай ұрпақтарының соғыстан жазған үшбу хаттары да осыған дәлел. Музей қорында Абай ұрпақтарының атап айтқанда, ақынның шөбересі, ұлы Мағауияның немересі Берекехан Құтайбаұлы (1918-1944) және Мағауияның немересі, яғни ұлы Жағыпардың баласы Жошыханның (1924-1943) хаттары сақталған. Соғыс жылдарында майдан даласынан жазылған бұл үшбу хаттар негізінен амандық-саулық сұрасып, Ғазел Жағыпарқызының (Мағауина) атына жолданған.

Берекехан мен Жошыханның соғыстан жазған хаттары мен құжаттарын 1972 жылы 30 қарашада ғылыми қызметкер Мұздыбай Бейсенбаев арқылы ақынның шөбересі Ғазел Жағыпарқызы Мағауина музейге табыстаған.

Ғ.Жағыпарқызының 1985 жылы 25 қаңтарда музейдің ғылыми қызметкері Мұздыбай Бейсенбаевтың атына жолдаған хаты да осы майдан хаттарына қатысты жазылған. Хатта музейге табыстаған хаттар мен құжаттардың жеңістің 40 жылдығына орай түсірілетін фильм және іздестіру жұмыстары үшін қажеттігін баяндайды. Сонымен қатар Ғ.Жағыпарқызының әр жылдары музей басшылары Қ.Туғанбаев, Т.Ибрагимовтың атына жазған хаттары сақталған.

Абайдың шөбересі Ишағы Жағыпарқызы Мағауинаның абайтанушы, ғалым Қ.Мұхамедханов, музей директоры Т.Ибрагимов, музейдің аға ғылыми қызметкері М.Бейсенбаевтың атына жазған хаттары да сақталған.

Келесі хат мазмұны да ақын ұрпақтарының майданнан жазған хаттарымен тікелей байланысты. Хат 1977 жылы 8 маусымда Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері Көбей Сейдехановтың атынан Абай музейінің аға ғылыми қызметкері М.Бейсенбаевқа жолданған. Автор хатта жауынгер ақындардың өлеңдерін жинақтап, баспаға дайындау жұмыстарымен айналысып жүргендігін жазады. Осыған орай ақын ұрпағы Жошыхан Мағауиннің өмірі турасында мәлімет пен өлеңдерін жолдауды сұрайды. Хат сұранысы бойынша музей тарапынан Жошыханның өмірі жайында дайындалған мағлұмат пен өлеңдері К.Сейдехановтың жинақтауымен 1985 жылы Алматыдағы «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Оқ пен жыр» жинағына енеді.

Музей басшылығы ұзақ жылдар бойы Абай ұрпақтарымен тығыз байланыс орнатқан. Ақын музейі мен ұрпақтарының алмасқан хаттары өзара қалыптасқан қарым-қатынастың дәлелі. Бұл хаттарға Абайдың өмірі мен шығармашылығы, ұрпақтарының тағдыры, туыстық қатынастары жайындағы алуан түрлі тақырыптар арқау болған.

Абай музейінің асыл қорында сақталған келесі хаттар әлем әдебиетінің жауһарына айналған «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы, заңғар жазушы М.Әуезовке тиесілі. Музей қорында жазушының түпнұсқа төрт хаты сақталған. Музейге хаттарды табыстаған жазушының ұлы – Мұрат Әуезов.

Алғашқы хатты 1954 жылы 30 наурызда Мәскеу қаласынан ұлы Мұраттың атына жазған. Хат мәтіні «Мұратай, айналайын алтын балам!» деген сағыныш сөздерімен басталады. (КП-6256. Хат қазақ тілінде жазылған, мазмұны қысқа, толық сақталған, жарты бетке жазылған, көлемі 14х20, қағазы сарғайған).

1957 жылы 20 маусымда жазған екінші хаты да баласы Мұратқа жолданған. (КП-6255. Хат мәтіні орыс тілінде. Қысқа мазмұнды, толық сақталған, шағын бетке жазылған, бет көлемі 15х20,5).

1961 жылы жазған үшінші хаты Фарида Халитованың атына жолданған. Хатта М.Әуезов Мәскеу Мемлекеттік университеті студенті, ұлы Мұратты тапсырып, елге апаруын өтінген. (КП-6258. Хат А4 көлемдегі қағаздың екі бетіне жазылған. Хаттың сақталуы толық емес, қағаз шеттері жұқарып, жыртылған).

Келесі 1961 жылы 25 маусымда Мәскеу ауруханасынан өзімен жақсы таныс болған жазушы, Абай елінің азаматы Кәмен Оразалинге жазған соңғы хаты. (КП-6257. Хат мәтіні қазақ тілінде жазылған, толық сақталған, депутаттық дәптершенің бір парағына жазылған, көлемі 13x16,5). [3]

К.Оразалин «Абай ауылына саяхат» еңбегінде жазушының қазасы мен соңғы хаты жайында былайша баян етеді: «Осы хат жазылғаннан кейін, қырық сағаттан соң Мұқаң бұл дүниеден аттанды. Мүмкін Мұқаңның қолынан қаламы түсердегі ақырғы жазып қалдырған сөзі де осы болар. Әйтеуір туған ауылына жолданған сәлемнің ақыры осы хат екені бізге мәлім.

Мұқаң осы хатының өзімен де кейінгі ұрпаққа атамекенді қаншалықты қадірлеп, қастерлеу қажет екендігін өсиет етіп кеткенін түсіну қиын емес.

Мұқаңның қайтыс болған хабары радио арқылы Шыңғыс өңіріне жеткен кезде күн шыға қоймаған мезгіл болатын. Абай ауданының орталығы Қарауыл селосындағы айқайлаған азалы дауыстан кара жер де қақ айырылып кеткен сияқтанды. Талай қайғы мен қасіретті басынан кешірген қарт Шыңғыс өңірінің дәл сол күнгі ауыр қаза кезіндегі аянышты күйін айтып жеткізу қиын-ақ. Радиодан беріліп жатқан қайғылы хабарлар да ел басына түскен ауыр қазаны аза тұтып, күңірене жария етеді». [4]

Абай шығармаларын орыс тіліне аударып бастыру мәселесін батыл көтеріп, қазақ әдебиеті тарихын зерттеу жұмыстарын жүргізген ағайынды Белослюдовтардың мыңға жуық хаттары музейдегі хаттар топтамасының маңызды бөлігін құрайды. 1898-1916 жылдар аралығында жазылған бұл хаттар сол замандағы саяси-экономикалық, мәдени үрдістер, жалпы қоғамдық ахуалдың сипаты жайлы мағлұмат алуға мүмкіндік беретін жазбалар болып табылады.

Ағайынды Белослюдовтар Абай шығармаларын орыс тіліне аудару мәселесімен қатар, қазақ ауыз әдебиеті, фольклор, оның ішінде қазақ ертегілерін жинақтау, орыс тіліне аудару мәселелерін көтерген. Бұл жайында ағайынды Белослюдовтардың жазған хаттары арқылы танысуға болады.

Музей қорында А.Құдайбердіұлы, академик Ә.Марғұлан, абайтанушы Қ.Мұхамедханов, суретші А.Ғалымбаева, композитор Б.Ерзакович және т.б. жеке тұлғалардың музей басшылығына, ұжымына жолдаған түпнұсқа хаттары сақтаулы.

1985 жылы музей қорына қабылданған құнды топтама – Ахат Шәкәрімұлы қолжазбалары. Жалпы топтама 74 бірліктен тұратын 35 бумада жинақталған. Бұл топтамаға Ш.Құдайбердіұлының шығармалары, А.Шәкәрімұлының өлең, поэмалары, естеліктері енген.

Абай музейі қорындағы келесі бір құнды топтама – бейнелеу өнері туындылары. Бұл топтаманың жинақталу уақыты да музей ашылған 1940 жылдардан басталады. Әсіресе, 1970-1971 жылдары Абай Құнанбайұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында, 1977-1978 жылдары көпес үйіндегі жаңа экспозицияның ашылуына, сонымен қатар 1992-1995 жылдары ақынның ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен 150 жылдық мерейтойына орай музей қорына бейнелеу өнері туындыларының түсімі арта түсті. Қазіргі күнде жалпы саны 720-дан асатын бұл топтамаға Ә.Қастеев, А.Ғалымбаева, И.Исабаев, М.Кисаметдинов, Г.Исмаилова, Е.Сидоркин, М.Беляев, А.Бұхарбаев, жергілікті суретшілер Н.Өтепбаев, Т.Байғалиев, Т.Татиев және т.б. туындылары енген. Қылқалам шеберлері өз туындыларын «Абай», «Шәкәрім», «Мұхтар» тақырыбына арнап, аталған тұлғалардың өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін, тарихпен сабақтасқан өнер туындыларын дүниеге әкелген.

Бейнелеу өнері топтамасындағы қазақтан шыққан алғашқы кәсіби суретші Ә.Қастеевтің қылқаламынан туындаған 11 туындыны ерекше атап өту қажет. Суретшінің жұмыстары портрет (5 жұмысы), пейзаж (6 жұмысы) жанрында, акварель техникасында орындалған. Суретші портреттік жұмыстарында Абайдың балалық шағынан бастап кемелденген уақыт аралығындағы образдарын сомдайды, ал пейзаж жанрындағы туындыларынан ақын өмірімен тікелей байланысты тарихи мекендер Бақанас, Байқошқар өлкесін, жайлауға қонған

Шыңғыстаудағы қазақ ауылының көрінісін, Сарыкөл жайлауының табиғатын және Қарауыл төбе көрінісін тамашалауға болады.

Ә.Қастеевтің туындылары музей қорына 1947-1971 жылдар аралығында келіп түскен.

Суретшінің 1947-1948 жылдары этнографиялық экспедиция құрамында ақын еліне келуі, әдебиеттанушы Ә.Жиреншин, Абайдың немере інісі Ә.Кәкітайұлымен таныстығы Абай тақырыбына арналған қылқалам туындыларын жазу барысында маңызды қолдау болғандығы сөзсіз.

Музей топтамасына қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы суретші Айша Ғалымбаеваның 1969 жылы кенепке майлы бояумен жазылған «Абай өлең жазу үстінде» (КП-1282), «Абай айтыс ақындарын тыңдауда» (КП-1264), 1971 жылы жазылған «Абай Құнанбайұлы портреті» (КП-1256) жұмыстары енген. Суретшінің шығармалары Абай өмір сүрген заманның қайталанбас сәттері мен шынайы өмірін барынша суреттеуге ұмтылысымен ерекшеленеді. Ғұмырында ашаршылық, соғыс секілді аласапыран кезеңдерді басынан өткерген суретші өзінің шығармаларында қанық бояуларды қолданады. Суретші туындыларының жеке танымдық көзқарасқа негізделген өзіндік қолтанбасы бар. Айша Ғалымбаева кескіндеме жанрында ерекше композициялық құрылымның қалыптасуына үлес қосқан суретші. Суретшінің бұл жұмыстары 1971 жылы музей қорына қабылданған. [5]

Суретші А.Ғалымбаеваның Абай музейімен шығармашылық байланыста болғаны белгілі. Бұған суретшінің 1968 жылы 16 қазанда сол жылдардағы музей директоры Кашаф Туғанбаевтың атына жазған хаты дәлел. Хатта «Я с большим уважением отношусь к музею «Абая». Эскиз «Абай за работой», которого сделала вам когда-то утверждал мне сам Мухтар Ауэзов и еще имеется у меня в фонде 4 работы «Смерть Айдара», «Тай», «Суд биев», «Шарип и его окружение». Эти тоже были утверждены Мухтаром Ауэзовым. С большим удовольствием один из этих эскизов подарю вашему музею. Но как и когда не знаю» деп жазады. Алайда, суретшінің бұл жұмыстары белгісіз себептермен музей қорына жетпеген. [3]

Сонымен қатар музей топтамасына суретші Е.Сидоркиннің М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына салған иллюстрациялары, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі М.Әлиакпаровтың «Шәкәрім» тақырыбын қамтыған 217 жұмысы енген.

2025 жылы А.Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Абай.Уақыт.Өнер» бейнелеу өнері туындыларының республикалық көрмесіне қатысқан суретшілер 30-дан астам жұмыстарын музей қорына сыйға тартты. Олар Абай тақырыбына арналған суретші, Қазақстан Суретшілер Одағы Басқармасының төрағасы Ө.О.Жұбаниязовтың «Абай», Суретші-кескіндемеші, педагог, Т.Б.Байғалиевтің «Кіші Орда. Абай», «Шыңғыстау», «Шұбартөбе. Абай», белгілі график-суретші Б.Ә.Байменнің «Абай өлеңдері желісі» топтамасындағы «Наурыз», «Жаз» және т.б. туындылары.

Музей қорында көп жылдар бойы ғылыми қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, ізденістерінің нәтижесінде Мәскеу, Ленинград, Том, Омбы, Қазан қалаларының және Қазақстан архивтерінен табылған Абайдың өмірі, атқарған қызметі, туыстық және өнер айналасына қатысты құжаттар жинақталған. Абай музейінің жетекші ғылыми қызметкері, Мұздыбай Бейсенбаев музейдегі қызметін архив қорларындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тығыз байланыстырып, музей қорының құнды деректермен толығуына үлкен үлес қосты. М.Бейсенбаевтың музей қорын Өскенбай, Құнанбай, Абай, Шәкәрім, Әбдірахман, Халиолла, Майбасар, Тінібай, Шыңғыс Уәлиханов сияқты тарихи тұлғаларға қатысты құнды деректермен, құжаттармен толықтырды. Бұл деректер тек жеке тұлғаға қатысты емес, сонымен қатар ол өмір сүрген уақыттағы қоғамдық- саяси, әлеуметтік ахуал, тарихи оқиғалар, тұлғаралық, руаралық қатынастар турасында көптеген мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Архивтің құжаттардың топтамасында Қ.Өскенбайұлына қатысты көлемі 800 беттен



асатын архив материалдары жинақталған, мұнан өзге құнды дерек беретін құжаттар қатарында 1885 жылы Абай жазған «Қарамола ережесі» (Н.И.Лобачевский атындағы Қазан университет кітапханасынан), Абайдың 1900 жылы Ресейдің үкіметтік мекемесі Сенатқа жазған хаты (Ленинград мемлекеттік тарихи архивінен), Халиолла Өскенбайұлының туу туралы куәлігі (Мәскеу қаласының әскери-тарихи архивінен), Халиолла Өскенбайұлы оқыған Сібір кадет корпусы бойынша 1864,1865,1866 жылдардағы бұйрықтар (Омбы архивінен), Өбдірахман Өскенбайұлы оқыған Түмен училищесі оқушыларының оқу үлгерімі жайындағы есеп ведомостары және училищеде жазған «Москва и Киев в истории России», «Христофор Колумб» тақырыбындағы жазба жұмыстары (Түмен облысының мемлекеттік архивінен); алаш қайраткерлері Ә.Бөкейхан, Ж.Ақпаев, М.Тұрғанбаевтың өмірі мен қоғамдық қызметіне қатысты (Омбы облысының мемлекеттік архивінен, Семей облыстық архивінен) және т.б. архив материалдары бар. [6]

Музей қорындағы Абай, Шәкәрім, Мұхтар мұрасына қатысты құнды жәдігерлер үнемі айналымда жұмыс жасайды. Жыл бойы бас музей экспозициясында, музей бөлімдерінің экспозицияларында, білім беру мекемелерінде, еліміздің қалаларындағы мәдени мекемелерде көрмелер ұйымдастырылып, тұлғалар мұрасын насихаттау жұмыстары жан-жақты жүзеге асырылады. Абай музей-қорығының шет мемлекеттерде ұйымдастырған көрмелері осы мақсатта жүзеге асырылып отырған маңызды жұмыстардың бірі болып табылады:

- 2008 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойына орай Франция астанасы Париж қаласында «Шәкәрім әлемі» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге музей қорынан жалпы 101 экспонат шығарылды. Олардың қатарында Шәкәрім шығармалары, ақынның өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беретін архив құжаттары, тұрмыстық заттар бар;

- 2022 жылы Өзбекстан мемлекеті, Ташкент қаласы, Ұлттық бейнелеу өнері галереясында «Абай – туысқан халықтар мұрасы» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге музей қорынан 120 экспонат шығарылды;

- 2024 жылы Татарстанның Қазан қаласындағы «Қазан Кремлі» мемлекеттік тарихи-архитектуралық және көркем музей-қорығында «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» тақырыбында көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге музей қорынан жалпы 92 экспонат шығарылды;

- 2025 жылы А.Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай Белорусь мемлекеті астанасы Минск қаласындағы Янка Купала атындағы Мемлекеттік әдеби музейде «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге музей қорынан жалпы 49 экспонат шығарылды.

Бұл көрмелерде Абай мұрасына қызығушылық танытқан шетелдік көрермендерге Абай оқыған Ахмет Риза медресе оқулықтары, ақынның 1885 жылы Н.Долгополов арқылы Семей қаласындағы өлкетану музейіне тапсырған тұрмыстық заттар топтамасына кіретін ағаш құты, торсық, шоқпар, сыбызғы, тұмар домбыра, кісе белдік сынды құнды жәдігерлер, бейнелеу өнері туындылары, ақын шығармаларының алғашқы жинақтары және өлеңдері мен қара сөздерінің шет тілдердегі аудармалары, архив құжаттар және т.б. экспонаттар ұсынылды.

Музей қорын толықтырумен қатар құнды қолжазба, кітап, фотосуреттер, құжаттар қорын сақтау өте маңызды. Осы мақсатта музей қызметкерлері қолда бар мүмкіндіктер шеңберінде сандық форматқа көшіру жұмыстарын жүзеге асыруда. Қазіргі күнде 8010 музей заты сандық форматқа көшірілді. Оның ішінде Абайдың ұлы Мағауияға жазған хаты, Ақылбай, Мағауия шығармаларының қолжазбалары, Абай шығармаларының Р.Жандыбаев, Ә.Аянбаевтың қолжазбалары, Көкбай ақынның өз қолжазбасы, халық ақыны Төлеу Көбдіков шығармаларының, Мұсахан дәптері, Талиға Бекхожинаның Шәкәрім әндерінің ноталарының қолжазбалары, жазушы М.Әуезовтің түпнұсқа хаттары; А.Шәкәрімұлы қолжазбаларының



жеке коллекциясындағы Шәкәрім шығармалары, А.Құдайбердіұлының өзінің шығармалары; араб графикасымен басылған қазақ, татар, түрік тілдеріндегі кітаптардың (Орынбор, Мәскеу, Уфа, Қазан, Баку, Алматы қалаларындағы баспаханаларда басылған); тарихи фотосуреттердің (Абайдың 1896 жылы ұлдары Ақылбай және Турағұлмен, 1903 жылы Жидебайда отбасымен түскен фотосуреттері, Ш.Құдайбердіұлының түпнұсқа фотосуреті, Ә.Қастеев пен Ә.Жиреншиннің Абай еліне келгенде түсірілген фотосуреттері, Ә.Молдабаевтың жеке, отбасымен бірге түскен фотосуреттері, алаш қайраткерлері және т.б. көрнекті тұлғалар бейнеленген тарихи фотосуреттер); Абай шығармаларының 1909, 1922 жылғы Ташкент, Қазан басылымдарының, 1933 жылғы Қызылордада басылған Абай шығармаларының толық жинағының көшірмелері жасалған.

2020 жылы А.Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай Абай музейі экспозициясы жаңартылды. Музеефикация жұмыстары музей қорындағы материалдар (қолжазба, архив құжаттары, фотосуреттер, кітап қоры, бейнелеу өнері туындылары) негізінде жүзеге асырылды. Музей экспозициясында орналасқан заманауи «Тэч» экрандарға «Кітаптар көрмесі» (шығыс мәдениеті, қазақ тіліндегі басылымдар, орыс мәдениеті, батыс мәдениеті), «Абайдың шығармашылығы» (шығармалар жинағы, қоғамдық қызметі, аудармалары, өмірі мен шығармашылығы, Абайдың шығармалары, әндері), «Абайдың отбасы» (Абай балалары, немерелері мен шөберелері, майданнан хаттар, Абайдың әйелдері), «Абайдың ақындық мектебі» (Абайдың шәкірттері, әндері, қолжазбалары, өлеңдері, поэмалары, архив деректері) тақырыптары бойынша қор материалдары жүктелген. Бұл ақпараттар музейге келушілер үшін толықтай қолжетімді.

Абай музейі қоры қазіргі таңда А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Әуезов, Абайдың ақындық айналасы, Алаш қайраткерлеріне қатысты құнды жәдігерлермен, маңызды құжат, деректермен толығуда.

Құнды жәдігерлер арқылы Абай әлемін тану, насихаттау, ақын мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізу Абай музейінің басты мақсаты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Абай мұражайы қорының сипаттамасы (Жолкөрсеткіш). – Семей, 2011.
2. Абай журналы. №4. 1994 жыл.
3. Абай музейінің қолжазба қоры.
4. К.Оразалин. Абай ауылына саяхат. Алматы: «Жалын», 1994.
5. Абай музейінің бейнелеу өнері туындылары қоры.
6. Абай музейінің архив құжаттары қоры.
7. Абай. Энциклопедия. Алматы: «Атамұра», 1995.

УМИРБЕКОВА Нұрсұлу Санақбекқызы

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының экспозиция және көрме жұмыстар бөлімінің меңгерушісі

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ АХАТ ШӘКӘРІМҰЛЫНЫҢ ЖАЗҒАН ЕСТЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Андатпа: Мақалада Ахат Шәкәрімұлының музей қорында сақталған естеліктері туралы баяндалады.

Кілт сөздер: Абай, Шәкәрім, Жидебай, түрме, естелік, қыстау.

Шәкәрімдей ұлы тұлғаның үміт күткен ұлы Ахат Құдайбердіұлы ақын, ұстаз кеңес дәуірінде қаншама қуғын-сүргін, ауыр да азапты жылдарды бастан өткізсе де сағын сындырмай таудай төзімі мен қайсар мінезімен әкесінің 30 жылдай көмусіз қалған сүйегін сол кездегі саясатқа да қарамай Абай ағасының қасына жерлеуінің өзі үлкен ерлік.

Ахат Құдайбердіұлы 1939-1960 жылдары Алматы облысының «Тастақ», «Байсерке» деген жерлерінде ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарып, құрметті демалысқа шыққаннан кейін 1968 жылы өзінің жеріне көшіп келеді. Халық асылдың сынығы Шәкәрімнің ұрпағын зор құрметпен қарсы алады. Кейіннен Жидебайдағы Абайдың музей-үйінің меңгерішілігіне тағайындалады. Өмірінің соңғы күндеріне дейін Абай музейінің қызметкері болған. (Ахат Шәкәрімұлының өз қолымен жазған автобиография өмірбаян қолжазба 2,3 беті)

Көрген қиыншылықтарына қарамастан елге келіп халық арасында атасы Құнанбай, Абай, Шәкәрімге қатысты деректерді сол елдің көнекөз қарияларынан алған. Ұлы тұлғаның ұрпағы Ахат өмірінің соңына дейін естелік жазған. Жазып кеткен естеліктері Абайдың музейінің қорында сақталған. Сол естеліктерінің бірі – атасы Құнанбай Өскенбайұлы жөніндегі туынды. Естелік Абай музейі қорында сақталған. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы «Менің әкем халық ұлы – Шәкәрім» естелігі «Жұлдыз» журналының 1992 жылы №11 санында жарық көрді.

Ахат Шәкәрімұлының Абайға қатысты, Абай айналасындағы кей оқиғалар мен адамдар жөнінде шағын жазбалары, Жидебайдағы Оспан-Абай қыстауының тарихы жөніндегі жол танытқыш еңбегінің мәні де ерекше.

1934 жылы Шымкент қаласында жазылған Құнанбай туралы естелікте Құнанбай Өскенбайұлының уәдесіне беріктігін, ұстамдылығы, қайраттылығы, ерік жігерлігі, сабырлы, шешен, болжампаздығы, әділ билік айтқан мырза болғандығы туралы толық қамтылған. Ахат Шәкәрімұлы естелігінде қазақ балаларының оқуын арман етіп, Құнанбай өзінің күзегінде ең алғаш там салдырып, қазақ балаларын, өз балаларын тегіс оқытқаны туралы сөз етеді. (Ахат Шәкәрімұлы «Құнанбай туралы» қолжазба естелік КП-4464\1 22 бет)

Құнанбай Өскенбайұлының халық қамын ойлаған, қазақтың намысын жоқтаған адам болғанын былай көрсетеді: «Біз адамбыз ғой, біз неге келешек ұрпақтарымыз үшін қам жемейміз. Сондықтан маған бір ой түсіп жүр. Осы ойымды сендерге ашып айтып, ақылдаспақпын. Қаратай сенде де, Бөжей сенде де, Сүйіндік сен де, менде нашар малы аз кедейлер көп. Осы кедейлердің басын қосып керекті көлік саймандарын алып беріп, бір жерге отырықшылыққа орналастырсақ, олар еңбек етіп, егін салар еді. Осы істі істесек, адамшылық баршамызға да,



болашағымызға да пайдалы деп отырмын » - деген осы сөзден-ақ Құнанбайдың өз дәуірінде кім болғанымен жете таныса түсінуімізге мүмкіндік туады.

Ахат Шәкәрімұлы Құнанбайды тану мәселесіне елеулі еңбек сіңірді.

Құнанбайдың ел басқару жұмысын балаларына қалдырып өзі ораза намазға бой ұрғаны туралы, балаларын орысша оқытқаны туралы Меккеде екі ай жатып жүздей адам сиярлық қонақ үй салдырып қайтқаны туралы Ахат Шәкәрімұлы да, Әрхам Кәкітайұлы да өз естеліктерінде тоқталған.

Әрхам Кәкітайұлы естелігінде Құнанбай Өскенбайұлы жетпіс тоғыз жасында қайтыс болды десе.

Ал, Ахат Шәкәрімұлы Құнанбай Өскенбайұлы сексен бір жасында қайтыс болды дейді. (1804-1885)

Енді М.Бейсенбаевтың «Абай және оның заманы» атты кітабында Семей өлкетану музейінің архивінде санақ комитетінің 1887 жылы 7 ноябрьде өткен мәжіліс протоколы сақталған. П.Д.Лобановский салған Абай портретін Сібір-Орал көрмесіне жіберу үшін № 6 суретке мынандай түсініктеме жазған. Ибрагим Құнанбаев Семей уезі, Шығыс болысының қазағы, қазақ даласына ерекше белгілі Өскенбаев Құнанбайдың баласы (Құнанбай 1886 жылы қайтқан деп) өлген жылы жақша ішіне алып, анық көрсеткен. Бұл деректі Құнанбайдың жылын дұрыс анықтау үшін көрсетіп отырмын.

Ахаттың Құнанбай Өскенбайұлы туралы құнды естелік жазуы Шәкәрім Құдайбердіұлының әке-шешесінен 7 жасында қалып, Құнанбай тәрбиесінде болуы, әкесінен естігенін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отыр. Әке сөзінің бүкіл халықтық қазына екенін анық түйсінген.

Ал, Әрхам Кәкітайұлы көп жылдар Абай тәрбиесінде болып, сондағы көрген білгенін, ақынның жақыны, ағайыны, достары, алыс, араз адамдарын көріп, кезінде олардың да әңгімелерін тыңдап көп жылдар ішке түйіп келіп Абай туралы көлемді естелік жазып отыр. Біз үшін бұл естеліктердің де маңызы зор. Екі естелік те бірін-бірі толықтырып отырады.

Енді Ахат Шәкәрімұлының Жидебайдағы Оспан-Абай қыстауы тарихы жөніндегі жол танытқыш естелігінде Ахат Шәкәрімұлы «Жидебай – кісі аты, руы Мамай» Ерте кезде осы араны Жидебай қыстаған. Сондықтан осы жер Жидебай атанып кеткен. 1840 жылдар шамасында Абайдың әкесі Құнанбай кірпіштен там, қора салдырып, осы араны қыстау еткен. Құнанбайдың Ұлжан деген әйелінен туған баласы Оспан ержетіп, үйленген соң, Құнанбай Жидебайдағы қыстауын Оспанға беріп, өзі «Ақшоқы» деген жерге орналасқан Оспан өлгеннен кейін, Абай игілігіне көшкендігі туралы естелікте кеңірек баяндалған. (Ахат Шәкәрімұлының «Жидебайдағы Абайдың үй-жайының салынуы жайында» естелік 1-бет)

Абай қайтыс болғаннан кейін Жидебайға Абайдың баласы Әубәкір ие болып қалған. Ол үйге Әубәкір өзгеріс енгізгені туралы айтылған.

Кейіннен Абайдың 125 жылдық мерекесі қарсаңында, бұрынғы үйді қайтадан қалпына келтіріп жөнделсін деген қаулы шыққан. 1971 жылы Абайдың алғашқы үйінің планын сызып берген Абайдың інісі, Ысқақтың немересі Әрхам Кәкітайұлы болғанын өз естелігінде айтады.

Ахат Шәкәрімұлының Абайға қатысты, Абай айналасындағы кей оқиғалары мен адамдар жөніндегі шағын жазба естеліктерінде Абай Құнанбайұлы өз заманындағы көзі ашық жастарды тәрбиелеп, соларға ұстаз болғаны, Абай айналасына әнші, домбырашы, өлеңге, сөзге құмар жастардың болуы жайлы, солардың ішіндегі өлеңге құмар, өздері де аздап өлең шығарып жүретін Көкбай деген замандасы, балалары Ақылбай, Мағауия өлең шығару қасиетін сезген Абай Құнанбайұлы ірі шығармалар жазуға көмектескені туралы баяндайды. (Ахат Шәкәрімұлы. «Абай жайлы» естелік КП-4476\1 1,2 бет)

Шәкәрім Құдайбердіұлы Абайдың ұлылығын, данышпандылығын тани білген. Бұған Шәкәрім Құдайбердіұлының өз өлеңдерінен дәлел келтірейік. Шәкәрім Құдайбердіұлының

«Қазақ айнасы» деген атпен ертеде басылған өлеңдері жинағының ішінде. «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан» деген жырында ақын

Аяған сонан жанынды
Кімге сақтап беруші ең?!
Өзің кімнен көп едің,
Кім үшін уайым жеп едің?
Күдерінді үздің бе,
Сүйенішім мықты деп едің! –

деп, Абайдың өзіне сүйеніш жәрдемші тәрбиеші болғанын айтады. Ал «Жолама қулар маңайға» деген өлеңінде:

Кім жағады сендерге
Тартқызған азап Абайға?
Соның да тілін алмадың,
Сабадың, сөктің, қарғадың,
Көріңе қашан кіргенше,
Арсылдап иттей қамадың.
Сендерден белгі нең қалар
Жемтігін жеген жем қалар

деп кемшілігін Абайдың батыра айтатынын, онысын ақыл екенін тәрбиелеп, өсірген Абай екендігін, білім жолына Абайдың ақылы, кеңесі арқылы берілгенін айтады.

Осы айтылған дәлелдерден Абай заманындағы, сол кезде, Абай маңайындағы, Абайды көріп, тәрбие алған жастардың да Абайды бағалай білгендігін, Абайдың оларға ұстазы болғандығын Ахат естелігінен айқын көруге болады.

Ахат естелігінің бір саласы Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның бірі «Менің әкем, халық ұлы Шәкәрім» естелігі.

Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы жазылған Ахат Шәкәрімұлы естелігі қалың оқырманды ойландырады, толғанысқа бөлейді, Шәкәрім өмір сүрген орта рухын сезінуге жетелейді. Шағын монография еңбегі, алдымен туа біткен дарындылығын, өскен ортасы ақын болуы, ағасы Абай тәрбиесі жайлы сөз етеді.

Ақынның бозбала шағында жазған жастық, кәрілік, өнер-білім, жақсы-жаман, дін туралы өлеңдерін келтіре отырып Ахат Шәкәрімұлы әр өлеңіне тоқталып дәлелдеп отырған.

Ұлы тұлға Шәкәрімнің басынан өткізген істері өте көп те, әрі қызық.

Шәкәрім бір әңгімесінде «әкем қайтыс болғанына көп уақыт өткен жоқ. Мен қыстаудың алдындағы төбеде жалғыз отырып, тасқа өрмелеп бара жатқан жұлдыз құртты езіп өлтіріп алдым. Өлтірсем де оған жаным ашып, өз жетімдігім ойыма түсіп, «құрт болып» өлең шығарғаным есімде. Басқасы ұмтылып, екі аузы ойымда қалды» дейді.

Өлтірдің, онан таптың қандай пайда?
Өмір сүріп жүруші ем жазда сайда.
Жетімдік қандайлығын көзің көрді,
Кешегі тірі жүрген әкең қайда?!

Менің де жетім қалды балаларым,

Олар да жылайды аңсап аналарын.
Өзің жетім, жетімді аясаңшы,
Жоқ екен басыңда ми-саналарың.

деген өлеңін Абайға оқып берген. Сол кезден бастап Абай өлең жазуға тәрбиелеген. Абай өрнегін жете игеру, берік ұстаумен қатар екі жыраулық поэзияның, бұрынғы-соңғы сахара ақындарының көркемдік жүйесін кеңінен қолданып отырған. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Менің әкем халық ұлы – Шәкәрім» естелігі «Жұлдыз» журналының 1992 жылы №11, – 9 бет)

Шәкәрім Құдайбердіұлы естелігінде «Бір күні столдың шетінде отырған Өрімбек екі көзін Абайдан алмай әдейі тесірейе қарап қалды. Үйде кісі көп еді. Абай сөйлеп отырған. Бір мезетте Абай Өрімбекке қарап – Е, тазым, мені танымай отырсың ба? Неге қадала қалдың дейді. Сонда Өрімбек, танымай отырғам жоқ, күнде көріп жүрмін ғой, бір нәрсеге таң қалып отырмын дейді. Абай неге дейді? Сонда Өрімбек атаң шөккен түйеге міне алмайтын ынжық – Айдос еді, осы сен жақсы боп қалай туа қалдың деп соған таңданып отырмын дейді. Абай: - Тазым-ау, атам Назар болғанмен нағашым жақсы ғой. Менің нағашым ер Жәнібек емес пе? – дегенде Өрімбек: – Е, бәсе ! Нағашың жақсы екен ғой, әйтпесе атаң шірік еді» дейді.

Абай маңайына тілдері ашты, айтам деген сөзін кім де болса бетіне айтатын адамдарды жинаған екен. Абай Өрімбекті қолына ұстаған, оның ашты тура айтатын тіліне риза болған. Өрімбектің бұдан басқа да айтқандары бар. (Ахат Шәкәрімұлы. «Абай жайлы» естелік КП-4476\1 – 6,7бет)

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары ғасырлар бойы сараланып, қалыптасқан халық поэзиясының көркем тілі мен қанатты сөздерін, шеберлік дәстүрін үлгі тұтып қазақ поэзиясына өзінше қайталанбас өрнек салды.

Шәкәрімнің ұстаз болып, тәрбие алған адамы Абай. Ол жайды айтпай-ақ Шәкәрімнің 19 жасында шығарған «Жастарға» деген ұзақ өлеңінде оқысақ жетіп жатыр. Онан соңғы ұстазы үлкен әсер еткен өз шешесі – Төлебике.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мені адалдық жағынан тәрбиелеп ақыл берген үлкен әкем – Құнанбай» деп отырғанын сан естігем дейді Ахат Шәкәрімұлы (Шәкәрім Құдайбердіұлы «Менің әкем халық ұлы – Шәкәрім» естелігі «Жұлдыз» журналының 1992 жылы №11, – 3 бет).

Естелікте ақын аға өмірі, өскен ортасы, шығармашылығы тереңінен қамтылған. Ақын шығармалары халық игілігіне айналған кезде, бар күш жігерін осыған жұмсаған Шәкәрім Құдайберді баласы Ахат Шәкәрімұлы арамызда жоқ. Бұл естелігінде Шәкәрім Құдайбердіұлының, әсіресе, қазақ ұлтының ерекшеліктеріне, оқу білімінің аздығына, ұйымшылдықтың жоқтығына, керенаулыққа байланысты жәйттерді батыл көрсеткен.

Шәкәрім жазықсыз өлтіріліп, балалары түгел қудалауға ұшыраса да ақыры әділет салтанат құрды «Аққа пәле жұғар деп қылман қауып» деп ақының өзі айтқандай болды.

Шәкәрім өмірінің соңғы шағында ұлы Ахатқа «Мынандай уақыт кезігуі де мүмкін – сен өмір сүру үшін біреуді ұстап беріп тірі қалуды көздейтін, бұндай істен сақтан, адал бол! Егер өткелге кісі салып өтсең тіріде өзім, өлсем аруағым разы болмайды» – деген екен.

Әке есімін туған халқыма қайтсем де оралтамын деп бел шеше күреске түскен Ахат Шәкәрімұлы уақыттан оза ой кешіп, 1967 жылы алғашқы тарауларын қағазға түсіріп содан 1977-1982 жылдар белесінде жалғастыра жазып, сексен екі жасында көлемді естелігін хал-қадірі жеткенше тәмамдап шығады. Иә, алпыс жеті жасынан бастап табаны күректей он бес жыл бойына естелік жазу, бүгінгі күні оқырмандар сұранысына бағытталған өреде қолға қалам алу, мұндай ерлік қай-қай қазақ перзентінің болсын шешенесіне жазыла бермесе керек.

Ойшыл ақын осылайша соңғыларға сөнбейтін жасыл шырақ жақты. Қазақта ескіден келе жатқан «періште жаққан шырақты шайтан үрлеп сөндіре алмайды» дейтін сөз бар.



Асылдарымыздың әдеби мұрасы олар жаққан шам-шырақ қой. Қаскөйлер өшігіп қанша жер сабағанымен әулиелеріміздің шырағы да, ізі де өшпек емес.

Әдебиеттер тізімі

1. Шәкәрімұлы А. «Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім» «Жұлдыз» №11, 1992
2. Шәкәрімұлы А. «Құнанбай туралы» Абай музейінің қоры. КП-4464\1
3. Шәкәрімұлы А. «Жидебайдағы Абайдың үй-жайының салынуы жайында». Абай музейінің қоры. КП-4477
4. Шәкәрімұлы А. «Абай жайлы» Абай музейінң қоры. КП-4476\1
5. Бекхожина т. Аманат: Өндер – Алматы: Өнер, 1989
6. Шәкәрімұлы А. Өз қолымен жазған автобиография өмірбаян қолжазба. 2,3 беті

ГТАХР: 39.01.07

БЕРДІБЕК Тамара Бауыржанқызы

*«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының
мәдени іс-шара ұйымдастырушысы*

КӨШПЕЛІ КӨРМЕЛЕР АРҚЫЛЫ Z ЖӘНЕ АЛЬФА БУЫНҒА МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫН ЖЕТКІЗУДІҢ ТҮРКІСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІ

Андатпа. Бұл мақалада Түркістан өңірінде жүзеге асырылып келе жатқан көшпелі көрмелердің Z және альфа буынына тарихи-мәдени мұраны жеткізудегі тиімділігі талданады. Қазіргі заманда музей қызметі дәстүрлі жәдігер сақтау функциясынан шығып, қоғаммен белсенді байланыс орнататын мәдени-білім беру институтына айналып отыр. Жаңа буынның ақпарат қабылдау ерекшеліктері – визуалды форматқа бейімділік, қысқа әрі мазмұнды коммуникацияны таңдау және интерактивті әдістерді артық көру – музей педагогикасының әдістемесіне түбегейлі өзгеріс енгізуде.

Мақалада көшпелі көрмелердің оқушылардың тарихи санасын қалыптастырудағы рөлі, эмоциялық және когнитивтік әсері, storytelling мен интерактивті тәсілдерді пайдалану ерекшеліктері қарастырылады. Эмпирикалық база ретінде Түркістан қаласы мен облысындағы мектептерде өткізілген музейлік іс-шаралар алынған. Сонымен қатар, АҚШ, Ұлыбритания және Германия сияқты елдердің халықаралық музей педагогикасы тәжірибелері талдана отырып, Түркістандағы тәжірибемен салыстырмалы талдау жасалған.

Автор зерттеу барысында оқушылардың тарихи мұраға қызығушылығы мен қабылдау деңгейін бақылау, сауалнама және сапалық талдау әдістерін қолданған. Мақалада көшпелі көрмелердің тек оқушылардың ғана емес, мұғалімдердің де білім беру тәсілдерін түрлендіруге ықпал ететіні, ұлттық құндылықтарды жеткізудің пәрменді құралы екені айқындалады. Бұл тәсіл шалғайдағы мектептерге мәдени мұраға қолжетімділікті арттырумен қатар, музей ісін заманауи технологиялармен ұштастырудың әлеуетін көрсетеді.

Кілт сөздер. көшпелі көрме, музей педагогикасы, Z буыны, альфа буыны, storytelling, Түркістан, тарихи сана, мәдени мұра, интерактивті әдістер, білім беру.

Қазіргі заманда музейлердің рөлі дәстүрлі «жәдігер сақтаушы мекеме» шеңберінен шығып, қоғаммен белсенді байланыс орнататын мәдени-білім беру орталығына айналды. Әсіресе жастардың тарихи-мәдени мұраға деген көзқарасын қалыптастыруда музейлердің орны ерекше. Тарихи жәдігерлерді мектеп оқушыларына тікелей жеткізу, оларды мұрамен жақын таныстыру арқылы ұлттық сана мен мәдени танымды дамыту – музей мамандарының негізгі міндеттерінің бірі.

Қазақстанның рухани астанасы саналатын Түркістан қаласы – түркі халықтарының ортақ тарихы мен мәдениетінің түп қазығы. Мұнда орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген, ал «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы еліміздің рухани мұрасын насихаттауда жетекші рөл атқарады. Соңғы жылдары музейдің экспозиция және көрме қызметі бөлімі мектеп оқушыларына арналған көшпелі



көрмелерді кеңінен ұйымдастыруда. Бұл тәжірибе тек Түркістан өңірінде ғана емес, жалпы Қазақстан музей ісінің жаңа бағыты ретінде қарастыруға лайық.

Z және альфа буыны – бүгінгі оқушы жастардың негізгі өкілдері. Бұл ұрпақтың басты ерекшелігі – ақпаратты қабылдау тәсілінде. Олар «цифрлық дәуірдің тумалары» болғандықтан, ұзақ баяндаулар олардың назарын ұстап тұра алмайды. Оның орнына қысқа, нақты, визуалды және интерактивті тәсілдер қажет. Мысалы, көне қолжазбаны тек сөзбен сипаттау жеткіліксіз, оны көзбен көру немесе сандық көшірмесін экран арқылы ашу – балалардың ойында терең із қалдырады. Осы тұрғыда көшпелі көрмелер Z және альфа буынына тарихи мұраны жеткізудің тиімді құралына айналады.

Зерттеудің өзектілігі дәл осы тұста айқындалады: Z және альфа буынына тарихи-мәдени мұраны қалай тиімді жеткізуге болады? Қандай әдістер олардың қызығушылығын арттыра алады? Түркістан өңіріндегі көшпелі көрмелер тәжірибесі бұл сұрақтарға нақты жауап беруге негіз бола алады. Осы мақалада біз Түркістандағы музей қызметкерлерінің мектептерде өткізген көрме-лекцияларын талдап, олардың артықшылықтары мен әдістемелік қырларын қарастырамыз. Сонымен қатар халықаралық тәжірибелермен салыстырып, болашақтағы даму бағыттарын ұсынамыз.

Музей мамандары – музей ісі мен білім берудің тоғысқан саласы. Ол XX ғасырдың екінші жартысында Еуропа елдерінде белсенді дами бастады. Негізгі мақсаты – музейді қоғамның мәдени-білім беру институты ретінде қарастыру, музейдегі экспозиция мен көрменің оқу-тәрбие процесіне ықпалын арттыру. Э.Хупер-Гринхиллдің еңбектерінде музей мамандары басты принциптері – келушіні белсенді қатысушыға айналдыру, тарихи жәдігерді тек көру объектісі емес, танымдық тәжірибе көзі ретінде пайдалану қажеттігі атап көрсетілген. Ал Дж.Фолк пен Л.Диркинг (2016) музейді «оқыту кеңістігі» ретінде қарастырып, экспозиция арқылы оқушылардың сыни ойлау, қиял және мәдени сәйкестік сезімін дамытуға болатынын дәлелдейді.

Z және альфа буын – бұл жаңа дәуірдің өкілдері. Оларды зерттеушілер «digital natives» немесе «цифрлық дәуірдің тумалары» деп атайды [1]. Z буыны шамамен 1995–2010 жылдар аралығында дүниеге келсе, альфа буыны 2010 жылдан кейінгі кезеңде туған балаларды қамтиды. Бұл екі буынға тән ортақ сипат – ақпаратты цифрлық құрылғылар арқылы жылдам қабылдау, визуалды бейнелерге қызығушылық, қысқа әрі нақты мәліметті ұнату. Дәстүрлі ұзақ баяндаулар мен монотонды лекциялар олардың назарын ұстап тұра алмайды. Керісінше, интерактивті ойындар, мультимедиялық құралдар, storytelling әдісі – тарихи білімді меңгерудің тиімді тетіктері.

Музей педагогикасы тұрғысынан алғанда, Z және альфа буынының ерекшелігі оларды пассив тыңдаушы ретінде қалдыруға болмайды. Олар белсенді қатысуды, өз ойын білдіруді, тіпті білім беру процесін бірге қалыптастыруды талап етеді. Бұл үрдісті халықаралық ұйымдар да қолдап отыр. Мәселен, UNESCO (2023) баяндамасында «балаларға мұраны жеткізудің ең тиімді әдісі – оларды белсенді қатыстыру, өз тәжірибесі арқылы үйренуге мүмкіндік беру» деп атап көрсетілген. [2] Ал ICOM (2022) есептерінде «қазіргі музей келушілерге ақпарат беріп қана қоймай, олардың тәжірибесін байытуға және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы тиіс» деген тұжырым жасалған.

Көшпелі көрмелер теориялық тұрғыдан музей педагогикасының ең тиімді формаларының бірі болып есептеледі. Біріншіден, ол қолжетімділік принципін жүзеге асырады: музейге келуге мүмкіндігі жоқ ауылдық және қалалық мектеп оқушыларына жәдігерді өз білім ордасында көруге жағдай жасайды. Екіншіден, ол тарихи мұрамен «тікелей байланыс» орнатады – оқушылар жәдігерді тек суреттен немесе оқулықтан емес, нақты объекті ретінде қабылдайды. Үшіншіден, мұндай көрмелер оқушылардың эмоциялық әсерін күшейтеді.

Зерттеулер көрсеткендей, бала өз көзімен көрген жәдігерді әлдеқайда ұзақ есте сақтайды және оны сыныптастарына немесе отбасына әңгімелеп бере алады.

Сонымен қатар көшпелі көрмелер мұғалімдер үшін де әдістемелік тұрғыдан тиімді. Олар оқу бағдарламасын жандандыруға, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Жаңашыл ұстаздар музей қызметкерлерімен бірлесе отырып, квест, рөлдік ойын, пікірталас сияқты жаңа әдістерді қолдана алады. Бұл бағытта шетелдік тәжірибелер де айқын: АҚШ-тағы Museum-School Partnership жобалары мұғалімдерге музей ресурстарын тікелей сабақ жоспарына енгізуге мүмкіндік береді; Ұлыбританиядағы Learning in Museums бағдарламасы оқушылардың белсенді зерттеуін қолдайды; Германиядағы hands-on museums концепциясы жәдігерлердің көшірмесін ұстап көру арқылы тәжірибелік білім беруді дамытады [3].

Осылайша теориялық негіз Z және альфа буынына тарихи-мәдени мұраны жеткізуде дәстүрлі түсіндіру әдістерін қайта қарауды талап етеді. Көшпелі көрмелердің маңыздылығы – олар жаңа буынның танымдық сұранысына сай формат ұсынады және музей педагогикасының заманауи талаптарына толық сәйкес келеді.

Бұл зерттеу жұмысы Түркістан өңіріндегі мектептерде ұйымдастырылған көшпелі көрмелер тәжірибесіне сүйене отырып жүргізілді. Зерттеу барысында сапалық (qualitative) және сипаттамалық (descriptive) әдістер кешені қолданылды.

1. Бақылау әдісі

Көшпелі көрмелер барысында оқушылардың жәдігерге қызығушылығы, сұрақ қою белсенділігі және мұғалімдердің араласу деңгейі жүйелі түрде бақыланды. Әсіресе оқушылардың тәртіп сақтауы, музей қызметкерін мұқият тыңдауы және жәдігерді ерекше құрметпен қабылдауы тіркелді.

2. Сауалнама және әңгімелесу әдісі

Көрмеден кейін қысқаша сауалнама мен ауызша сұхбат жүргізілді. Балалардың көбі көне қолжазбалар мен археологиялық заттарға ерекше таңданыс білдірді. Мұғалімдер өз кезегінде музейдің мектепке келуін оқу процесін жандандыратын тәжірибе деп бағалады.

3. Зерттеудің эмпирикалық базасы

Түркістан қаласы мен облысындағы бірнеше мектептерде өткізілген көрмелер негізінде жиналды. Атап айтқанда:

«Тұлға School» – оқушылардың тәртіп пен белсенділікті қатар ұстанатыны байқалды, мұғалімдер жаңа әдістерді қолдауға дайын.

«Береке Болашақ» мектебі – балалар мәдениетті, сұрақ қоюға ынталы, ұстаздар музей қызметкерлерімен бірлесе жұмыс істеді.

«125 high school» мектебі – дәстүрлі бағытты ұстанғанымен, оқушылар үлкен қызығушылық танытып, жаңа тәсілдерге бейімделе бастады.

«Заңғар М» мектебі – мұнда оқушылар тәртіп пен білімді қатар алып жүреді, ал ұстаздар инновациялық әдістерді тез қабылдайды.

Бұл мектептерде байқалған ортақ сипат – оқушылардың тарихқа деген ашық қызығушылығы және мұғалімдердің музеймен ынтымақтастыққа оң көзқарасы. Көрмелер барысында тәртіп пен білімнің қатар жүруі экспозицияны тиімді өткізуге қолайлы жағдай жасады.

Қазақстанның рухани орталығы саналатын Түркістан қаласында орналасқан «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей- қорық соңғы жылдары музей педагогикасы бағытында бірқатар маңызды бастамаларды жүзеге асырып келеді. Соның ішінде ерекше атап өтерлік жоба – аймақ мектептерінде өткізілетін көшпелі көрмелер. Бұл бастама музейдің негізгі мақсатына – тарихи-мәдени мұраны жас ұрпаққа жеткізуге, олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға және Түркістанның мәдени брендині кеңінен насихаттауға айқын үлес қосуда.



Экспозиция мазмұнына тоқталсақ:

Көшпелі көрмелер барысында мектеп оқушыларына 30-ға жуық жәдігер ұсынылады. Олардың қатарында:

- Қолжазбалар – діни-рухани еңбектер мен тарихи құжаттар. Балалар мұндай жәдігерлердің қағазына, жазу стиліне қызығушылық танытып, оларды ежелгі білімнің куәгері ретінде қабылдайды.

- Этнографиялық заттар – тұрмыстық бұйымдар, әшекейлер, киім-кешек үлгілері. Бұл жәдігерлер оқушыларға ата-бабаларының күнделікті өмір салтын елестетуге мүмкіндік береді.

- Археологиялық табылымдар – қыш ыдыстар, металл бұйымдар. Мұндай жәдігерлер көбінесе балалардың назарын ерекше тартады, себебі оларды «нағыз қазына» ретінде қабылдайды. Жәдігерлердің бұл үш санаты экспозицияны мазмұнды етеді және тарихты әр қырынан танытуға мүмкіндік береді. Көрме форматы көбіне лекция түрінде өтеді. Музей мамандары әр жәдігерге қатысты қызықты деректер мен тарихи оқиғаларды storytelling әдісі арқылы жеткізеді. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің салыну тарихы, Өмір Темірдің рөлі, сондай-ақ, Түркістанның түркі әлеміндегі орны туралы қысқа, есте қаларлық фактілер беріледі. Балалардың назарын аударту үшін бір сөйлемнің ішінде интрига тудыратын тәсілдер қолданылады: «Бұл қыш құмыраның жасы 500 жыл болуы мүмкін, ал оны қолыңызбен ұстап тұрғандай елестетіп көріңіз». Мұндай әдіс оқушыны бірден тақырыпқа тартады. Бір көрмеге орта есеппен 80–100-ге жуық оқушы қатысады. Бақылау барысында олардың шамамен 10-15 пайызы белсенді түрде сұрақ қойып, пікір білдіретіні анықталды. Бұл аз сияқты көрінгенімен, аудитория көлеміне шаққанда жеткілікті нәтиже болып саналады. Себебі белсенді оқушылардың қасында отырған басқалары да ақпаратты тыңдап, жанама түрде қабылдайды. Z және альфа буынының басты ерекшелігі – олар еркін пікір айтуға бейім. Көрме барысында кейбір балалар өз ойларын ашық жеткізіп, тарихқа жеке көзқарасын білдірді. Мысалы, бір оқушы этнографиялық бұйымды көріп: «Біздің әжелеріміз әлі күнге дейін осындай бұйымдарды қолданады» деп атап өтті. Бұл – тарихи сабақтастықты сезінуінің белгісі.

Көшпелі көрмелер барысында мұғалімдердің де қатысу белсенділігі маңызды рөл атқарды.

Жаңашыл ұстаздар оқушыларды сұрақ қоюға ынталандырып, музей мамандарымен бірлесе әрекет етеді.

Дәстүрлі бағыттағы мұғалімдер көбінесе сырттай бақылаушы рөлінде қалады. Бұл айырмашылық мектептің ішкі әдістемелік мәдениетіне байланысты болады.

Кейбір жас мұғалімдердің өздері де балалардай қызығушылық танытып, жәдігерлер туралы қосымша ақпарат сұрауы назар аудартады. Бұл – көшпелі көрменің тек оқушыларға ғана емес, педагогтарға да пайдалы әсер ететінін көрсетеді.

Көшпелі көрмелердің тиімділігімен қатар, белгілі бір қиындықтары да бар:

Үлкен аудиторияда балалардың назарын бір мезетте ұстап тұру қиын.

Жәдігерлердің түпнұсқасын сақтау талаптары қатаң болғандықтан, кейде көшірмелерді пайдалану қажет.

Барлық мектеп бірдей жаңа әдістерге дайын емес.

Соған қарамастан, тәжірибенің нәтижелері оң:

Балалардың тарихи мұраға деген қызығушылығы артады.

Музейге келмейтін оқушылар да жәдігермен тікелей танысады.

Түркістан қаласының мәдени бренд ретіндегі беделі мектеп оқушылары арасында нығая түседі.

Көшпелі көрмелер мен музей педагогикасы тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде білім беру процесінің ажырамас бөлігі ретінде кеңінен қолданылады. Халықаралық



тәжірибелерді сараптау Түркістан өңірінде жүргізіліп жатқан жұмыстардың әлемдік үрдістерге сай екендігін көрсетіп қана қоймай, әрі қарай жетілдіру жолдарын да айқындайды. АҚШ-та музейлер мен мектептер арасындағы серіктестік кеңінен дамыған. Museum-School Partnership бағдарламалары арқылы оқушылар тек музейге барып қана қоймай, музей мамандары мектепке арнайы келіп дәріс оқиды, экспонаттардың көшірмелерін әкеледі немесе онлайн сабақтар ұйымдастырады. [4] Мұндай тәсілдің басты артықшылығы – оқу бағдарламасының мазмұнын нақты жәдігерлермен байланыстыра отырып түсіндіру. Мысалы, тарих пәнінде азаматтық соғыс тақырыбы өткенде, музей мамандары сол кезеңге тән қару-жарақ немесе хат үлгілерін мектепке жеткізеді. Бұл тәжірибе оқушыға тарихты абстрактілі ұғым ретінде емес, «тірі шындық» ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Ал, Ұлыбританияда «Learning in Museums» бағдарламасы ерекше орын алады. Бұл жобада музейлер оқушыларға арналған арнайы оқу материалдарын, тапсырмалар жинағын және квест форматындағы ойындарды әзірлейді. Балалар музей кеңістігінде жүріп, түрлі тапсырмаларды орындау арқылы білім алады. Мысалы, олар белгілі бір экспонатты табуы немесе жәдігердің жасалу тарихын шешуі тиіс. Мұндай әдіс оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады, сонымен қатар тарихи материалды ойын арқылы есте сақтауды жеңілдетеді. Сондай ақ, Германияда «hands-on museums» атты ерекше бағыт кең таралған. Бұл модельдің басты қағидасы – «көрумен қатар сезіну» принципі. Яғни балаларға жәдігердің түпнұсқасы берілмегенімен, оның дәл көшірмесін қолмен ұстап көруге мүмкіндік жасалады. Мысалы, ежелгі қыш ыдыстың немесе тас қарудың көшірмесін қолмен ұстау арқылы оқушы тарихи дәуірдің рухын тереңірек сезінеді. Мұндай тәжірибе эмоциялық әсер қалдырып қана қоймай, танымдық процесті жандандырады. Халықаралық ұйымдар да музей педагогикасына ерекше мән береді. ЮНЕСКО-ның 2023 жылғы баяндамасында «балаларды тарихи-мәдени мұраға тартудың ең тиімді жолы – оларды белсенді қатыстыру және өз тәжірибесі арқылы үйрету» деп көрсетілген. Ал ICOM-ның 2022 жылғы есептерінде қазіргі музейлердің басты міндеті – келушілерге ақпарат беріп қана қоймай, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту және мәдени сәйкестік сезімін нығайту екендігі атап өтілген. [5]

Түркістан өңірінде өткізілген көшпелі көрмелер осы халықаралық тәжірибелермен көптеген қырынан үндАҚШ-тағыдай, мұнда да музей қызметкерлері мектепке арнайы барып, экспонаттарды таныстырады.

Ұлыбританиядағы квест әдістерін Түркістан тәжірибесіне storytelling және интерактивті сұрақ-жауап форматында бейімдеуге болады.

Германиядағы «сезіну арқылы үйрену» принципі этнографиялық және археологиялық бұйымдарды қолмен көруге мүмкіндік жасаған сәттерде айқын көрінеді.

Сонымен қатар, Түркістан тәжірибесінің артықшылығы – экспозиция мазмұнының рухани-мәдени тұрғыда тереңдігі. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы, түркі халықтарының ортақ құндылықтары – бұл тек жергілікті емес, бүкіл түркі әлеміне ортақ мәдени код. Демек, Түркістандағы көшпелі көрмелер халықаралық музей педагогикасының үздік тәжірибелеріне сүйеніп қана қоймай, өзіндік бірегей мазмұн ұсынады.

Зерттеу барысында Түркістан өңірінде өткізілген көшпелі көрмелердің Z және альфа буынына әсері жан-жақты талданды. Бақылаулар, сауалнамалар және әңгімелесу нәтижелері музей педагогикасының бұл форматының тиімділігін айқын көрсетті.

1. Оқушылардың тарихи мұраға қызығушылығы

Көрмелерге қатысқан оқушылардың көпшілігі алғаш рет қолжазбалар мен археологиялық бұйымдарды өз көзімен көрді. Балалар «ескі кітап», «қыш ыдыс», «қолдан жасалған бұйым» деген сөздердің артында нақты жәдігер жатқанын түсініп, тарихқа жақындай түсті. Әсіресе этнографиялық бұйымдар оқушылардың ерекше ықыласын тудырды. Олар мұндай заттарды өз отбасының үлкендерінен көргенін айтып, тарихи сабақтастықты сезіне білді. Бұл – музей

педагогикасының басты мақсатының бірі орындалғанын дәлелдейді.

2. Z және альфа буынының қабылдау ерекшелігі. Зерттеу көрсеткендей, қазіргі буын дәстүрлі баяндаудан гөрі визуалды және интерактивті әдістерге көбірек мән береді. Лекция барысында қысқа әрі әсерлі фактілер айтылғанда, оқушылар назарын жоғалтпай, белсенді тыңдады. Мысалы, «бұл құмыраға бес ғасыр бұрынғы сусын құйылған болуы мүмкін» деген секілді storytelling тәсілдері балалардың қиялын жандандырып, тарихты елестету қабілетін арттырды.

Ойын элементтері енгізілген сәтте балалардың қатысу деңгейі артқаны байқалды. Бұл Z және альфа буынына арналған әдістерді қолданудың қажеттілігін айқын көрсетті.

3. Мұғалімдердің рөлі. Көшпелі көрмелер барысында мұғалімдер екі түрлі бейімделу үлгісін көрсетті:

- Жаңашыл ұстаздар музей мамандарымен бірлесе әрекет етіп, балаларды белсенді қатысуға ынталандырды. Олар музейді сабақпен байланыстырудың жолдарын іздеп, көрмелерді қосымша оқу материалы ретінде қабылдады.

- Дәстүрлі бағыттағы мұғалімдер көбіне сырттай бақылаушы рөлінде қалды. Дегенмен олар да оқушылардың ерекше қызығушылық танытқанын көріп, музей әдістемесіне оң көзқарас білдіре бастады.

Мектеп атауларының ішінде «Тұлға School» мен «Береке Болашақ» мектептері оқушылардың тәртіп пен белсенділікті қатар алып жүргендігін көрсетті. «125 high school» мектебінде дәстүрлі үлгі басым болғанымен, балалар жаңа әдістерге бейімделіп келе жатқаны байқалды. «Заңғар М» мектебінде оқушылардың білім мен мәдениетті қатар ұстануы көрменің мазмұнын тез қабылдауға мүмкіндік берді. Бұл айырмашылықтар Түркістан өңіріндегі мектептердің әртүрлі даму деңгейін, бірақ ортақ қызығушылық арнасын айқындайды.

4. Көшпелі көрмелердің артықшылықтары.

- Балалар тарихты оқулықтан емес, көзбен көріп, «тірі» күйінде қабылдайды.
- Жәдігермен тікелей байланыс олардың эмоциялық әсерін күшейтеді.
- Тәртіп пен мәдени қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады.
- Мектеп пен музей арасындағы серіктестікті нығайтады.

5. Қиындықтар мен шектеулер

- Үлкен аудиторияларда (80–100 оқушы) барлық баланың назарын бір мезетте ұстап тұру оңай емес.

- Жәдігердің түпнұсқасын сақтау мәселесі бар: оларды тасымалдау кезінде ерекше жағдай талап етіледі. Сондықтан кейде көшірмелерді пайдалану қажет болады.

- Барлық мектептің материалдық-техникалық базасы бірдей емес, кейбірінде көрме өткізуге арналған кеңістік шектеулі.

6. Жалпы талқылау. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Түркістан өңіріндегі көшпелі көрмелер Z және альфа буыны үшін тарихты қабылдаудың тиімді формасы болып табылады. Бұл тәжірибе халықаралық музей педагогикасының принциптерімен үндесіп қана қоймай, өзіндік ұлттық мазмұнмен толыққан. Қожа Ахмет Ясауи мұрасына, түркі халықтарының мәдени құндылықтарына ерекше мән беру – Түркістан тәжірибесінің басты ерекшелігі. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көшпелі көрмелер – Түркістан өңіріндегі мектеп оқушыларына тарихи-мәдени мұраны жеткізудің заманауи әрі тиімді формасы. Бұл тәжірибе музей педагогикасының басты міндеттерін орындап қана қоймай, Z және альфа буын өкілдерінің ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылғаны арқылы өзектілігін арттырады.

Біріншіден, көшпелі көрмелер оқушыларды тарихпен тікелей байланыстырды. Жәдігерлерді көру, қолмен ұстау, олардың тарихын storytelling әдісімен тыңдау – балалардың қызығушылығын оятып, эмоциялық әсер қалдырды. Бұл – Z және альфа буыны үшін тиімді



әдіс, себебі олар ақпаратты визуалды әрі интерактивті түрде қабылдауға бейім.

Екіншіден, мектептерде өткізілген көрмелер оқушылардың мәдениет пен тәртіпті қатар ұстануына ықпал етті. Әсіресе «Тұлға School», «Береке Болашақ», «Қарашық М» және «Заңғар М» мектептерінде және де жергілікті жайлы және аудандық мектептерде жүргізілген жұмыстар көрсеткендей, балалар мұндай форматтағы сабақтарға ерекше ынта танытты, ал ұстаздар музей қызметкерлерімен бірлесе отырып жаңа әдістемелерді игеруге дайын болды.

Үшіншіден, көшпелі көрмелер халықаралық тәжірибелермен үндесіп қана қоймай, өзіндік ұлттық мазмұнға ие. АҚШ, Ұлыбритания және Германиядағы музейлік білім беру бағдарламалары тәжірибе жүзінде дәлелдегендей, оқушыларды белсенді қатыстыру – тарихи білімді жеткізудің ең тиімді жолы. Түркістан тәжірибесі осы бағыттағы әлемдік үрдістерге сай келеді және оны әрі қарай дамытуға үлкен мүмкіндік бар.

Төртіншіден, көшпелі көрмелер тек оқушылар үшін ғана емес, мұғалімдер үшін де пайдалы. Жаңашыл ұстаздар жаңа әдістерді қолдануды үйренсе, дәстүрлі бағыттағы мұғалімдер де музей педагогикасының маңызын түсініп, оны оқу процесіне қосуға ынталанды. Сонымен қатар зерттеу барысында бірқатар қиындықтар да анықталды: үлкен аудиторияда балалардың назарын ұзақ уақыт ұстап тұру, жәдігерлерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шаралары және кейбір мектептердің материалдық-техникалық базасының жеткіліксіздігі.

Қорытынды. Z және альфа буынына арналған көшпелі көрмелер тәжірибесі – музей педагогикасының қазіргі кезеңдегі маңызын айқын көрсететін құбылыс. Музей ісі енді тек экспозиция залы мен экскурсиядан ғана тұрмайды; ол қоғаммен байланыс орнататын, мәдени жадыны жандандыратын және білім беру жүйесіне ықпал ететін пәрменді құралға айналып келеді. Бұл зерттеу барысында Түркістан өңірінде жүзеге асқан көшпелі көрмелердің рөлі мен әсері тек музейдің аясында ғана емес, мектеп ортасының мәдени кеңістігінде де маңызды орын алатыны дәлелденді.

Көшпелі көрмелердің ерекшелігі – оқушы мен жәдігер арасындағы арақашықтықты жоюында. Бұрын музейге бару үшін арнайы уақыт пен жағдай қажет болса, енді тарихи құндылықтардың өзі оқушының үйрену ортасына келеді. Мұндай тәсіл оқушылардың тарихи деректі тек ақпарат ретінде емес, тәжірибе ретінде қабылдауына мүмкіндік береді. Бұл, ең алдымен, танымдық процестің бағытын өзгертеді: білім енді сырттан берілетін дайын ақпарат емес, баланың өз көзімен көріп, өз сезімімен қабылдап, өз пайымымен қорыта алатын өмірлік тәжірибеге айналады.

Z және альфа буынының танымдық ерекшеліктері дәстүрлі музейлік баяндаудың тиімділігін шектейді. Бұл буын визуалды ақпаратқа бейім, қысқа әрі мазмұнды коммуникацияны жақсы қабылдайды, ұзақ лекцияға назарын шоғырландыру қабілеті шектеулі. Сондықтан көшпелі көрме осы ұрпақтың ақпарат қабылдау ерекшелігіне табиғи түрде бейімделген тәсіл ретінде өзін ақтап отыр. Storytelling әдісі арқылы тарихи оқиғаны қысқа әрі әсерлі жеткізу, жәдігерлерді көрсету арқылы эмоциялық тәжірибе қалыптастыру – бұл әдістің басты артықшылықтарының бірі. Мұндай тәсіл оқушылардың қызығушылығын оятып қана қоймай, есте сақтау қабілетін де күшейтеді, себебі эмоциямен қабылданған ақпарат ұзағырақ сақталады.

Зерттеу көрсеткендей, көшпелі көрмелер тек оқушылар үшін ғана емес, мұғалімдер үшін де жаңа мүмкіндіктер ашады. Музей мамандары мен педагогтардың серіктестігі сабақ құрылымын өзгертеді, мектеп кеңістігіне тың серпін әкеледі. Жаңашыл ұстаздар бұл мүмкіндікті пайдаланып, көрмелерді оқу процесінің бөлігіне айналдыруда. Олар оқушыларды тек тыңдаушы емес, өз бетінше ізденуші, сұрақ қоюшы және пайымдаушы белсенді қатысушыға айналдырады. Бұл – музей ісі мен білім беру жүйесінің табиғи тоғысуының айқын дәлелі.

Мұндай тәжірибе кездейсоқ құбылыс емес, ол әлемдік музей педагогикасындағы кең



таралған үрдістермен үйлеседі. АҚШ-тағы «Museum-School Partnership» бағдарламалары, Ұлыбританиядағы «Learning in Museums» бастамасы және Германиядағы «hands-on museums» моделі – музейді білім берудің тірі кеңістігіне айналдырудың нақты мысалдары. Түркістан тәжірибесі осы жаһандық бағытпен үндесе отырып, ұлттық мәдени мазмұнмен толыққан өзіндік бірегей үлгі ұсынады. Бұл – мәдениет пен білімнің синергиясын күшейтіп, жас ұрпақтың тарихи сана-сезімін ұлттық рухани мұра арқылы қалыптастырудың тиімді жолы.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы, түркі өркениетінің рухани құндылықтары мен этнографиялық жәдігерлер – бұл көрмелердің жай оқу құралы емес, мәдени сәйкестік пен ұлттық бірегейлікті нығайтудың негізіне айналып отыр. Балалардың жәдігерлерді көруі мен олар туралы оқиғаны естуі тек білім беріп қана қоймай, олардың тарихи жадысын оятады. Бұл процесте тарих пен қазіргі уақыттың арасындағы алшақтық жойылады – өткен мен бүгін арасындағы көпір салынады.

Көшпелі көрмелердің тағы бір маңызды қыры тең қолжетімділік. Ауылдық және шағын қалалық мектептердің оқушылары музейге келуге әрқашан мүмкіндік таба бермейді. Ал музей олардың ортасына өзі келсе, мәдениет пен тарих баршаға қолжетімді ортақ кеңістікке айналады. Бұл тәсіл аймақтық теңсіздікті азайтып, білім беру сапасын арттыруға жанама әсер етеді.

Болашақта бұл тәжірибе жаңа технологиялармен біріктірілсе, одан да ауқымды нәтижелерге жетуге болады. AR және VR технологияларын, QR-код жүйесін және мультимедиялық платформаларды енгізу музейлік тәжірибені интерактивті, жекелендірілген және ұзақ мерзімді әсер қалдыратын форматқа айналдырады. Бұл тек музейдің емес, бүкіл білім беру жүйесінің әдістемелік әлеуетін кеңейтеді.

Жалпы алғанда, Түркістан өңіріндегі көшпелі көрмелер тәжірибесі – ұлттық мұраны жеткізудің инновациялық жолы ғана емес, музей ісін қоғаммен тығыз байланыстыратын жаңа мәдени-педагогикалық модель. Бұл тәсіл білім беру ортасын кеңейтіп, оқушылардың мәдени құндылықтарға деген көзқарасын өзгертеді. Ол музейдің әлеуметтік маңызын арттырып қана қоймай, болашақ ұрпақтың тарихи жадын сақтауға бағытталған ұзақмерзімді стратегиялық бағыт ұсынады.

Әдебиеттер тізімі

1. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants. On the Horizon, MCB University Press, 2001.
2. UNESCO. World Heritage Education Programme. Paris: UNESCO, 2023.
3. ICOM. Museum Definition Reports. Paris: International Council of Museums, 2022.
4. Falk J., Dierking L. The Museum Experience Revisited. Routledge, 2016.
5. Hooper-Greenhill E. Museums and Education: Purpose, Pedagogy, Performance. Routledge, 2007.

МИРСАЛИМОВА Владимира

*Хранитель фондов КГКП «Литературно-мемориальный
музей Ф. М. Достоевского»*

СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ ВЫСТАВОЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ (ИЗ ОПЫТА МУЗЕЙНОЙ РАБОТЫ)

Аннотация. Статья посвящена осмыслению современных аспектов международной выставочной деятельности музеев в контексте культурологии. Выявлена и обоснована необходимость межмузейного взаимодействия на основе выставочной деятельности музеев разных государств.

Ключевые слова. Ф.М.Достоевский, межмузейное сотрудничество, выставка, экспозиция.

Великий русский писатель Ф. М. Достоевский провел на земле Казахстана пять лет (1854-1859). Здесь окрепла его дружба с первым казахским учёным-исследователем Ч. Ч.Валихановым.

В память о Достоевском 7 мая 1971 года был открыт удивительный по своеобразиему музей. Единственный из семи музеев писателя за пределами России, он многие годы ведет пропаганду творческого наследия Достоевского и духовного единства русского и казахского народов и занимает определенное место в социокультурном пространстве региона.

В современном мире музей прочно зарекомендовал себя как полифункциональный социокультурный институт, обладающий широкими возможностями для формирования личности. Музей наряду с библиотеками, архивами, образовательными учреждениями является частью мировой системы знаний, передача которых от поколения к поколению необходима для развития человечества. Это информационная система, направленная на отбор, сохранение и передачу специфическими средствами от поколения к поколению социально значимой информации, знаний, накопленных человечеством и являющихся частью культуры.

Важная роль в деле сохранения историко-культурного наследия страны отводится культурно-образовательным учреждениям, и в частности - музеям. Именно в них сосредоточены материально-духовные ценности для дальнейшего их сохранения, приумножения и пропаганды среди населения. Уникальность любого музея состоит в многообразии коллекций, обладании подлинными материальными памятниками культурного наследия и возможностью донести эти богатства до музейных посетителей. В свете современных требований и при достаточном оснащении новыми технологиями, различные музейные мероприятия проводятся как в музейном помещении, так и вне его стен, что позволяет большему количеству людей познакомиться с работой музея.

В связи с этим, большое значение сегодня уделяется вопросу межмузейного сотрудничества и различных культурных обменов между учреждениями культуры.

Региональные тенденции межмузейного сотрудничества можно представить на примере сотрудничества таких учреждений культуры, как Литературно-мемориальный музей Ф. М. Достоевского города Семей (Казахстан) и Городского Центра истории Новосибирской Книжки (ГЦиНК) Российской Федерации.



В музее помимо экскурсионной деятельности, работает литературная гостиная, в которой проводятся литературно-музыкальные вечера по различной тематике, встречи с писателями, поэтами, музыкантами.

Работает выставочный зал, где проходят различные по тематике и содержанию выставки академические, этнографические, литературно-краеведческие.

Знаковое событие 2021 года – 30-летие Независимости Республики Казахстан символично совпало с такой яркой юбилейной датой, как 200 лет со дня рождения великого русского писателя Фёдора Михайловича Достоевского. Также, 7 мая 2021 года, нашему музею исполнилось 50 лет.

В рамках празднования этих юбилейных дат, в музее был запланирован и проводился целый ряд культурно-массовых мероприятий.

Наш юбилейный год открыла выставка «Достоевские раскраски» – которую предоставил Мемориальный музей Ф. М. Достоевского г. Санкт-Петербург при содействии представительства Россотрудничества в Республике Казахстан. Интерактивная выставка «Достоевские раскраски», где посетители музея могли проявить свою фантазию и способности: прочитать отрывки из произведений Достоевского, и раскрасить по описанию автора костюмы его героев. Посетители с удовольствием участвовали в перфомансе. Оставляли свои комментарии на полях выставки.

Следующим музейным событием стала «Культурная экспедиция», организованная Представительством Россотрудничества в Казахстане и Международным педагогическим клубом при поддержке Госкорпорации «Росатом». 3-4 апреля приехавшие из разных городов Казахстана педагоги-новаторы познакомились с духовными и культурными памятниками города, обменялись опытом педагогической работы во время неформальной встречи с местными учителями, посетили Государственный историко-культурный заповедник-музей Абая. Заместитель директора Русского дома в Нур-Султане Константин Воробьев рассказал о том, что в честь юбилея писателя, Санкт-Петербургский литературно-мемориальный музей Ф.М.Достоевского передает в дар коллегам из Семей уникальную выставку о жизни и творчестве Достоевского – «Эпизоды», предисловие к которой подготовил известный казахстанский ученый и общественный деятель, профессор, доктор филологических наук Бейбит Мамраев. «Культурная экспедиция» в Семей для казахстанских учителей

Цель поездки – знакомство с духовными и культурными памятниками и достопримечательностями старинного города на Иртыше, неформальные встречи с местными учителями и обмен опытом педагогической работы, подготовка просветительских и образовательных проектов и программ, посвящённых жизни и творчеству Абая, Ф.М. Достоевского, Ш.Валиханова.

4 апреля в музее Литературно-мемориальном музее Ф.М. Достоевского прошло заседание Международного педагогического клуба. Сотрудники музея провели гостям города экскурсию по местам Достоевского.

В рамках празднования 200-летия писателя в июне месяце состоялось открытие выставки «Эпизоды» в «Русском доме в Нур-Султане», где сотрудниками нашего музея был прочитан ряд лекций о жизни и творчестве писателя, концерт классической музыки артистов театра Астана Опера. Все было так, как будто перенеслись во времена на полторы сотни лет назад и оказались в музыкальной гостиной у Фёдора Достоевского.

В сентябре 2021 года в нашем музее открылась новая выставка «Скажите ему, что я его люблю» (Достоевский и Толстой), предоставленная Государственным музеем Л. Н. Толстого г. Москва материалы, фотографии из собрания Государственного музея истории российской литературы имени В.И. Даля (ГМИРЛИ), и письменным источникам



Российской государственной библиотеки.

Толстой и Достоевский были современниками, но так и не встретились. Эта личная невестрача стала одной из загадок золотого века русской литературы. Узнав о смерти Достоевского, Толстой плакал и писал: «...когда он умер, я понял, что он был самый близкий, дорогой, нужный мне человек. (...) Опора какая-то отскочила от меня».

В чем заключались эти близость и опора, неосознанные Толстым при жизни Достоевского и вызвавшие такую растерянность после его смерти? Поиску ответа на этот вопрос посвящена выставка.

В экспозиции были представлены материалы из фондов Государственного музея Л.Н.Толстого, фотографии из собрания Государственного музея истории русской литературы имени В.И. Даля, а также письмо из фондов Российской государственной библиотеки.

Судьба Достоевского не просто уникальна, как всякая судьба известного человека. Ее неповторимость для нас заключена в его причастности к Казахстану. Кто знает, не будь казахстанского периода в жизни писателя, появились ли бы из-под его пера романы «Идиот», «Преступление и наказание», «Братья Карамазовы» и «Бесы».

Осенью 2024 г. в музее открылась выставка «Толстая и Достоевская». Выставка стала возможна благодаря Государственному музею Л.Н.Толстого в Москве при поддержке Россотрудничества.

Экспозиция выставки рассказывала о знакомстве двух выдающихся женщин – Анны Григорьевны Достоевской и Софьи Андреевны Толстой (которой в сентябре 2024 года исполнилось 180 лет). Обе были личностями незаурядными, любящими и деятельными женами, обе самоотверженно служили делу своих мужей.

Их судьбы во многом схожи. Софья Андреевна Берс и Анна Григорьевна Сниткина, выйдя замуж за тогда уже известных писателей – Льва Толстого и Федора Достоевского, не только взяли на себя хлопоты по хозяйству, воспитание и обучение детей, но и ответственность секретаря, советчицы, переписчицы рукописей и издателя произведений. Обе были намного моложе своих супругов, обе хоронили собственных детей, обе пережили мужей, но и после этого посвятили остаток своей жизни их творческому наследию.

Посетители выставки смогли узнать, как С.А. Толстая и А.Г. Достоевская обеспечивали поддержку, семейный уют и бытовые условия, необходимые для творческой работы Л.Н. Толстого и Ф.М. Достоевского, как помогали мужьям в процессе писания и издания произведений, как познакомились эти женщины и о чем писали друг другу.

Рассказ экскурсовода и экспозиция выставки позволили посетителям музея погрузиться в особый женский мир всепоглощающей верности.

3 апреля 2025 года в нашем музее открылась выставка «Солдатами не рождаются: Сталинградская битва в литературе», выставка открылась в преддверии празднования 80-летия Победы в Великой Отечественной войне. В экспозиции были представлены материалы из Государственного музея истории русской литературы имени В.И. Даля. Выставка проводилась при поддержке представительства Россотрудничества г. Усть-Каменогорск.

Экспозиция была посвящена важнейшему, поворотному моменту Великой Отечественной войны – победе советских войск под Сталинградом. Эта битва стала одной из самых масштабных и кровопролитных в истории XX века. Неудивительно, что сражение, изменившее мировую историю, нашло свое отражение в литературе. В победу над фашистами в Сталинградской битве внесли свой вклад и писатели, которые защищали этот город «оружием» – в их числе заместитель командира саперного батальона Виктор Некрасов, командир минометного расчета Юрий Бондарев, и те, кто защищал его «пером» – военные корреспонденты Василий



Гроссман, Константин Симонов, Евгений Долматовский, Александр Яшин и др. Все они оказались не только очевидцами, но и «летописцами» Сталинградской битвы. Их репортажи и заметки со временем перерастали в рассказы, пьесы, повести, романы и даже эпопеи. Судьбы этих писателей и их произведений сложились по-разному. Но нельзя не признать, что каждый из мастеров пера был искренен и у каждого из них был свой Сталинград.

Первый раздел экспозиции рассказывал непосредственно о самой Сталинградской битве – с 17 июля 1942 по 2 февраля 1943. В центре экспозиции – участие писателей в обороне Сталинграда, а также отражение событий тех дней в их творчестве военного времени. Атмосфера фронтового города воссоздана с помощью фотографий Виктора Тёмина и Якова Рюмкина, плакатов военных лет. Второй раздел посвящен писателю Константину Симонову и отражению темы Сталинграда в его послевоенном творчестве, прежде всего – в романе «Солдатами не рождаются». Книга выросла на базе тщательного изучения военных архивов, бесед с участниками войны, обобщения собственных дневниковых записей военных лет, художественных и психологических наблюдений автора. «Я считаю свою книгу историческим романом, – говорил в 1965 году Симонов – А если б персонажи ее не были вымышленными, я назвал бы ее документальной повестью».

Также в экспозиции выставки были представлены материалы о людях, которые приближали Победу, погибли или прошли всю войну, а также о тех, кто мужественно переносил тяготы в тылу и делал все возможное для фронта, для победы. Мы попытались рассказать лишь о некоторых из них. Всего в экспозиции выставки было представлено более 50 экспонатов из фондов нашего музея.

Волнительный момент открытия выставки – ученики 11 классов КГУ СОШ № 1 имени Н.Г.Чернышевского прочитали стихи поэтов участников Великой Отечественной войны, это никого не оставило равнодушным.

В церемонии открытия выставки приняли участие представители Генерального консульства Российской Федерации в Усть-Каменогорске, сотрудник Государственного музея истории российской литературы имени В.И. Даля заведующий отделом обеспечения экспозиционной деятельности «Зубовский, 15» – Спевякина Дарья Васильевна.

На наш взгляд, главное в проведении таких межмузейных обменов – это возможность работать на перспективу, воспитывать и растить своего посетителя, опираясь на конкретный предмет и не ожидать реакции на содержание музейной экспозиции. Просвещенный, образованный и творческий человек не пройдет мимо таких трудных тем, как «творчество Достоевского», «биография известного человека, нашего земляка» – он будет готов к их восприятию. Это еще раз подтверждает истину о том, что музей, выполняя гуманитарную миссию, обеспечивает достижение своих музейных целей и задач на более стабильном и прочном уровне, получает не поверхностный, а глубокий результат. Таким образом, хочется отметить, что сегодня музейная сфера, как и весь окружающий нас мир, находится в динамичном процессе постоянных изменений и поисков новых подходов, адаптации к быстро меняющимся потребностям социума.

Список литературы

1. Годовой отчет «Литературно-мемориального музея Ф.М.Достоевского г.Семей» за 2021 год.
2. Текст по выставке «Солдатами не рождаются: Сталинградская битва в литературе», автор Спевякина Дарья Васильевна.
3. Путеводитель «Литературно-мемориальный музей Ф.М.Достоевского г. Семей» 2021 г.

ЫСҚАҚ Қуаныш Айтбайұлы
*«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени
 музей-қорығының көрме ұйымдастыру маманы*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ: МУЗЕЙ ЖӘДІГЕРЛЕРІН ТАСЫМАЛДАУДАҒЫ ҚҰЖАТТАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада халықаралық көрмелерді ұйымдастырудағы музей жәдігерлерін тасымалдау және құжаттау ісінің маңызы жан-жақты қарастырылады. Автор музей ісінің дамуындағы логистикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілерге назар аударады. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының Татарстан Республикасының Қазан қаласында ұйымдастырған көрме тәжірибесі мысалында тасымалдау процесіндегі негізгі кезеңдер: келісімшарт жасау, сақтандыру, тасымалдау құралдарына қойылатын талаптар, орау және пломбалау тәртібі сипатталады. Мақалада музей жәдігерлерінің сақталуы мен қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар талданып, шетелдік музейлер тәжірибесімен салыстырмалы талдау жүргізілген. Сондай-ақ, Қазақстан музей ісінде кездесетін инфрақұрылымдық және ұйымдастырушылық мәселелер анықталып, оларды шешу жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: халықаралық көрме, музей жәдігерлері, тасымалдау, экспозиция, сақтандыру полисі, құжаттама, музей ісі, логистика, экспонат.

Кез-келген мемлекет өзінің тарихы мен мәдени мұраларын түгендеп, оны көздің қарашығындай сақтауға барынша көңіл бөледі. Атадан балаға мұра ретінде сақталып, жететін бұл құндылықтардың бірен-сараны ғана жеке адамның қолында болмаса, басым көпшілігі музейлерде сақталатыны белгілі. Ал, сол қилы дәуірлер мен алмағайып замандардан бүлінбей осы күнге дейін жеткен жауһар жәдігерлерді сақтау ісіне бүгінде қаншалықты көңіл бөлінуде? Тарихи мұраларымыздың сақталуы мен олардың тиісті дәрежеде насихатталуы маңызды екенін ескерсек, мемлекеттік деңгейде музей саласына мейлінше көңіл бөлген абзал. Болашақтың мызғымас тірегі – рухы асқақ, озық ойлы жастарымыз болса, сол өскелең ұрпақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуы, рухани потенциалының нығаюы төл мұраларымыздың мәні мен маңызын жүрегімен ұғынып, санасына сіңіре білуінде. Кез-келген жастағы адамға рухани шабыт сыйлап, санасына серпіліс, көңіл түкпіріне қозғау салатын ғылым мен терең мәдениеттің тоғысқан ошағы бұл – музейлер. [1]

2023 жылдың 19 желтоқсанындағы Мемлекет басшысының №415 Жарлығымен еліміздегі музей-қорықтар арасында тұңғыш болып «Ұлттық» мәртебесін иемденген «Әзірет Сұлтан» музей-қорығында бүгінгі таңда құрылымдық өзгерістер орын алып, штат саны көбейді. Сондай-ақ, түркі халықтарының рухани темірқазығы, ұлы ұстаз Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың өнегелі өшпес мұрасын шартарапқа кең көлемде насихаттау мақсатында, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен музей-қорық жанынан «Ясауитану» ғылыми орталығы құрылды. Бұрын соңды музей тарихында болмаған «Музей педагогикасы», Сәулет және реставрация», «Экспозиция және көрме қызметі» секілді жаңа бөлімдер ашылып, жас мамандар жұмысқа тартылуда. Мұның бәрі музей ұжымына тың



міндеттер мен жауапкершіліктер жүктейді әрі музей жұмысының өнімділігін арттыруға, оның динамикалық дамуына айрықша серпін берері сөзсіз.

Кез-келген қор жәдігерінен жасақталған музейдегі көрме немесе экспозиция, сол музейдің ғылыми әлеуетін паш ететін маңызды шығармашылық жұмыс. Бір сөзбен айтқанда музейдің негізгі өзегін құрайтын, даму динамикасын айқындайтын ажырамас бөлігі. Музейлер мен музей-қорықтарда ұйымдастырылатын көрмелердің халықаралық, республикалық, музейшілік, тақырыптық, жылжымалы, фото, кітап көрме т.с.с. көптеген түрі кездеседі. Музейден тыс өтетін көрмелерді ұйымдастыруда көптеген құжаттар рәсімделуі қажет. Атап айтқанда, ең алдымен көрме ұйымдастырылатын шетелдік музеймен меморандум аясында келісімшарт жасалады. Бұл құжатта көрменің ұйымдастырылу барысында орын алатын түрлі жағдайлар мен тараптардың өзара талап-ұсыныстары, көрменің мерзімі, сақталуы тиіс заңдылық нормалары бүге-шүгесіне дейін айқындалады. Көрме жұмысына байланысты өзге де қосымша мәселелерді егжей-тегжейлі анықтап алу мақсатында өзара хаттар жазылады. Одан кейін шетелдік әріптестермен байланыса отырып, көрмеге шығарылатын жәдігерлердің бекітілген актісі қарсы тарапқа жіберіледі. Музей жәдігерлерін көрме экспозициясына уақытша пайдалануға алу үшін жасалған акт көрме ұйымдастырушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін негізгі құжат болып табылады. Сыртқа шығарылатын мәдени құндылықтардың құнын бағалап бекітетін жоғарғы тиісті мекеме болмағандықтан, музей ішінен бағалау комиссиясы құрылып, олар әр жәдігердің құнын анықтап, бекітеді. Экспонаттардың құнын бағалау актісі сақтандыру компаниясының сұрайтын негізгі құжаты болғандықтан аса маңызды. Комиссия бекіткен қорытынды акт отандық және шет елдік сақтандыру компанияларына жіберіліп, олар осы жәдігерлерлер тізімі бойынша сақтандыру полистерін рәсімдейді. Отандық сақтандыру компаниясы тиісінше құндылықтардың сақтығына ел аумағында кепілдік берсе, екіншісі шекара асқан соң шет мемлекет аумағындағы қауіпсіздігіне жауапты болады. Одан кейінгі кезекте көрме өтетін залдың сызбасы, витриналардың көлемі сұратылып, сол бойынша тақырыптық экспозициялық жоспар жасалады. Яғни, бұл негізгі құжатта көрменің бөлімдері көрсетіліп, әр бөлімге қойылатын тиісті жәдігерлер мен қосымша материалдардың (картина, фотосурет, құжат т.б) орналасу реті айқындалады. Көрменің негізгі құжаты саналатын тақырыптық экспозициялық жоспарда көрмені жасақтау барысында витриналарға қойылатын әр жәдігердің орны айқын болғандықтан жұмыс процесін мейлінше жеңіл әрі оңтайлы етеді.

Музей жәдігерлерінен көрме ұйымдастырудағы музей мамандарының алдынан жиі ұшырасатын күрделі жұмыс кезеңі – ол жәдігерлерді жүйелі түрде тасымалдау ісі. Бүгінгі күнге дейін бұл мәселе еліміздегі көптеген музейлер мен музей-қорықтарда жүйелі жолға түсіп, әлі де болса шешімін таба қоймаған ортақ түйінді тақырып. [2]

Мәселен, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығы 2024 жылдың наурыз-мамыр айларында өз тарихында тұңғыш рет халықаралық көрме ұйымдастырды. Барлық ғылыми құжаттамалары талапқа сай жасалып, музей-қорық жәдігерлерін Қазақстан мен РФ аумағында тасымалдау кезіндегі сақтығы басты назарда болғандықтан, тиісті сақтандыру полистер алдын-ала рәсімделді. Жалпы, тиісті атқарушы билік органдары тарапынан шет елдерде сапалы көрме өткізуге қаржы тапшылығы мен ұсыныстардың дер кезінде қолдау таппауына байланысты көздеген мақсатымыз орындалмай қалып жататыны жасырын емес. Татарстанның Қазан қаласында өткен көрмеге музей-қорық қорынан 150-ге құнды жәдігерлер ұшақты былай қойғанда, мамандардырылған көлік компаниялары қызметінің қолжетімсіздігіне байланысты, жеке кәсіпкер иелігіндегі шағын микроавтобуспен тасымалданды. Түркістан қаласының үш мың жылдық тарихын айқындайтын артефактілер, мейлінше көнерген қыш бұйымдар, майлы



бояулы картиналар тәрізді жәдігерлерді шалғай жерге көлікпен тасымалдаудың қаншалықты қиын әрі жауапты іс екендігі айтпаса да түсінікті. Одан бөлек көрмені ұйымдастырушы музей қызметкерлеріне әрбір жәдігердің сақтығы мен материалдық жауапкершілігі артылатынын да ескеріңіз. Аса ұқыптылық пен қырағылықты һәм коммуникабельділікті талап ететін мұндай нәзік процесті жүзеге асыру үшін ең бірінші кезекте ауа ылғалдылығын реттеп, температуралық режимді сақтайтын жүйемен жабдықталған арнайы тасымал көлік құралдары қажет. Бұл жағдай мәдени құндылықтар мен тарихи мұрасына асқан құрметпен қарайтын алпауыт елдерде өз шешімін тапқан. Ал, отандық музейлерде әзірше бұл мәселе толыққанды шешімін таппай отыр десе де болады. Музей балансында әр ауылға немесе қалаларға қор жәдігерлерін тасымалдауға арналған көліктің жоқтығы немесе оны иемдену үшін демеуші кәсіпкерлер, меценаттардың көмегіне жүгіну – мемлекеттік қолдаудың кемдігін сезіндіреді. Осы іспетті түйінді мәселелер оң шешімін таппайынша, музей ісінің қарқынды даму болашағы бұлыңғыр болып қала бермек.[3]

Мәселен, Ресейдегі барлық ірі музейлер мәдени құндылықтары мен жекелеген коллекцияларды тасымалдау үшін міндетті түрде мамандандырылған көлік компанияларының қызметіне жүгінеді. «Музейлік заттар мен коллекцияларды есепке алу, сақтау және пайдалану жөніндегі жинақтауды ұйымдастырудың бірыңғай ережесінде» тасымалдаушыға қойылатын ең төменгі талаптар жазылады. Онда арнайы музей заттары үшін пайдаланылатын автокөлікпен яғни, үсті жабық фургонмен тасымалдау қажеттігі көрсетілген. [4].

Қазіргі таңда Ресей музейлерінде тасымалдаушы көлік құралдарына қойылатын нақты талаптардың болмауына байланысты тасымалданатын жәдігерлердің тарихи мұра ретіндегі құндылығын ескере отырып, көлік құралдарын жекелеген тәртіппен іріктеу критерийлерін музейдің өздері әзірлеуге мәжбүр болып отыр.

Орын алған сондай жәйттердің бірі, «Рубенс белгісімен: XVII ғ. Ресей музейлері мен жеке коллекцияларынан Фламандтық кескіндеме» көрме жобасы Ресейдің мемлекеттік музейлері мен жеке коллекцияларында жинақталған фламанд суретшілерінің ең көрнекті және қызықты деген туындыларының басын бір арнаға тоғыстырды. Осы себепті аталған көрмеге қажетті жәдігерлерді тасымалдаушы компанияларға келесідей жоғары талаптар қойылған:

Тасымалдаушы автомобиль (2018 жылдан кем емес) және көркемөнер туындыларын тасымалдауға арнайы бейімделген болуы тиіс. Бірінші кезекте, бұл іште қолайлы температура мен ылғалдылық режимін (шамамен 20°C) сақтай алатын, климатты бақылау жүйесімен жабдықталған толық металды фургон болуы қажет. Экспонаттардың сақтығына ерекше көңіл аударылып, көлік ішіндегі жәшіктер арнайы құралдарымен қозғалмайтындай етіп мықтап қабырғаға асып бекітіледі. Көліктің жолда барынша баяу әрі жайлы жүріспен қозғалатынына кепілдік беріледі. Қосымша қауіпсіздік кепілдігі ретінде спутниктік бақылау жүйесі де қолданылады.

Көбіне көпфункционалды қызмет атқаратын, ішкі корпусы соңғы заманауи құралдармен жабдықталған көліктерге басымдық беріледі. Көліктің жүру бағытын таңдауға да ерекше назар аудару қажет. Жолы тегіс емес, ой-шұқыры көп жерлерден, тас төселген жолдармен жүрмегені абзал. Өйткені, мұндай кедергілер іштегі жүктің зақымдануына әкелуі мүмкін.

Жалпы, музейлік тарихи маңызы бар жәдігерлер мен құнды мұраларды тасымалдау – көрме ұйымдастырушылар мен оған жауапты болған барлық қатысушылардың ұқыптылығы мен жауапкершілігін талап ететін күрделі процесс. Кейде әртүрлі музей көрмелерін (тақырыптық, жылжымалы, музейшілік т.б.) ұйымдастыру барысында экспонаттардың бір бөлігін тасымалдау қажет болады. Сондай сәтте көрме ұйымдастырушылардың алдында



бірнеше жауапты міндеттер туындайды. Себебі музей құндылықтарын барынша аса сақтықпен тасымалдап, тиісті орынға жеткізу қажет. Өйткені, экспонаттар тек қана материалдық құндылық емес, сонымен қатар мәдени құнды мұра болып табылатынын әсте естен шығаруға болмайды. [5]

Көбінесе мұндай қиындықтарға шет елдерде халықаралық көрмелерді жиі ұйымдастыратындар тап болады. Сондай-ақ, музей ғимаратын бір жерден екінші жерге көшіру кезінде музей экспонаттарын тасымалдауға тура келеді. Құнды жәдігерлерді көлікпен тасымалдау ісін осы салада мол тәжірибесі бар, білікті мамандарға сеніп тапсырған абзал. Бұл ретте іссапар құжаттарын дайындауға, сондай-ақ кеденнен өту кезінде талап етілетін тиісті рұқсатнамаларды алдын-ала рәсімдеуге айрықша назар аударған жөн. Мұндай маңызы бар жүктерді тасымалдауды жоспарлағанда қажетті тасымал жабдықтарын таңдауға да жеткілікті мән беру қажет. Бұл жерде тек қана музейлік заттар мен бұйымдарды тасуға арналған жәшіктер туралы сөз болып отырған жоқ. Шындығында, сапалы көрме өткізу үшін экспонаттардан бөлек, стендтерді әдемі безендіруге арналған құрылғылар да қажет болары анық. Мұндайда көмекші құрал-жабдықтар да маңызды рөл атқарады және оларды да бірге тасымалдау қажет.

Түркістан қаласының іргелі мәдени ордасы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы Татарстанның Қазан қаласындағы халықаралық көрмені ұйымдастыруда стандартқа сәйкес жәдігерге арналған тасымал жабдықтарын (жәшіктер) арнайы тапсырыспен жасатты. Қалыңдығы 1см, 2мм панерден жасалған бұл жәшіктердің әрқайсысы кілттенеді және тасымал кезінде түрлі зақымдардан қорғану үшін сыртқы бұрыштары арнайы темірмен қапталды. Ішкі қабаттарына толықтай жұмсақ материал (пенопласт, пеноплекс) төселіп, екі адам көтеріп, көлікке тиеуге ыңғайлы екі тұтқа орнатылды. Сегіз дана жәшіктің екеуі – қыш бұйымдар мен қолжазба жәдігерлерін, екеуі – картина (пвх, кенеп) тасымалдауға, қалған төртеуі – шырағдан, көзе, құман сияқты металдан жасалған көне жәдігерлерді тасымалдау үшін жасалынды.

Мұнан бөлек жеткілікті назар аударатын маңызды кезең – тасымалданатын жәдігерлерді сапалы орау жұмысы. Әрбір экспонат тиісті қорапқа салынып, таңбалануы керек. Ол үшін әдеттегі минивен немесе микроавтобустармен емес, фургон шанақты автокөлікпен тасымалдау тиіс. Бұл тасымалдау процесінде туындауы мүмкін қиындықтардың алдын алу үшін қажет. Олай дейтініміз, егер жүк тасымалдайтын көлік фургон шанақты болмаса, шетел аумағында толассыз тексеріске тап болып, көп уақыт жоғалтасыз. Токтаған әрбір кедендік постта күзетшілер сақтық шараларына йланысты жәшіктерді жеке-жеке ашып тексеруге мәжбүр болады. Ал, тасымалданатын жәдігерлер фургон көлігіне тиеліп, пломба басылатын (қорғасын бітеме) болса, тиісті құжаттары түгел болса, діттеген жерге жеткенше сізді ешкім мазаламайды. Және ол барлық жүкті жылдам әрі оңай түсіруге септігін тигізеді. [6]

Тасымал барысында музей-қорық экспонаттарының басым бөлігі, соның ішінде картиналар, мүсіндер, қыш ыдыстар және т.б., тасымал кезінде де ерекше күтімде сақтауды талап етеді. Кейбір жәдігерлер төмендегідей түрлі сыртқы әсерлерге өте осал болып келеді. Олар:

Жарық; ылғалдылық; температура режимінің өзгеруі.

Ал, біздің елде бұл факторлардан бөлек кедір-бұдыр ой-шұқырлары бар жолдардың сапасының нашарлығы да мінсіз тасымалдауға кедергі болатынын айтпай өтуге болмас. Бұл құнды заттардың сақтығына қауіп төндіретін негізгі факторлардың бірі болғандықтан үкімет тарапынан жіті назарға алынып, дер кезінде шешілуі тиіс.

2024 жылғы наурыз-мамыр айларында Қазан қаласының Қазан Кремлі музей-қоры-



ғында, осы жылы Башқұртстанның Уфа, Ресейдің Орынбор қалаларында халықаралық көрме ұйымдастыруда және еліміздің бірқатар өңірлерінде республикалық көшпелі көрмелер ұйымдастыруда да сапасыз жолдардың зардабын бастан кештік. Одан бөлек жол қозғалысы барысында орын алатын түрлі тосын сәттерде көлік тізгіндеушілердің бір-бірін тілсіз түсінісуі, өзара сый-құрметі де айтарлықтай жұмыс өнімділігіне әсер етеді. Қала мен қала арасындағы жайсыз автожолдармен қатынағанда, жанымыздағы «нәзік күйдегі» жәдігерлердің қауіпсіздігіне алаңдап, көлік иесіне мейлінші баяу басқаруды өтініп отыратынымыз да жасырын емес. Бұл тек біздің музей-қорық ғана бастан кешіп отырған мәселе емес, барлық музейлер тән түйткілді ортақ мәселе екені мәлім. Ал, халықаралық көрмелерді ұйымдастырарда қор жәдігерлерін ұшақ арқылы тасымалдау әзірге қолжетімсіз болғандықтан көлікпен тасымалдауға тура келіп отыр.

Жалпы музейден тыс өтетін көрмелердің барлығы дерлік қор жәдігерлерін уақытша тасымалдау арқылы жүзеге асады. Әлемдік музей тәжірибесінде қорда сақталған музей экспонаттарын тасымалдауды тек тәжірибелі көлік компаниясына сеніп тапсырады. Кез-келген жүктерді тасымалдау бірнеше кезеңнен тұрады және тасымалдау үшін де біршама құжаттар әзірленеді.

Жәдігерлерді тасымалдау ісі келесі құжаттар мен актілер негізінде жүзеге асырылады:

1. Бұл құжатта барлық маңызды және қажетті қағидаттар көрсетіледі: көрменің өтетін орны, мерзімдері мен тиісті шарттары, заттарды уақытша пайдалануға беру тәртібі, ықтималды тәуекелдер мен форс-мажорлық жағдайлар, жобаны іске асырудың қосымша шарттары мен нюанстары. Сонымен қатар, ол құжатта жәдігерлердің атауы, жасалу уақыты мен орны, жәдігердің дайындалған материалы мен жасалу техникасы көрсетілген қысқаша сипаттамасы, және қажет болған жағдайда сақтандыру полисін рәсімдеу үшін әр экспонаттың сақтандыру құны нақтыланып, көрсетілуі тиіс. Ал шынтуайтына келгенде, отандық музейлердің басым көпшілігі әлі күнге дейін жоғарыда аталған құжаттау ісіне баса көңіл бөле бермейтіні жасырын емес.

2. Сақтандыру полисі – мәдени құндылықтарды экспозициялау барысы мен тасымалдаудың барлық кезеңінде орын алатын ықтималды тәуекелдерді өтеуге және экспонаттардың жоғалуыдан немесе бүлінуден сақтандыруға кепілдік береді. Сақтандыру компаниясы музейдің белгілеп берген сақтандыру құнына қарап сақтандыру полисін рәсімдейді. Ал, біздегі мәдени құндылықтарды шетелге тасымалдау үшін арнайы жүгінетін транспорттық компаниялар жоқтың қасы, бар болған күннің өзінде қызмет құны қолжетімсіз.

3. Жәдігерді сақтауға қабылдау және өткізу актісі. Бұл құжатта экспонаттың сақталу жағдайы толықтай көрсетіледі. Оларды орамас бұрын, актіде көрсетілген барлық ақаулықтарды көрме ұйымдастырушы тараптың өкілімен бірлесе тексеріп алу қажет. Қандай да бір кемшіліктер анықталған жағдайда, олардың сақталуы жөнінде тараптардың келісімі бойынша актіде қосымша жазылады. Дәл осы процедура жәдігерлер өзінің тұрақты сақтау орнына алынбас бұрын, көрме аяқталғаннан кейін қабылдаған тараптан кері қайтару кезінде қайталаынады.

Әлемдегі ықпалды музейлердің, соның ішінде қазіргі Ресей музейлерінің тәжірибесінде әуелі көлік компаниясының өкілдері музейге келіп, тасымалданатын барлық заттарды мұқият тексеріп шығуы қалыпты жағдай. Бұл маңызды кезең жәдігерлерді орау түрін анықтап алу үшін қажет. Зат салынған барлық қорап тиісті қорғаныс қаптамасына қосымша тағы оралады. Бұл жүктердің 100% қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Осыдан кейін дайын болған барлық жүк тасымалдау үшін таңдалған автокөлікке қарай жіберіледі.

Ал енді осы музейлік құндылықтар бір қаладан екінші қалаға немесе бір елден екінші бір



шет мемлекетке тасымалдамас бұрын оларды мұқият орап, қаптау жұмыстары жүретіні белгілі. Бұл жұмыс кезеңін көрмеге шығар алдында баса назар аударар маңызды сәті деп қарастыруға болады. Себебі асығыс немесе сапасыз оралған, тасымал жәшігіне ыңғайлы орналаспаған жәдігердің диттеген экспозиция орнына сау күйінде жетуі неғайбіл. Заттарды орау процесі жәдігерлер көрме алаңына жеткізілмес бұрын басталып, барынша асықпай оралып, қапталуы тиіс.

Музей жәдігерлерін орау процесінің күрделілігі – белгілі бір объекті мен оның барлық ерекшелігін ескеруді қажет етеді. Мысалы, кейбір экспонат тым үлкен болса, кейбірі жарыққа төзімсіз келеді. Негізінде музей экспонаттарын тасымалдау үшін жарық өткізбейтін арнайы қораптар пайдаланылуы керек. Сыртқы соққыға төзімді тасымал қораптары әрқашан сұранысқа ие. Бірақ олардың бір кемшілігі – қарапайым қорапқа қарағанда салмағы екі есе ауыр келеді. Мұндай қораптарды тиеу кезінде айтарлықтай қиындықтар туындайтыны рас.

Оралатын экспонаттың ең алдымен олардың түрі ескеріледі (кескіндеме, фотокартина, қыш бұйым, сәндік-қолданбалы өнер және т. б.), материалы, жасалу техникасы мен өлшемдері. Әр элемент үшін осы параметрлерге байланысты қаптама материалы таңдалады және жеке ағаш қораптар жасалады. Кескіндеме туындыларын тасымалдау – ең күрделі болып саналады, өйткені құны жоғары бағаланатын майлы бояулы картиналар мен ағаш тақташалар өте нәзік келеді және олар тасымалдау кезінде тез зақымға ұшырауы мүмкін.

Бүгінде мұндай нәзік қолөнер туындыларын экспозиция алдында қаптау жұмыстарының заманауи талаптары барынша жоғарылап келеді. Жәдігер салынған қаптама температураның бірқалыптылығы мен ылғалдылық режимінің бұзылмауын, жолда орын алатын әртүрлі соққылар және басқа механикалық әсерлердің болдырмауын қамтамасыз етеді.

Жалпы майлы бояулы картиналарды, көркем туындыларды рамамен де, рамасыз да тасымалдауға рұқсат етіледі. Шартты түрде аталған экспонаттарды қаптауды екі кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезекте жәдігерлерді жекелеген қорапқа салмас бұрын бастапқы қорғаныш қабатын орау жұмыстарын жатқызамыз. Тасымалдау кезінде кенептің беткі қабаты немесе картина мен қораптың ішкі бос кеңістігіне тиіп бүлінбеуіне жол берілмеуі және келеңсіз жағдайлар кезінде қосымша амортизация қызметін де қоса атқаруы үшін олар қышқылсыз арнайы қағазбен немесе өзге де жұмсақ материал қабатымен оралады. Ол сондай-ақ, қандай жағдай болса да картинадағы бояу және лак қабатымен химиялық реакцияға түспеуі қажет.

Бүгінде мұндай орама материалдардың көп түрі кездеседі: микалентті қағаз, тайбек, агроспан, крафт-қағаз, каппа-картон, «дубль-айро» пленкасы, гофрокартон, изолон. Бұлардың ішінде ең ыңғайлысы әрі жиі қолданылатыны:

Микалентті қағаз – классикалық және уақытпен тексерілген тиімді нұсқа. Ол тек тасымалдау кезінде ғана емес, суреттерді сақтау және қалпына келтіру кезінде де қолданылады. Ұзын талшықты мақтадан жасалады. Оның өзге материалдардан негізгі артықшылығы – аса беріктігі мен жұмсақтығы және кескіндеменің бояу қабаты үшін қауіпсіздігі болып табылады.

Крафт-қағазы – ұзын талшықты сульфатты целлюлозадан дайындалған танымал материал. Ол кескіндемеде өзінің беріктігімен, ылғалға төзімділігімен, экологиялық таза және қол жетімді болғандығымен кеңінен қолданылады. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, оның кемшіліктеріне басқа материалдарға қарағанда қатты екендігін айтуға болады.

Гофрокартон – экспонаттарды орау кезінде қосымша қорғаныш қабаты ретінде жиі қолданылады. Ол барынша берік және тығыз материал болғанымен, ылғалға төзімсіз келеді.

Каппа картон – бұл кітаптарды түптеу кезінде кеңінен қолданылатын талшықты материал



түрі. Өзінің тәп-тәуір тығыздығының арқасында оралған жәдігерді сыртқы әсерлерден жақсы қорғайды.

Тайвек – кескіндеме сурет, картиналарды орау үшін ең оңтайлы және қолайлы нұсқа. Құрамы сапалы да берік полэтиленнен тұратын тоқыма емес материал. Өзінің сыртқы жұмсақтығы әрі орташа тығыз болуымен, жеңіл де икемді, ылғал мен механикалық кері әсерге төзімділігі, кескіндеме бетінің қауіпсіздігі сияқты қасиеттерге ие.

Процестің екінші кезеңі: оралған заттарды арнайы жасалған қораптар – климаттық жәшіктерге орналастыру. Менің білуімше, арнайы технологиямен жасалған мұндай ерекше беріктігі бар сапалы ағаш жәшіктер еліміздегі отандық музейлердің көбінде жоқ. Ал, Ресей музейлерінде музей заттары, картиналар т.б жәдігерлерді тасымалдайтын жәшіктер Ресейдің Мәдениет министрлігі бекіткен технология бойынша жасалады. Бастысы, бұл экспонаттарды тасымалдауға арналған климаттық жәшікте сыртқы жағдайларға қарамастан тұрақты температуралық режимді сақтау (18-20 °С) басты назарда. Мұндай қораптың негізі периметрі бойынша қылқан жапырақты тақталармен бекітілген жоғары сапалы фанерадан тұрады.

Қорап қабырғаларының минималды қалыңдығы – 12 мм, бұл көбіне үлкен салмақтағы экспонаттарға арналған қораптарды жасауда пайдаланылады. Қораптың ішіне және сыртына жұмсалатын фанера немесе ағаш құрғақ әрі таза және ақаусыз болуы тиіс. Қораптың ішіне периметр бойынша механикалық зақымданудан қорғау үшін толықтай көбік резеңке (поролон) жабыстырылады. Экспонатты жақсы сақтау және қосымша мықтап бекіту үшін қорап қабырғалары мен экспонаттың арасындағы бос қалған кеңістікті орама материалдармен (мата, қағаз т.б) толтыру қажет.

Металл бұрандалардың (шуруп) көмегімен қорап қақпағы мықтап бекітіледі. Майлы бояулы кенепті немесе фотокартинаны орап ағаш қорапқа салған соң, көлік ішіне тік тұрғызылған (вертикалды) күйінде тасымалданады. Фургондағы жәшіктер көліктің жүру бағытына қарай орналастырылады. Экспонаттар фургонға тиелген соң, оның есігі жауапты қор сақтаушы қызметкердің және қабылдаушы тарап өкілінің қатысуымен мөр басылып, пломбаланады. Ұрылған пломба көрме өтетін тиісті орынға жеткізілгеннен соң ғана қабылдаушы тарап мамандарының куә болуымен ашылады.

Қорыта айтқанда, бүгінде кез-келген музей үшін ондағы әрбір жәдігердің қауіпсіздігі мен сақталу жағдайы аса маңызды. Одан кейін музейлік көне заттарды экспозициялық кейіпке бейімдеу, яғни реставрациялау және консервациялау (жаңғырту, тазалау) жұмыстары сапалы әрі ұқыпты жүргізілуі тиіс деп санаймын. Ал бұл жұмыстарды мейлінше мүлтіксіз орындау білікті музей мамандарының еншісінде. Өз ісін сүйіп, құштарлықпен орындайтын, саласын жетік меңгерген нағыз маман ғана жүктелген міндетті сапалы әрі мүлтіксіз атқарары сөзсіз. Қазір, біз «маманы көп, ішінде адамы жоқ» қоғамда өмір жатырмыз. Бұл дегеніміз кез-келген жұмыстың өнуі немесе керісінше құлдырап, ақсауы мамандардың жұмысына тікелей байланысты екенін білдіреді. Бұл турасында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2024 жылы өткен Ұлттық Құрылтай отырысында: «...Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады» – деген болатын.



Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті. (2023). «Ұлттық музей мәртебесін беру туралы» №415 Жарлық.
2. Музейное дело: Теория и практика / Под ред. Н. Г. Черкасовой. – Москва: Наука, 2018. – 320 с.
3. Патлах, В. Л. Международные выставки: организация и логистика. – Санкт-Петербург: СПбГУКИ, 2019. – 212 с.
4. The International Council of Museums (ICOM). Museum Definition, Prospects and Potentials. Paris: ICOM Publications, 2020.
5. Тұрсынбаева, Г. Қ. Музей ісінің заманауи бағыттары: көрме және экспозициялық жұмыстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
6. Музейное дело в России: организация и управление. – Москва: Логос, 2022.

ҒТАМР 13.51.08

ДЖАЛИШЕВА Индира Қазыханқызы
*«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени
музей-қорығының кіші ғылыми қызметкері*

МУЗЕЙ ІСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Андатпа. Бұл мақалада музей ісіндегі педагогикалық бағыттардың қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Музей педагогикасы қазіргі қоғамда мәдени мұраны сақтау, насихаттау және жас ұрпаққа рухани-эстетикалық тәрбие берудің маңызды құралы ретінде сипатталады.

Кілт сөздер. музей ісі, музей педагогикасы, мәдени мұра, білім беру, интерактивті көрме.

Музей – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме.

Музейтануды зерттеу нысанасы – музей, музей ісі, музей жәдігері. Музей және музей ісі, тарих, мәдениет, өнертану, социология және басқа ғылыми салаларда зерттеу нысанасы ретінде қарастырылады. Музей өзінің әлеуметтік қызметін музей жәдігерлерін жинау, сақтау, үйрену, зерттеу және қолдану арқылы жүзеге асырады. Белгілі бір затты жасауда да, қолдануда да оның функционалдық мәні болады. Музей әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы өзгерістерді көрсетеді, олардың тарихилығын тереңдетеді. Әрбір жәдігердің қоғамдық мәнін, музейлік құндылығын көрсетеді. Жәдігерлердің ақпараттық потенциалы екіге бөлінеді. Бірінші – ішкі бағдарламалық кеңестік, екінші – сыртқы хабарламалық кеңестік. Біріншісі заттың өзіне байланысты мәлімет көрсетсе, екіншісі жәдігерлердің айналасындағы ортаға қатысты мәліметтерді көрсетеді.

Музей халықтың тарихи-мәдени мұрасын жинақтап, сақтап, зерттеп және насихаттайтын әлеуметтік-мәдени институт. Қазіргі таңда музей ісі қоғамдағы мәдениетті дамытуда, жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулуда маңызды орын алады. Ол адамзат өркениетінің айнасы, қоғамның тарихи-мәдени жадының сақтаушысы. Көне жәдігерлерді жинақтап, сақтап қана қоймай, халықтың рухани құндылықтарын болашақ ұрпаққа жеткізуде маңызды әлеуметтік институт ретінде қызмет атқарады. Қазіргі таңда музей ісі білім беру, ғылым, туризм және мәдениет саласының тоғысында дамып келеді [1].

Әлемдік музей ісінің бастауын ежелгі өркениеттерден көруге болады. Ал, Қазақстанда алғашқы музейлер ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ашыла бастады. 1831 жылы Орынбордағы өлкетану музейі, кейіннен 1919 жылы Семейдегі облыстық музей қазақ даласында музей ісінің дамуына жол ашты. Кеңес дәуірінде музейлердің саны артып, тарихи-мәдени ғылыми тұрғыда сақтау жүйесі қалыптасты.

Музейдің басты миссиясы – тарихи, мәдени жәдігерлерді жинақтап, сақтау. Жастарды тәрбиелеп, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру.

ХХІ ғасырда музей ісі жаңа технологиялық бағытта дамып келеді.

- Цифрлық технологиялар – жәдігерлердің электронды каталогтарын құру, 3D модельдеу.
- Виртуалды музейлер – онлайн көрмелер арқылы кез-келген адам әлемнің түкпір-



түкпірінен музейді тамашалай алады.

- Интерактивті экспозициялар – заманауи мультимедия құралдары жәдігерді қабылдауды жеңілдетіп, келушілердің қызығушылығын арттырады.

Жалпы әлемде музейлердің қалыптасуы мен дамуы сол халықтарға тән өзіндік ұлттық ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ – ежелден еркіндік аңсаған, сол ғасырлар бойына басына түскен сан алуан адам төзгісіз қиыншылықтарға мойымай, ата-баба жерін, асыл мұрасын ат үстінде найза ұшымен қасық қаны қалғанша қорғаған халық. Бойына сіңген бұл қасиеттердің құпиясы қазақтың ата-баба мұрасына ерекше құрметпен қарап, салт-дәстүрін сақтап, өсіп келе жатқан ұрпақтарына тәлім-тәрбие тек атадан қалған нақыл сөздермен, шебер әрі орынды айтылған ақыл-кеңеспен немесе жағымсыз қылықтарға тиым салып отырумен шектелмейтіні белгілі.

Осыған орай, халқымыз өз ұрпағын тәрбиелеуде, оларды өмір ағымына бейімді етуде көрнекілікті де, пайдалана білген. Атап айтсақ, кез-келген қазақтың шаңырағынан ата-бабасынан естелік ретінде сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа ардақтап, мұра етіп қалдырып келе жатқан әртүрлі бұйымдарды кездестіруге болады. Олардың арасында тарихта белгілі тұлғалардың жеке заттары, халқымыздың жаугершілік замандарда қолданған қару-жарақтары, қолөнер туындылары және т.б. бар. Сондықтан, қазақ ертеден өз ұясының ең қастерлі бұрышын қазіргі тілмен айтқанда шағын музей ретінде пайдаланды десек қателеспейміз [2].

Ата-бабадан қалған мұраға деген осындай құрмет пен қастерлеу нәтижесінде көптеген тарихи құнды бұйымдар қазіргі заманда тәуелсіз республикамыздың алтын қорын, мәдени қазынасын толықтырып, ұлттық мақтанышымыз болып отыр.

Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлы – ұлттық әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзаттық мәдениеттің ірі тұлғасы. Оның шығармашылығы мен философиялық ойлары заман ағымынан озық тұрады және бүгінгі күнде өзектілігін жойған жоқ. Абайдың рухани мұрасын келешек ұрпаққа жеткізу және насихаттау – қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда Семей қаласында орналасқан Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы маңызды қызмет атқарып отыр. Абай музейі 1940 жылы 16 қазанда Семей қаласында ашылғаннан бері насихат жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді. 85 жылдық тарихы бар Абай музей-қорығы Республика көлеміндегі алдыңғы қатарлы үлкен рухани мәдениеті қалыптасқан қарашанырақ. Бұл музей – Абайдың өмір жолын, шығармашылығын, философиялық ойларын танытатын халықтың рухани орталығы болып есептеледі. Абай музейінің басты мақсаты – ақын мұрасын сақтау, зерттеу және насихаттау. Музей тек тарихи жәдігерлердің қоймасы емес, ол мәдени-ағартушылық, ғылыми-зерттеу және рухани тәрбие орталығы. Мұнда Абайдың жеке заттары, қолжазбалары, кітаптары, отбасына қатысты құнды деректер сақталған. Сонымен қатар, музей қызметкерлері халыққа ақынның өмірі мен еңбектерін жан-жақты таныстыруды басты бағыт ретінде ұстанады. Абай музейінде жүргізілген насихат жұмыстары әртүрлі бағыттарды қамтиды. Олар:

1. Экскурсиялық қызмет – музейге келген әрбір қонаққа Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы толыққанды мәлімет беріледі. Экскурсия барысында келушілерге» тек көрмелерді тамашалап қана қоймай, Абайдың «Жыл мезгілдері», «Дала әуені», «Ақынның қалыптасуы», «Отбасы», «Қоғамдық қызметі» туралы музей қызметкері экскурсия жүргізеді.

2. Көрмелер ұйымдастыру – жыл сайын музейде жаңа экспозициялар ашылып, Абайдың өмірімен байланысты құнды жәдігерлер көрерменге ұсынылады. Арнайы мерейтойлық және тақырыптық көрмелер де өткізіліп тұрады.

3. Ғылыми-танымдық конференциялар – музей ғалымдарымен, ұстаздармен бірлесіп, ғылыми басқосулар ұйымдастырады. Бұл жиындарда Абайдың шығармашылығы мен заманына қатысты тың зерттеулер талқыланады.

4. Әдеби кештер мен кездесулер – жастарға арналаған поэзия кештері, интеллектуалды



ойындар, театрландырылған қойылымдар өткізіліп, ақын шығармалары дәріптеледі.

5. Баспа және медиа жұмыстары – музей қызметкерлері ғылыми мақалалар жариялап, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да Абай мұрасын насихаттауда белсенділік танытады.

6. Жаңа технологияларды пайдалану – соңғы жылдары музейде виртуалды көрмелер ұйымдастырылып, онлайн ZooM платформасында дәрістер мен бейнематериалдар көпшілікке қолжетімді болуда.

Осы тұрғыда Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Интерактивті Абай» көрмесі Орал қаласы Казталов аудандық моделді кітапханасы, Қостанай облыстық «Ы.Алтынсариннің мемориалдық музейі», Ұлытау ауданы, Ұлытау аудандық тарихи-өлкетану музейімен ZooM платформасы арқылы байланыс орнатып, Бас музей экспозициясы бойынша онлайн экскурсия жүргізілді.

Сонымен қатар насихаттау жұмыстары музей педагогикасы арқылы жүзеге асырылады. Музей педагогикасын іске асыру және оқушыларға тәлім-тәрбие беру, олардың білімдері мен ой-өрістерін тереңдету, сөз қорын байыту мақсатында музей қызметкерлері қаламыздағы мектептерге Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезовтің өмірі шығармашылығы және музей тарихы, тарихи орындар туралы танымдық сабақтар мен лекциялар өткізеді.

Экскурсиялық көпшілік жұмыстар бөлімінің ғылыми қызметкерлері жыл сайын жоспарлы түрде мектеп оқушылары арасында «Абайды оқы, таңырқа», «Әсемпаз болма әрнеге...», «Абай оқулары», «Шәкәрім даналығы», «Көкбай оқулары», «Мұхтар мұрасы – адамзат қазынасы» тақырыбында түрлі сайыстар мен байқаулар өткізеді.

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы бастау алғаннан бастап сәуір айында Жетісу облысының Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінде «Ұлы халықтың – ұлы Абайы», Жетісу облысы Жаркент қаласының «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейінде «Адамзаттың Абайы» атты көшпелі көрме ұйымдастырылып, ақын мұрасы насихатталды.

Абай музейінің насихат жұмыстары халық үшін ғана емес, әлемдік мәдениет үшін де үлкен мәнге ие. Музей қызметі арқылы жастар ұлттық әдебиетке, тарихқа, мәдениетке қызығушылық танытады. Сонымен қатар, Абайдың шығармалары арқылы жастарды адамгершілікке, білімге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу ісінде музейдің рөлі ерекше.

Ақын мұрасын халықаралық деңгейде насихаттау мақсатында көшпелі көрмелер, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу арқылы жүзеге асырылып келеді. Музейге келген шетелдік қонақтардың Абай мұрасымен танысып, қазақ мәдениеті мен әдебиетіне қызығушылық жылдан жылға артып келеді. Бұл қуантарлық жағдай.

Қорыта айтқанда, Абай музейі – қазақ халқының рухани байлығы мен мәдени мұрасының алтын қазынасы. Мұнда жүргізілген насихат жұмыстары ұлы ақынның идеяларын кеңінен таратуға, жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуге бағытталған. Абайдың мұрасын насихаттау арқылы музей тек өткенді танытып қана қоймай, қазіргі қоғамның рухани дамуына да үлес қосып отыр. Ұлы ойшылдың еңбектерін насихаттау – халықтың мәдениетіне, әдебиетіне және ұлттық болмысына қызмет ететін маңызды іс болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. «Абай» энциклопедиясы. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 1995
2. А. Құнанбайұлы Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы 2010
3. М. Әуезов. «Абай Құнанбаев». – Алматы: «Санат» баспасы, 1995
4. «Қазақ әдебиеті тарихы». – Алматы: «Ғылым» баспасы, 2006

САРСЕМБИНА Галия Джумажановна

*Коммунальное государственное казенное предприятие
«Областной музей изобразительных искусств
имени семьи Невзоровых» управления культуры,
развития языков и архивного дела области Абай*

К ВОПРОСУ ОРГАНИЗАЦИИ И МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ ОСНОВАМ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ДЛЯ ВЗРОСЛЫХ В МУЗЕЙНОЙ СРЕДЕ

Аннотация. В статье рассматриваются особенности организации учебного процесса на занятиях по изобразительному искусству для взрослой аудитории в Областном музее изобразительных искусств имени семьи Невзоровых. Описана методика поэтапного обучения основам изобразительной грамотности, учитывающая отсутствие художественной подготовки у обучающихся и специфику музейной образовательной среды. Методика направлена на формирование устойчивых навыков, повышение уверенности и развитие способности к самостоятельному творчеству.

Ключевые слова. Педагогика, методика преподавания, обучение взрослых, изобразительная грамотность, акварель, музейное образование, практические навыки.

Введение. В современных образовательных практиках в области изобразительного искусства за последние годы всё более отчётливо прослеживается тенденция к расширению целевой аудитории за счёт включения взрослых, ориентированных на художественное саморазвитие. В городе Семей отмечается увеличение числа студий, предлагающих занятия для взрослой аудитории, что свидетельствует об актуальности данного направления в контексте непрерывного образования.

Организация занятий со взрослой аудиторией в студии при музее обеспечивает интеграцию образовательного процесса в культурно – просветительскую среду. Студийное пространство, находящееся в непосредственной близости от экспозиции, обеспечивает уникальные условия для сочетания теоретического и эстетического осмысления произведений искусства и практической художественной деятельности. Использование студии при музее позволяет создавать благоприятную образовательную атмосферу, в которой акцент смещается с формального освоения техники на развитие художественного мышления, зрительной культуры и мотивации к творческой самореализации. Таким образом, студийная форма организации занятий в музейной среде может рассматриваться как эффективная альтернатива классической мастерской, особенно в контексте работы с начинающими взрослыми, не имеющими профессиональной подготовки.

Несмотря на высокую мотивацию, взрослые новички сталкиваются с рядом затруднений, связанных с отсутствием базовой художественной подготовки, особенно при освоении сложных техник, таких как акварель. Уникальность музейной среды как образовательного пространства заключается в её потенциале способствовать развитию и активизации творческого потенциала обучающихся.

Музейная педагогика, в отличие от традиционных подходов в художественном образовании, опирается на интеграцию восприятия оригинальных произведений искусства и



практико-ориентированной творческой деятельности. Эмпирические данные свидетельствуют о том, что включение музейной экспозиции в образовательный процесс способствует развитию эстетического мышления и формированию устойчивой внутренней мотивации к самостоятельной художественной практике.

Разработанная методика обладает практической значимостью для учреждений культуры и образования взрослых без художественного опыта. Методика снижает психологические барьеры, способствует формированию базовых художественных навыков и мотивации к самостоятельной творческой деятельности. Для педагогов методика представляет структурированную программу с учётом возрастных и когнитивных особенностей обучающихся, что упрощает организацию образовательного процесса. Внедрение методики повышает качество образовательных услуг и расширяет аудиторию. Адаптивность методики обеспечивает её масштабируемость, возможность создания программ повышения квалификации и интеграцию в цифровые платформы.

Научная новизна исследования заключается в разработке поэтапной методики обучения изобразительной грамотности в условиях музейного пространства, адаптированной под потребности взрослой аудитории без художественной подготовки. Методика сочетает элементы классического академического подхода с принципами неформального и эмпирического обучения, что делает её эффективной в нестандартной образовательной среде.

Цель – разработка и апробация эффективной методики обучения основам изобразительной грамотности для взрослых без предварительной художественной подготовки в условиях музейного пространства.

Задачи исследования:

1. Проанализировать существующие методические подходы к обучению взрослых.
2. Выявить основные затруднения обучающихся на начальных этапах освоения художественных практик.
3. Сформулировать принципы поэтапного обучения с учётом возрастных, когнитивных и мотивационных особенностей взрослой аудитории.
4. Оценить эффективность разработанной методики в условиях музейной образовательной среды.

Теоретические основы и обзор литературы

Методика преподавания изобразительного искусства базируется на принципах систематичности, поэтапности и интеграции теоретических и практических компонентов [1]. По мнению Барышевой Н. А., постепенное усложнение учебных заданий способствует формированию устойчивых навыков и осмысленному восприятию художественного процесса. Вместе с тем большинство традиционных методик преимущественно ориентированы на обучение детей и студентов, что снижает их эффективность при работе со взрослой аудиторией, не обладающей предварительной художественной подготовкой.

Особенности обучения взрослых отражены в исследованиях Буровой Е.В., которая подчёркивает необходимость учитывать жизненный опыт, мотивацию, ответственность и индивидуальные потребности обучающихся данной возрастной группы [3]. Взрослые студенты требуют адаптивного подхода, который предполагает гибкость темпа и содержания занятий, что часто отсутствует в академических программах.

Существенное влияние на развитие отечественного художественного образования оказала система П.П. Чистякова, элементы которой сохраняют актуальность и сегодня. Несмотря на то, что при жизни Чистякова его методика не была опубликована, она была реконструирована



по воспоминаниям учеников, письмам и черновикам. Система включала строгое следование законам перспективы, последовательность в обучении, переход от простого к сложному, развитие наблюдательности и аналитического мышления. Чистяков также подчеркивал важность веры ученика в свои силы на всех этапах обучения. Эти принципы сегодня находят отражение в музейной педагогике, в том числе и в предложенной авторской методике [5].

Дополнительно, Копцева Н.П. выделяет важность формирования изобразительной грамотности как комплекса взаимосвязанных навыков восприятия и создания художественных образов, что требует интеграции визуальной теории и практики [4]. Это подтверждается и в работах Бесчастнова Н.П., где подчёркивается роль системного овладения техникой и последовательного усложнения учебных заданий для эффективного обучения графическим навыкам [2].

Тем не менее, несмотря на наличие ряда методических разработок, существует дефицит исследований, посвящённых особенностям обучения изобразительной грамотности взрослых в условиях неформального образования, например, в музеях и арт – студиях. Это обуславливает актуальность и необходимость разработки специализированных методик, учитывающих специфику музейной среды и психологические характеристики взрослой аудитории, что и является предметом настоящего исследования.

Методология исследования

В рамках исследования использовался комплексный методологический подход, обеспечивающий всесторонний анализ процесса обучения изобразительной грамотности взрослых в музейной среде.

Педагогическое наблюдение проводилось во время мастер – классов с целью выявления особенностей взаимодействия обучающихся с материалом, выявления проблемных зон и динамики освоения навыков. Наблюдение велось как в структурированной, так и в свободной форме, что позволило получить качественные данные о процессе обучения.

Анализ художественных работ участников осуществлялся на предмет технического прогресса, степени овладения основами композиции, цветового восприятия и выразительных средств. Это позволило объективно оценить результаты поэтапного обучения.

Для получения обратной связи и понимания субъективного опыта обучающихся применялись анкетирование и интервьюирование, которые выявляли мотивацию, удовлетворённость процессом и барьеры в обучении. Вопросы строились с учётом возрастных и психологических особенностей взрослых студентов.

Разработка методики велась с использованием метода педагогического проектирования, включающего этапы постановки целей, разработки содержания и методов обучения, апробации и корректировки на основе собранных данных. Такой подход обеспечил адаптацию методики под потребности целевой аудитории и специфику музейной образовательной среды.¹

Эффективность методики оценивается по следующим критериям: динамика усвоения практических навыков, уровень творческой уверенности участников и степень их удовлетворённости образовательным процессом.

Взаимодействие указанных методов обеспечило комплексный анализ и позволило

¹ **Метод педагогического проектирования** — это подготовительный этап, в ходе которого учитель планирует детали и элементы предстоящей учебной деятельности. На этом этапе учитель разрабатывает возможные варианты учебной деятельности и предполагает, какие результаты могут быть достигнуты. В качестве объекта проектирования выступают педагогические системы, ситуации и учебный процесс. **Основоположником педагогического проектирования** является известный педагог А.С. Макаренко.



сформировать обоснованные рекомендации по организации обучения изобразительной грамотности взрослых в музейном контексте.

Исследование проблем начального этапа обучения на основе анализа проведённой работы.

На начальном этапе обучения были выявлены ряд значимых проблем, влияющих на успешность усвоения изобразительных навыков у взрослых без художественной подготовки. В первую очередь, эпизодическое и нерегулярное участие в занятиях приводило к затруднениям в выполнении базовых композиционных заданий, особенно при работе с пейзажными и натюрмортными композициями.

Основными причинами трудностей стали отсутствие фундаментальных знаний в области композиции, цветовых отношений и специфики акварельной техники, а также недостаток практического опыта работы с художественными материалами. Кроме того, многие обучающиеся испытывали психологические барьеры, связанные с низкой уверенностью в собственных художественных способностях и страхом ошибиться.

Указанные факторы существенно ограничивали степень вовлечённости в творческий процесс и замедляли развитие профессиональных навыков, что подчёркивает необходимость применения системного и поэтапного подхода к обучению. Внедрение адаптированных методик, учитывающих когнитивные и мотивационные особенности взрослой аудитории, выступает ключевым условием для преодоления выявленных трудностей и повышения эффективности образовательного процесса.

Данный анализ позволил сформировать принципы организации занятий, направленные на постепенное снятие барьеров и обеспечение стабильного прогресса обучающихся. Опираясь на эти принципы, была разработана поэтапная методика обучения, которая в последствии прошла длительную апробацию и доказала свою эффективность.

Поэтапная методика обучения. На разработку методики было затрачено два месяца. В последующие три года методика внедрялась в образовательную практику, сопровождаясь корреляционным анализом полученных данных с целью оценки надёжности и валидности применяемого подхода. Представленная методика отличается от традиционных образовательных программ акцентом на последовательное формирование навыков: начиная с освоения базовых действий (проведение линии, правильное удержание карандаша) и переходя к постепенному усложнению учебных заданий и внедрению разнообразных художественных техник. Использование произведений известных художников из музейной коллекции в учебном процессе способствует развитию эстетического восприятия и стимулирует творческую активность обучающихся при выполнении заданий.

Вводный этап

Вводный этап направлен на формирование у обучающихся базового представления о художественных материалах и основных элементах изобразительной грамоты. В рамках этого этапа участники знакомятся с ключевыми инструментами — карандашом, кистью, бумагой и акварелью — что позволяет им преодолеть первоначальные психологические барьеры и установить контакт с материалом.

Практические упражнения включают освоение базовых элементов рисунка: линии, пятна, формы, а также основных принципов композиции. Задача данного этапа — развить у взрослых обучающихся сенсорное восприятие, координацию движений и понимание пространственной организации изображения.

В качестве стартового задания предлагается изображение листьев с вариативной фактурой

и формой, что позволяет постепенно перейти от графических упражнений к работе с цветом. Сначала лист изображается в технике графики, что способствует освоению линий и контуров, затем – в акварели, что знакомит с основами цветового восприятия и работы с прозрачностью.

Особое внимание уделяется адаптации заданий под возрастные и мотивационные особенности взрослой аудитории, обеспечивая комфортный темп освоения материала и поддержку индивидуального прогресса. Такой подход создаёт прочную основу для дальнейшего поэтапного усложнения задач и успешного развития изобразительной грамотности.

Основной этап

Основной этап обучения характеризуется поэтапным усложнением задач и системным развитием изобразительных навыков, что обеспечивает постепенное углубление знаний и формирование уверенности у взрослых обучающихся.

Графика и натюрморт: на этом этапе участники овладевают техникой построения простых форм, изучают основы светотени и штриховки, а также правила композиции. Занятия включают практические упражнения на передачу объёма и текстуры объектов, что способствует развитию пространственного мышления и навыков наблюдения.

Освоение выразительных средств графики, таких как линия, штрих, пятно и тональные градации, представляет собой неотъемлемый компонент образовательного процесса, обеспечивающий формирование базовых основ художественной выразительности, углубление понимания формы и развитие индивидуального стиля исполнения.

В ходе объяснения темы была представлена графическая работа Бейсембиновой Е.С. «Весна. Воспоминания и мечты» (бумага, карандаш; инв. № КП 2084, из фондов музея, 1975). Демонстрация данного произведения позволила наглядно продемонстрировать возможности графических средств в передаче настроения, объёма и композиционного замысла (рис.1).



Рисунок 1. Бейсембинова Е.С.
«Весна. Воспоминания и мечты».
Бумага, карандаш. Музей
изобразительных искусств имени
семьи Невзоровых. 1975

Участники продемонстрировали улучшение в понимании объёма и формы, а также овладели техникой передачи светотени с помощью штриха и лессировки. К концу этапа они уверенно выполняли задания по изображению натюрморта с сохранением пропорций и перспективы.

Пейзаж: обучающиеся изучают линейную и воздушную перспективу, работу с планами, цветовую гамму и создание атмосферы. Значимым компонентом являются пленэрные занятия, которые позволяют применять полученные знания в естественных условиях, развивая умение быстро ориентироваться в цветовых и световых изменениях природной среды.

На этапе изучения акварельной техники исполнения пейзажа была продемонстрирована работа из фондов музея: Бенуа-Конский А.А. «Вид на Кремль» (бумага, акварель, инв. № КП 680). Приведённый пример позволил иллюстрировать применение акварельных приёмов для передачи глубины пространства, атмосферности и световоздушной среды в пейзажной композиции (рис.2).

Особое внимание уделяется выразительным средствам акварели – прозрачности, мягкости цветовых переходов, вибрации пятна, – которые играют важную роль в передаче атмосферы, состояния природы



Рисунок 2. Бенуа – Конский А.А. «Вид на Кремль». Бумага, акварель. Музей изобразительных искусств имени семьи Невзоровых.

и эмоционального настроения. Их освоение способствует развитию художественного мышления и чувству цвета.

В начале изучения пейзажа участники сталкивались с трудностями в передаче глубины пространства, построении перспективы и выбором цветовой гаммы, отражающей атмосферу и время суток.

В процессе обучения наблюдается прогресс в следующих аспектах:

1. Освоение линейной и воздушной перспективы, что позволило передавать глубину пространства более реалистично.
2. Развитие умения работать с цветом для передачи атмосферных явлений (свет, тени, время суток).
3. Улучшение композиционного построения: гармоничное размещение объектов в пространстве, баланс между передним и задним планом.

Появление понимания динамики природы – движения облаков, листьев, воды, что придаёт работам живость и эмоциональность. Если на первом этапе работы отличались условностью и схематизмом, то к завершению курса они стали более выразительными и технически точными, с акцентом на природную динамику и эмоциональную насыщенность (рис.3).




Рисунок 3. Примеры выполненных заданий обучающимися по освоению линейной и воздушной перспективы.

Критерии оценки прогресса в рисовании пейзажа:

Критерий	1 — низкий уровень	2 — средний уровень	3 — высокий уровень
Передача перспективы	Ошибки, плоскость	Частичные ошибки, глубина есть	Точная линейная перспектива с выраженной глубиной пространства
Цвет и свет	Локальные цвета, без объёма	Попытки передачи атмосферы	Реалистичные цвета, светотень
Композиция	Несбалансированная	Частично сбалансирована	Гармоничная, динамичная
Динамика природных элементов	Отсутствует или схематично	Частично присутствует	Чётко выражена, создаёт движение

Портрет: внимание уделяется основам анатомии лица, пропорциям, пластике линии и передаче объёма. Особое внимание уделяется выражению эмоционального состояния



модели, что развивает не только технические, но и художественные способности, расширяя возможности творческой самореализации.

По итогам портретного модуля обучающиеся овладели навыками передачи индивидуальных черт модели, освоили основы анатомии лица и выразительности линии.

При выполнении рисунков по фотографии у обучающихся нередко возникают затруднения в восприятии целостной композиции, передаче пространственного построения и глубины изображения. Это приводит к искажению пропорций и формы изображаемых объектов, а также к нарушению композиционной целостности рисунка. Для формирования пространственного мышления и более точного восприятия формы целесообразно использовать практику рисования с натуры, в частности — с живой модели в реальном пространстве.

Динамика освоения портрета проявляется в постепенном улучшении пропорций, объёма и передачи эмоционального состояния. Обучающиеся переходят от схематичных к детализированным работам с использованием светотени и пластики линии, повышая уверенность в создании выразительных портретов.

Уровень	Описание навыков
1	Рисунок с простыми контурами, основные пропорции
2	Освоение начальных приёмов светотеневой моделировки
3	Детализация лица, работа с пластикой линий
4	Передача эмоционального состояния и выразительности
5	Свободное владение техникой, индивидуальный стиль

Весь учебный процесс построен с учётом особенностей взрослой аудитории, учитывая разнообразие уровня подготовки и мотивации. Используется комбинированный подход, включающий теоретические объяснения, практические занятия и регулярную обратную связь, что способствует устойчивому усвоению материала.

Такой структурированный подход обеспечивает логичный переход от простых к сложным задачам, создавая прочную основу для дальнейшего самостоятельного творчества и углубленного изучения изобразительных техник.

Занятия проводятся еженедельно в студии при музее. Данный формат обеспечивает обучающимся возможность осваивать учебный материал в комфортном темпе без перегрузок. Между занятиями предусмотрено время для самостоятельной работы, что способствует закреплению усвоенных знаний и навыков, а также развитию визуальной памяти и технической самостоятельности.

Педагогическая модель сочетает аудиторную практику и домашнюю тренировку, что формирует у обучающихся навыки регулярной художественной практики и развивает ответственность за индивидуальный прогресс. Методика следует за логикой от простых объектов к более сложным, обеспечивая непрерывное развитие навыков.

Для иллюстрации результатов эксперимента представлены примеры выполненных заданий обучающимися

Акварель как ключевая техника. Акварель используется в обучении из – за пластичности и прозрачности. Для взрослых без художественной подготовки она облегчает освоение цвета и композиции.

Методика включает освоение приёмов: лессировка, заливка, работа «по – сырому» и «по – сухому», создание градиентов, что развивает планирование, сенсорное восприятие и понимание цветовых взаимодействий. Контроль влажности и температуры поверхности –



ключевые факторы техники.

Упражнения формируют уверенность, творческую самостоятельность и художественное восприятие. Акварель является техническим инструментом и средством развития изобразительной грамотности и творческого мышления.

Освоение техники «сухая кисть». Техника «сухая кисть» служит вспомогательным приёмом в обучении рисунку, развивая точность, мелкую моторику и визуальное восприятие. Она улучшает понимание светотени и объёмного построения. Методика предусматривает постепенное освоение приёмов с акцентом на контроль кисти и равномерность нанесения пигмента. Освоение техники способствует формированию изобразительной грамотности и художественной выразительности у взрослых.

Оценка эффективности методики. В рамках исследования было проведено 35 занятий, в которых приняли участие 29 человек. Гендерное распределение участников характеризуется значительным преобладанием женщин: женщины составили 93% (27чел.), мужчины – 7% (2чел.).

Анализ возрастной структуры показал, что основную долю составили лица в возрасте от 18 до 64 лет – 86,2% (25 чел.). Участники в возрасте 65 лет и старше составили 13,8% (4 чел.).

Ильгиза, 56 лет – по базовой профессии кондитер, в настоящее время занимает должность руководителя офисного подразделения. Обладает выраженными чертами усидчивости и организованности. Стимулом к включению в образовательную деятельность послужила внешняя мотивация: участие в курсе стало возможным после знакомства с информацией о наборе на занятия в музей. Предыдущий опыт художественного обучения ограничивается школьным курсом изобразительного искусства.

Несмотря на значительный перерыв в художественной практике, Ильгиза не испытывает выраженных трудностей в обучении, демонстрируя хорошую способность к усвоению нового материала. Отмечается высокая учебная мотивация, проявляющаяся в систематическом выполнении домашних заданий, самостоятельной работе над ошибками и стремлении к усложнению творческих задач. Характерен положительный перенос учебной активности за рамки занятий: участница регулярно практикуется дома. Преобладает внутренняя мотивация, связанная с интересом к художественной деятельности как к ресурсу личностного роста и самореализации.

Ильгиза демонстрирует высокий уровень усвоения художественных навыков, что видно по её работам.

Светлана, 40 лет, психолог по профессии. Отличается позитивным настроением и высокой мотивацией к обучению. Получает значительное удовлетворение от взаимодействия с участниками занятий и искренне радуется достигнутым результатам, что отражается в её выражении «Я, оказываюсь, так могу». Вне профессиональной деятельности самостоятельно занимается рисованием акриловыми красками на холсте. Светлана стремится выполнять каждое задание, однако результаты оказываются неоднозначными. На начальных этапах работы она демонстрирует аккуратность и сосредоточенность, но с течением времени начинает торопиться, что приводит к излишнему усложнению и чрезмерной детализации изображения.

Наталья, 49 лет, филолог по образованию, обладает выраженной потребностью в творческом самовыражении и стремлением к оригинальности. В учебной деятельности ориентирована на достижение высоких стандартов, что проявляется в выраженном перфекционизме. Это способствует тщательной проработке деталей, но может вызывать внутреннюю напряжённость и самокритичность при несоответствии результата ожиданиям. Обладает рефлексивным стилем мышления, склонна к глубокому осмыслению задач. Предпочитает осознанный подход к освоению художественных техник, чувствительна к качеству обратной связи. Для опти-



мизации обучения эффективны методы, поддерживающие автономию, индивидуальный стиль и поощряющие эксперимент в безопасной обстановке.

Ольга, 43 года, парикмахер. Пришла на курс с выраженной мотивацией к развитию художественных навыков, ранее получив базовый опыт в детской изостудии. Отличается высокой учебной дисциплиной, внимательностью к педагогическим рекомендациям и стремлением к совершенствованию. В ходе обучения отмечены положительные изменения: рост уверенности, улучшение зрительно-моторной координации, развитие композиционного мышления и наблюдательности.

Посещаемость занятий была нерегулярной, лишь четверо участников посещали их стабильно. Методика показала эффективность: обучающиеся улучшили навыки линейной и штриховой техники, композиции, работы с цветом и светотенью. Последовательное прохождение этапов обеспечило лучшие результаты, тогда как поздно присоединившиеся испытывали трудности.

Более 85% отметили прогресс и повысили уверенность. Анкетирование подтвердило удовлетворённость структурой и методикой. Результаты свидетельствуют о значимости комплексного подхода и адаптации к музейной среде для формирования изобразительной грамотности у взрослых без художественной подготовки.

Заключение. Исследование представляет собой начальный этап апробации методики формирования изобразительной грамотности у взрослых в музейной среде. Предварительные результаты подтверждают её потенциал, однако ограниченность выборки и условий требуют дальнейшей верификации. В перспективе возможно также расширение содержательной части методики за счёт включения дополнительных художественных техник и тематических модулей, ориентированных на визуальное мышление, композицию и развитие индивидуального художественного языка.

Список литературы

1. Барышева Н. А. Методика преподавания изобразительного искусства. — М.: Академия, 2021. — 208 с.
2. Бесчастнов Н. П. Черно-белая графика. — М.: Владос, 2008. — С.223
3. Бурова Е. В. Психология и методика обучения взрослых. — М.: Юрайт, 2019. — С.256
4. Копцева Н. П. Основы изобразительной грамоты: учебное пособие. —СПб.: Питер, 2020. — 176 с.
5. Сарсембина Г. Система П.П.Чистякова. Сборник материалов VI научной студенческой конференции по общественным, естественным, техническим и гуманитарным наукам.— Семипалатинский государственный университет имени Шакарима. — Семипалатинск, 2001. — С.192

МУРАТБЕКОВА Арайлым Бейсеновна

*Семей қаласы. Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу
өнері музейі ағарту және маркетинг бөлімінің қызметкері*

МУЗЕЙЛІК БІЛІМ БЕРУ МЕН ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ ТОҒЫСЫ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САБАҚТАР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ

Андатпа. Бұл ғылыми жұмыста Қазақстандағы қолөнер мен бейнелеу өнерінің тарихи дамуы қарастырылады. Ұлттық өнердің тамырын тану арқылы өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесіне, ұлттық болмысты қалыптастыруға негіз қаланады. Зерттеудің негізгі бөлімінде музей қабырғасында өткізілетін шығармашылық сабақтардың маңыздылығы мен этнопедагогиканы жандандыру жолдары талданады. Музей – тек тарихи жәдігерлер қоймасы емес, сонымен қатар тәрбие мен білім берудің мәдени орталығы екендігі дәлелденеді. Қорытынды бөлімде ұлттық өнерді дәріптеу арқылы ұлттың мәдени кодын сақтап, болашақ ұрпаққа асыл мұра қалдырудың маңызы ашып көрсетіледі.

Кілт сөздер. Қолөнер, бейнелеу өнері, ұлттық өнер, рухани тәрбие, ұлттық болмыс, музей шығармашылық сабақтар, этнопедагогика, мәдени мұра, мәдени код.

Қазақстан – бай тарихи-мәдени мұрасы бар мемлекет. Бұл елдің көркемдік дәстүрі ғасырлар тереңінен бастау алады. Қазақ халқының рухани мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылатын бейнелеу өнері мен сәндік-қолданбалы өнер – халықтың дүниетанымын, тұрмыс-салтын, ұлттық болмысын бейнелеудің көркем құралы. Қазақ өнері, ең алдымен, өзінің тамырымен тереңге кеткен халықтық дәстүрлерге негізделеді және бұл өнердің әр кезеңі тарихи оқиғалармен, қоғамдық өзгерістермен тығыз байланысты дамыды.

Қазақстан аумағында бейнелеу өнерінің алғашқы нышандары тас дәуірінен бастау алады. Жартастардағы суреттер – петроглифтер, ежелгі адамның қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігін, дүниетанымын көрсетеді. Таңбалы, Ешкіөлмес, Арпаөзен сияқты тарихи-мәдени ескерткіштерде аңшылық көріністері, жануарлар мен адамдардың бейнесі бейнеленген. Бұл туындылар көркем өнердің ғана емес, тарихи құжаттың ролін де атқарады. Петроглифтерде көрініс тапқан «аң стилі» кейін сақ және ғұн кезеңдеріндегі сәндік-қолданбалы өнердің негізіне айналды. Қолөнерде металл өңдеу, зергерлік, киім-кешек пен ат-әбзелдерді көркемдеу кең өріс алды. Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» ежелгі шеберлердің жоғары көркемдік талғамының дәлелі. Оның сауыты мен бұйымдарындағы ою-өрнек, композициялық шешімдер қазақ халқының кейінгі көркемдік дәстүріне әсер етті. Орта ғасырларда Қазақстанда қала мәдениетінің дамуына байланысты сәндік-қолданбалы өнердің жаңа түрлері кең етек жайды. Керамика, тоқыма, шыны, сүйек және металл бұйымдарына көркем өрнектер, символикалық бейнелер қолданылды. Сол дәуірдің архитектуралық құрылыстары да (мысалы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі) сәндік өнердің дамуының айғағы болды. Бұл кезеңде көркем шығармашылық халықтың рухани қажеттілігін өтеумен қатар, оның әлеуметтік мәртебесін де білдіретін белгіге айналды.

Қазақ хандығы тұсында өнер халықтың тұрмысымен, салт-дәстүрімен тығыз байланысты болды. Бұл кезеңде бейнелеу өнері сәндік-қолданбалы сипатта дамыды. Киіз үйдің ішкі жабдықтары: сырмақ, текемет, басқұр – ою-өрнекпен безендіріліп, ұлттық нақыштың көркем



көрінісі ретінде қолданылды. Қазақ қолөнері символикалық мағынаға ие болды: ою-өрнектер тек әшекей емес, белгілі бір ұғымдарды, дүниетанымды білдіретін тілдік жүйе ретінде қабылданды. Сонымен қатар, ағаш және сүйек ою, кесте тігу, тері өңдеу өнері дамыды. Бұл өнер түрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлттық болмыстың маңызды белгілерінің біріне айналды.

XX ғасырдың басында Қазақстанда кәсіби бейнелеу өнерінің қалыптасуы басталды. Бұл – тарихи жағынан жаңа кезең еді. 1930–1950 жылдары Қазақстанда кәсіби суретшілер буыны қалыптасты. Олардың қатарында қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушы – Әбілхан Қастеевтің орны ерекше. Ол өзінің шығармаларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, ауыл өмірін, табиғатын шынайы әрі көркем бейнеледі. Қастеевтің ізін жалғаған суретшілер У. Төлебаев, А. Ғалымбаева, Г. Исмаилова, К. Тельжанов сынды шеберлер ұлттық стиль мен кеңестік реализмді ұштастыра отырып, қазақ кескіндеме мектебін қалыптастырды. Бұл кезеңде кескіндеме, мүсін, графика және монументалды өнер түрлері дамыды. Сонымен қатар, сәндік-қолданбалы өнер де жаңа сипатқа ие болды – халық шеберлерінің туындылары арнайы көрмелерде, музейлерде таныстырыла бастады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бейнелеу өнері мен қолданбалы өнердің дамуына жаңа серпін берілді. Ұлттық болмысты жаңаша пайымдау, дәстүрлі және заманауи стильдерді біріктіру – қазіргі өнердің басты ерекшелігіне айналды. Қазіргі заман суретшілері қазақи тақырыптарды философиялық деңгейде түсіндіруге, заманауи медиа мен визуалды әдістер арқылы ұлттық өнерді интернационал деңгейге шығаруға тырысуда. Сонымен қатар, сәндік-қолданбалы өнер де жанданып, қазіргі дизайн, сән индустриясы салаларында кеңінен қолданылуда. Қолөнер шеберлері ұлттық нақыштағы бұйымдарды заманауи үлгіде ұсынып, шетелдік көрмелерде, жәрмеңкелерде таныстыруда.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы бейнелеу өнері мен сәндік-қолданбалы өнер – ұлттың мәдени мұрасының маңызды бір саласы ғана емес, оның рухани өмірінің айнасы. Ежелгі жартастағы бейнелерден бастап, заманауи арт-галереялардағы туындыларға дейінгі көркемдік жол – қазақ халқының эстетикалық дүниетанымы мен тарихи жадының көрінісі. Бұл өнер түрлері ұлттық сана мен мәдени кодты сақтаудың, оны ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып қала береді. Осы өнерді сақтап жаңғыртып тұратын бірден бір орын ол – музей. Қазақстандағы көркемөнер музейлері бейнелеу өнерінің тарихи және заманауи кезеңдерін тұтас қамтып, оның даму жолын көрнекі түрде көрсетеді. Мұндай музейлерде қазақ суретшілерінің шығармалары арқылы ұлттық болмыстың бейнелеу өнеріндегі көрінісі сақталып, жаңа буынға беріліп отыр. Сонымен қатар, музейлер бейнелеу өнерін зерттеу мен оқыту орталығы ретінде қызмет етіп, шығармашылықты дамытуға және ұлттық өнерді әлемдік деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Музей – ел тарихы, ұлттың мәдениетінен хабар беретін тарихтың көзі. Музейде сақталған құндылықтардың бәрі халықтың ғасырлар бойы сүріп келе жатқан өмірінің тынысын бірден байқатады. Алтарих пен музейдің арасындағы алтын көпір ол – педагогика. Музей педагогикасы – көрнекілік, сезіну, эмоция және әрекет арқылы оқушыны белсенді субъект ретінде дамытатын әдіс. Бұл әдіс оқушының тек танымдық қана емес, сонымен қатар эстетикалық және шығармашылық қабілеттерін де дамытады. Педагогика ғылымында Л.С. Выготскийдің «Жақын арадағы даму аймағы» теориясы бойынша бала нақты тәжірибеден тыс, көмек арқылы күрделірек әрекеттерді орындай алады. Музейдегі көркем туындылар мен мәдени мұралар баланың қиялын дамытып, шығармашылық әрекеттерге итермелейді. Музей экспонаттарын зерттеу, олар туралы ой толғау, сурет салу, көрме жасау сияқты әрекеттер баланың креативті ойлауын дамытады. Бұл – шығармашылықтың бастау көзі. Ал Америкалық педагог Джон Дьюи өзінің «Art as Experience» еңбегінде көркем өнер мен білімді байланыстыру шығармашылық



дамуға ықпал ететінін атап өтеді. Музейдегі тәжірибе – білім мен эстетиканы бір арнаға тоғыстыратын орта дейтін болсақ, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін музейлердің де даму процестері қарқынды түрде жүргізіле бастады, әрине этнопедагогиканың дамуы да біршама ілгеріледі. XX ғасырдың 70 жылдары этнопедагогикалық ой-тұжырымдардың күшеюіне себепші болған үдеріс кеңестік жүйенің басқа ұлттарды шеттетуі еді. КСРО-да 1930 жылдан бастап ұлттарды орыс тілінде оқыту талап етіле бастады. 1959 жылдан бастап ұлттық мектептер орыстілді мектептерге көшірілді. «Этнопедагогика», «халықтық педагогика», «ұлттық білім жүйесі», «ұлттық мектеп» деп келетін атау-ұғымдар интеграция (әлемдік кірігу) туғызған ұлтсыздану үдерісіне қарсылық еді. Этнопедагогика ұғымының көптеген анықтамалары бар. Г.Н. Волковтың пікірінше, этнопедагогика ғылымы-ғылым болып есептелмейтін халықтық педагогика. Этностық тәрбие отбасындағы, рудағы, тайпадағы тәрбие, дәлірек айтсақ, табиғи, мектептен тыс, дәстүрлі, формальды емес халықтық тәрбие.

Бұл үрдіс музей педагогикасында да көрініс тапты: қазақ халқының қолөнері, ою-өрнектері, тұрмыстық бұйымдары мен дәстүрлі шығармашылық үлгілері сабақтарда кеңінен қолданылуда. Ғалымдардың пікірінше (Қалиев С., Жарықбаев Қ., т.б.), этнопедагогика жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың, тарихи жадыны сақтаудың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады. Демек, музейдегі этнопедагогикалық бағыттағы шығармашылық сабақтар – ұрпақты халықтың өткенімен, мәдениетінің терең тамырымен қайта табыстыратын маңызды құрал. Музей педагогикасының мұндай тәжірибесі бірнеше ғылыми тұрғыдан құнды нәтижелер береді. Атап айтсақ, тәрбиелік мәні – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы патриотизмді, рухани тұрақтылықты қалыптастырады. Дамытушылық қыры – балалардың эстетикалық талғамын, қиялын, шығармашылық қабілетін жетілдіреді. Әлеуметтік маңызы – қоғамда мәдени сабақтастықты сақтап, өткен мен бүгінді жалғастырады. Ғылыми негізі – этнопедагогика мен музейтану ғылымының тоғысында жаңа әдістемелерді қалыптастырады.

Осы бала тәрбиесіндегі маңызды істерді атқаруда Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері музейінің атқарып жатқан жұмыстары ұшан теңіз. Бұл көркемөнер музейі осыдан қырық жыл бұрын құрылып, өз есігін Семей жұртшылығына және қала қонақтарына айқара ашқан болатын. Алғашқы жылдары музей қызметкерлерінің барлық күштері қорды толықтыруға, ғылыми зерттеулер жүргізуге жұмылдырылды. Музейіміздің негізгі мақсаты тек қана өнер туындыларын сақтау орны емес, сонымен қатар жас ұрпақты тәрбиелеудің, эстетикалық талғамын жетілдірудің, шығармашылық қабілетін дамытуында. Сондықтан да осыдан жиырма бес жыл бұрын музей қызметкерлері музей педагогикасын жүйелі түрде енгізіп, әр түрлі мәдени-көпшілік кештер, театрландырылған қойылымдар мен қолөнер сабақтарын ұйымдастыра бастады. Музей педагогтары бейнелеу өнерінің сан түрлі техникасы мен материалдарын пайдалана отырып, балаларға да, ересектерге де арналған мазмұнды шығармашылық сабақтар өткізіп жатырмыз. Бұл сабақтардың ерекшелігі – көрермен мен қатысушыны пассивті бақылаушыдан белсенді ізденушіге, тікелей шығармашылық үдерістің қатысушысына айналдыруында. Алғашқы қадамдарда мақсат – балаларды өнерге баулу, сурет салу техникасының қарапайым тәсілдерін үйрету болса, уақыт өте келе бұл сабақтар музейдің ағартушылық қызметінің ажырамас бөлігіне айналды. Мектеп, балабақша және қосымша білім беру ұйымдарымен тұрақты байланыс орнады. Осылайша музей дәстүрлі көрмелер мекенінен шығып, жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін оятатын мәдени-білім беру орталығы да екендігін дәлелдеді.

Қазіргі таңда аталған сабақтардың саны отызға жетіп жүйелі түрде жүргізілуде. Мұндай сабақтардың негізгі мақсаты қоғамда қабілетті адамдарды тәрбиелеп шығару. Ал қоғам, қашан да дарынды, қабілетті адамдарға мұқтаж. Қоғам барған сайын күрделене түсуде.



Түр-сипаты мүлдем бөлек жаңа дәуір туып келеді. Сол дәуірге сай өзгеше қабілет-қасиетке ие жаңа адам пайда болады. Қазіргі кезеңде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттілігін қажет етеді. Мысалға айтатын болсақ қазір дизайнер, СММ, мобилограф, архитектор, визажист тәрізді мамандықтар көптеп сұранысқа ие болуда. Тіпті қазір ең атақты болып тұрған психолог, дефектолог, логопед мамандарының алдына балаңызды апарсаңыз бірден сізге қандай да бір суреттер салуға немесе кескіндер құрастыруға, тіпті ермексаздан фигуралар жасауға тапсырма береді. Бұл арқылы олар баланың қандай да бір психологиялық ауытқуларын да аңғарып жатады тіпті емдік шараларын да жүргізеді. Осы жерден-ақ, біз қолмен жұмыс істеудің қаншалықты миға маңызды екендігін аңғарамыз. Алайда сабақтар тек қолөнер бұйымдарын жасатумен шектелмейді. Әр тақырыпқа сәйкес картиналар көрсетіледі. Белгілі суретшілердің шығармаларына тоқталып, олардың өмірі мен өнер жолы туралы қысқаша мағлұмат беріледі. Тақырыпқа сәйкес қысқа мультфильмдер немесе деректі фильмдер экраннан көрсетіліп, көргенін талқылау арқылы балалардың қиялы дамиды. Ертегілер, аңыздар айтылады. Ұлттық ертегілер кейіпкерлері мен оқиғалары өнермен байланыстырылады. Экспозициядағы қолөнер бұйымдарымен таныстырылады. Балалар қолөнер туындыларын көріп қана қоймай, олардың қолданылу мақсатын, символдық мәнін түсінеді. Сабақтарды түрлі жастағы балалармен және музей ішінде, музейден тыс орындарда өткіземіз. Мысалға айтатын болсақ, хайуанаттар бағында жануарлар жайлы экскурсия тыңдалып дәл сол жерде натурадан қарап отырып ермексазбен жануарлардың мүсіндерін жасаттық. Оқушылар музейге келіп суретшілердің кенеп бетіне жануарларды қалай салғанымен танысты. Ал театр сахнасының артында жұмыс істейтін суретші – декоратормен, костюм тігу шеберімен танысу олардың сол қызметке деген қызушылықтарын арттырды. Бұл мамандықтың мәдениет үшін қаншалықты маңызды екенін ұғынды. Артынша музейге келіп аппликация техникасында қазақтың ұлттық киімін жасады. Осындай өнермен терең таныстырулар шығармашылық сабақты сауатты меңгеруге септігін тигізеді. Кітап сататын дүкендер мен кітапханадағы берілген білім «иллюстрация» дегеніміздің не екендігін және маңыздылығын ашып көрсетті. Балалар иллюстрация жазуды үйренді. Бұл жердегі негізгі мақсат музейіміздегі иллюстратор суретшілермен жақынырақ таныстыру болған, шығармашылық сабақтың арқасында музей қызметкерлерінің ойы жүзеге асты.

Тақырыбымыздың өзектілігілігіне тоқталсақ – музей сабақтарының тек өнер үйрету ғана емес, ұлттық этнопедагогиканы жаңғырту бағытында көп істер жасап жатқанын алға тарта айтуға болады. Қазақтың қолөнері, ою-өрнегі, тұрмыс-салт дәстүрлері, қазақ үй мен алаша, тұмар секілді тұрмыстық бұйымдары, сондай-ақ домбыраның шығу тегі мен жасалу жолдары балаларға тек тарихи дерек ретінде ғана емес, тәжірибелік әрекет арқылы жеткізіледі. Демек, музейдің шығармашылық сабақтары – болашақ ұрпақтың ұлттық болмысты сақтап, ата-бабасының өнерімен мақтануына ықпал ететін рухани көпір. Осы сөздің дәлелі ретінде төмендегі үш сабақтың өту барысын көрсете кетсек. Музейдегі шығармашылық сабақтар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылады. Тағы бір ерекше атап айтатын жағдай шығармашылық сабақтар тек қана орта мектептермен емес, балабақшалармен, арнайы оқу орындарының балаларымен, балалар үйімен тығыз қарым- қатынаста жұмыс жасап келе жатыр. Осыдан түйген түйін ұзақ жылдардың бақылау зерттеу нәтижелері бойынша, арнайы мектеп оқушыларының қолөнермен айналысу сәтінде, өздерін өте жағымды психологиялық әл-ахуалда ұстайтындықтары таңқалдырады. Осы сабақтардан этнопедагогикаға бағытталған 3 сабақты атап көрсетеміз.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде балалардың шығармашылық



қабілеттерін дамытумен қатар, ұлттық құндылықтарды сіңіру мәселесі аса өзекті болып отыр. Бала тәрбиесінде халықтың рухани мұрасы мен өнерін жүйелі қолдану оның эстетикалық талғамын қалыптастырып қана қоймай, ұлттық сана-сезімін де дамытады. Бұл бағытта қазақ бейнелеу өнерінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығын тәрбие мен оқыту процесіне енгізудің маңызы зор.

Осы орайда 1-сабақ Семей қаласындағы «Айдана» балабақшасының 5–6 жастағы балаларға арналған «Көңілді бауырсақтар» атты шығармашылық сабақ үлгісі ұсынылды. Сабақты бастамас бұрын жаңа технологияны қолдана отырып, балаларға үлкен лед экран арқылы бауырсақ ертегісінің мультфильмін тамашалаттық. Сабақтың басты мақсаты – балаларды қазақтың ұлттық тағамы, салт-дәстүрі, мәдениетімен таныстыра отырып, тұзды қамырмен жұмыс жасау арқылы олардың ұсақ моторикасын, пішін жасау, түсті ажырату дағдыларын дамыту және көркемдік талғамын қалыптастыру болды. Сонымен қатар сабақ балалардың ой-қиялын ұштап, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталды және осы мақсатқа жету барысында жоспар бойынша мынандай жұмыс жүргізілді. Шығармашылық жұмыстың өзегі ретінде қазақтың белгілі суретшісі Айша Ғалымбаеваның «Бауырсақтар» атты картинасы алынды. Бұл натюрморт жанрындағы туындыда қазақтың дәстүрлі тағамы – бауырсақтар, ұлттық өрнекті ыдыстар мен дастархан бейнеленген. Балаларға ең алдымен натюрморт ұғымы түсіндірілді. Сурет арқылы балалар ұлттық ою-өрнек, дастархан мәдениеті, тағам атаулары секілді ұғымдармен танысады. Шығармашылық процесс барысында балалар тұзды қамыр техникасында жұмыс істейді. Алдымен жасыл түсті қамырдан дөңгелек тәрелке мүсінделіп, оның жиегі саусақпен көтеріледі. Бұл балалардың саусақ бұлшықеттерін дамытуға, ұқыптылық пен дәлдікті үйренуге септігін тигізеді. Тәрелкенің шетіне түрлі-түсті қамырмен қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері салынып, ұлттық нақыш берілді. Ортасына сары түсті қамырдан домалақтап бауырсақтар жасалды. Бұл әрекеттер барысында балалар түстерді ажыратуды, пішіндерді дұрыс жасау мен кеңістікті сезінуді үйренеді. Жұмыс соңында балалардың жасаған туындылары «кішкентай музей» ретінде көрмеге қойылып, әр бала өз еңбегі туралы баяндады. Олар өз жұмысы жайлы еркін сөйлеуге машықтанып, не жасағанын, қандай ою қолданғанын, неге дәл сол түсті таңдағанын түсіндірді. Бұл балалардың тіл байлығын дамытуға, ойын жүйелі жеткізуге мүмкіндік береді. Әрбір жұмыс музей педагогтарының тарапынан мадақталып, ынталандыру сөздері айтылды: «Сен нағыз суретші сияқты жұмыс істедің!», «Сенің бауырсағың нағыз жаңа піскен бауырсаққа ұқсайды!» деген сөздер арқылы балалардың өзін-өзі бағалауы мен қызығушылығы арта түсті. Сабақ соңында сабақ басында көрген мультфильм кейіпкерлерін еске түсіре отырып, ұйымдастырылған қимыл-қозғалыс ойындары балалардың көңіл күйін көтеріп қана қоймай, олардың эмоционалды және физикалық дамуына оң әсер етті.

Жоғарыда сипатталған тәжірибе көрсеткендей, мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық өнер мен мәдениетті шығармашылықпен ұштастыра отырып өткізу – балалардың рухани-мәдени дамуына, шығармашылық әлеуетінің артуына және ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына оң ықпал етеді. Тұзды қамырмен жұмыс жасау – тек мүсіндеу ғана емес, ол – бала мен ұлттық өнер арасындағы байланыс көпірі. Сондықтан да, балабақшада жүргізілетін әрбір сабақ ұлттық мазмұнмен, көркемдік-эстетикалық бағытпен үйлесім тапқанда ғана болашақ ұрпақтың саналы, мәдениетті, шығармашыл тұлға болып қалыптасуына негіз қаланады.

2-сабақ «Домбыра – дала мұрасы» атты сабағымыз Семей қаласының көздері нашар көретін оқушыларға арналған №3 ші мектеп интернатында 5-7 сынып оқушыларымен өтті. Сабақ квиллинг² техникасында домбыра бейнесін ашықхат бетіне жабыстыру тәсілін үйрету болды.

2. **Квиллинг** – түрлі-түсті қағаз жолақтарын орап, шиыршықтап, әртүрлі сәндік бейнелер мен өрнектер жасау өнерінің техникасы.



Мақсаты: Қазақтың ұлттық аспабы – домбыра туралы білімдерін тереңдету. Квиллинг техникасын меңгерту, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Эстетикалық талғам мен ұлт мәдениетіне сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Міндеттері: Домбыраның шығу тарихымен таныстыру. Қазақ күйі арқылы музыкалық атмосфера орнату. Квиллинг техникасының негізгі тәсілдерін көрсету. Қағазбен жұмыс жасау арқылы қол моторикасын дамыту. Өз қолымен жасаған ұлттық бұйым арқылы мақтаныш сезімін ояту. Артықшылықтары: Қолдың ұсақ моторикасын дамытады. Шығармашылық қабілетті арттырады. Жүйкені тыныштандырады, күйзелісті азайтады. Көңілді, пайдалы хобби. Кейбір сабақтарды әсерлі ету үшін музей қызметкерлері түрлі методикаларды қосуды қарастырамыз. Мысалы, осы сабаққа тақырыпқа байланысты музыка маманын шақырып домбырамен күй ойналды. Бұл тәсіл балалардың жадында осы сабақ ұзақ сақталатындығына әсерін береді. Ал слайд арқылы фотосуреттермен дайындалған домбыраның құрылымы теориялық білімді толықтырады.

Қадамдық жұмыс барысына тоқталсақ: 1-қадам: Қағаз жолақтарын қажетті ұзындықта қиып дайындау. 2-қадам: Домбыра денесін жасау (орап, пішін беру) 3-қадам: Мойын мен бас бөлігін қалыптастыру. 4-қадам: Ішек, перне белгілеу. 5-қадам: Безендіру (ұлттық ою) 6-қадам: Картон бетіне барлық элементтерді желімдеу. Балалар өз жұмыстарын көрсетіп, түсіндіргеннен кейін «Домбыра» сөзінен не сезінесіңдер? Ассоциация (достық, ұлттық болмыс, өнер...) деген сұрақпен аудиторияның ойын тереңдетіп ой алмасамыз.

Бұл шығармашылықтан шығатын қорытынды нәтиже: Балалар өз қолымен квиллинг техникасында домбыра жасап шығады. Домбыра тарихын, маңызын біледі. Ұлттық өнерге қызығушылық артады. Музыка, қолөнер және мәдениет интеграциясы жүзеге асады.

3-сабақтың тақырыбы: «Киіз үй – қазақ мәдениетінің алтын қазығы» бұл сабақ Семей қаласының №6 арнайы мектеп-интернатының 8-9-сынып оқушыларымен өтті. Сабақтың мақсаты: Қазақ халқының тұрмыс-салтындағы киіз үйдің мәдени маңызын түсіндіру; Оқушылардың бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыру; Мозайка техникасында дәнді дақылдармен жұмыс жасау дағдыларын дамыту; Шығармашылық қиялды жетілдіру, әсемдікке тәрбиелеу. Жүйке-жүйені тыныштандыру болды. Қажетті құрал-жабдықтар: Киіз үй бейнеленген картиналар (музей қорынан репродукциялар); Қатты қағаз парақтары (А4 форматта); Әр түрлі дәнді дақылдар (қарақұмық, тары, жүгері, бидай, күріш т.б.); Желім, қылқалам, ыдыстар; қарындаш, өшіргіш тәрізді заттар қажет. Балаларға киіз үй бейнеленген картиналарды көрсетеміз. Әр картинаның көркемдік ерекшеліктерін түсіндіреміз. Қазақ тұрмысындағы киіз үйдің орны, оның қасиетті ұғым ретіндегі маңызы жайлы айту. Практикалық жұмыс – мозайка техникасында. Қағаз бетіне киіз үйдің контурын қарындашпен сызу. Дәнді дақылдармен мозайка жасау жолдарын түсіндіру. Балаларға дербес жұмыс: дәндерді желім жағып, суретті толтыру. Қазақ халқының табиғатпен үйлесімділігі мен тұрмыстық даналығын өнер арқылы көрсету. Күтілетін нәтиже: Оқушылар киіз үйдің қазақ мәдениетіндегі маңызын біледі; Мозайка техникасында өз қолымен шағын туынды жасайды; Ұлттық құндылықтарды құрметтеу сезімі қалыптасады.

Қазақ халқының бай рухани мұрасы мен қолөнерін болашақ ұрпаққа жеткізудің тиімді жолдарының бірі – музейлік білім беру мен этнопедагогиканы шығармашылық сабақтарымыз арқылы ұштастырдық. Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері музейінің шығармашылық сабақтары – жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, олардың ұлттық болмысын, эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін дамытатын маңызды платформа ретінде танылады.

Бүгінгі таңда шығармашылық сабақтар тек эстетикалық тәрбие құралы емес, сонымен қатар баланың психологиялық жай-күйіне оң әсер ететін, ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың тиімді әдісі ретінде де өзін дәлелдеп отыр. Сабақтарда қолданылатын



әдіс-тәсілдер, визуалды материалдар, практикалық жұмыстар – баланың ішкі жан дүниесін ашуға, өз-өзіне сенімділігін арттыруға және өнерге деген сүйіспеншілігін оятуға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, музейлік білім беру мен этнопедагогика бір арнада тоғысқанда, бұл тек қосымша білім берудің формасы емес, ұлттық өнер мен руханиятты жаңғыртудың нақты тетігіне айналады. Осы бағыттағы жұмыс үздіксіз жалғасын тауып, музей сабақтары заман талабына сай түрленіп отырса, болашақ ұрпақтың бойында туған елінің мәдениеті мен өнеріне деген құрмет пен мақтаныш сезімі қалыптасары сөзсіз. Музейлік білім беру мен этнопедагогиканың тоғысы – Қазақстан қоғамы үшін аса маңызды мәдени-рухани процесс.

Ұлттық өнерді дәріптеу арқылы біз болашаққа үзілмейтін көпір саламыз. Бұл көпір – ата-бабамыздың қолөнерін, ою-өрнегін, қазақ үйін, алашасын, тұмарын, домбырасын, тұрмыс-салт дәстүрін бүгінгі және келер ұрпаққа жеткізудің сенімді жолы. Балалардың қолын өнерлі етіп, жүрегін ұлттық рухпен тәрбиелеу – музей сабақтарының ең басты мақсаты. Ұрпақ өз ата-бабасының шеберлігімен мақтанғанда ғана елдің рухани іргесі берік болады. Сондықтан шығармашылық сабақтар – тек қосымша білім емес, болашаққа аманат өнердің мәңгілік мектебі.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтап қалу – барша қоғамның маңызды миссияларының бірі. Бұл міндет әсіресе өскелең ұрпақтың рухани дүниесін қалыптастыруда айқын көрініс табуы қажет. Осындай жауапты кезеңде этнопедагогика ғылымы мен қолөнер шығармашылығының бірігуі арқылы жүзеге асырылатын музейлік сабақтар ерекше рөл атқарады. Себебі мұндай сабақтар – тек білім беру ғана емес, рухани-мәдени кодты ұрпақ бойына сіңірудің де пәрменді жолы.

Этнопедагогика – халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған тәлім-тәрбиелік тәжірибесінің тұғырлы ілімі. Ол – ұлттың өмір салты, дүниетанымы, салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарының жиынтығы. Ал қолөнер – сол ілімнің нақты, өміршең көрінісі. Ұлттық нақыштағы ою-өрнек, тоқымашылық, зергерлік, керамика, киіз басу, ағаш және терімен жұмыс істеу – бұлардың бәрі де ата-бабадан жеткен асыл мұра. Бұл өнер түрлерінің әрқайсысы тек әсемдік үшін емес, белгілі бір мағыналық, тәрбиелік жүктемемен жасалған.

Осы мұраны музей қабырғасында балалардың бойына сіңіру – үлкен тәрбие мектебі. Себебі музей – ұлттық жадының көрінісі, көзбен көріп, қолмен ұстап, жүрекпен сезінуге болатын білім мен тәрбиенің ерекше кеңістігі. Онда ұйымдастырылатын шығармашылық сабақтар – тек қолөнер техникасын үйретіп қоймайды, олар бала бойына өткен мен бүгіннің, материалдық пен руханидың, дәстүр мен жаңашылдықтың үндестігін дарытады.

Болашақ ұрпаққа біз не қалдырамыз? Бұл сұраққа бүгін жауап іздесек, ертең соның нәтижесін көреміз. Музейде өткізілетін этнопедагогикалық сабақтар арқылы біз ең алдымен ұлттық болмысты аманаттаймыз. Балалар қазақтың кім екенін, оның тарихы мен дүниетанымы қандай болғанын, ата-бабаның табиғатпен үйлесімді өмір сүре отырып жасаған өнер туындылары не мақсатта қолданылғанын терең түсіне бастайды. Олар ұлттық оюды тек сән үшін емес, символдық мағынасы бар мәдени кілт ретінде қабылдайды. Қолөнердегі нақыштардан табиғатты таниды, тұрмысты ұғынады, тарихты сезінеді.

Сонымен қатар бұл сабақтар – тек дәстүрлі шеберлікті үйретіп қана қоймай, балалардың эстетикалық талғамын дамытып, шығармашылық ойлау қабілетін ұштайды. Өз қолымен бір нәрсе жасап көру – тек қана техника емес, ол – еңбекке құрмет, шыдамдылық, жауапкершілік, дәлдік, ұқыптылық, яғни нағыз тұлғаға қажет қасиеттердің бастауы.

Бүгін музейде өткен бір шығармашылық сабақ – ертең баланың санасында ұлттық мақтаныш сезімі болып жаңғырады. Ол бала өскенде қолөнер шебері болмаса да, ұлттық құндылықты қадірлейтін азаматқа айналады. Міне, біздің ұрпаққа қалдырар басты мұрамыз – осы рухани сабақтастық.

Әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ. Этнопедагогика негіздері. – Алматы, 2004
2. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениет: Энциклопедия. – Алматы, 2011
3. Музей педагогикасы: оқу құралы / Ә. Қалмырзаев. – Астана, 2018
4. Қазақ қолөнері: зерттеулер жинағы. – Алматы, 2008
5. Қазақстанның бейнелеу өнері: каталог/ Невзоровтар отбасы атындағы ШҚО бейнелеу өнері мұражайы . – Семей, 2011
6. 6.Шығыс Қазақстан облыстық Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайының жинағындағы Невзоровтар отбасы тартуларының каталогы/ ред. Стромская Т.А., Килиоглова С.Р. – Семей, 2013
7. Жарықбаев Қ. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы, 1994
8. Қалиев С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы, 1993
9. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991
10. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана, 2007
11. Выготский Л.С. Психология развития ребёнка. – М., 1991
12. Монтессори М. Помогите мне это сделать самому. – М., 2003
13. Мельникова Ф. Музейная педагогика: теория и практика. – М., 2005
14. Қалиев С. Халық педагогикасының негіздері/ Қалиев С. Жарықбаев Қ.. – Алматы, 1993
15. Сағымбаев Ә. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі: Оқу әдістемелік құрал. – Астана , 2013
16. Мұқанова Б. Этнопедагогика: Оқу құралы. / Мұқанова Б., Ильясова Р. – Астана, 2008
17. Егізбаева М.Қ. Музей педагогикасы: оқу құралы/ Егізбаева М.Қ., Жұматаев Р.С.. – Алматы, 2020
18. Әбдуәлиева Ш. Қалық қолөнері. – Алматы, 1992
19. Музей сабақтарының жинағы/ Құраст. Қазбекова Р.Ұ..– Астана, 2009
20. Жумабекова Ф. Бейнелеу өнері бойынша дидактикалық ойындар. – Алматы, 1994
21. Әбдібекқызы Қ. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту. – Алматы, 1994
22. Узбекали Джанибеков. Эхо... По следам легенды о золотой домбре. – А.-Ата, 1991
23. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика : Оқу құралы. – Астана, 2008
24. Набидоллина Ш. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы: оқулық . – Астана, 2011
25. Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері – Алматы, 1992

КОКСЕГЕНОВА Эльмира Меллатовна

«№ 4 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

педагогика ғылымдарының магистрі

БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада музей педагогикасының заманауи білім беру жүйесіндегі рөлі мен маңызы қарастырылады. Музей кеңістігі – оқушының мәдени-тарихи құндылықтарды сезінуіне, танымдық және шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін ерекше білім беру алаңы. Сонымен қатар, соңғы жылдардағы отандық және шетелдік зерттеулерге сүйене отырып, музей педагогикасының болашағы, цифрлық технологиялармен ықпалдасуы, интерактивті әдістердің тиімділігі баяндалады. Мақалада теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар үйлестіріліп, музейлік білім берудің әлеуеті кеңінен ашылады.

Кілт сөздер. Музей, мектеп, оқушы, музейлік педагогика.

Кіріспе. Қазіргі таңда әлемдік білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің мазмұны түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. ХХІ ғасыр оқушысы тек білімді ғана емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған, мәдениетті, сын тұрғысынан ойлай алатын тұлға болуы тиіс. Осы мақсатта музей педагогикасы білім беру процесінің маңызды бөлігіне айналып келеді.

Музей – өткен мен бүгінді, тарих пен мәдениет, әдебиет, салт-дәстүрімізді байланыстыратын рухани мекеме. Ал музей педагогикасы – осы кеңістікті білім мен тәрбиенің құралдарына айналдыратын педагогикалық бағыт. Бұл сала оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып, танымдық қызығушылықтарын дамытуда үлкен рөл атқарады. Жаһандану дәуіріндегі өзгерістер білім беру жүйесіне де жаңаша көзқарасты талап етеуде. Сондықтан білім берудегі жаңаша бағыттардың бірі – музей педагогикасы екені сөзсіз. Музей – бұл тек тарихи немесе мәдени ескерткіштердің қоймасы емес, сонымен қатар оқушының танымдық, рухани, эстетикалық дамуына ықпал ететін ерекше білім беру ортасы.

Музейлік оқыту – оқушының өмірлік тәжірибесін байыта отырып, ұлттық-мәдени танымын арттырудың тиімді құралы. Қазіргі таңда білім беру мен мәдениет салалары арасындағы ықпалдастық артып келеді. Музей педагогикасы осы тоғысу нүктесінде ерекше маңызға ие. Олай болса, музей педагогикасының теориялық негіздері мен білім беру жүйесіндегі қолданылу мүмкіндіктері жан-жақты қарастырсақ. [1; 4]

Музейлік педагогиканы зерттеу барысында келесі ғылыми әдістер қолданылды:

- Теориялық талдау: музей педагогикасы жөніндегі ғылыми еңбектерді, заңнамалық құжаттарды, білім беру стандарттарын талдау;
- Салыстырмалы талдау: Қазақстан мен шетелдегі (Германия, Ресей, АҚШ) музейлік білім беру тәжірибелерін салыстыру;
- Эмпирикалық әдістер: мұғалімдер мен музей қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу;
- Жалпылау және жүйелеу: алынған мәліметтерді талдау арқылы ұсыныстар әзірлеу.
- Зерттеу жұмысы сапалы және кешенді талдауға негізделді.

1. Теориялық-аналитикалық әдісінде – музей педагогикасына қатысты ғылыми зерттеулер мен еңбектерге шолу жасалды;
2. Салыстырмалы әдісте – шетелдік (Германия, Жапония, Ресей) және отандық тәжірибелер сараланды;
3. Сауалнама және сұхбат – мұғалімдер мен музей қызметкерлерінің пікірлері жиналды;
4. Жүйелеу және жалпылау – зерттеу нәтижелері топтастырылып, ұсыныстар жасалды. [1].

Зерттеудің нысаны – Қазақстандағы жалпы білім беру мектептері мен музей мекемелері арасындағы өзара әрекеттестік формалары. Музей педагогикасының теориялық негіздері.

Музей педагогикасы – педагогика ғылымының жаңа саласы. Ол адамның музейлік ортада алған әсері мен ақпаратты тану, көру, ұстау арқылы ой зердесін дамыту және мәдени құндылықтарын дамуға ықпал етеді.

Бұл ұғым алғаш рет XX ғасырдың ортасында Германия мен Францияда ғылыми айналымға енді. Кейін Ресейде (Ю.Н. Столяров, В.П. Козленко) және Қазақстанда (А.Е. Әбдіғаппарова, Р.Б. Нұрғазина) қолданысқа енді.

Музей педагогикасы мынадай қағидаларға сүйенеді:

- Тұлғалық-бағдарлы оқыту;
- Интерактивті және тәжірибелік тәсілдер;
- Мәдени-тарихи мазмұнды пайдалану;
- Оқу мен тәрбиені интеграциялау.

Оқу үрдісінде музей кеңістігін пайдалану оқушының эмоциялық интеллектісін, креативтілігін және тарихи жадысын дамытады.

Музей педагогикасының тарихи негіздері. Музей педагогикасы Батыс еуропа елдерінде XX ғасырдың 50–60 жылдарынан бастап белсенді дами бастады. Германияда алғашқы музейлік білім беру бағдарламалары музейлердің қоғамдық қызметіне енгізілді. Кейін бұл тәжірибе Франция, Ұлыбритания және АҚШ-та жалғасын тапты.

Кеңес Одағында 1970 жылдардан бастап мектептерде музейлік тәрбие жұмыстары басталды. Қазақстанда бұл бағыт Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ғылыми түрде қарастырыла бастады. 2000 жылдары педагогикалық ЖОО-да «музей педагогикасы» «элективті» пән ретінде енгізіле бастады.

Ғылыми айналымға музей педагогикасы ұғымын алғаш енгізгендердің бірі – неміс ғалымы Х. Шарф. Ол музейді «қоғамдық білім беру кеңістігінің бір бөлігі» деп қарастырды.

Музей педагогикасының теориялық сипаттамасы. Музей педагогикасы – педагогика мен музейтану ғылымдарының тоғысында пайда болған интегративті бағыт. Ол мынадай теорияларға негізделеді:

- Джон Дьюидің тәжірибеге негізделген оқыту теориясы;
- В. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени даму теориясы;
- Ж. Пиаже мен Л. Колбергтің когнитивтік даму теориясы;
- Тұлғалық-бағдарлы оқыту (А. Маслоу, К. Роджерс);
- Конструктивизм және білімді өздігінен құру (Ж. Брунер, С. Паперт).

Бұл теориялар музей педагогикасының басты қағидаларын қалыптастыруда негіз болды: белсенділік, интерактивтілік, эмоциялық әсер, креативтілік, тарихи сана. [6; 10].

Қазақстандағы музейлік білім берудің жағдайы. Соңғы жылдары Қазақстанда білім беру ұйымдары мен музейлер арасындағы байланыс орнаған. Бірқатар музейлер мектептермен бірлесіп түрлі жобаларды жүзеге асыруда:

- «Музейдегі сабақ» – пәндік сабақтарды экспозиция залында өткізу;
- «Жас экскурсовод» – оқушылардың музей нұсқаушысы рөлін атқаруы;

- «Мектеп музейі» – оқу орындарындағы шағын музейлерді тәрбие құралы ретінде пайдалану;
- «Мәдени мұра – ұлт байлығы» – этнографиялық және тарихи экспедициялар.

Бұл бағдарламалар оқушылардың музеймен байланысты тәжірибелік әрекетіне жол ашады. Музейде өткен сабақтар оқушы есінде ұзақ сақталады, қызығушылықтарын арттырады, сыни ойлау мен сұрақ қою қабілеттерін дамытады.

Музей педагогикасын толыққанды енгізу үшін келесі жағдайлар қажет:

1. Білім беру бағдарламаларына музей компоненттерін енгізу;
2. Музей қызметкерлері мен мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курстары;
3. Цифрлық технологияларды пайдалану (3D турлар, виртуалды экскурсиялар);
4. Мектеп пен музей арасында меморандумдар мен келісімдер орнату;
5. Оқушылардың зерттеу және жобалық жұмыстарына музей материалдарын қолдану.

Қазақстанда көптеген музейлердің материалдық-техникалық базасы мен әдістемелік ресурстары бұл бағытты дамытуға жеткілікті. Дегенмен кейбір өңірлік музейлерде педагогикалық бағдарламалар толық жетілмеген. Бұл – шешілуі тиіс мәселе.

Сондай-ақ ауылдық жерлерде музейлерге қолжетімділік төмен. Мұны цифрлық музейлер арқылы шешуге болады. Мысалы, ҚР Ұлттық музейі мен «Мәдени мұра» порталы арқылы оқушылар виртуалды экскурсиялар жасай алады. [7;8].

Музей педагогикасының білім беру мазмұны мен байланысы. Музей педагогикасы мектеп пәндерімен тікелей байланысты түрде жүзеге асады:

Тарих – тарихи жәдігерлер арқылы өткен дәуірлерді терең тану;

Қазақ әдебиеті – жазушылар мен ақындарға арналған музейлер арқылы көркем мәтінді түсіну;

Бейнелеу өнері – сурет галереялары мен көрмелер арқылы эстетикалық талғамды дамыту;

География – өлкетану экспонаттары арқылы аймақтық ерекшеліктерді зерттеу.

Мысалы, оқушылар «Қазақстан Тәуелсіздігі» сабағында Астана қаласындағы Ұлттық музейге барып, «Тәуелсіздік» залын аралау арқылы тарихи оқиғаларға терең мән береді. Бұл – эмоциялық-танымдық есте сақтау үшін аса тиімді тәсіл.

Әр өңірдің тарихи, мәдени ерекшеліктері бар. Музейлер осы ерекшеліктерді жергілікті білім саясатына енгізу арқылы жастардың «аймақтық мәдени кодын» қалыптастырады.

ҚР «Мәдениет туралы» заңы мен «Білім туралы» заңында музейлік білім беру жеке бағыт ретінде қарастырылмаған. Бұл жағдай музей педагогикасының институционалдық деңгейде дамуын тежейді.

Халықаралық тәжірибеде (мысалы, Италия, Жапония) музейлер «ресми білім беру серіктесі» мәртебесіне ие.

Германияда әрбір мектеп оқушыларына жылына кем дегенде бір рет музейге бару міндеттелсе, Жапонияда «музей – екінші сынып» деген қағидамен жұмыс істейді. Балалар жастайынан мәдени мұрамен танысады. Ресейде «Музей – мектеп серіктесі» бағдарламасы аясында оқушыларға музейлік жоба қорғау тапсырмасы беріледі. Қазақстанда да осы үлгілерге бейімделіп, «цифрлық музей педагогикасы» бағыты қалыптасуда.

Цифрлық музей педагогикасы. Цифрлық технологиялардың дамуы музей қызметін жаңа деңгейге көтерілді. Виртуалды музейлер, 3D-турлар, онлайн экскурсиялар, дәрістер – білім алушылар үшін тиімді құралға айналды. Қазіргі таңда ҚР Ұлттық музейі мен облыстық музейлерде «цифрлық гид», «QR-экскурсия», «онлайн көрме» форматтары енгізілуде.

Бұл әдістер, әсіресе, шалғай ауылдарда тұратын оқушылар үшін өте маңызды. Олар музейге оффлайн бармаса да, экспонаттармен таныса алады.

Мектеп музейінің маңызы. Қазақстан мектептерінде 1000-нан астам мектеп музейі



жұмыс істейді. Олар көбінесе: «Мектеп тарихы», «Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестер», «Туған өлке табиғаты», «Ұлы тұлғалар» тақырыбында ашылған.

Мектеп музейлері оқушылардың зерттеу, экскурсия жүргізу, көрме ұйымдастыру, ақпарат жинау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар патриоттық тәрбиенің ошағы ретінде маңызды рөл атқарады. [5].

Қорытынды. Музей педагогикасы – білім беру процесі мен музей арасындағы шығармашылық байланысты дамытатын, инновациялық әдістердің бірі. Ол оқушылардың тарихи-мәдени мұрамен байланысын нығайтып, тәрбиелік және танымдық мақсаттарды тиімді жүзеге асырады. Музейлік педагогиканы дамыту арқылы жас ұрпақтың музейге деген құрметін арттырып, еліміздің мәдениетін сақтап қалатын жанашыр ұрпақ тәрбиелейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдіғаппарова А.Е. Музей педагогикасы және оның білім беру жүйесіндегі рөлі // Педагогика және психология. – 2022. – №3. – Б. 45–52.
2. Нұрғазина Р.Б. Музей педагогикасының инновациялық бағыттары // Білім берудегі жаңа технологиялар. – 2023. – №2. – Б. 24–31.
3. Малькова А.А. Музей как образовательное пространство. – М.: Просвещение, 2019. – 132 с.
4. Шаталова Г.Ф. Педагогические возможности музейного пространства. – СПб.: Питер, 2020. – 148 с.
5. Құсайынова А.Ж. Мектеп музейінің тәрбиелік маңызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 76 б.
6. ҚР «Білім туралы» заңы. – Астана, 2019.
7. UNESCO. Museum Education in the 21st Century. – Paris, 2021.
8. Ministry of Education and Culture of Kazakhstan. Digital museum education: national report. – Astana, 2023.
9. Zholdasova G. Museum pedagogy in Kazakhstan: modern approaches and perspectives // Journal of Education Studies. – 2020. – №5. – P. 56–64.
10. Кулагина Т.А. Музей в образовательном процессе школы. – Москва, 2021. – 98 с.

ИМАНГОЖИНА Назгул Турсынгазиновна

*«№16 Төлеубай Аманов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ педагог-зерттеуші,
тарих ғылымдарының магистрі*

МЕКТЕП МУЗЕЙІ МЕН ӨЛКЕТАНУ ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОРНЫ

Аңдатпа. Біздің осы мақаламыздың мақсаты – қазіргі жастардың бойында ұлттық құндылықтардың қалыптасуына мектеп музейі мен өлкетану жасақтарының орны туралы өз іс-тәжірибемізді ортаға салу. Музей – туған еліміздің асыл қазынасы. Ал мектеп музейі оқушыларды, жалпы ата-ананы мектебіміздің шежіресімен таныстыра отырып, оны қастерлеуге тәрбиелейді. Себебі біздің Төлеубай Ыдырысұлы Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп Семей қаласындағы 100 жылдық тарихы бар екі мектептің бірі. Жәдігерлерді қорғау мен жинақтау аясында мектеп оқушыларын «Амановшылар» өлкетану жасағына тарту жүзеге асырылуда. 2023-2024 оқу жылының желтоқсан айында біздің өлкетану жасағы Абай облысы бойынша «Дарын» ҒЗПО бастамасымен құрылған өлкетану жасақтарының қатарына енген болатын. Осы мақалада екі жыл ішінде біздің «Амановшылар» жасағының жетістіктеріне тоқтала отырып, «Жас Амановшылар» тарихи-өлкетану жасағының жұмыс жоспары туралы мәселелер қозғалады.

Кілт сөздер. Музей, мектеп, өлкетану.

XXI ғасыр жаңарған дамыған реформалар ғасыры болып тарих сахнасына енуі өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан оқу-ағарту, ғылым саласында жаңа реформалар жасалуда. Әр елдің ұлттық салт-дәстүрі терең зерттеліп, соны игеруге мол мүмкіндік туды. Қазақстан Республикасы әлем таныған ел болды. Қазіргі жастарға зор міндеттер жүктеледі, білімді ұрпақ қажеттілігі туындады. Қазақ халқының көне тарихын, мол мұрасын оқып үйрену жаңа буын оқулықтарында енді қолға алынып жатыр. Бірақ, қазіргі тарих оқулықтарында жергілікті өлкеміздің тарихы аз жазылған, толық зерттелмеген мәліметтер көп. Сондықтан ұстаздардың тарапынан оқушылардың сабақтан тыс уақытта өлке тарихын оқыту арқылы патриоттық тәрбие беру аса қажет мәселенің бірі.

Біздің осы мақаламыздың мақсаты – қазіргі жастардың бойында ұлттық құндылықтардың қалыптасуына мектеп музейі мен өлкетану жасақтарының орны туралы өз іс-тәжірибемізді ортаға салу.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін:

- 1) 2023-2024 оқу жылында Абай облысы бойынша «Дарын» ҒЗПО бастамасымен құрылған өлкетану жасақтарының қатарына енген біздің мектептің «Амановшылар» тарихи-өлкетану жасағының жұмыс жоспарымен таныстыру,
- 2) біздің 100 жылдық мектеп тарихына арналған 2008 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан мектеп мұражайымыздың ерекшелігіне тоқталу.

Алдымызда қойылған міндеттерді орындаудың маңызды жолдарының бірі – мектебіміздің тарихи-өлкетану музейінің жұмысы мен мектеп оқушыларының патриоттық тәрбие алуы

салаларын зерттеу болып табылады. Өлкетану деп белгілі бір аймақты жан-жақты зерттеп тану ісін айтамыз. Әдетте, ондай зерттеуге өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи және мәдени дамуы, сондай-ақ, оның табиғи сипаты нысан болады.

Оқушыларға туған өлке немесе өзі оқыған мектеп тарихы бойынша белгілі бір негізделген нақты білім беру-басты міндет болып отыр. Оқу-тәрбиелік міндеттермен қатар тарихи- өлкетану бағыты бойынша өскелең ұрпаққа қоғам мүддесіндегі міндеттерді де шешуге қажетті дағдыларды үйрету аса маңызды болып отыр. Ол өз кезегінде, оқушылардың бойында қоғамдық пайдалы істерге деген дағдыларды қалыптастырып, сонымен бірге, оларды тарихи жәдігерлерді қорғауға ынталандырады, Отанын сүюге бағыттайды. Бұл жәдігерлерді алдымен оқушылар мектепішілік музей қорынан ғана таба алады.

Оқушылардың осы күнде тарихқа ден қоя зер салуы артқан жағдайда музей үлесіне үлкен міндет жүктеліп отыр. «Өткенінді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың» – деген сөз де осыған дәлел. Мектеп музейі өткен мен болашақты жалғастырушы түйін. 1999 жылдың 26 сәуірінде Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің №213 «Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін музей ережелерін» бекіту туралы бұйрығы жарияланды. Осы бұйрық негізінде «Мектеп музейі туралы ереже» қабылданды.

Ережеде мектеп музейінің жұмысының мазмұны мен түрі, басқару мен ұйымдастыру жүйесі, қорды сақтау және есепке алуды қамтамасыз ету түрлері ашып көрсетіледі.

Музей – туған еліміздің асыл қазынасы. Ал мектеп музейі оқушыларды, жалпы ата-ананы мектебіміздің шежіресімен таныстыра отырып, оны қастерлеуге тәрбиелейді. Жәдігерлерді қорғау мен жинақтау аясында жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу ісі жатыр. Себебі біздің Төлеубай Ыдырысұлы Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп Семей қаласындағы 100 жылдық тарихы бар екі мектептің бірі. 1922 жылы құрылған кезде біздің мектеп Семей қаласындағы 2-қазақ мектебі болған. Оның бірі қазіргі Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №5 гимназия болса, екіншісі біздің мектеп.

Бұл мектепте 2008 жылдан бастап 12 бөлім бойынша жинақталған 700 астам жәдігер арасында 72 түпнұсқа жәдігерлер арасында атақты тарихи- мәдени тұлғалар ақын Қасым Аманжолов, актер Әбілқасым Жаңбырбаев, сазгерлер Бекен Жамақаев пен Болат Сыбанов, академик Төлеубай Аманов, Парламент депутаты, атақты блогер, экономист Дәулет Мукаев. т.б. спорт саласында Азия мен Еуропа чемпионаттарына қатысушы оқушыларымыз бен өнер мен білім салаларында қызмет істеп жүрген мектеп түлектері мен оларға әліппе танытып, өмірге жолдама берген ҚазақКСР білім беру үздіктері атанған ұстаздар Сабиханова Клара Сәбиханқызы, Мархабаева Ғазиза Жұмағалиқызы, Кеңесова Тамара Құмарқызы, сондай-ақ 40 жылдан астам осы мектепте дәріс берген Кулмухамбетова Надия Ысқаққызы, Жампеисова Айсұра Түсіпханқызы, т.б. сияқты ұстаздардың еңбек жолы туралы сыр шертетін жәдігерлер бар.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Ұлттық мүдде» бағыты біздің қазақ халқының асыл мұраларын келешек ұрпаққа жеткізуіміз қажет деген ойды анық аңғартады. Мектеп музейі – жас буынның отбасы, ата-ана, мектеп, қоғам, Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, туған өлкенің табиғи байлықтарын сақтап құрметтеуге үйрету, еліміздің өткені мен бүгініне құрметпен қарау, адамгершілік-эстетикалық мәдениеті жоғары, ой-өрісі биік азамат ретінде қалыптасуына ықпал ете алады. Музей жұмысы негізінде оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптастырылады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді. Осы орайда тұлға ретінде қалыптасуы жоғары деңгейдегі 8-10 сыныптардағы мектеп оқушыларын «Амановшылар» өлкетану жасағына тарту жүзеге асырылуда.

2023-2024 оқу жылының желтоқсан айында біздің өлкетану жасағы Абай облысы бойын-

ша «Дарын» ҒЗПО бастамасымен құрылған өлкетану жасақтарының қатарына енген болатын. Осы екі жыл ішінде біздің «Амановшылар» жасағының жетістіктеріне тоқтала кетсек

1. 2024 жылдың наурыз айында Абай облысы ББ ММ «Дарын» ҒПО ұйымдастырған өлкетану жасақтарының «Тарихы тұнған өлке» сайысының облыстық кезеңінде «Инфографика» номинациясы бойынша «Амановшылар» жасағы I орын алды.
2. 2024 жылы 1 сәуірде Абай облысы ББ ММ «Облыстық инновациялық орталығы» КММ ұйымдастырумен өткен «Ғылым мен білім: жастардың заманауи» көзқарасы атты халықаралық қатысумен облыстық ғылыми практикалық конференциясында Дулат Аида мен Тукубаева Алия жүлделі III орын алса,
3. 2024 жылдың 18-19 сәуірінде Астана қаласында 2024 жылдың 18-19 сәуір күндері Астана қаласында «Қазақстан Республикасының Президенттік Орталығы» ұйымдастырған «Жоспарлау, іздену, талдау» атты тарих пәні мұғалімдеріне арналған республикалық педагогикалық идеялар шеберханасында осы біздің облыста ғана бар өлкетану жасағының жұмысымен таныстырып, іс-тәжірибеммен бөлістім.
4. 2024 жылдың қазан айында Солтанғазина Анель «Менің кіші Отаным» республикалық интеллектуалдық сайысының қалалық кезеңінде II орын алды.
5. 2024 жылдың қараша айында Солтанғазина Анель «Менің өлкемнің тарихи-мәдени мұрасы» облыстық байқауының «Мұражай – тарих айнасы» номинациясы бойынша жүлделі II орын алды.
6. 2025 жылдың ақпан айында Абай облысы білім басқармасы ММ «Дарын» ҒПО ұйымдастырған облыстық өлкетану жасақтарына арналған «Өлкетану сағаты» интеллектуалдық олимпиадасында 9 В сыныбынан Солтанғазиева Анель мен Султанова Айым жүлделі II орын алды.
7. 2025 жылдың мамыр айында Абай облысы білім басқармасы ММ «Дарын» ҒПО ұйымдастырған облыстық өлкетану жасақтарына арналған «Парктер шеруі» акциясына облыстағы топ 5 өлкетану жасағына енген «Амановшылар жасағы» облыстық биологиялық орталыққа ағаш егу рәсіміне қатысқаны үшін Алғыс хат алдық.
8. 2025 жылдың қыркүйек айында Солтанғазина Анель Абай облысы білім басқармасы ММ «Дарын» ҒПО ұйымдастыратын мектеп оқушыларының «Дарын» ғылыми жобалар сайысына қатысу үшін «Абай жолы» романында аталатын топонимикалық атаулар мен тарихи тұлғалармен байланысты киелі жерлерді зерттей келе «Абай жолы» маршруттық картасының Му Maps бағдарламасы бойынша олардың нақты геолокациясы мен қысқаша сипаттамасын жасап шығардық.

Біздің мектептің «Амановшылар» тарихи-өлкетану жасағының жұмыс жоспарымен бөлісу үшін осы жұмысты ұйымдастыру үшін жасалынған арнайы бағдарламамен таныстыра кетуді жөн көрдік.

«Амановшылар» тарихи-өлкетану жасағының жұмысына арналған бағдарламаның мақсаты – музей жұмысы арқылы оқушылар бойында өз отанына, еліне, мектебіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстары арқылы ізденіс дағдыларын дамыту.

«Амановшылар» тарихи-өлкетану жасағы үйірмесінің басты мақсаты:

- 1) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын орындау;
- 2) Оқушылар бойына патриоттық ұғымды қалыптастыру;
- 3) Оқушылардың бойында зерттеушілік қасиеттерін қалыптастыру;
- 4) Өлкеміздің тарихи – мәдени ескерткіштерін насихаттау.

Міндеттері:

- 1) Оқушылар бойында шығармашылық жұмыстарға деген қызығушылықты

қалыптастыру;

- 2) Жорықтармен қамтылған ізденіс-зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру;
- 3) Өлкетанулық жұмыстар арқылы тұлғаның әлеуметтік даралығын анықтау;
- 4) Отанға, елге, отбасына, мектепке деген патриоттық сезімді дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- жәдігерлермен жұмыс жасап үйренеді;
- тарихқа деген қызығушылығы оянады;
- сабақ барысын әртүрлі әдебиеттермен толықтырады;
- ізденіс- зерттеушілік жұмыстарын жүргізеді;
- ақпараттарды жинақтайды, сараптайды, рәсімдейді;
- мұрағат қоры құжаттарымен жұмыс жасайды;
- әр оқушы өздігінен ақпараттарды іздеу және оны сараптама жұмыстары арқылы жобалар жасақтауға дағдыланады.

Үйірме мүшелерімен жүргізілген сабақтардың нәтижесінде:

- Өлкенің тарихи ескерткіштерін біледі;
- Абай облыс тарихи дамуы ерекшеліктерін, мәдениетін, тарихи тұлғаларын және олардың өлкеміздің дамуына қосқан үлестерін анықтайды;
- Еліміздің тарихи дамуын саралай алады;
- Жәдігерлердің тарихи құндылығын ажырата алады;
- Ғылыми құжатты дайындай біледі;
- Шығармашылық жұмыстармен айналысады;
- Ақпараттарды тез, әрі сапалы жинақтауды үйренеді.
- Үйірме мүшелерінің жұмыс нәтижелері осы өлшемдермен анықталады.
- Жеке тұлға дамуы нәтижелері:
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын терең ұғынуға;
- Өлкенің, өз оқитын мектеп тарихын білуіне;
- Тарихи ескерткіштерді құрметтеуге тәрбиелейді.

II. Тақырыптық-күнтізбелік жоспары

«Амановшылар» патриоттық-өлкетану үйірмесінің 2025-2026 оқу жылына тақырыптық-күнтізбелік жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Жұмыс түрлері
I – бөлім. Өлкетану				
1	Кіріспе. «Амановшылар» өлкетану үйірмесінің мақсат-міндеттерімен оқушыларды таныстыру	1	қыркүйек	Мектеп оқушылар лездесінде жалпылама ақпарат беру
2	Үйірмеге іріктеу	1	қыркүйек	8-10 сыныптар арасынан іріктеу жұмыс жүргізу
2 – бөлім. Этнография				
3	«Мектебім – алтын ұя бесігім» Мектептің құрылу тарихымен таныстыру.	1	қазан	«Туған өлке тарихы» жобасы
4-5	Менің әулетімнің тарихы. Менің отбасымның құнды жәдігерлері. Эссе жазу	2	қазан	Эсселер сайысы

6	Этнографиялық мәліметтер жинау үлгілері.	1	қараша	Мектеп музейінің жәдігерлері
7	«Атадан қалған мұра» мектепшілік байқауын өткізу	1	қараша	Плакаттар шығару
3 бөлім. Тарихи экскурсия				
8	Экскурсия түсінігі.	1	желтоқсан	Мұражайларға саяхат
9	Экскурсия тарихы	1	желтоқсан	
10	Экскурсия түрлері	1	желтоқсан	
11	Экскурсия жетекшісінің шеберлігі	1	желтоқсан	
12	Жаңа экскурсияны дайындау технологиясы	1	желтоқсан	
13	Мектеп түлектерінің даталы күндері. Мерейтойлар тізбесін дайындау	1	қаңтар	
14	«Өлкетану» музейіне экскурсия	1	қаңтар	
15	Абай мұражайына саяхат	1	қаңтар	
16	«Алаш арыстары» музейіне экскурсия	1	қаңтар	
17	«Жеңіс» музейіне саяхат	1	қаңтар	
18	Невзоровтар музейіне саяхат	1	қаңтар	
4-бөлім. Топономика				
19	Жер-су аттарына шолу	1	ақпан	Топтық зерттеу жұмысы
20	Семей өңірінен шыққан атақты адамдар, қоғам қайраткерлері, өлкетанушылар және еңбектері	1	ақпан	
21	Семейдің шығу тарихын зерттеу. Деректер жинау	1	ақпан	
22	Жергілікті өлкетанушы А.И.Исинмен кездесу	1	ақпан	
5-бөлім. Музейтану. Музей құжаттарымен жұмыс				
23	Инвентарлық кітапты жүргізу	1	наурыз	Инвентарлық кітапты толтыру
24	Қабылдау, беру актісін толтыру	1	наурыз	Қабылдау, беру актісін жасау
25	Ғылыми төлқұжатты рәсімдеу	1	наурыз	Ғылыми төлқұжат рәсімдеуді үйрену
26	«Мұражай ережесі» шеберлік сағатын өткізу	1	наурыз	Ашық сабақ
6-бөлім. Шығармашылық жұмыстар				
27	«Амановшылар» үйірмесінің отырысы	1	сәуір	Жиналыс
28	«Музей түні» акциясы	1	сәуір	Акция сценарийі
29	Жоба жазу үлгілері. Жоба тақырыптарын сұрыптау	1	мамыр	«Туған өлке тарихы» ғылыми жобасы
30	Қорытынды. Жобаларды талқылау	1	мамыр	Дөңгелек үстел
	Барлығы	34		



2023-2024 оқу жылынан бері бұл жасақ құрамына негізінен 8-10 сынып оқушылары іріктеліп алынды. Бір жағынан олар жас мөлшері бойынша біршама ересек оқушылар және әлі ҰБТ дайындықты басталмағандықтан қосымша жұмыстарға, мысалы музейлерге баруға уақыт тауып жүруіне өте ыңғайлы екен. Алғашында жасақ құрамына 11 адам кірсе, жыл сайын оның құрамы жаңартылып, жасаққа 8-10 оқушы кіріп отырды. Олардың ішінде алтын белгі иелері де бар. Олардың әрқайсысының өзіндік қызметтері бар, мысалы мұражай туристік дағдыларға жауап беру, аймақтың флорасы мен фаунасын зерттеу, киелі және тарихи орындарды зерттеу, ақпарат және құжаттама жинау, мектеп Парламентінің өкілі, мобилограф, фоторедактор деген сияқты. Осы жасақ жұмысын біз әлеуметтік желілер арқылы да насихаттауды қолға алудамыз.

Қорыта келгенде, өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс. Сондықтан, мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңызды. №16 Төлеубай Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебіндегі өлкетану бағытындағы мектеп мұражайы ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, Қазақстанның тарихи – мәдени дамуына өз үлесін қосуға әзір түлектерді тәрбиелеп келеді. Оған дәлел, 2008 жылы құрылған мектеп музей өз жәдігерлерін сақтап қана қоймай, жыл сайын музей қорын сапалы экспонаттармен толықтыру жолында жалғастыруда. 2023 жылы қыркүйекте құрылған «Амановшылар» патриоттық-өлкетану үйірмесі аталған жұмыстың жүйелі жүруін басшылыққа алды. 2024 жылы 24 қаңтарда біздің мектепте қалалық білім бөлімінің жоспарына сай мектеп директорларының тәрбие ісі бойынша орынбасарларына арналған «Мектеп музейі-патриоттық тәрбие негізі» атты қалалық семинарда осы өлкетану жасағының үйірме бағдарламасы таныстырылды. 2025 жылдың 29 сәуірінде біздің жасақтың жұмысы «Абай облысы білім басқармасы» ММ-нің «Облыстық инновациялық орталығы» КММ ұйымдастыруымен өткізілген облыстық тарих пәні мұғалімдеріне арналған «Тарихты оқытудың жаңа көкжиектері: заманауи әдістер, өлкетану мен цифрлық технологияларды интеграциялау» семинарында «Мектеп музейі – тірі тарих: өлкетану жасағы мен цифрлық технологиялар тоғысында» атты шеберлік сағатын өткіздім.

Сонымен қоса, бұл үйірме бағдарламасы отбасы тарихынан бастап, ел, жер тарихын зерттеумен жалғастырылған жұмыстар жүйесінен құрылған. Үйірмеге келген әр оқушы жай қатынасып қана қоймай, болашақта ұлы істерге бастайтын алғашқы қадам, ізденіс-зерттеу жұмыстарын жасай алады. Бос уақытында қосымша әдебиеттерді зерттейді. Бұл оқушы үшін де, ата-ана үшін де тиімді дер едік.

Ұсынылып отырған «Амановшылар» патриоттық – өлкетану үйірме бағдарламасы өлкетану бағытында жұмыс істейтін мектеп мұражайларына арналады.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Бірыңғай тәрбие» бағдарламасы// Астана.- 20233 жыл
2. Мұқтар Ә.Қ. «Тарих айдынындағы тұлғалар». Аламаты.2008 жыл
3. Бейімбет М. «Туған өлке» жобасы. 2016 жыл

ТЛЕУБЕРГЕНҚЫЗЫ Гүлім

«Алаш Арыстары – Мұхтар Әуезов»

музейінің экскурсия жетекшісі

АЛАШ МУЗЕЙІ – ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ САҚТАУДЫҢ ТОҒЫСҚАН ОРТАЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫ

Андатпа. Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының тарихи және рухани мұрасы мен оны насихаттаудағы музей ісінің маңызы қарастырылады. Алаш музейі ұлттың тарихи жады мен мәдени мұрасын сақтауда, келер ұрпаққа отансүйгіштік пен рухани құндылықтарды дарытудың орталығы ретінде сипатталады. Сонымен қатар, заманауи цифрландыру үрдістері, QR-код жүйелері, мультимедиялық экспозициялар және виртуалды көрмелер арқылы музей қызметін жаңғыртудың тиімді бағыттары талданады. Зерттеу барысында музей ісін дамытудағы инновациялық тәсілдердің ұлттық мәдениетті халықаралық деңгейде танытудағы маңызы айқындалады.

Кілт сөздер. Алаш музейі, тарихи жады, рухани мұра, цифрландыру, заманауи формат.

Қазақ халқының ұлттық тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі – XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы. Алаш қайраткерлері елдің тәуелсіздігі мен ұлттық бірлігін, ғылым-білімнің дамуын, демократиялық құндылықтарды басты мақсат етіп қойды. Олар ұсынған идеялар уақыт сынынан өтіп, бүгінгі күні де өзекті болып отыр.

Ұлттың тарихи жадысын сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізудің басты құралдарының бірі – музей. Әсіресе, Алаш қозғалысы сияқты тағдыры күрделі тарихи құбылысты халық жадында жаңғыртуда Алаш музейінің орны ерекше. Бұл музей тек жәдігерлерді сақтайтын орын ғана емес, сонымен қатар рухани тәрбие беретін, ғылыми зерттеулерге негіз болатын, жаңа технологияларды енгізу арқылы тарихты заманауи тұрғыда дәріптейтін орталыққа айналып отыр.

Рухани мұра және тарихи жады

Алаш қозғалысының өкілдері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабаев сынды тұлғалар қазақтың қоғамдық ой-санасын жаңа деңгейге көтерген қайраткерлер болды. Олардың еңбектері ұлттық мемлекеттіліктің негізін қалады.

Алаш музейі осы тұлғалардың өмір жолы мен еңбегін халыққа танытуға, олардың идеяларын насихаттауға бағытталған. Мұнда сақталған жәдігерлер, қолжазбалар, фотосуреттер – тарихи жадының айқын дәлелі. Музей экспозицияларында ұлт зиялыларының еңбектері тек өткен тарихтың белгісі емес, сонымен қатар қазіргі ұрпақ үшін бағыт-бағдар беретін рухани мұра ретінде ұсынылады.

Алаш арыстары Мұхтар Әуезов атындағы музей – ұлт руханиятын ұлықтайтын ерекше орын. Бұл музей тек жәдігерлер қойылған кеңістік емес, ұлттың жады мен санасын қайта жаңғыртатын рухани орта. Мұнда келген әрбір адам тарихпен тілдесіп, өткеннің тынысын сезінеді. Экспозиция залдарында Алаш қозғалысының ұлы тұлғаларының өмірі мен еңбегі көрініс тапқан. Әр бұрышта олардың ұлтқа қызмет ету жолындағы ерлігі мен адалдығы

сезіледі.

Тәрбие және білім беру үдерісіндегі Алаш музейі.

Музейдің тағы бір маңызды миссиясы – жас ұрпаққа тарихи сананы қалыптастыру. Алаш музейінде мектеп оқушыларына, студенттерге арналған танымдық экскурсиялар, дәрістер, арнайы музей сабақтары өткізіледі. Бұл сабақтарда оқушылар Алаш қайраткерлерінің өмірімен, олардың ағартушылық, саяси және ғылыми қызметімен танысып қана қоймай, отансүйгіштік, ұлттық намыс, жауапкершілік сияқты құндылықтарды бойына сіңіреді.

Сонымен қатар, музей алаңында ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер, көрмелер ұйымдастырылады. Мұндай іс-шаралар жас ғалымдар мен зерттеушілер үшін тәжірибе алаңы бола отырып, ұлт тарихын жаңа көзқараспен зерделеуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда Алаш музейі тек тарихи жәдігерлерді сақтайтын орын емес, сонымен қатар ұлттық білім мен тәрбие беру ісінде маңызды мәдени-ағартушылық орталық болып табылады.

Алаш музейінің креативті бағыты тек белгілі тұлғаларды емес, көлеңкеде қалған қайраткерлерді де таныстырумен ерекшеленуі керек.

Қазіргі таңда музей ісінің дамуы дәстүрлі форматтан шығып, заманауи цифрлық технологиялармен, визуалды коммуникациялармен, жаңа медиа құралдарымен тығыз байланыс орнатуда. Алаш музейі осы бағытта тарихи жады мен рухани мұраны қоғаммен жаңа формада сөйлестіре алатын мәдени-ғылыми орталыққа айналып келеді. Мұнда келушілер тек экспозицияны тамашалап қана қоймай, тарихты сезінудің, ойланудың, сұрақ қоюдың жаңа тәжірибесін бастан кешіреді. Бұл – креативті музейтанудың басты мақсаты.

Алайда бүгінгі ғылыми ортада және жалпы мәдени дискурста бір мәселе жиі байқалады: Алаш тақырыбы айтылғанда, негізгі назар көбіне Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы тұлғаларына аударылады. Әрине, олардың тарихи рөлі мен еңбегі айрықша, бірақ Алаш идеясы тек осы үш тұлғаның аясында шектелмейді. Бұл қозғалыс – жүздеген қайраткерлердің ортақ ұмтылысы, ұлттық сана мен мемлекеттілік идеясын бірлесе көтерген тұтас буынның еңбегі.

Сондықтан Алаш музейінің басты ғылыми-танымдық миссияларының бірі – қазіргі кезде аз зерттелген немесе айтылмай жүрген тұлғаларды да қоғамға кеңінен таныстыру болуы тиіс. Мысалы, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер, Елдес Омаров, Ғазымбек Бірімжанов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Баймұхамбет Қосшығұлов, Назир Төреқұлов, Мүнира Құлымбетова, Әмина Қасымқызы, Нағима Арықова, Мәриям Дулатова (Міржақыптың жары), Гүлбаһрам Бөкейханова (Әлиханнның қызы), Шолпан Иманбаева (ағартушылық бағыттағы журналист), Халима Бөкейханова, Күләнда Аймауытова (Жүсіпбектің жары), Рабиға Сыздықова (рухани сабақтастық өкілі тіпті аймақтық деңгейде еңбек еткен зиялылардың өмірі мен қызметін жаңаша көзқараспен зерделеу аса маңызды.

Заманауи форматтар және цифрландыру мүмкіндіктері.

Қазіргі таңда музей ісі жаңа заман талаптарына сай жаңарып келеді. Бұл бағытта Алаш музейі де заманауи технологияларды енгізуге қадам жасауда.

Біріншіден, экспозицияларды мультимедиялық құралдармен толықтыру – келушілерге тарихи деректерді қызықты әрі түсінікті түрде ұсынуға мүмкіндік береді. 3D үлгілер, интерактивті тач панельдер, QR-код арқылы қосымша ақпарат алу жүйелері, – заманауи музейдің басты құралдарына айналууда.

Екіншіден, Алаш қайраткерлеріне қатысты архив құжаттары мен фотосуреттерін цифрлық форматқа көшіру – болашақ ұрпақ үшін аса құнды іс. Бұл материалдарды электрондық базаға енгізу арқылы оларды әлемнің кез келген нүктесінен қолжетімді етуге болады.

Үшіншіден, виртуалды турлар мен онлайн-көрмелер музейдің жаңа аудиториясын кеңейтуде. Әлеуметтік желілердегі жобалар арқылы жастардың қызығушылығын арттыру –



қазіргі заман талабы.

Бұдан бөлек, жасанды интеллект технологиялары да музей ісіне біртіндеп енгізіліп келеді. Мысалы, цифрланған материалдарды талдау, автоматты түрде жүйелеу немесе келушілерге интеллектуалды гид қызметін ұсыну – болашақтағы мүмкіндіктердің бірі.

Сонымен қатар музейде аудиогид жүйесін енгізу мәселесі де өзекті. Арнайы дыбыстық жазбалар арқылы әр залдың мазмұнын тыңдау мүмкіндігі келушілер үшін ыңғайлы. Бұл бағытта қарапайым мобильді қосымшалар мен әлеуметтік желілер платформасын тиімді қолдануға болады. Мысалы, «Алаш дауысы» атты жобаны іске асырып, музей қызметкерлерінің өз дауысымен жазылған шағын тарихи әңгімелерін ұсынуға болады.

Тағы бір маңызды бағыт – әлеуметтік желілер арқылы музейдің жұмысын кеңінен насихаттау. Әр жәдігердің тарихын шағын бейне форматында, storytelling үлгісінде көрсету жастардың назарын аударып, Алаш идеясының мәнін түсінуге көмектеседі. Осы тұрғыда «Жәдігер тарихы» атты қысқа видеолар сериясын жасау тиімді болмақ. Әр бейне 1–2 минуттан аспай, нақты бір жәдігердің тарихын, иесінің өмір жолын және оның рухани маңызын көрсетуге бағытталады.

Болашақта Алаш музейі интерактивті форматтарға көшу арқылы өз әлеуетін кеңейте алады. Мысалы, Artivive қосымшасы арқылы фотосуреттерді «жандандыру» – яғни суретке телефон бағыттағанда, тұлға сөйлей бастайтын бейнежазбалар ашылады. Мұндай тәсіл келушілердің қызығушылығын арттырып қана қоймай, өткен мен бүгіннің арасын байланыстыратын көпірге айналады.

Алаш музейінің ең басты миссиясы – ұлттың рухани мұрасын сақтау және ұрпақ санасына жеткізу. Әр жәдігердің артында тұтас тарих, тағдыр, ұлттың жүрек соғысы жатыр. Сол себепті музей қызметкерлері бұл мұраны тек сақтау емес, оны сөйлету, сезіндіру, ұғындыру жолында еңбектенеді.

Алаш арыстарының өмірі мен күресі бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге. Музейдің әр қабырғасы, әр бұрышы сол рухтың жалғасы. Сондықтан Алаш музейі – тарихи жадының сақтаушысы ғана емес, ұлт санасының жаңғыру орталығы.

Алаш музейінің болашағы және дамудың жаңа бағыттары.

Бүгінгі таңда музей қызметінің тиімділігін арттыру үшін заманауи технологияларды енгізу ғана емес, сонымен бірге қоғаммен байланыс форматын кеңейту аса маңызды. Бұл бағытта Алаш музейі бірқатар жаңа жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Мысалы, виртуалды экскурсиялар арқылы Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі мектептер мен жоғары оқу орындарының студенттері онлайн түрде Алаш арыстарының өмірі мен еңбегімен таныса алады.

Сонымен қатар, AR және VR технологияларын пайдалану – келушілерге тарихи оқиғаларды бейнелі түрде көруге мүмкіндік берер еді. Мұндай әдістер көрерменнің қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың тарихқа тереңірек бойлайды.

Болашақта музей жанынан жас зерттеушілер клубын, интерактивті білім алаңын және «Алаш онлайн энциклопедиясын» құру идеялары бар. Бұл бастамалар жастардың зерттеушілік қабілетін дамытуға, ұлттық тарихқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталады.

Музей қызметкерлері үшін де цифрлық сауаттылықты арттыру, заманауи музей менеджментін меңгеру, халықаралық тәжірибемен алмасу бағыттары маңызды. Алаш музейінің болашағы – дәстүр мен инновацияны үйлестіре отырып, ұлттық руханиятты жаңа деңгейге көтере аламыз.

Алаш музейі – туризм мен креативті индустрияның тоғысқан нүктесі.

Алаш музейі – тек экспозициялар жинағы емес, ұлттық идеяны, тарихи мұраны заманауи тәсілдермен насихаттаудың креативті платформасы. Мұнда мәдени-ағартушылық бағыттағы



экскурсиялар, интерактивті іс-шаралар, әдеби-тарихи кештер, жастарға арналған шеберлік сабақтары өткізіледі. Бұл – музейдің дәстүрлі қызметін жаңа мазмұнмен толықтырып, оны қоғамдық өмірдің белсенді алаңына айналдырудың айқын мысалы.

Қазіргі уақытта мәдени туризм әлемдік экономика мен қоғам дамуының маңызды салаларының бірі болып отыр. Музей ісінің туризммен байланысуы – еліміздің имиджін көтерудің, аймақтық мәдени бренд қалыптастырудың тиімді жолы. Осы бағытта Алаш музейі де өз үлесін қосып келеді. Республикамыздағы блогерлерді тартып, «Kazakh Tourism», облыстық туризм басқармасымен тығыз байланыс орнатып, онлайн экскурсиялар жүргізу жұмыстарын қарқынды жүргізді. Сондықтан музейге келушілердің арасында шетелдік туристер мен өзге қалалардан арнайы келетін қонақтардың саны жылдан жылға артып отыр. Бұл үрдіс Алаш қозғалысына, Мұхтар мұрасына деген халықаралық қызығушылықтың да арта түскенін көрсетеді.

Сонымен қатар музейдің әлеуетін арттырудың тағы бір бағыты – жылжымалы көрмелер мен далалық экспедициялар ұйымдастыру. Мұндай форматтар Алаш мұрасын кеңінен насихаттауға, басқа өңірлер мен елдерге танытуға мүмкіндік береді. Мысалы, музейдің қорындағы ерекше жәдігерлер мен фотоматериалдарды цифрлық көшірме түрінде шетелдік мәдени орталықтарда немесе университеттерде көрсету арқылы Алаш идеясын халықаралық деңгейде таныстыруға болады.

Креативті индустрияның дамуы музей ісін де жаңа арнаға бұрды. Қазіргі уақытта көрерменмен тек экспозиция арқылы емес, постерлер, подкасттар, деректі видеолар, интерактивті карталар, кәдесый өнімдері арқылы да байланыс орнату тәжірибесі кеңейіп келеді. Алаш музейі осы бағытта да үлкен мүмкіндіктерге ие. Мысалы, Алаш тұлғаларының нақыл сөздері мен қолтаңбалары бейнеленген дизайнерлік бұйымдар, кітап бетбелгілері, блокноттар немесе эко-сөмкелер жасау арқылы музей бренді қалыптасады. Бұл – әрі мәдени насихат, әрі экономикалық қолдау көзі.

Болашақта Алаш музейінің миссиясын халықаралық деңгейге көтеру мақсатында шетелдік музейлермен және ғылыми орталықтармен серіктестік орнату маңызды. Бірлескен көрмелер мен зерттеу жобалары арқылы Алаш қозғалысының тарихын әлемге таныту – Қазақстанның мәдени дипломатиясына қосылған үлес болмақ.

Алаш музейі – ұлттық сана мен тарихи жадының символы ғана емес, сонымен қатар мәдени туризм мен креативті индустрияның синтезінде дамып келе жатқан заманауи мәдени орталық. Оның қызметі қоғамдағы рухани тұрақтылықты нығайтып, жастардың тарихи санасын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Қорытынды. Алаш музейі – ұлттық тарих пен рухани мұраны сақтаудың, оны болашаққа жеткізудің басты орталығы. Мұнда тек жәдігерлер ғана емес, халықтың жадында сақталуы тиіс құндылықтар жинақталған. Алаш музейі – ұлттық тарих пен руханиятты сақтаудың, оны ұрпаққа жеткізудің басты мәдени орталығы.

Музей қызметі үш бағытта дамып келеді:

1. Тарихи жадыны сақтау – ұлттың өткенін жүйелеу және қорғау;
2. Тәрбиелік және ағартушылық бағыт – жастарды ұлттық құндылықтарға баулу;
3. Цифрлық жаңғыру – тарихи деректерді жаңа форматта ұсыну.

Осы үш бағыттың бірлігінде Алаш музейі – ұлттың рухани тірегіне айналып отыр.

Ол тек тарихты көрсетіп қана қоймай, ұлттың болашағына бағыт беретін рухани мектеп қызметін атқарады.

Болашақта музей жұмысының халықаралық деңгейде танылуы, оның цифрлық



контентінің көпшілікке қолжетімді болуы – Қазақстан музей ісінің жаңа белесі болмақ.

Алаш идеясы — мәңгілік, ал оны сақтап, дәріптейтін музей – ұлт жадындағы шырақ болып қала береді. Осы ұштағанды қатар дамыту музейдің болашағын айқындап қана қоймай, ұлттық тарихты әлемдік деңгейде насихаттауға жол ашады. Алаш музейінің тәжірибесі – Қазақстандағы музей ісінің дамуындағы маңызды үлгі бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
2. Әбдіғали, С. Алаш арыстары және ұлттық идея. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 280 б.
3. Әуезов, М. Абай Құнанбайұлы (өмірі мен творчествосы). – Алматы: Ғылым, 1967. – 420 б.
4. «Алаш» энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. – 752 б.
5. Батыс, Т.Ж. Музей ісі және ескерткіштерді қорғау. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 250 б.
6. Нұрғалиева, А. Музей ісін цифрландырудағы жаңа үрдістер // Мәдениет және өркениет журналы. – №2. – 2021. – Б. 45–52.
7. UNESCO. Museums in the Digital Age. – Paris: UNESCO Publishing, 2019. – 120 p.
8. Falk, J., Dierking, L. The Museum Experience Revisited. – Routledge, 2016. – 520 p.
9. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі. Музей ісін цифрландыру тұжырымдамасы, 2023.

ОТ СОХРАНЕНИЯ НАСЛЕДИЯ К КРЕАТИВНОМУ ПРОДУКТУ: МУЗЕЙ КАК ИННОВАЦИОННАЯ ПЛОЩАДКА И ДРАЙВЕР ЭКОНОМИКИ

Аннотация: Данная статья исследует двойную роль современного музея: как хранителя культурного наследия и как активного субъекта креативных индустрий. В первой части рассматриваются научные и технологические методы сохранения коллекций, включая использование интеллектуальных систем микроклимата, нанотехнологий в реставрации, а также 3D-сканирования и CMS-систем для цифрового учета. Во второй части анализируется, как оцифрованное наследие становится стратегическим ресурсом для моды, дизайна и IT-индустрии. Особое внимание уделено роли Искусственного Интеллекта (ИИ) в атрибуции, персонализации музейного опыта и создании новых креативных продуктов. Делается вывод о том, что интеграция строгих методов сохранения и креативных инноваций превращает музей в динамичную междисциплинарную платформу, формирующую культурное будущее.

Ключевые слова: музейное дело, музеология, сохранение коллекций, реставрация, креативные индустрии, цифровизация наследия, 3D-сканирование, искусственный интеллект (ИИ), культурное наследие.

Современные музеи трансформировались из статичных хранилищ в динамичные центры креативной индустрии и технологических инноваций. В XXI веке музейные коллекции – это не просто исторические артефакты, а стратегический ресурс, который, благодаря научным методам сохранения и цифровым технологиям, становится основой для создания новых культурных, образовательных и коммерческих продуктов. Союз строгой науки сохранения и свободы креативности определяет будущее музейного дела.

Современные методы хранения и реставрации: Наука на страже наследия

Качество и долговечность музейных коллекций напрямую зависят от внедрения высоких технологий в процессы хранения, реставрации и учета.

А. Технологии контроля и сохранения

Обеспечение идеального микроклимата и защита от биологических угроз являются критически важными задачами.

- **Прецизионный Микроклимат:** Фондохранилища оснащаются интеллектуальными системами HVAC (отопление, вентиляция и кондиционирование воздуха), которые не просто поддерживают заданные параметры ($18-20^{\circ}\text{C}$ и 45-55% влажности), но и используют предиктивную аналитику для прогнозирования резких изменений. Например, оптоволоконные датчики могут уловить микронные изменения в структуре материалов, сигнализируя о потенциальной угрозе.
- **Реставрация с помощью нанотехнологий:** В области реставрации используются наночастицы для укрепления хрупких материалов, таких как бумага или текстиль, и лазерная очистка для удаления загрязнений с поверхности живописи и скульптуры без механического повреждения.

Б. Цифровой Учет и Оцифровка: Создание «Цифровых Близнецов»



Системы управления коллекциями (CMS) стали основой для создания цифровых коллекций, которые являются «сырьем» для креативных проектов.

- CMS и RFID-метки: Использование радиочастотной идентификации (RFID) наряду с продвинутыми CMS позволяет моментально отслеживать местонахождение и состояние любого экспоната, значительно повышая безопасность и эффективность инвентаризации.

- 3D-Сканирование Высокого Разрешения: Каждый уникальный объект сканируется с помощью лазерных 3D-сканеров или фотограмметрии, создавая его «цифрового близнеца» (digital twin). Эти модели используются не только для научного исследования, но и как основа для виртуальных экспозиций, образовательных материалов и даже коммерческих продуктов.

- Интересный факт: Музей криптографии (Москва) активно разрабатывает собственные подходы к хранению цифрового искусства и научно-технического наследия, доказывая, что сохранение касается не только физических, но и виртуальных объектов.

Музей – драйвер креативной экономики и партнер индустрий

Музей, оцифровавший и каталогизировавший свое наследие, становится мощным источником уникального контента, интегрируясь в креативные индустрии.

А. Коллаборации и Брендинг

Сотрудничество с внешними партнерами позволяет музеям монетизировать свои фонды и расширять аудиторию.

- Мода и Дизайн: Музейные коллекции служат достоверным источником вдохновения для модных домов. Примеры:
- Государственный Эрмитаж часто сотрудничает с ювелирными и часовыми брендами, используя мотивы своих коллекций.
- Национальные музеи предоставляют дизайнерам аутентичные орнаменты и выкройки для создания современных коллекций одежды, популяризируя национальное наследие.
- Корпоративное Сотрудничество: Музеи запускают совместные проекты с крупными корпорациями. Например, ГМИИ им. А.С. Пушкина в Москве сотрудничал с сервисом такси, украшая автомобили изображениями картин к открытию выставки, тем самым «выводя искусство на улицы».
- Музейный Мерчандайзинг нового уровня: Сувенирная продукция превращается в высококачественный креативный продукт – от эксклюзивных арт-буков, созданных на основе архивных данных, до реплик артефактов, напечатанных на 3D-принтере.

Б. Искусственный Интеллект и Цифровое Творчество

ИИ становится ключевым инструментом в музейной деятельности и креативном производстве, работая с цифровыми двойниками экспонатов.

- ИИ в Атрибуции и Реставрации: ИИ-алгоритмы (например, система Art Recognition) анализируют манеру письма и состав краски, помогая с высокой точностью определять авторство и подлинность произведений, а также прогнозировать необходимость реставрации.
- Персонализированный Опыт: Искусственный интеллект создает персонализированные маршруты экскурсий для каждого посетителя на основе его интересов, отслеженных через мобильное приложение или интерактивные киоски.
- Креативный Контент с ИИ: Музеи используют нейросети для:
- Оживления портретов и создания визуальных новелл по мотивам исторических событий.
- Генерации уникальных звуковых ландшафтов или музыкальных композиций, вдохновленных экспозицией.



Заключение. Современный музей, инвестируя в научное сохранение своих фондов и их цифровизацию, превращает свое наследие в бесконечный источник идей для креативной экономики. Благодаря технологиям, музей становится междисциплинарным кластером, который не только хранит историю, но и активно участвует в ее переосмыслении, производстве нового контента и формировании культурного капитала будущего. Музей сегодня — это живая, динамичная платформа, где прошлое встречается с будущим.

Список литературы

1. Каулен, М. Е. Музей-хранитель: роль музея в культуре. Проблемы сохранения музейного наследия. — Москва: Издательство «Логос», 2012. — 450 с. (Теоретические основы музееведения и сохранения).
2. Гнедовский, М. Б. Музей и креативные индустрии: стратегия взаимодействия. — Санкт-Петербург: Свое издательство, 2018. — 210 с. (Взаимодействие музея с креативной экономикой).
3. Пиотровский, М. Б. и др. Современные технологии в музееведении и реставрации: опыт Эрмитажа. — Санкт-Петербург: Государственный Эрмитаж, 2020. — 350 с. (Применение высоких технологий в хранении).
4. Культурное наследие и новые технологии. / Под ред. Иванова А. В. — Москва: РИО, 2019. — 280 с. (Вопросы цифровизации и 3D-моделирования).

ТҰРСЫНОВ Ағаділ Хазретәліұлы

*«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени
музей-қорығының кіші ғылыми қызметкері*

ТҮРКІСТАН ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТУРИЗМІНДЕГІ МУЗЕЙЛЕРДІҢ ОРНЫ

Аңдатпа. Мақалада туризмнің даму жолдары мен ондағы музейлердің рөлі туралы баяндалады. Зерттеу барысында «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының аймақтық туризмдегі орны мен оның тарихи мұра нысандарын басқару, яғни, оны сақтау, таныту және туристік объект ретінде ұсынудағы рөлі талданады. Музей қызметінің туристік инфрақұрылыммен байланысы мен мәдени мұраны тиімді пайдаланудағы басқарушылық тетіктеріне назар аударып, оны дамытудағы кедергілерге сараптама жасайды.

Кілт сөздер. Әзірет Сұлтан музей-қорығы, мәдени мұра, музей, тарихи-мәдени туризм, тұрақты даму, туризм, туризмді басқару, Түркістан.

Әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан саласының бірі – туризм. Туризм кез келген өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі тетіктердің біріне айналып отыр. Туризмнің бұл бағыты саяхатшылардың белгілі бір халықтың мәдениетімен, дәтүрімен, сәулеттік және археологиялық ескерткіштерімен танысуға мүмкіндік береді. Ғылыми еңбектерде туризм ұғымына ұлттар мен адамдардың жақындасуына, мәдени байланыстарды кеңейтуге және жаһандық қауымдастықтың дамуына ықпал ететін көп өлшемді әлеуметтік-мәдени және саяси-экономикалық құбылыс ретінде де қарастырады [1].

Мақаламызда тарихи-мәдени туризм, Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени туризмнің дамуы елдің халықаралық аренада имиджін қалыптастырумен қатар, халықтың мәдени мұра нысандарын тиімді пайдаланып, жергілікті халықтың табысын арттыруға жол ашады. Мәдениет пен туризм өзара ықпалдастықта қарастырылатын ұғымдар. Мәдениет туризмді дамытуды ынталандырса, ал туризм мәдени мұраны насихаттайды [2]. Тарихи-мәдени туризм қазіргі заманғы халықаралық туризмнің негізгі сегменті саналады. Бұл ретте мәдени мұра нысандарын негізгі туристік дестинация ретінде жолға қойып, туризмнен мол табыс тауып отырған Европа елдерін атап өтсек болады. Европаның туризм бизнесінен түсетін табысының 70% осы мәдени туризмнің үлесіне тиесілі [3]. Осы тұрғыда музейлердің атқаратын қызметі де ерекше мәнге ие. Ондағы атақты Лувр (Париж), Британ музейі (Лондон), Эрмитаж (Санкт-Петербург), Ватикана музейі (Рим), Орсе музей (Париж), Прадо Ұлттық музейі (Мадрид), Рейксмузеум (Амстердам) және Тейт Модерн (Лондон) музейлері тек ұлттық мәдениетінің насихаттаушысы ғана емес, сонымен қатар туристік тартымдылықтың негізгі ошақтары саналады.

Музей – тек тарихи жәдігерлерді сақтау орны ғана емес, сонымен бірге өткен мен бүгінді байланыстыратын мәдени коммуникация орталығы, туристік білім беру және ағарту алаңы болып саналады.

Түркі әлемінің рухани астанасы саналатын Түркістан қаласы тарихи-мәдени туризмді дамытуда айрықша орынға ие. Бұл жердегі ішкі және сыртқы туристердің негізгі қызығушылығы XIV ғасырдың сәулеттік ескерткіші саналатын Қожа Ахмет Ясауи кесенесі екені белгілі.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның айналасындағы 88,7 гектар қорғау аймағында құрылған «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының өзге де музейлері келушілерге арнайы қызмет көрсетеді. Мұнан бөлек заманауи үлгіде соғылған «Ұлы Дала Елі орталығы» музейі де қала қонақтары үшін қызмет көрсететудегі орны ерекше.

Елімізде туризм дамуының алғышарттары тәуелсіздік алған жылдары-ақ бастау алды. 1993 жылы Қазақстан Дүниежүзілік Туристік ұйымына мүше болып, сол жылы туризм индустриясын дамытуға арналған ұлттық бағдарламалар қабылданған болатын. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Ұлы Жібек Жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұралар сабақтастығын дамыту тұжырымдамасы, жалпы туризм дамуының стратегиясы жасалды [4]. Ал, 2001 жылы 13 маусымда «Қазақстан республикасындағы туристік қызмет туралы» заң қабылданды. Сол сәттен бастап туристік саланы дамытудың кезеңдері айқындалып, туризм саласындағы қызметтерді лицензиялау және тағы басқа қызмет түрлері бойынша мәселелер тұжырымдалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 шілдедегі № 428 қаулысымен «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы құрылды. Компания қызметі халықаралық көрмелерді ұйымдастыру және өткізу, елде туризмді дамыту, келу туризмінің ағысын көбейту, медициналық туризмді дамыту, жәрмеңкелер, аукциондар, ел имиджін ілгерілетуге бағытталған іскерлік және ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру, ҚР заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық және инвестициялық қызмет және басқа да қызмет түрлері айқындалды [5].

Қазақстанда туризмді кластерлік жоспарлау аясында дамыту жолға қойылған. 2018 жылы ҚР мәдениет және спорт министрлігі тарапынан Қазақстанның туризмді дамыту картасы мемлекеттік бағдарламасы қабылданады. Онда республикалық деңгейдегі ең үздік 10 туристік аймақ анықталып, Түркістан өңірін тарихи-мәдени туристік орталық ретінде дамыту жоспары айқындалады. 2019 жылы Түркістанға облыс орталығы мәртебесі берілуі, қаланы туристік орталық ретінде дамыту стратегияларының қабылдануына себеп болды.

2023 жылы «Kazakh Tourism» АҚ еліміздегі туристік кластерлерді 20 бағыт бойынша бөліп, Түркістанды тарихи-мәдени және рухани туризм орталығы ретінде дамыту шараларын ұсынады [6].

2025 жылы ҚР президенті Қ.Тоқаев Түркістанның ерекше мәртебесі туралы заңға қойды. Онда негізінен тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау, қорғау және насихаттау, инфрақұрылым мен туризмді дамытуға арналған жұмыстар жиынтығын заңнамалық реттеу қарастырылған. Бұл Түркістан тарихи-мәдени кластерін дамытуға бағытталған стратегиялық қадамдар. Біз мақаламыздың тақырыбы етіп алып отырған тарихи мәдени туризмдегі музейлердің рөлі өлкенің тарихи-мәдени туризмін дамытуға бағытталған стратегиялық шешімдерге тікелей байланысты.

Жалпы әлемдік тәжірибеде тарихи-мәдени туризмді оңтайлы басқаруда бірнеше кедергілер бар:

- Біріншіден, мәдени мұра нысандарының материалдық жағдайы. Қазіргі таңда тарихи-мәдени нысандарды басқарудағы ең өзекті проблемалардың бірі. Тарихи және археологиялық нысандарға реставрация және консервация жұмыстарының дер кезінде әрі жүйелі түрде жүргізілмеуі, еліміздегі мәдени мұра ескерткіштерінің уақыт ықпалынан зақымдану қаупін тудыруда.
- Екіншіден, басқару жүйесіндегі үйлесімсіздік. Яғни, тарихи-мәдени нысандарды басқаруда мемлекеттік органдар, жергілікті әкімдіктер және жеке сектор (тур операторлар, жеке кәсіпкерлер) арасындағы өзара іс-қимыл әлі де жеткіліксіз. Нәтижесінде мәдени мұраны басқарудағы стратегиялық шешімдер кеш қабылданады,

- Үшіншіден, туристік инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. Туристердің мәдени нысандарға деген қолжетімділігін шектеп, тарихи-танымдық туризмнің сапасын төмендетеді.
- Төртіншіден, музейлер мен археологиялық ескерткіштердің цифрлану деңгейі төмен. Мәдени мұра нысандарын кең аудиторияға танытып, халықаралық деңгейде насихаттауға кедергі болады. Заманауи мультимедиялық шешімдерді қолдану, қызмет түрлері мен ақпараттық жүйелерді цифрландыру біршама кедергілерді азайтады.
- Бесіншіден, кадрлық және ғылыми әлеуеттің жеткіліксіздігі. Тарихи-мәдени туризм саласында білікті мамандардың жетіспеушілігі байқалады. Мойындауымыз қажет, туризм саласының менеджерлері, археологтар, музей ісі саласында тәжірибелі кадрлардың тапшылығы — саланың сапалы дамуын тежейтін факторлардың бірі.

Түркістан туристік кластері негізінде, жалпы облыс көлемінде туристік орындар мен туристік маршруттар және басқа да туристік инфрақұрылымдарды оңтайландыру арқылы өңір көлемінде туризмді дамыту жұмыстары жүргізілуде. Бұл жердегі негізгі туристік дестинация – облыстың сакральді орындары мен тарихи архитектуралық және археологиялық нысандары, музейлер мен музей-қорықтар. Туризмнің аталмыш саласының дамуында музейлердің маңызын айтқанда Отырар ауданындағы «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы», Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы мен «Ұлы Дала Елі» орталығына ерекше тоқталуымыз қажет.

Түркістан қаласындағы «Ұлы Дала Елі» орталығы әр түрлі тақырыпты қамтитын 9 экспозициялық аймақтан тұрады. Олар: «Ұлы Дала металлургиясы», «Ұлы Даланың салт аттылық мәдениеті», «Ұлы Дала жауһарлары», «Қазақстан – түркі әлемінің қара шаңырағы», «Қазақ хандығы», «Ұлы даланың қала мәдениеті», «Уақыт пен кеңістік», «Болашақ Қазақстан», «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны». 6128,7 шаршы метр аумақты алып жатқан орталықта еліміздегі Күлтегін ескерткішінің үшінші көшірмесі орнатылған.

«Ұлы дала металлургиясы» залына келушілер қола дәуірінен орта ғасырға дейінгі уақыттардағы металл өңдеу мен игеру, даму кезеңдерімен металл өңдеу өндірісінің жасалу кезеңімен толық танысады. «Ұлы Даланың салт аттылық мәдениеті» залында қазақ мәдениетіндегі жылқылардың рөлі мен жылқыларды міну және қолға үйрету тарихы ұсынылады.

«Ұлы Дала жауһарлары» залы «Алтын адам» мен «Андық стильге» арналған. Залда Есік, Аралтөбе сияқты қорғандардан табылған алтын адамдардың реконструкциясы қойылған. Түркілердің шығу тарихы, адамзат өркениетінің дамуындағы рөлі туралы проекциялық шоу көрсетілетін келесі зал – «Қазақстан – түркі әлемінің қара шаңырағы» залы. Келушілер арнайы дайындалған сферада 7D форматында көрсетілетін бейнематериал арқылы халқымыздың тарихымен өзгеше әсерде таныса алады. Халқымыздың ұлттық құндылықтарын кеңінен насихаттайтын бұл орталықтың мәдени-ағартушылық функциясымен қатар, өзінің заманауи ерекшелігімен шетелдік туристерді де тартуда.

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы басқаруында туристерге ақылы негізде қызмет көрсететін негізгі бес музейлендірілген нысан бар. Олар – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Шығыс моншасы, Қылуат жерасты мешіті, Ясауи музейі мен Сирек жәдігерлер залы. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің үлкен ақсарай және кітапхана бөлмелеріне тақырыптық экспозиция жасақталған.

Түркістанға келуші саяхатшылар үшін қызықты нысанның бірі XVI ғасырда салынған Шығыс моншасы. 1975 жылға дейін жергілікті халық монша ретінде пайдаланып келсе,



1979 жылы ортағасырлық сәулет өнерінің керемет үлгісін болашаққа сақтап қалу мақсатында музейге айналдырылды [7]. Қылует жерасты мешіті (XII-XV-XIXғғ) Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде белгілі себептермен бұзылып, XX ғасырдың 70-80-90 жж қайта қалпына келтірілген болатын. Қазіргі таңда Қылует жерасты мешіті музейлендіріліп экспозициясы жасақталған туристік нысанға айналып отыр. Бұл нысанды зияратшылар мен туристер үшін тартымды ететін нәрсе – тап осы ғимаратта XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауидің төрт метр жер астында орналасқан «Ғар» бөлмесі түпнұсқа күйінде сақталуы [8.Б.125].

Мұнан бөлек келушілер музей-қорықтың қорғау аймағындағы өзге тарихи ескерткіштерді тегін тамашалай алады. Цитадель қорғаны мен қамал қақпасы, Хан ордасы, Хан мешіті және ортағасырлық магистралды қала көшесі тарихи туризмге қызыққан саяхатшылар үшін негізгі тамашалайтын орындар саналады. Ескі Түркістан қаласының Мүсәллә, Жеті ата, Тәкия және Дарбаза деп аталатын шахристан қамал қақпалары да қалпына келтірілген. Туристердің бұл нысандарды еш кедергісіз аралуына мүмкіндік жасалған. Археологиялық қазба жұмыстарынан кейінгі ашық аспан астындағы музейге айналдыру жұмыстары жүріп жатқан Яссы-Күлтөбе қалашығы да жақын арада ашылады деп күтілуде.

Келушілерге 2024 жылы есігін ашқан Ясауи музейі – экспозициясы заманауи технологияларды пайдалана отырып жасақталған ерекше музейдің бірі. Мұнда туристер түркі әлемінің рухани ұстазы саналатын Қожа Ахмет Ясауидің өмірімен және оның ілімімен таныса алады. «Өзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының «Сирек жәдігерлер залында» XIV ғасырдың түпнұсқа жәдігерлері сақталған. Олардың ішіндегі негізгілері Әмір Темірдің Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнайы сыйға тартқан қола шырағандары, кесенедегі қабірхана бөлмесінің бүгінгі күнге түпнұсқада жеткен қабірхана есігі экспозицияға қойылған. Бұл залда одан өзге сан ғасырлық тарихтың куәсі болған әртүрлі дәуірлердің сәулет, көркемөнер және қолөнер шеберлігін айқындайтын асыл мұралар ұсынылған.

Түркістан өңірі бойынша бір күндегі келушілер саны өңірде орналасқан қорық-музейлердің (Өзірет Сұлтан және Отырар) статистикалық деректерінен құрастырылады. Өз кезегінде, музей-қорықтар статистикалық деректерін сатылған билеттер арқылы жүргізеді [9]. Бұл дегеніміз туристік ағынды бақылауда «Өзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы негізгі функцияны атқарады деген сөз.

Музей-қорықтың ресми сайтындағы статистикалық деректерге көз жүгіртейік:

- «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК 2022 жылдың 12 айында келген туристер көрсеткіші 805 283 адам,
- «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК 2023 жылдың 6 айында келген туристер көрсеткіші 393 964 адам;
- «Өзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК 2024 жылда келушілердің көрсеткіші 638 841 адамды құраған [10].

Бұл көрсеткіштерден музей-қорыққа жалпы келушілер санының азайғанын көруге болады. Ішкі туристік ағынның кері динамикасы байқалғанымен, шетелдік туристер саны артқан. Оны біз мына деректерден көреміз. 2023 жылдың 6 айында жетелдік азаматтарға 2 901 билет сатылып, 994 ресми қонақ ретінде көрсетілсе, 2024 жылдың 12 айында бұл көрсеткіш 19 306-ға өзгерген. Демек осы статистикалық деректерден Түркістан қаласында шетелдік туристер ағынының көбейгені аңғарылады.

Түркістан тарихи-мәдени туризмнің орталығы болғандықтан, өңірде туризмді дамыту стратегияларында музей-қорықтар мен археологиялық ескерткіш нысандарын кешенді



дамытуды қатар жүргізу қажет. Туризмді дамыту ол жатқызу орны, тамақтану орындары, жол, көлік инфрақұрылымдарын дамытумен шектелмеуі тиіс. Музей залдарының экспозициясын жаңалау, археологиялық қазбадан кейін ол жерді ашық аспан астындағы археологиялық музейге айналдыру, археологиялық резерват құру, музей мамандарының біліктілігін арттыру, туристерге қызмет көрсететін туроператорлармен серіктестікті дамыту жұмыстары т.б. кез-кезген музейдің алға қойған даму жоспарларының стратегиялық бағыттары болуы тиіс.

Сонымен қатар, музейлердің туристік әлеуетін арттыруда инновациялық тәсілдердің маңызын арттыру қажет. Қазіргі музейлер цифрлық технологияларды, мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы келушілердің қызығушылығын күшейтіп, танымдық әсерін арттыру бағытында жұмыс жасауы қажет. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы тәжірибесі осы бағытта үлгі бола алады. Мұнда тарихи жәдігерлер мен археологиялық нысандардың экспозициясы арқылы өңірдің бай мәдени-тарихи мұрасы таныстырылып қана қоймай, туристік бағыттағы ғылыми-ағартушылық бағдарламалар мен экскурсиялық маршруттар да жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде музейдің өңірлік туризмді дамытудағы стратегиялық рөлін айқындайды.

Қазіргі таңда музей ісі туризм индустриясының маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр деп сенімді айта аламыз. Әлемдік тәжірибеде музейлер туристік дестинацияның тартымдылығын арттыратын басты факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Өйткені музейлер арқылы туристер белгілі бір өңірдің мәдениетімен, дәстүрімен және тарихи даму кезеңдерімен тереңірек танысуға мүмкіндік алады. Осы тұрғыдан алғанда, музейлер мәдени мұраның сақталуы мен оны заманауи формада таныстырудың тиімді тетігі болып табылады. Музейлер – халықтың мәдени жетістіктерін, тарихи даму кезеңдерін көрсететін әлеуметтік-мәдени институттардың бірі. Олар тек тарихи жәдігерлерді сақтайтын орын ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдени жадын қалыптастырып, тарихи сана мен рухани бірегейлікті нығайтатын ғылыми-ағартушылық орталық қызметін де атқарады.

Музейлер тарихи және мәдени мұраны сақтау мен танытудың негізгі институты бола отырып, туризм саласының дамуына тікелей ықпал ететін факторға айналды. Музейлердің әлеуетін тиімді пайдалану – елдің мәдени имиджін қалыптастырумен қатар, тұрақты туризмді дамытуға, қоғамның мәдени сауаттылығын арттыруға және ұлттық мұраны келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мырзагулова Г.Р., Тұмажанова М.О. Туризм тарихы мен әдіснамасы: оқу-әдістемелік құрал. -Алматы: Лантар-Трейд, 2019. -103 б. Б.8.
2. Ердаuletов С.Р. Туризм Казахстана: учебное пособие. -Алматы: Бастау, 2015. – 520с. С.436.
3. Ердаuletов С.Р. Туризм Казахстана: учебное пособие. -Алматы: Бастау, 2015. – 520с. С.436.
4. Есболова М.А., Омирбекова А.О., Каупенбаева С.М. Қазақстандағы мәдени туризмді дамыту негіздері // Адам әлемі. -2023. -№4 (98). -Б.78.
5. «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 шілдедегі № 428 қаулысы. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: URL. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000428> // — Қол жеткізген күні: 06.10.2025.
6. «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы АҚ/Инвесторларға. [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: URL. <https://qaztourism.kz/for-investors/> - Қол жеткізген күні:

06.10.2025.

7. Тұяқбаев М., Кәрім А. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығына қарасты тарихи-мәдени ескерткіштер: жинақ. – Алматы: Service Press, 2025. – 184б. Б.96.
8. Тұяқбаев М., Кәрім А. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығына қарасты тарихи-мәдени ескерткіштер: жинақ. – Алматы: Service Press, 2025. – 184б. Б.125.
9. «Openturkistan» туристік ақпараттық орталығының ресми аккаунты. [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: URL. <https://www.instagram.com/p/C5YILlcMuGl/> Қол жеткізген күні: 06.10.2025.
10. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының ресми сайты. [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: URL. <https://azretsultan.kz/statistika/> Қол жеткізген күні: 06.10.2025.

ТАҢАТАРОВ Нұрлан Асылбекұлы
*«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени
 музей-қорығы» РМҚК-ның экскурсиялық
 жұмыстар бөлімінің басшысы*

МУЗЕЙ ІСІНДЕГІ АУДИОГИД ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ МЕН АСПЕКТІЛЕРІ

Қазіргі уақытта туризм индустриясы өрлеу кезеңін бастан кешіруде. Жаңа технологиялардың көзілеспес жылдамдықпен дамуы әрбір саланың заман көшінен қалмау жолын іздестіруге итермелеуде. Сонымен қатар, туристік ұйымдардың саны артуда. Жаңа туристік әдістер мен ұсыныстардың үздіксіз жаңаруы, пайдаланылатын құралдар мен тәсілдер немесе өзге де туристік өнімдер тұрақты жетілдіріліп отыруы туристік индустрияның дамуына ерекше серпін беріп отыр.

Аудиогидтердің пайда болуымен туристерге экскурсия жетекшісінің қызметіне жүгінбей-ақ қызыққан жерлерінің тарихы мен ерекшеліктерін білуге мүмкіндік туды.

«Аудиогид термині екі мағынада пайдаланылады: фонограмма дәстүрлі түрде музей, көрме, көрме экспозициясымен өз бетінше танысу үшін пайдаланылатын, сондай-ақ оны жаңғыртуға арналған құрылғы» [1]

Аудиогидтерді жасаудағы алғашқы қадамдар туристерге көрікті жерлер туралы ақпаратты кассеталар мен арнайы құрылғыларды пайдалана отырып тыңдауға мүмкіндік беретін аудиожазбалар деп санауға болады. Бұл қоршаған әлеммен өз бетінше танысу саласында елеулі серпіліс болды. Бірақ нағыз технологиялық серпіліс радио мен теледидардың пайда болуымен байланысты. «Аудиогид» сөзінің өзі XX ғасырдың басында ағылшын тілінде пайда болды. Ол туристерге экскурсия жүргізетін аудиожазбаны білдіреді. Осындай аудиожазбаларды тыңдауға арналған құрылғылар музейлер мен өзге де туристік орындарда пайда бола бастады[2].

Алғашқы аудиогидтер қарапайым және функционалдығы жағынан шектеулі еді. Туристер белгілі бір аймақты немесе экспозицияны таңдай алды, бірақ құрылғыны басқару мен баптау үшін ақпаратты таңдау батырмаларымен ғана шектелді. Осыған қарамастан, аудиогидтер өз бетінше саяхат үшін маңызды құралға айналды.

Электрондық құрылғылар мен микрочиптердің дамуы барысында аудиогидтер неғұрлым ықшам және функционалды бола бастады. XX ғасырдың ортасында, алғашқы портативті құрылғылардың пайда болуымен, туристер өздері баратын жерлер туралы ақпаратты ыңғайлы түрде ала отырып, аудиогидтерді өздерімен бірге алып жүре алатын күйге жетті.

Аудиогидтің дамуына интерактивті технологиялардың қарқынды дамуы айтарлықтай ықпал етті. Сенсорлық экрандардың пайда болуы және әртүрлі тректер мен тақырыптық экскурсияларды таңдау мүмкіндіктері туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыруда орасан зор сұранысқа ие болды.

Аудиогидтерді қолданудың күн артқан сайын аясы кеңейе түсті. Құрылғыны кеңінен пайдаланудың тағы бір мысалы оларды музейлер мен өнер галереяларында қолдану болып табылады. Аудиогидтерді қолдану арқылы келушілер экспонаттар, экспозициялар, көрмелер, өнер туындылары, олардың авторлары және тарихи контекст туралы қосымша ақпарат ала бастады.



Кассеталық плеерлер мен пейджерлер сияқты алғашқы портативті құрылғылардың пайда болуымен аудиогидтер туристер арасында бұрынғыдан да ыңғайлы әрі танымал болды. Бұл ықшам құрылғылар серуендер мен экскурсиялар кезінде тарихи орындар мен көркем табиғат туралы қызықты оқиғалар мен деректерді тыңдауға мүмкіндік берді.

Алайда, технологиялардың дамуымен неғұрлым әмбебап құрылғыларға қажеттілік туындады. Көп ұзамай аудиогид пен портативті медиа-технологияны біріктіретін мультимедиялық плеерлер мен смартфондар пайда болды. Туристер көрікті жерлер туралы ақпаратты тек аудио-форматта ғана емес, сонымен қатар фото және видео түрінде де ала бастады. Осындай ғылыми – техникалық дамудың арқасында адамзат мәдени өркениетке қадам басты.

Туристік индустрияның жетекші саласының бірі болып табылатын музей бүгінде инновациялық технологиялар ордасына айналу үшін жан-жақты ізденіс үстінде. Әлемдік алдыңғы қатарлы музейлер қазіргі таңда нейросеть технологиясы арқылы жұмыс жүргізе бастады. Соның бірі экскурсия жетекшісінің қызметін ішінара алмастыруға қабілетті, экскурсия жүргізудің технологиялық танымал нұсқасы ретінде қолданылатын аудиогид немесе мультимедиа-гид сияқты технологиялар енгізілуде.

Аудиогид технологиясы қазіргі таңда қоғамның көптеген салаларының ажырамас бөлігі болып табылады. Өндірісте, хайуанаттар бағында, көрікті жерлерді аралау кезінде, білім беру мекемелерінде және музейлерде аудиогидтерді қолдану күнделікті салтқа айналды[3]. Бұл үрдіс туризм саласында тамыр жайып үлгергендігі сонша, жекелеген музейлердің экспозициясын мұндай гидтерсіз елестету мүмкін емес.

Музейдегі аудиогид – бұл аудиожазбалардың көмегімен тарихи жәдігерлер немесе белгілі бір өлкенің тарихы, табиғаты туралы ақпарат пен тарихи мәліметті берудің инновациялық тәсілі, яғни, жеке пайдаланушының басқаруындағы электрондық экскурсия жетекшісі. Ол пайдаланушыларға қалағанынша толық әрі уақытпен санаспай ақпарат алуға мүмкіндік береді. Дегенмен, аудиогидті қалай дұрыс жасау керектігін және қандай техникалық аспектілерді ескеру керектігін меңгермей толыққанды нәтижеге қол жеткізе алмаймыз.

Аудиогидтің ескеретін ерекшеліктері мынада: турист ақпаратты дербес тыңдайды, мәтін жас ерекшелігін ескере отырып бірнеше мазмұнда жасалады, ақпарат бірнеше тілде дайындалып енгізіледі, музей үшін жұмысты автоматтандыру экономикалық жағынан тиімді, сондай-ақ көру және есту қабілеті төмен адамдар үшін қолайлы. Пайдаланушы қалаған ақпаратын қалағанынша бірнеше қайтара тыңдауға мүмкіндігі бар, әрине, бұл экскурсияны неғұрлым жайлы және тиімді етеді.

Аудиогидтер – тақырыппен біріктірілген және нақты объектілермен танысуға арналған ақпаратты қамтитын аудиожазбасы бар құрылғы ғана емес, түрлі компьютерлік форматтар мен жаңа технологиялық әдістердің біртұтас кешені деп түсінуіміз керек. Қазіргі заманғы аудиогид қарапайым аудиожазбадан форматтардың күрделі құрылымына дейін әртүрлі ақпаратты қамтуы мүмкін. Музей экспозициясы мен көрмеге арналған тамаша қосымша болады, ғимараттар тарихындағы қызықты деректермен бөліседі немесе қала бойынша серуендеуді әуенмен толықтыру мүмкіндігі бар.

Құрылғы келушілермен өзара іс-қимыл құралы ретінде кең ауқымды артықшылықтарға ие. Бірінші кезекте, құрылғы жеке экскурсия сезімін тудырады. Әрбір пайдаланушы экспозицияны тамашалаудың жеке бағыттарын құрастыра алады. Жеке құрылғымен келуші экскурсияны өз қалауымен өтеді: қалауы бойынша жеке аудиожазбаларды қайталайды немесе өткізіп жібереді, сондай-ақ ұнаған экспонаттарға қайта оралып, тамашалай алады. Өзін қызықтыратын экспонаттарда қалағанынша тоқтап, қызықтырмайтын мәтін үзінділерін өткізіп жіберіп өз уақытын тиімді басқаруға болады.



Топқа ілесіп, басқа қатысушыларды күтудің қажеті жоқ, бұл материалға жақсырақ шоғырлануға мүмкіндік береді. Аудиогид этикеттерге қарағанда неғұрлым егжей-тегжейлі мәліметтер берумен қатар дыбыстық сипаттамаларды тыңдау арқылы турист үшін қажетті атмосфераны қалыптастырады, оның экспозиция тақырыбына тереңірек кіруіне мүмкіндік береді. Дыбыстық сүйемелдеу немесе құлаққаптардағы тақырыпқа сай қосымша әуендердің арқасында келуші ақпаратты жақсы қабылдайды, өйткені ол толығымен музей экспозициясының атмосферасына енеді.

Көру және есту қабілеті бұзылған адамдар үшін ыңғайлы, өйткені онда егжей-тегжейлі сипаттамалар бар және жеке қажеттіліктерге бейімделуі мүмкіндік беретін түрлі бағдарламалық нұсқалар бар. Аудиогидтер көру қабілеті бұзылған адамдар үшін экскурсияның қажетті бөлігі болып табылады: қосымша мәдениет немесе өнер туындыларының тарихын баяндайды, мәдениет туындысының қалай көрінетінін сипаттай алады, осы санаттағы адамдар үшін арнайы қосымша нұсқа қосады. Сондай-ақ құрылғыда әріп өлшемін, фон мен әріптің түсін таңдауға болады.

Бір аудиогид көптеген келушілерге қызмет көрсете алатындықтан, қызметкерлердің шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді. Аудиогид қолдануға ыңғайлы әрі келушілердің көпшілігіне түсінікті. Ол музейде көптеген адамдарды қабылдауға мүмкіндік береді, өйткені пайдаланушылар экспозициямен танысып қана қоймай, экскурсия жетекшісінің көмегімен қосымша ақпарат ала алады.

Заманауи технологияларды пайдалану мекеменің беделін жақсартуға және келушілерді мейілінше көбірек тартуға ықпал етеді.

Өртүрлі жастағы келушілер үшін бірнеше нұсқада мәтін жасау мүмкіндігі бар. Аудиомәтіндерді келушілердің түрлі жас ерекшеліктеріне бейімдеп жасау жұмыс нәтижесін арттырады. Балалардың тілі мен қабылдауы ересектерден ерекше, кейбір сөздер балаларға түсінікті бола бермейді, сондықтан ақпаратты балаларға қызықты болатындай етіп ұсыну маңызды. Мысалы, кішкентай балаларға арналған экскурсиялық мәтін жасау келушілердің сұранысын қанағаттандыру мүмкіндігі.

Ақпарат әртүрлі тілдерде қолжетімді, бұл шетелдік туристер үшін қолайлы.

Жаңа технологиялық құрылғының бағдарламасының көп тілділігі шетелдік туристермен ақпарат бөлісуге мүмкіндік береді, келушіге өз ана тілінде ақпарат беру әлдеқайда ыңғайлы қабылданады. Мұндай экскурсиялық құрылғы көптілді топтағы келушілер үшін ыңғайлы жолсерік болып табылады.

Аудиогид жасау – жоспарлауды, шығармашылық пен техникалық шеберлікті талап ететін күрделі процесс.

Аудиогидтер форматы бойынша бірнеше түрге бөлінеді. Қазіргі қолданыста жүрген түрлерін қарастырып көрейік.

- Аудиогид құлаққаптармен бірге берілетін арнайы құрылғы түрінде болады. Бұл қолымен басқарылатын, өз қалауыңша қажетті нұсқаларын таңдауға мүмкіндік беретін құрылғы түрі.

- Музейдегі экспонаттың жанында орналасқан QR-кодты сканерлегеннен кейін іске қосылатын аудиожазба. Бұл ретте келушіде камерасы және интернетке қолжетімділігі бар ұялы телефоны болуы тиіс.

- Және де офлайн режимінде жұмыс істей алатын және келуші GPS деректері бойынша оқылатын белгілі бір триггерлік нүктеде болғанда автоматты түрде аудиожазбаны іске қосатын мобильді қосымшалар түріндегі озық, жетілдірілген нұсқа.

Аудиогид құрылғысын орнату және іске қосу үшін бірінші кезекте не істеу керек және оны құрудың бүкіл процесі қалай жүреді?

Аудиогид жасаудың бірінші кезеңі – жоспарлау. Бұл кезеңде аудиогидтің мақсатын,

аудиторияны және таныстырылатын нысанды анықтау маңызды.

Аудиогидтің мақсаты әр түрлі болуы мүмкін: оқыту, ойын-сауық, ақпараттандыру. Мақсатты нақтылау тыңдаушыларға қандай тақырыптағы ақпаратқа назар аудару керектігіне көмектеседі.

Аудиторияны жете зерттеу де, жоспарлау да маңызды рөл атқарады. Аудиогид мәтіні аудиторияға қызықты және пайдалы болуы керек. Сондықтан олардың кім екенін, не қызықтыратынын, тақырып бойынша білім деңгейін білу маңызды.

Алдымен аудиогид қандай болуы керек екенін анықтап алған дұрыс. Ол көптілді ме, жас ерекшелігіне байланысты ма немесе бір нәрсені үйретуге ғана қолданылады ма деген мақсатты анықтау болашақ жұмыстың нәтижелігіне әсер ететін құбылыс.

Таныстырылатын нысан жайлы толыққанды мәлімет бере отырып келушілердің қызығушылығын тудыруға бірнеше факторлар әсер етеді.

- Келушілердің жас ерекшелігі мен кәсібін, келу мақсатын зерттеу арқылы оларға тақырыпты қалай жеткізу жолын таңдай білу;
- Таныстыру барысында қандай экспонаттар немесе нысандарға баса назар аударған дұрыс;
- Келушілерді қызықтыратын сұрақтарды анықтау;
- Мәтінді дыбыстау барысында дауыс ырғағына мән беру;
- Мәтіннің көлемі:


Аудиогидтің мазмұны – ең маңызды аспект. Адам аттары мен атаулар және тарихи деректердің даталарын тізбектеп айту тыңдаушыны тез жалықтырып, немқұрайдылығын тудырады. Әрине, олар өте маңызды, бірақ экскурсия тек осы ақпараттан ғана тұрмауы тиіс. Дайындалған мәтінді көпшілік талқысына салып немесе мекемедегі ғылыми кеңестің қарауына ұсынып, қаулымен бекітіп алған дұрыс болады. Адамдар тарихи оқиғалар мен деректерді, түрлі құжаттық дәйектемелерді жақсы көреді және аудиогидтерден де осыны күтеді. Сондай-ақ, егер келуші музейге алғаш келуі болса оған бағыттар мен экспонаттардың тұрған орны туралы ақпарат беру де маңызды.

Көптеген музейлер ұзақтығы 2 минуттан 5 минутқа дейінгі аудио жолдар жасайды. Егер аудиогид автомобиль экскурсиясына арналған болса, онда одан да ұзын жолдар болуы мүмкін. Алайда, сарапшылардың тәжірибесі көрсеткендей, 90 секунд – аудиогидтің бір бөлімі үшін мінсіз хронометраж. Мәтін арасындағы үзілістер ұзақ болып кеткенде келушілер мәтінге деген қызығушылығын жоғалтады.

Мәтін арасында көпшілікке түсініксіз терминдерге түсініктеме беру де қызығушылықты арттырудың бір мүмкіндігі. Егер аудиогид әртүрлі тілдерде көрсетілсе, сценарийдің аудармасы дайындалады. Көптеген мекемелер әлемдік тілдерді таңдауға тырысады. Себебі, көпшілігі аударма жасау қосымша қиындық тудыратын артық жұмыс деп есептейді, ал, шетелдік қонақтар өз ана тілінде ақпарат алуды іштей қалайды.

Мәтін оқуда дауыс ырғағы өте маңызды, дауысты арнайы кәсіби маманға оқытып бастырған тиімді. Бұл процесте өз қызметкерінің немесе жасанды интеллект технологиясына жүгіну сияқты нұсқалары бар, бірақ аудиогидтерге қатысты жағдайда мәтін оқушының жауапкершілігі жоғары. Аудитория алдында аудиогидтің жетістігі оның дауыс ырғағына тікелей байланысты. Дауыс басуда бірнеше нұсқаны қарастырған дұрыс.

Сонымен қатар аудиогидті дербестендіру деген ұғым пайда болуда[4]. Ол дегеніміз пайдаланушылардың сұраныстарының қанағаттануын және зерттеудің бірегей тәжірибесін арттыруда маңызды рөл атқарады. Пайдаланушының жеке артықшылықтары мен қажеттіліктеріне бейімделгенде аудиогид неғұрлым деректік әрі қызықты ақпаратты ұсына алады. Дербестендіру сондай-ақ аудиогидпен өзара іс-қимылды жақсартып, оны неғұрлым



интуитивті және оңай пайдалана алады. Бұл жас ерекшеліктері мен білім беру элементтерін қамтитын экскурсияға қызығушылық таныта алатын балалар үшін ерекше маңызды.

Интернеттің дамуы және мобильді құрылғылардың пайда болуы аудиогидтер технологиясын жаңа деңгейге көтерді. Цифрлық құрылғылардың арқасында туристер өздерінің смартфондары мен планшеттеріне қосымшаларды жүктеп, орнатып, әлемнің кез келген жерінен көрікті жерлер мен тақырыптық экскурсиялар туралы ақпаратқа қол жеткізе алады.

Интернет жаһандық ақпарат көзіне айналды және түрлі платформалар мен қосымшалар үшін негіз болып табылады. Аудиогидтер осы технологияны пайдаланып, пайдаланушыларға экскурсиялар, аудиотурлар және олар зерттеп жатқан дүниелер туралы қызықты фактілердің кең таңдауын ұсынады.

Интернеттің арқасында нақты уақыт режимінде аудиогидтердің мазмұнын жаңарту және кеңейту мүмкіндігі бар. Туристер енді жер шарының түкпір-түкпірінде болып жатқан оқиғалар мен көрікті орындар туралы өзекті ақпарат ала алады.

Технологияларды дамыту аудиогидтерге сөйлеуді тану функциясын енгізуге мүмкіндік берді, бұл қосымшаларды пайдалануды саяхатшылар үшін одан да ыңғайлы етеді. Енді қызығушылық танытқан нысанның атын шет тілінде айта отырып, туристер ол туралы толық ақпаратты өздерінің мобильді құрылғысынан ала алады.

Мобильді қосымшалардың пайда болуымен аудиогидтер одан да қолжетімді және ыңғайлы болды. Пайдаланушылар өз құрылғыларына қосымшаларды орнатып, тиісті қызметтер ұсынған көптеген тақырыптық экскурсиялардың ішінен таңдай алады.

Сондай-ақ, GPS-технологияларды пайдалану аудиогидтерге пайдаланушының орналасқан жеріне бейімделуге және ең қызықты бағыттар мен көрікті жерлерді ұсынуға мүмкіндік береді. Туристер аудиогидті тыңдап қана қоймай, олардың экрандарынан карталарды, фотосуреттерді және орындардың толық сипаттамаларын көре алады.

Мобильді қосымшалар сондай-ақ басқа пайдаланушылармен өзара іс-қимыл жасауға, нысан туралы пікірлер мен ұсынымдар алмасуға мүмкіндік береді, бұл бүкіл әлем бойынша саяхатшылар арасында әлеуметтік өзара іс-қимылдың жаңа деңгейін тудыруда.

Болашақта біз мамандардың аудиогидтерге виртуалды және толыққанды түпнұсқа ақпаратты одан әрі дамыта отырып енгізуін күтеміз. Жаңа технологиялық дамудың арқасында туристер тарихи және қазіргі әлемге арнайы көзілдірік пен құрылғының көмегімен ене алады.

Аудиогидтердің тарихы өзінің дамуы мен ілгерілеуімен таң қалдырады. Аудиожазбалары бар қарапайым құрылғылардан қазіргі заманғы мультимедиялық қосымшаларға негізделген аудиогидтер саяхатшылардың тұрақты серігіне айналды. Олардың мүмкіндіктері кеңейіп, әр сапарды қызықты әрі танымдық етеді.

Аудиогидтерді дамытудың маңызды бағыты заттардың ақылды құрылғыларымен және интернетпен интеграциялау болып табылады. Бұл туристерге көрікті орындар, мұражайлар мен тарихи орындар туралы ақпаратты өз гаджеттерін пайдалана отырып, нақты уақытта алуға мүмкіндік береді.

Аудиогидтердің болашағының тағы бір қызықты аспектісі әлеуметтік желілермен үндестіру мүмкіндігі болып табылады. Туристер әсерлерімен және ұсыныстарымен тікелей аудиогид қосымшасынан бөлісе алады, бұл олардың саяхаттарын одан әрі әлеуметтік-белсенді және интерактивті етеді.

Осы орайда, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының қолға алып отырған цифрландыру жобасын атап көрсеткен дұрыс. Музей-қорықта 2023 жылдан бері 80-нен аса аудиогид құрылғысы сатып алынып, қазіргі таңда келушілерге қызмет көрсетуде. Құрылғыға үш тілде мәліметтер енгізілген. Сонымен қатар келушілердің жас ерекшеліктеріне

негізделген мәтіндер де үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) ақпарат ұсынады. Келушілерге ұсынылған мәтінде музей-қорықтың әрбір экспозициясына толыққанды түсінік беретін мәтіндерді ғылыми тұрғыда даярлаудан бастап, баяндау, аударма жасау, дыбыс басу оны құрылғы жадына енгізу өз қызметкерлеріміздің күшімен жасалған. Қазіргі таңда музей-қорықтың құрамына кіретін Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, «Қылует» жерасты мешіті, Сапар орталығындағы «Сирек жәдігерлер» музейі, «Ясауи» музейі сынды нысандарда 80-нен астам аудиогид құрылғысы жұмыс істеп тұр. Оларға Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде Қабірхана, Тайқазан, Ақсарай, Кітапхана экспозициялары, «Қылует» жерасты мешіті экспозициясы, Сапар орталығында Сирек жәдігерлер» экспозициясы, Ясауи» музейі экспозицияларының мәтіндері үш тілде енгізілген.

Қазіргі кезде аудиогидтер музейлерге қажет. Тәжірибе көрсеткендей, өзін-өзі оқшаулағаннан кейін кейбір музейлер үлкен экскурсиялық топтарды сүйемелдеуден бас тартуға мәжбүр. Әсіресе, бұл мәселе шағын музейлерде өзекті мәселеге айналған. Мысалы, бір мектептен келген бірнеше сыныппен білім беру экскурсиясын өткізу үшін 3-4 экскурсия жетекшісі қажет болуы мүмкін, көбінесе шағын музейлерде кадрлық шектеулілік мәселесі бар[5].

Әлемдік тәжірибе көрсеткенде саланы цифрландырудың болашағы өте зор әрі пайдалы. Цифрландыру – әсіресе туризм үшін бұл күрделі және көп қырлы сала. Туристік индустрияны соңғы онжылдықтар бойы сапалы өзгертіп келе жатқан Дания, Испания, Сингапур, Чехия сияқты бірқатар мемлекеттер экономикасының барлық салаларын цифрландыруға ұмтыла отырып жаһандық туристік онлайн платформалар құра білді. Сандық ауылдардың жобаларын жасап, қалалық туризмде цифрлық технологияларды белсенді пайдалануы, цифрлық технологияларды табысты енгізуі туризм технологиялары саласының болашағы шын мәнінде орасан зор екенін көрсетеді. [6]

Музейлер мен галереялар – бұл ақпараттың орасан зор қоймасы. Әрбір өнер заты (олар үлкен музейлерде ондаған миллион деп есептелуі мүмкін) өз тарихына ие, құжаттармен, фотосуреттермен, архив материалдарымен дәлелденеді, ал оларды бір жерде жүйелендіріп сақтау қажет. Экспонаттар саны үнемі өсіп келеді, жаңа тарихи нақты дәлелдемлер пайда болуы мүмкін, сондай-ақ бір жәдігердің немесе тұлғаның тарихы екіншісінің тарихымен жиі қиылысады. Деректердің осы массивтерін құрылымдау және басқару – өнертанушылар мен музей қызметкерлерінің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады, әрі ол ұзақ мерзімге созылуы мүмкін. Бұл мәселені шешуге болашақта жасанды интеллект өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Примак С.С. Аудиогид как жанр туристического дискурса //Лингвокультурное пространство туристического дискурса: универсальные, национальные и региональные приоритеты и направления: материалы международной научно-практической конференции. Барнаул, 2017. С. 116– 119.
2. <https://apriori-ltd.ru/audiogid/tpost/vh317596n1-istoriya-razvitiya-audiogidov-ot-nachala>
3. <https://vinchi-interactive.ru/journal/audiogid-provodnik-v-mir-iskusstva/>
4. <https://apriori-ltd.ru/audiogid/tpost/acf09euy41-personalizatsiya-audiogidov-revolyuitsiya>
5. <https://scienceforum.ru/2023/article/2018032416>
6. Д.Г. Мамраева ,Л.В. Ташенова Д.Д. Гребеню Особенности использования цифровых технологий при разработке городских туристских маршрутов:лучшие мировые практики. «Тұран» университетінің хабаршысы» ғылыми журналы 2022 ж. № 3(95) 122 б.



МАЗМҰНЫ

Құттықтаулар

Ұ.Сағадиев	4
Ш.Пайзуллаева.....	7

Пленарлық мәжіліс баяндамалары

М.Қайрамбаева. Абай музейінің қорындағы м.әлиакпаров коллекциясы.....	9
Т.Шаңбай. Музей фалсапасы: генезис және метафизика.....	12
А.Смагулова. Шәкәрім шығармашылығын зерттеуде Абай музейі қорындағы қолжазбалардың дереккөздік құндылығы	16
Б.Байболов. Музей экспозициясын жасақтаудағы негізгі ұстанымдар мен түсініктер.....	20
Г.Варёнова. Государственный литературный музей Янки Купалы. миссия сохранения наследия народного поэта Беларуси в современном мире.....	26

Музейтану теориясы мен тарихы

Р.Арзиев. Взгляд на теорию и историю музейного дело.....	34
Қ.Қиықбай. «Алаш арыстары – М.Әуезов» музейі: тұлғаларды дәріптеу жолында.....	37
Э.Танирбергенова. Абай музейі және ғылыми-кітапхананың қалыптасуы мен даму тарихы.....	43
А.Уркинбаева. Музейтану ғылымының қалыптасу тарихы мен теориялық негіздері.....	47

Музей коллекцияларын сақтау, қалпына келтіру және есепке алудың заманауи әдістер

М.Абламбаева. Абай музейі қорындағы құнды жәдігерлер коллекциясы.....	51
Н.Умирбекова. Музей қорындағы Ахат Шәкәрімұлының жазған естеліктері туралы.....	58

Көрме қызметі және экспозициялардың жаңа форматтары

Т.Бердібек. Көшпелі көрмелер арқылы Z және альфа буынға музей экспозициясын жеткізудің Түркістан өңіріндегі мектеп тәжірибесі.....	63
В.Мирсалимова. Современные аспекты международной выставочной деятельности (из опыта музейной работы).....	71
Қ.Ысқақ. Халықаралық көрме ұйымдастырудың алғышарттары: музей жәдігерлерін тасымалдаудағы құжаттау жұмыстары	75

Музей педагогикасы

И.Джалишева. Музей ісіндегі педагогикалық бағыттар және олардың маңызы	83
М.Джаркынбаева. Музей – таным мен тарихтың бастау бұлағы	87
А.Итжанова. Роль музейной педагогики в практической деятельности музеев.....	92
А.Кадралиева. Музейная педагогика «Мост между прошлым и будущим»: инновационные практики как основа устойчивого развития и межкультурной грамотности	96
Н.Боранбаев. Абай музейіндегі насихат жұмыстары	101

Г.Сарсембина. <i>К вопросу организации и методики обучения основам изобразительной грамотности для взрослых в музейной среде.....</i>	103
А.Муратбекова. <i>Музейлік білім беру мен этнопедагогиканың тоғысы: шығармашылық сабақтар арқылы ұлттық өнерді жаңғырту</i>	112
Э.Коксегенова. <i>Білім беру және музей педагогикасы</i>	120
Н.Имангожина. <i>Мектеп музейімен мен өлкетану жасақтарының ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудегі орны</i>	124

Музей – креативті индустрия алаңы

Г.Тлеубергенқызы <i>Алаш музейі – тарихи жады мен креативті индустрияның тоғысқан орталығы сақтаудың орталығы</i>	130
А.Смайлова. <i>От сохранения наследия к креативному продукту: музей как инновационная площадка и драйвер экономики</i>	135
А. Тұрсынов. <i>Түркістан тарихи-мәдени туризміндегі музейлердің орны</i>	138
Н.Таңатаров. <i>Музей ісіндегі аудиогид қызметі және оның перспективалары мен аспектілері</i>	144

Абай музейінің хабаршысы

№3-4 (34), 2025 жыл

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС:

ЕСПЕНБЕТОВ Арап,

ф.ғ.д., профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері.

ЖАНБОЛАТОВ Молдабек,

ҚР оқу-ағарту ісінің озаты, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Абай және Ақсуат аудандарының Құрметті азаматы.

КӘРІПЖАНОВ Отантай,

«Абай Құнанбаев» қоғамдық қорының Президенті, Абай ауданының Құрметті азаматы.

КАРИМОВ Мұхтарбек,

т.ғ.к., профессор, «Shakarim University» КеАҚ-ның М.Қозыбаев атындағы тарихи зерттеулер ғылыми орталығының директоры.

ЕРДЕМБЕКОВ Бауыржан,

Абай облысы білім басқармасының басшысы, Шәкәрім атындағы университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

СМАГУЛОВА Ақмарал,

«Shakarim University» КеАҚ-ның «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты.

КАСЫМОВА Асем,

PHD доктор, Қауымдастырылған профессор, «Shakarim University» КеАҚ-ның Білім берудің жоғары мектебінің деканы

МЕРЕЙ Қарт,

Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасының директоры, ақын.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЫ:

ЕЛЕКЕНОВА Раушан

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:

ЖАҚЫПЖАНОВА Әсем,

АМАНТАЕВ Ержан

КОРРЕКТОР:

БЕЙСЕМБИНОВА Гүлназ

ҒАЛЫМБЕК Дильназ

«Абай музейінің Хабаршысы» журналы
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2010 жылы 11 мамырда тіркелді.
Куәлік: №10934-Ж

Журналда жарияланған материалдарды көшіріп
басқандар қайдан алғанына сілтеме жасауға міндетті.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын
білдірмейді. Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері
қайтарылмайды.

Басуға 22.10.2025 ж. қол қойылды.

Қалпы – 84х108^{1/16}.

Таралымы – 300 дана

ЖК «Құдайберген»

Абай облысы, Семей қ., Гоголь көшесі, 89 үй